

Қазақстан Республикасы
Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім
министрлігінде 2002 жылы
3-мамырда тіркеліп,
№2904-Ж куәлік берілген

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

Ай сайын шығатын
республикалық ғылыми-
әдістемелік журнал

Меншік иесі – “Қазақ тарихы” ЖШС

№11 (188),
ҚАРАША
2020 ЖЫЛ

1993 жылдың шілде
айынан бастап шығады

БАС РЕДАКТОР –
Әбділдабек САЛЫҚБАЙ

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР –
Нұргүл ҚАСЫМҚЫЗЫ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Х.Әбжанов, М.Қойгелдиев,
Т.Омарбеков, – т.ғ.д. акад.;
Б.Аяған, Ә.Мұқтар – т.ғ.д., проф.;
Д.Сәтбай, С.Сымағұлова, Ұ.Ыс-
мағұлов – т.ғ.д. доц.; Н.Әлімбаев,
Д.Салқынбек, Қ.Құнапина
– т.ғ.к., доц.; Т.Шаңбай –
ф.ғ.к. проф. С.Дүйсен – п.ғ.к.,
Қ.Қарамаңдаев – тарихшы-
зерттеуші.

С.Әбішқызы – тұңғыш бас
редактор. Б.Матеева – ұс-
таз-әдіскер. Ш.Танмамбетова,
Г.Серікбаева, С.Исбаева,
Ұ.Елшібай – озат ұстаздар.

Басуға 16.11.2020 ж. жіберілді.
Пішімі 84 x 108^{1/16}.
Шартты б.т. – 5. СТР
басылым. Бағасы келісімді.
Таралымы – 1380.
Индекс – 75748.

Редакцияда беттеліп-қатталып,
"Акимбаев" ЖК-де басылды.

Авторлар қазақша ғылыми-
теориялық мақалаға орысша,
ағылшынша, орысша мақалаға қа-
зақша, ағылшынша, ағылшынша
мақалаға қазақша, орысша резюме
ұсынуға міндетті. Мақаланың ғы-
лыми нақтылығына, тілінің жа-
тықтығына автор жауапты.

Ал ұстаздар журналға 1
жылға толық жазылған тү-
біртегінің көшірмесін салуы
қажет. Авторлардың байлам-
тұжырымдары редакция көзқара-
сымен сәйкеспей де мүмкін. Кө-
шіріп басылса не пайдаланылса,
сілтеме жасалуы тиіс.

Журнал ҚР БҒМ Білім және
ғылым саласындағы бақылау
комитеті (БҒСБК) ұсынған
тізімде бар.

Журнал в списке рекомендо-
ванных ККСОН МОН РК.

МАЗМҰНЫ

Ғылыми зерттеулер мен танымдық мақалалар

Нұрсан Әлімбаев. Дәстүрлі қазақы ортадағы хан көтеру жосыны	2
Зере Майданәлі. Алтын Орда – Еуразия өркениетінің орталығы	6
Ұлдана Жүзбаева. Әбул-Фиданың "Тақуим әл-Бұлдан" еңбегі	10
Жамбыл Артықбаев. Сарбас шежіресі	15
Қайрат Қарамаңдаев. Отан үшін от кешкен Оразбай	19
Әсет Жанысов. Ертіс-Баянаула өңірінің қасиетті ескерткіштері	23
Дарын Қасенов. Ұлы Жібек жолы бойындағы Жетісу	26
Айнұр Қалыбаева. Қазақстандағы аграрлық қатынастар	27
Аурика Серубаева. Шоқан Уәлиханов зерттеулері	29
Меруерт Батырбаева. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы	31
Бибігүл Әбенова, Дәулет Әбенов.	
Орынбор ведомствосындағы қазақ қоғамы	34
Өтеубай Қожақұлы. Ашаршылық жылдарындағы Қазалы	37
Болат Сайлан. Тұтқындар тарихы: сандар мен дәлелдер	38
Аққайың Балықова. Орал өңірінің азат болған аймақтарға көмегі	41
А.Сәрсенов, Л.Бердіғожин, Д.Хамидуллина.	
Қазақстан ауыл-село кадрлық әлеуеті	43
Л.Николаева, К.Сарқытбаева.	
Сайрагүл Нұрсұлтанова және қазақ балет өнерінің тарихы	48
Сейітқали Дүйсен. Тәуелсіз елдің тұңғыш Сыртқы істер министрі	51
Нәзия Тәсілова, Гүлбақыт Шашаева.	
Жастардың рухани жаңару бағытының негізгі мәселелері	54
Б.Жақсымбетова. "Мәңгілік Ел" идеясы	56
Т.Оспанбек, А.Кулмағанбетова.	
Азаматтық қоғамның заманауи өзгеруі мен дамуы	58
Айкена Тәсілова. Қазақстан мен Қытай арасындағы мәдени саясат	60
Ж.Қалиев, Б.Несіпов, Э.Ағаділова.	
Дәстүрлі діннің қоғам өміріндегі маңыздылығы	62
Ф.Қозыбақова, Г.Досымова.	
Демографиялық үдерістерді оңтайландыру жолы	64
Хадиша Аубакирова. Сибирское линейное казачество	67
Арман Хабдулин, Анвар Галимов.	
Межэтнические отношения в студенческой среде	70
Бекмұрат Найманбаев, Гүлжан Турумбетова.	
Программа "Рухани жаңғыру" и воспитание молодого поколения	72
Зубайда Сураганова. Жертвенные дары	
в сакральном пространстве казахской степи в XVIII-XIX веках	75
Қабибек Мұхитов. Индустриализация тигізген зардаптары	77
Еске алу. Журналдың шынайы жанкүйері еді	80

Оқыту. Әдістеме. Тәжірибе.

Айгүл Оңбаева. Жәрмеңке саудасының дамуы	81
--	----

ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚЫ ОРТАДАҒЫ ХАН КӨТЕРУ ЖОСЫНЫ

Нұрсан ӘЛІМБАЙ,
этнолог

Кіріспе. Дәстүрлі қазақы ортада үш жүздің игі жақсылары арнайы жиналған құрылтайдағы *хан сайлау* жосыны лайықты сұлтанды таңдау үрдісінен басталып, хан көтеру деп аталатын салтанаты келіскен институционалдық әрі ғұрыптық мәнді үрдіске ұласатын. Мақалада аталған үрдіс, әлбетте, орыстың отаршылдық жүйесінің қазақ өлкесіне орнығуына дейінгі өзінің ежелден орныққан болмыс-бітімін, соның ішінде, институционалдық табиғатын сақтаған қазақ қоғамының контекстінде қарастырылады.

Методология. Аталмыш институционалдық дәстүрді зерттеу барысында контекстуалдық, модельдеу және тарихи-социологиялық реконструкциялау тәсілдері қолданылды. Сонымен бірге қазақ қоғамындағы хан көтеру үрдісінің өзіндік болмысын айқындау һәм айғақтау мақсатында пайдаланылған сан алуан мәліметтерді талдау салыстырмалы типологиялық параллельдер жүргізу деп аталатын әдіс-тәсілге негізделінді. Ал семантикалық тәсіл хан көтеру жосынының символикалық мәні айрықша компоненттерінің, мысалы, ақ киіздің мағынасын зерделеуге мүмкіндік берді. Яғни бұл ақ түсті бұйым – жаңа сайланған хан иенің, оның билігінің көшпелілердің тіршілік кеңістігін жаңадан өркендетер һәм қорған болар әу бастан Жасаған ие қолдаған құдіретті ұйытқысы екендігінің символы.

Зерделеу. Қазақ социумында Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы ханнан тараған ұрпақтарға ғана тиесілі хандық билікке сайлаудың, соның ішінде, әсіресе, жоғарыда айтылған хан көтеру үрдісінің моңғол үстемдігі кезеңіндегі хан сайлау жосынымен орайлас жақтары болғанымен, қарастырылып отырған институционалдық дәстүрдің өзіндік «қазақы» этносаяси ерекшеліктері болды. Өрісі моңғол империясының дәуіріне жүріп тұрған кезеңдегі, берісі дәстүрлі қазақы ортадағы *хан сайлау* үрдісін, соның ішінде хан көтеру жосынын шолу түрінде ғана қарастырған Н.И.Заседателевтің арнайы еңбегіндегі төмендегідей мәлімет айырықша ден қойдырады: Созаққа жасаған әйгілі әскери жорықтан кейін Кенесары сұлтанды үш жүздің игі жақсылары ақ киізге салып, хан көтерді (еңбекте Кенесары сұлтанды үш жүздің – бүкіл Алаштың ханы болып сайланды деп нақты көрсетілген). Автордың дерегіне қарағанда, қазақтар бұл үрдісті **«ханға көтерілді»** قانه كوتاريلدی ал жалпы түркі нәсілді халықтар **«хан өтармақ»** خان كوتارماق деп атаған [1, 4-7; 2, 71]. Қазіргі қолда бар материалдың қисыны бойынша, хан көтеру үрдісі төмендегідей тәртіппен атқарылатын: құрылтайға жиналған дүйім жұрттың алдында тығыз басылған ақ киіздің үстіне хан болып жарияланған сұлтан отырғызылғаннан кейін алдын ала белгіленген ең беделді сұлтандар, рубасылары, билер, батырлар әлгі киіздің шетінен ұстап үш мәрте көтеретін [1, 4-9; 2, 70-71]. Мұнымен қоса, Т.И.Сұлтановтың дерегі бойынша, ақ киізді әрбір көтерген сайын, Хан! Хан!

Хан! деп айналаға жар салу жосыны атқарылатын [2, 71]. Одан әрі хан отырған ақ киіз жерге тиер-тиместен қалған жұртшылық оны көтеріп әкетіп, құрылтайға жиналғандарды аралап өтетін. Соңынан, ханның сыртқы киімін көпшілік ұсақтап өзара бөлісіп алатын. Қазақ социумындағы *хан сайлау* дәстүріне, соның ішінде хан көтеру үрдісіне қатысты ғылыми ортаға белгілі жазба деректердегі мәліметтердің жинақы қисынмен беріліп отырған мазмұны осы. Аталмыш «хан талапайдың» бөлкім, бір жағынан бүкіл көшпелі социумның тұлғалық символ-түзілісі болып табылатын жаңа ханмен бірге, ел-жұрттың да бұған дейін қоғамда орын алған жағымсыз жайттарды, ата-баба жолына кереғар қылық атаулыны һәм жайсыз оқыс оқиғаларды білдіретін ескілікпен қоштасудың символы болуы әбден кәдік. Екінші жағынан, бұл жосынның семантикасы Жасаған иенің жарылқауындағы жаңа ханның бабасы Шыңғыс ханнан жалғасқан киесі тие берсін деген ырымның көрінісі шығар деген ойға жетелейді.

Осы ретте ерекше екшеп айтар гәп – қарастырылып отырған мәселе күні бүгінге дейін арнайы зерттеліп, зерделенген емес. Бұл тақырыпты, әзірше, біршама қаузаған (бірақ арнайы зерттемеген) Т.И.Сұлтанов қана. Бірақ, ғалым Қазақ хандығының тарихына арналған еңбектерінің өзі дйттеген мақсат-мүддесіне сай *хан сайлау*, соның ішінде, хан көтеру жосынын көшпелі ортадағы *хан билігі* жүйесінің бір «эпизоды» ретінде ғана қарастырып өтеді. Дегенмен, Т.И.Сұлтановтың қытай, әсіресе, парсы мен түркі тілдерінде жазылған әртүрлі және әркезеңдік деректерден тірнектеп жинаған мәліметтері *ханның тағы, туы (байрағы)*, ханды таққа отырғызар алдында атқарылатын *құтпа* рәсімі туралы біршама түсінік алуға мүмкіндік береді [2, 66-81]. Зерттеушінің материалына қарағанда, ортағасырлық көшпелілер мемлекеттерінде *хан тағы* сандал сияқты ағаштан және пілдің сүйегінен (мысалы, Күйік ханның (1246–1248 жж.) алтынмен апталып, асыл тастармен әшекейленіп жасалған екен. [2, 70] Ал Ғазан ханның (1295–1304 жж.) уәзірі әрі жеке тарихнамашысы болған Рашид-ад-Диннің айтуынша, бұл әміршінің *тағы*, тіпті алтыннан да жасалыпты [3, 189-190; 2, 79-80]. Алайда аталмыш кезеңде хандардың көпшілігі, Т.И.Сұлтановтың қисыны келіскен дәйекті пікірінше, *тақ* ретінде үстіне алтын жіппен оқаланып, асыл тастармен көмкерілген ерекше сәнді төсеніш жабылған үлкен жастықты пайдаланған екен. Тақтың мұндай түрі орданың көтеріңкі қақ төріне орналастырылатын. Хан тақта нық және ыңғайлы отыруы үшін оның арты мен екі жағына тығыз да, «тоқ» жасалған эстетикасы келіскен үш жастық қойылатын [2, 80]. Хан тағының осындай түрінің (Т.И.Сұлтановтың терминологиясы бойынша, «четырёх подушечный престол») қолданыста болғандығын көшпелі ортада хандық жүр-

гізген әміршілер мен оның қоластындағы ел-жұрттың көбінесе «аттың жалында, түйенің қомында» тіршілік кешкен күйімен түсіндіруге болады. Осы қисын тұрғысынан, біздің ойымызша, көшпелі өмір салты өз алдына, бүкіл حرکتі әскери жорықтарда өткен қазақ хандарының да басым көпшілігі *тақтың* әлгіндей жастық пен қымбат төсеніш түрін қолданған сыңайлы.

Хандық биліктің тағы бір атрибуты – ту немесе байрақ тарихнамада әлі ғылыми шешімін таппаған мәселелердің қатарына жатады.


Мысалы, қай ханның қандай туы болды деген айырықша маңызды мәселе күні бүгінге дейін жұмбақ күйде қалып отыр. Бұл гәптің басты себебін аталмыш мәселенің шешімін табуға дәйек болар деректің мардымсыздығымен түсіндіруге болады. Дегенмен де, Т.И.Сұлтановтың дендеп саралап, жүйелеген деректер корпусы Шыңғыс ханның үлкен ақ туының болғандығын да дәйектейтіндей. Осы мәселені әлемдік тарихнамада алғаш зерттегендердің бірі – Т.И.Сұлтановтың дәлелдемесіне қарағанда, (Рашид-ад-Диннің айтуы бойынша [3,150]) Шыңғыс ханның ақ түсті тоғыз байрақты ұстану дәстүрі алғашқы қазақ хандары билік жүргізген дәуірде де жалғасқан сыңайлы. Соның ішінде, ғалымның қисыны келіскен пікірінше, 1487–1500 жж. хандық жүргізген Шағатай ханның әулетіне жататын Махмұт ханның да ақ түсті тоғыз туы болыпты [2,80]. Соған қарағанда, яғни хандар әулетінің осы институционалдық дәстүрінің қисынына салсақ, фольклорлық дәстүрде әйгілі хандарға, мысалы, Абылай ханға (1771–1781 жж.) байланысты айтылатын «Абылайдың ақ туы» деген мәтел іспеттес сөз орамы шындықтан туындаған сыңайлы. Әлбетте, аталмыш сөз орамының Абылайдай ісі қазақ арасында абыройы асқан ханның асқан ұйымдастырушылық һәм қолбасшылық дара қасиетін білдіретін метафора екендігі когнитологиялық арнайы зерделеуге сұранып тұрғандығы өз алдына әңгіме.

Сонымен, Т.И.Сұлтановтың сан алуан деректерден там-тұмдап жинастырған осы бір ерекше құнды мәліметі мен дәстүрлі қазақы ортадағы *хан билігінің* институционалдық қисыны тұрғысынан келгенде, қазақ ханының қайсысы болмасын өз туы (байрағы) болғандығы еш күмән тудырмаса керек.

Хан билігінің күшіне енгендігін айғақтайтын тағы бір символ-атрибут – әміршіні ел-жұрттың игі жақсылары таққа отырғызар алдында міндетті түрде атқарылған *құтпа* оқу рәсімі. Хан сайлау, хан көтеру жосыны барысында *құтпа* рәсімінің орындалу тәртібі туралы мән-мазмұн жағынан бір-бірінен ажыратып алғысыз мәліметтер Рашид-ад-Дин [3,150] мен Қадырғали бек Жалайыридің [4,257-263] тарихи жылнамаларында және негізінен осы авторлардың ақпаратына сүйенген В.И.Заседателев [1,4-9] пен Т.И.Сұлтановтың [2] еңбектерінде кездеседі. Бұл мәліметтердің ішінде, әсіресе, Қадырғали бек Жалайыридің әйгілі «Жылнамалар жинағындағы» («Жами ат-тауарих») әкесі Шығай хан Оңдан сұлтанның ұлы Ораз-Мұхаммед сұлтанның (1600-1610 жж.) «Қасымов патшалығына» хандыққа сайлануы туралы ақпарат ерекше назар аударады. Өйткені, біріншіден, Ораз-Мұхаммед қазақ сұлтаны, екіншіден, ескі қазақ тілінде жазылған аталмыш тарихи жылнаманың авторы Қадырғали бек Жалайыри (ол да қазақ) осы айтулы жосынды ұйымдастырушылардың бірі әрі ханның аталығы болған. Бұл жылнамаға ғалымдардың, әсіресе, Т.И.Сұлтановтың ерекше мән беретіндігі сондықтан. Т.И.Сұлтанов өзінің «Ақ киізге салып хан көтерілгендер. Шыңғыс ханның ұрпақтары» атты еңбегінде аталмыш жылнамадағы Ораз-Мұ-

хаммед сұлтанның хандыққа сайлану жосынын екей-тегжейлі баяндалған тұсын толық келтіреді [2,194-201]. Оның мазмұны хан сайлаудың жоғарыда айтылған негізгі атрибут-символдары, соның ішінде *құтпа* рәсімінің атқарылу реті туралы түсінікті біршама нақтылайды. Осы және осы құралыптас басқа материалдардың қисынына қарағанда, бұл кезеңде исламның қағидалары хандық биліктің діни негіздемесіне айналды. Сөйтіп исламның хандық билік жүйесіндегі орныққан іс-тәжірибесіне сәйкес *құтпа* оқу ханның Алла Тағаланың қолдауына ие болудың ең басты шарттарының бірі әрі *хан билігін* ел-жұртты мойындатар ілкімді идеологиялық мәнді шара болды.

Айтылған қисын тұрғысынан қазақ сұлтаны Ораз-Мұхаммедтің хандыққа сайлану жосынын дәстүрлі қазақы ортадағы хан сайлау, соның ішінде хан көтеру үрдісін ғылыми модельдеудің негізіне алуға болатындай. Қадырғали бек Жалайыри еңбегіндегі осынау тарихи ақпараттың құндылығы сонда, онда хан сайлау жосынымен қатар, *хан тағының* да орналасу кеңістігі автордың арнайы схемасымен толық сипатталынған (бұл схеманы хан ордасының институционалдық кеңістігі десе де болады). Төменде Қадырғали бек Жалайыридің схемасы академик Р.Ф.Сыздықованың нұсқасымен беріліп отыр:



Академик Р.Ф.Сыздықованың айтуынша, «маймене» сөзі «оң қол», яғни ханның оң қолы, «майсара» «сол қол» – ханның сол қолы, ал «Тахт ның сураты ошбу дур» «Тақтың суреті осы» дегенді білдіреді. Осы ретте ерекше екшеп айтар жайт – бұл тарихи сюжет академик Р.Ф.Сыздықованың зерттеуінен сәл кейін жазылған Т.И.Сұлтановтың еңбегінде де көрсетілген [2,194-201]. Жоғарыда айтылғандай, ғалымның еңбегінің деректік негізі мен негіздемесіне қарағанда, ол да Қадырғали Жалайыридің «Жылнамалар жинағындағы» тиісті материалды пайдаланған. Дегенмен, хан көтерудің аталмыш атрибут-символдарынан басқа, «хан талапай», «хан талау», «ақ киізге отырғызып хан көтеру» үрдісіндегі *ақ киіздің* мәні мен қолданысы сияқты дәстүрлі қазақы орта ерекше мән берген жосындар мен институционалдық әрі ғұрыптық мәнді бұйымдар зерттеулерде үстірттеу әрі қайшылықты қарастырылып жүр. Сондай-ақ таққа отырғызар алдында ханды «боз биенің сүтіне шомылдыру» салты мүлдем зерттелмеді десе де болады. Осыған орай, пысықтай кетуді қажет ететін төмендегі жайттарды, әсіресе, мәселенің деректік дәйегі туралы аспектін де ерекше екшеп айтқан ләзім:

– қазан төңкерісіне дейінгі орыс тарихнамасы да, Қазақстан зерттеушілері де аталмыш мәселеге байланысты, ең алдымен, А.И.Левшиннің «Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ ордалары және даласының сипаттамасы» атты әйгілі еңбегіндегі тиісті мәліметке сүйенеді [5,126-127]. Ал басқа сан алуан деректерде, соның ішінде, әсіресе, ортағасырлық нарративтік жазбаларда кездесетін әртүрлі тарихи-этнографиялық параллельдер (мысалы, ежелгі ғұн, түркі, моңғол жұрттарындағы *хан сайлау* дәстүрі сияқты) А.И.Левшиннің аталмыш мәліметіне қосалқы

материалдар ретінде ғана пайдаланылып жүр. Шынтуайтында, А.И.Левшин өмір сүрген уақытта әртүрлі сыртқы және ішкі факторлардың, әсіресе, осы кезеңде мейлінше күшейе түскен Ресей империясының ықпалына мықтап түскен қазақ социумы өзінің ежелгі әлеуетінен айырыла бастаған еді. Осы гәпке байланысты, бұл кезеңде *хан сайлау*, хан көтеру жосыны ғана емес, көшпелі ортада бұған дейін толық мәнді атқарылып келген, әсіресе, институционалдық іс-шара атаулының да күйі мүлдем кетудің алдында-ақ болатын. Мысал ретінде, тіпті А.И.Левшин өмір сүрген уақыттан әлдеқайда бұрын – 1748 ж. 2 қазанда Нұралы сұлтанның хандыққа сайлану рәсімін айтуға болады. 1748 ж. Кіші жүздің ханы Әбілқайырдың кісі қолынан қаза тапқандығының себептерінің анық-қанығына жету мақсатында Нұралы сұлтанның ауылында болған аудармашы-шенеунік Ю.Гуляевтің ақпаратына қарағанда, Нұралы сұлтанның хандыққа «*сайлануы қырғыздардың (қазақтардың) ежелгі дәстүрі бойынша атқарылған жоқ. Бұрын мұндай сайлау бүкіл халықтың алдында өтуші еді. Ал Нұралыны хандыққа әрбір рудың он беделді биі, оның үстіне үйде ғана сайлады*» [20,431]. Дәл осындай мәлімет В.В.Вельяминов-Зерновтың еңбегінде де кездеседі [7,13] (осы ретте пысықтай кететін гәп – А.И.Добросмысловтың еңбектерінде [8,96], оған сілтеме жасаған академик С.З.Зимановтың зерттеуінде де Нұралы сұлтанның хан сайланғандан кейін малы «*хан талауға*» түскендігі туралы айтылған [6,96-97]. Алайда Нұралы сұлтанның хан сайлануының тікелей куәсі болған Ю.Гуляев [20,431] пен осы оқиғаның ізін суытпай мұқият зерттеген В.В.Вельяминов-Зерновтың ақпараттарында мұндай мәлімет жоқ [7]. Демек, А.И.Добросмыслов үлкен қателік жіберіп отыр. Автордың мұндай одағай олқылыққа баруының себебін төмендегідей гәппен түсіндіруге болады. А.И.Добросмыслов осы және 1904 ж. жариялаған «*XVIII–XIX ғасырдағы Торғай облысы қырғыздарындағы сот*» деп аталатын еңбектерін 1871 ж. Торғай облысының әскери губернаторы Л.Ф.Баллюзектің тікелей ұйымдастыруымен жарық көрген материалдың желісі және мәліметтері негізінде жазды [18,162]. А.И.Добросмыслов осы материалдың 162-бетіндегі «*хан сайлауға жиналғандар жаңа ханның бар малын өзара бөлісіп алады*» деген ақпараттың байыбына бармай, оны жоғарыда айтылған Нұралы сұлтанның хан болып сайланған үрдісіне таңа салған. Яғни аталмыш сұлтанның хандыққа сайлануын өзінше нақтылаған сыңайлы. Әлбетте, бұл ретте, бар гәп А.И.Добросмысловтың, оған көміл сеніп, сілтеме жасаған кейінгі ғалымдардың аталмыш қателіктерінде емес, жоғарыда аталған Ю.Гуляев пен В.В.Вельяминов-Зерновтың мәліметтері айғақтап отырғандай, А.И.Левшин өмір сүрген уақыт түгіл, одан шамамен бір ғасырға жуық мерзімде де қазақ социумының билік жүйесінің, әсіресе, хандық биліктің өзінің ежелгі институционалдық қауқарының мүлдем әлсірегендігінде болып отыр. Демек, А.И.Левшин *хан сайлау*, соның ішінде, әлбетте, хан көтеру үрдісінің осы кезеңдегі сұлбасы деуге тұрарлық қана көрінісін сипаттаған;

– ақ киізге салып, хан көтеру – кезінде көшпелі тіршілік кешкен түркі нәсілді халықтардағы жоғарғы билік жүйесіне ғана тән институт. Ол ежелгі түркі дәуірінде орныққан қаған сайлау жосынынан бастау алады. Н.Я.Бичурин аударған Қытайдың әйгілі Таншу атты династиялық жылнама-хроникасында ерекше екшеп көрсетілгендей, «*мемлекет басшысын таққа отырғызу кезінде, ең жақын сарай адамдары оны*

киізге отырғызып, көтерген күйі күннің қозғалысы бағытымен тоғыз мәрте айнала жүріп шығады. Әрбір айналған сайын [қағанға] иіліп тәжім етеді» [9]. Ал моңғол тарихшылары мен олардың еңбектеріне жүгінген В.В.Трепавловтың моңғол империясының үстемдігі жүріп тұрған дәуірде де ақ киізге салу (отырғызу) *хан сайлау* дәстүрінің қажетті атрибуттарының бірі болды дегенге саятын пікірлері шындыққа сай емес [10,59-74]. Рас, аталмыш авторлар, әсіресе, В.В.Трепавлов мұндайда италиялық саяхатшы Пано Карпинидің жазбасындағы 1246 ж. Күйіктің (Гуюк хан, Гога) бүкіл моңғол жұртының ұлы хан болу рәсіміне байланысты тиісті мәліметті алға тартады. Онда, расында да, Күйік ханның киізге (бірақ киіздің түсі көрсетілмеген) отырғызылу сәті көрсетілген [11,197]. Алайда көрнекті ғалымдар А.Г.Юрченко [12], әсіресе, Т.Д.Скрынникова бұл мәліметтің, шынтуайтында, аталмыш рәсімге қатысқан венгр елшілерінің ұлы хан ордасындағы түркілерден алғандығын атап көрсетеді [13,183-238]. Кейін венгр елшілерінің осы ақпараты Пано Карпиниге кейбір сапар шегу барысында ғана серік болған, бірақ, аталмыш рәсімді көрмеген Симон де Сен-Кентин арқылы Бовелік деген атпен белгілі Винцент деген адамның қолына түседі. Ол әлгі мәліметті Пано Карпинидің жазбасының олқы көрінген тұсына өз бетімен енгізген көрінеді [13]. Демек, Т.Д.Скрынникованың қисыны дәлелді пікірінше, қазіргі кезеңде біраз зерттеушілер пайдаланып жүрген аталмыш мәлімет, шынтуайтында, моңғолдың ұлы *хан сайлау* үрдісінің қиялдан туған сценарийі ғана. Ғалымның айтуынша, осы реттегі тағы бұлтартпас факт – моңғол империясында және оның қоластындағы мемлекеттік бірлестіктерде *хан сайлау* үрдісінде ханның киізге отырғызылғандығын дәлелдейтін қажетті мәлімет қытай тіліндегі және парсы тіліндегі ешбір деректерде кездеспейді [13]. Бұл гәптің бірден бір себебі – аталмыш жосын тек түркі нәсілді халықтарда, соның ішінде, дәстүрлі қазақы ортада ғана атқарылып келді;

– жоғарыда айтылғандай, *хан сайлау*, соның ішінде, хан көтеру үрдісінің көшпелі орта үшін аса маңызды атрибут элементі – «*хан талау*» жосыны зерттеулерде өз мәнінде ашылып, көрсетіле бермейді. Тіпті біздің ойымызша, ірі қателіктерге бой ұру жайты да жиі кездеседі: зерттеушілердің дені А.И.Левшиннің, жоғарыда аталғандай, Л.Ф.Баллюзек ұйымдастыруымен жарыққа шыққан материалдағы, А.И.Добросмыслов және басқалардың еңбектеріндегі авторлардың білместігінен де, олардың отаршыл режимнің өкілдері болғандығына байланысты да жіберілген одағай олқылықтарды қайталаумен шектеледі. Мысалы, аса көрнекті шығыстанушы Т.И.Сұлтановтың өзі хан көтеру үрдісі аяқталғанынан кейін, тұп-тура А.И.Левшин жазғандай, хан отырған ақ киізді жиналған жұртшылықтың өзара бөлісіп алғандығын атап көрсетеді [2,71]. Сонымен бірге ол А.И.Левшиннің әлгі ақ киіздің хан тағы іспеттес екендігі жөніндегі, біздіңше, жаңсақ пікірін де қайталайды [2,71]. Шынтуайтында, ақ киіздің хандық биліктің, дәстүрлі түсінік бойынша, көшпелілердің тіршілік кеңістігін ұйымдастырушы, дем беруші бастау-орталығы екендігін айғақтайтын символдардың бірегейі екендігін ескерсек, бұл бұйымның «*хан талау*» ұшырауы мүлдем мүмкін емес. Осы ретте, қазақы ортамен біте қайнасып өскен, яғни осы ортаның бел баласы, әрі төре тұқымы, әрі атақты ғалым Шоқан Уәлихановтың өзінің атасы Абылай хан туралы жазған мақаласындағы аталмыш жайт

дұрыс таратылып айтылған деуге әбден болады. Ғалымның қисынды мәліметі бойынша, Абылайды Түркістан қаласында 1771 ж. ақ киізге салып, хан көтергенде, киіз емес, ханның сырт киімдері ғана «хан талапайға» түсті. Яғни жиналған беделді билер, рубасылар, ақсақалдар, сұлтандар мен батырлар әлгі киімді (әсте, ақ киізді емес!) «тәбәрік», «көз» ретінде ұсақтап бөліп алды [14,430-436]. Бұл «тәбәрік», «көз» Қазақ хандығының тарихын да, мәдениетін де, тарихи этнографиясын да терең зерделеген Мұхтар Мағауинның дәйекті пікірінше, «ханның сарқыты» деп аталады [15,185-197].

Осы ретте ерекше екшеп айтар жайт – хан билігі туралы қазақтың дәстүрлі таным-түсінігіне сәйкес, ақ киізге салып, хан көтерілмеген төре тұқымы хан ретінде мойындалған жоқ. Яғни бұл үрдіссіз хан сайлау жосынын елестетудің өзі мүмкін емес. Төре тұқымының хан сайлауда бүкіл ел-жұрттың пәтуасын алған хан болғандығын білдіретін паремиологиялық формула іспеттес «ақ киізге салып хан көтеру» деген сөз орамы көшпелі ортада аталмыш жосынның айрықша институционалдық және ғұрыптық маңызын, бек қастерленгендігін айғақтаса керек. Бұл үрдістің жаңа хан билігінің бүкіл ел-жұрт көміл сенген ғұрыптық-символдық негіздемесі екендігін отаршыл орыс билігі де жақсы түсінгенге ұқсайды. Деректер орыстың жоғарғы билік өкілдері өздеріне берілген сұлтанды хан сайлағанда аталмыш салттың сақталуына ерекше мән беріп отырғандығын көрсетеді. Себебі жоғарыда айтылғандай, ақ киізге отырып, хан көтеру рәсімінен өткен сұлтан ғана ел-жұртқа өзінің хандық мәртебесін мойындата алды. Керісінше, әлдеқандай себептерге байланысты хан сайлау қажетсіз деп есептеген орыс шенеуніктері, ең алдымен, хандыққа үміткерді ел-жұрттың өз бетімен ақ киізге салып, хан көтеруіне қарсы әрекеттерге барып отырды [16]. Мысал ретінде, Орынбор әскери губернаторының Кіші жүз ханы Жантөренің 1811 ж. кісі қолынан мерт болғаннан кейін хандыққа үміткерлер Серғазы мен Бөкей сұлтандарға Ресей патшасының рұқсатынсыз ақ киізге отырып, хан сайлауға түсуге қатаң тыйым салғандығын айтуға болады [19,48];

– қарастырылып отырған мәселеге байланысты қазірге дейін жүргізілген зерттеулерде, өкінішке орай, фольклорлық материал мүлдем пайдаланылмайды десек артық айтқандық болмайды. Мұның салдарынан хан сайлау, соның ішінде, хан көтеру үрдісіндегі дәстүрлі қазақы орта айырықша мән берген бірегей бір рәсім ғалымдардың назарынан қалыс қалып келеді. Өңіміе таққа отырғызылар алдында міндетті түрде атқарылуы тиіс ханды боз биенің сүтіне шомылдыру жосыны жөнінде болып отыр. Осы бір ғажайып ғұрып қазақтың сан жанрлық фольклорлық дәстүрінде сюжет өрбітетін мотивтердің біріне айналды. Мысал ретінде, «Алпамыс батыр» жырының барлық нұсқаларының соңында батырдың әкесі мен шешесін хан тағына отырғызған сәтін суреттеген жолдарды айтуға болады. Бұл мотив, әсіресе, жырдың Әбдірайым Байтұрсыновтың нұсқасында ерекше көрнекілікпен беріледі:

...Батыр да сыйлап елдің жан сүйерін,
Анасын атасымен ер Алпамыс,
Сүтіне шомылдырды боз биенің
Атасын хан қып таққа міндіреді,
Жар салып барша жұртқа білдіреді... [17,564].

Аталмыш боз биенің сүтіне шомылдыру жосыны өз-Тәуке ханның билік жүргізген уақытынан кейін басталған келте хандар заманында хан билігінің

мейлінше шектелуіне байланысты қолданыстан шығып қалған болса керек. Бұл жосынның сол кезеңде қазақ өлкесіне келген Ресей шенеуніктерінің, саяхатшыларының назарына ілікпей, фольклорлық мәліметтерде ғана сақталып қалғандығы сондықтан.

Сонымен ақ киізге салынып хан көтеру, ханның сырт киімінің «хан талапайға» түсуі, ханның боз биенің сүтіне шомылуы одан кейінгі ханның салтанатты киімі, оның таққа отырғызылуы сияқты хан сайлау үрдісінің семантикалық мәнді «салтылары» сайланған ханның күш-қуаты һәм хандық қауқары келіскен жаңарған хан екендігінің символ-айғақтары болып табылады. Хан сайлау, соның ішінде хан көтеру үрдісін қазіргі кезеңдегі көрнекті көшпелітанушылардың бірі Т.Д.Скрынникованың еңбектерінің теориялық қисынымен зерделесек, көшпелілердің саяси-әлеуметтік таным-түсінігіне сәйкес, хан дәстүрлі қазақы ортадағы (әлбетте, орыстың отаршыл тәртібі орныққанға дейінгі кезеңде) тіршілік кеңістігін ұйымдастырушы әрі осы тіршілік кеңістігіндегі құт-берекенің бастауы болып табылады. Жоғарыда айтылғандай, жаңа ханның сайлану, соның ішінде, хан көтеру жосыны аталмыш бастаудың ата-бабаның аруағының жебеп-желеуімен мүлдем түлеп, жаңарған, яғни бұрынғыдан да қауқарлы күш-қуатқа ие болған болмыс-бітімін ғұрыптық тілмен айғақтау болса керек. Шамамен, Қазақ хандығы дәуірінде (өз-Тәуке хан билік құрған кезеңнің аяғына дейін – 1715 ж., кейбір зерттеулер бойынша, 1717 ж. немесе 1718 ж.) өзінің ежелгі институционалдық-ғұрыптық жұмылдырушы және ұйымдастырушы функциясын толықмәнді атқарып келген бұл жосын (хан, құрылтай, хан кеңесі және т.б. институттар сияқты) орыстың отаршылдық тәртібінің орнығу үдерісінің алғашқы кезеңінде-ақ аталмыш функциясынан бірте-бірте айырылып, мерекелік шараға айналып кеткен сыңайлы [16]. Осы ретте ерекше екшеп айтар жайт – «хан көтеру» жосынында еуропалық ортағасырлық институционалдық дәстүрге тән монархты таққа отырғызу емес, ең алдымен, көшпелі тіршілік кешкен түркі жұрттарына ғана тән жаңа ханды ақ киізге салып көтеру (отырғызып деп айтуды дәстүр қоспайды!) үрдісі айырықша шешуші салт екендігі назар аударады. Ақ киіздің хандық билікке ие болған әміршінің көшпелі тіршілік кеңістігін өркендетер әрі қорғаны болар Жасаған Иенің жарылқауындағы құдыретті күшке айналғандығын білдіретін символы болғандығы сондықтан болса керек.

Әлбетте, аталған жайттар мен мәселелер тарихи және тарихи-этнографиялық тұрғыдан ғана емес, семасиологиялық зерде жағынан да арнайы зерттеуді қажет етеді. Мұндай ұстаным, бір жағынан, көшпелі қоғамдағы сан салалы, сан деңгейлі қатынастар жүйесінің институционалдық механизмін дендеп зерделеуге үлкен ілік болар еді, екінші жағынан, дәстүрлі қазақы ортадағы хандық биліктің берісі ежелгі түркі заманынан бастау алатын тарихи тек-тамырын (генезисін) зерделеуге мүмкіндік ашады. Ал бұл қазақ халқының этно және мәдени генезісінің ең маңызды аспектілерінің бірі де, бірегейі екендігі айтпаса да түсінікті жайт болса керек.

РЕЗЮМЕ

Нурсан Алимбай, этнолог.

ПОДНЯТИЕ НА БЕЛОЙ КОШМЕ «ХАН КӨТЕРУ» КАК ЗАВЕРШАЮЩАЯ ФАЗА ИЗБРАНИЯ ХАНА В КОЧЕВОМ ОБЩЕСТВЕ КАЗАХОВ.

В статье описывается завершающая фаза тра-

диции избрания хана у казахов-кочевников – «хан көтеру» в доколониальный период. Примечательно, что данная завершающая церемония называется поднятие на белой кошме, а не как восшествие на трон, как это было принято во всех европейских традициях избрания монарха. Отсюда следует, что среди системо- и смыслообразующих компонентов данной церемонии именно процесс поднятия на белой кошме избранного в ханское достоинство султана-чингизида имел у кочевников решающий смысл – означал полное и окончательное обретение им верховной власти. Вслед за рядом исследователей проблемы автор утверждает, что традиция поднятия на белой кошме новоизбранного хана присуща только тюркоязычным кочевникам, в том числе и казахам. Сказанное объясняет, почему белая кошма семантически весьма выразительна: она символизирует собой в лице нового хана образование обновленного организующего и сплачивающего начала в жизненном пространстве кочевников.

SUMMARY

Nursan Alimbay, ethnologist.

RAISING ON THE WHITE FELT “KHAN KÓTERÝ” AS THE FINAL PHASE OF KHAN ELECTION AMONG THE NOMAD-KAZAKH SOCIETY

The article describes the final phase of a khan election tradition among Kazakh nomads “khan kóterý” in the pre-colonial period. It is noteworthy that this final ceremony is called raising on a white felt, not enthronement, as was customary in all European traditions of electing a monarch. From this it follows that among the systemic and semantic components of this ceremony, it was the process of raising the Chingizid Sultan on a white felt that had a decisive meaning among the nomads. It meant the complete and final acquisition of supreme power. Following a number of researchers of the problem, the author claims that the tradition of raising a newly elected khan on a white felt is inherent only to Turkic-speaking nomads, including Kazakhs. The foregoing explains why the white felt is semantically expressive: it symbolizes, in the person of the new khan the formation of a renewed organizing and uniting principle in the living space of nomads.

ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ДЕРЕК

1. **Заседателев Н.И.** Древний обряд коронования у тюркских народов. Казань: Императорский университет, 1894.

2. **Султанов Т.И.** Поднятие на белой кошме. Потомки Чингиз-хана. Алматы: Дайк-Пресс, 2001.

3. **Рашид-Ад-Дин.** Сборник летописей. Т. I. книга вторая. Перевод с персидского О.И.Смирновой. М-Л: «Издательство АН СССР» 1952.

4. **Сыздыкова Рабига.** Язык «Жами ат-Тауарих Жалаири». Астана: «Ғылым» 2015.

5. **Левшин А.И.** Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. В 3-х частях. СПб.: Тип. Карла Крайя, 1832. С.126-127.

6. **Зиманов С.** Политический строй Казахстана конца XVIII и первой половины XIX веков. Алма-Ата: «Издательство АН КазССР», 1960.

7. Исторические известия о сношениях России со Средней Азией со времени кончины Абул-Хайр хана (1748–1765 гг.). Сочинение В.В.Вельяминова-Зернова. Т II. Ч.1. Уфа: Губ. типография, 1853. С.13.

8. **Добросмыслов А.И.** Тургайская область. Исторический очерк. Т. 1. Ч. 2. Оренбург, 1900. С.96.

9. **Бичурин Н.Я. (Иакинф).** Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. II. Алматы: «Жалын», 1998.

10. **Трепавлов В.В.** Государственный строй монгольской империи. XIII в. Проблема исторической преемственности. М.: Наука, 1993. С.59-74.

11. Путешествие восточные страны Плано Карпини и Гильома де Рубрука. Алматы: Ғылым, 1993. С.197.

12. **Юрченко А.Г.** Историческая география политического мифа. Образ Чингиз-хана в мировой литературе XIII-XV вв. СПб: «Евразия», 2006.

13. **Скрынникова Т.Д.** Харизма и власть в эпоху Чингиз-хана. СПб.: Евразия, 2013. С.183-238.

14. **Валиханов Ч.Ч.** Аблай // Собрание сочинений в пяти томах. 1 том. Алма-Ата: АН КазССР, 1961. С.430-436.

15. **Мағауин М.** Қазақ тарихының әліппесі. Алматы: Қазақстан, 1995. 185-197-бб.

16. **Алимбай Нурсан.** Российская историография Казахстана досоветского периода как историко-этнографический источник (введение в проблематику) // История и культура казахов Западного Казахстана в Российской историографии XIX – 20-30 гг. XX века. Том II. Атырау: «Ағатай», 2015. С. 5-31.

17. **Алпамыс батыр.** Алматы: ҚазССР Ғылым Академиясының баспасы, 1961. 199 б; 564 б.

18. Народные обычаи, имевшие, а отчасти и ныне имеющие в Малой Киргизской орде силу закона (материалы по обычному праву казахов, собранные из опубликованные под руководством военного губернатора Тургайской области Л.Ф.Баллюзека) // ЗОО ИРГО. Вып. II. Казань: Университетская типография, 1871. С.162.

19. Материалы по истории политического строя Казахстана (со времен присоединения Казахстана к России до великой октябрьской социалистической революции). Т.1. Алма-Ата: АН КазССР, 1960. С.47-50.

20. Казахско-русские отношения в XVI – XVIII веков (сборник документов и материалов). Алма-Ата: 1961. С.425-432.

АЛТЫН ОРДА – ЕУРАЗИЯ ӨРКЕНИЕТІНІҢ ОРТАЛЫҒЫ

Зере МАЙДАНӘЛІ (Майдаланли),
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Қазақстан тарихы кафедрасының доценті,
тарих ғылымдарының кандидаты

Бүгінгі таңда өркениет дамуының тарихи перспективаларын кеңінен және тереңдете анықтау бағытында бірқатар талпыныстар жасалуда. Тарих ғылымы дамуының ағымдағы кезеңінде Еуразия кеңістігінде көшпелі және отырықшы өрке-

ниеттердің, әр түрлі мәдени дәстүрлердің өзара іс-қимылдары проблемалары басым бағыттардың бірі. Ф.Бэзби: «Өркениет – бұл қалалардан табылатын мәдениет» дейді. Өркениеттік теория қалаларды өркениеттің алғышарты және өркениеттің негізгі

құрамдас бөлігі деген түсіндірме береді. О.Шпенглер [1] бойынша қалаларда бірінші кезекте олардың рухы «жаны» болуы арқылы қарастырады және тек қана қосымша көрсеткіштер ретінде халық саны қалааралық байланыстарды қарастырады. «*Өркениеттің екінші критерийі ретінде ішкі және сыртқы бөліністер есептеледі, яғни саяси-әскери өзара іс-әрекеттер екінші критерий болып табылады*», – деп тұжырымдайды. Еуразияның көшпелілері мен отырықшы-егінші тұрғындарының өзара іс-қимылдарының әлеуметтік-мәдени проблемаларын зерделеуде бірқатар шешімін күткен мәселелер бар. Өрбір зерттеуші өзінің бағалау нюансы деңгейі, зерттеуге даярлық деңгейі биігінен көрінеді және мұның өзі отырықшы-егінші өркениет пен көшпелі халықтардың саяси-әлеуметтік және мәдени өзара іс-қимылдары проблемаларының тарихи идеялары эволюциясын қарастыруға мүмкіндік береді.

Америкалық тарихшы У.Джонс [2] былай деп көрсетеді: «*Алғаш рет Киыр Шығыста туындаған өркениетті қоғам басқаларымен қатар өмір сүрді және басқа қоғамдар одан өзінің әлеуметтік ұйымдастырылуымен және мәдениеті дамуы деңгейімен ерекшеленді. Бұл «басқа» қоғамдарды өркениетті адам «варварлық» қоғам, ал халықтарын – «варварлар» деп атады. Бір жағынан мәдениет дифференциациясы кезеңдерінде егіншілік қоғамдар, қалалар, жер суландыру техникасы, монументалды архитектура мен жазу пайда болды, екінші жағынан малшылықты кейбір кездерде егіншілікпен біріктірген, бірақ, негізінен мал шаруашылығымен айналысқан және көшпелі өмір салтын ұстанған аңшылар мен малшылар қоғамдастығы өмір сүрді*». Таяу Шығыста скифтер мен түріктерді, Шығыс Азияда арийлер мен хуннуларды, Еуропада кельттерді германдықтар атты көшпелілерге теңеп, «варварлар» қатарына жатқызды. Дегенмен, «варварлық» қоғамдардың жалпыға бірдей белгісі олардың толық немесе жартылай мал шаруашылығы экономикасына жататындығына қарамастан «варвар» дегеннің өзі институтында «тарихи шындық» емес, мифтік образ «мифтендірілген» бейне болды. Тарихнамалық зерттеулерді рангқа салып зерделеу көрсеткендей, рухани және діни мәдениет жиынтығына діни-философиялық идеялар мен ұғымдар, идеалдар мен ілімдер, космогоникалық білімдер, салт-дәстүрлер, табынушылық, өнер, жазу және т.б. компоненттер жатқызылады. Даму және діни дәстүрлерді тарату проблемаларын жан-жақты зерделеу Еуразия кеңістігіндегі өркениетті зерттеудің ажырамас бөлігі болып табылады және мұның өзі тарихи дәуірді зерделеудің заманауи және перспективті әдіснамасы болса керек.

Кеңестік тарихнама мектебінің өкілі Л.Р.Кызласов [3] өзінің ғылыми еңбектерінде алғашқылардың бірі болып мынадай үрдісті байқаған: «*XIII ғ. Моңғол ақсүйектерінің ортасында жаулап алынған елдердің бағындырылған қалалары мен тұрғындарын толық жоюды қолдаған едәуір топтар болғаны мәлім. Олар бұндай қадамды қарсыластарын қорқытып-үркіту үшін және бұдан былайғы уақытта ешқандай қарсылық көрсетпестей ету үшін жасауға үндеген болатын. Ал, енді сол ақсүйектердің басқа бір бөлігі өздерінің және жаулап алынған аумақтарда ескі қалаларды сақтап қалуға және жаңа қалаларды салуға, сауда-саттық пен пошта қызметін дамытуға шақырған болатын*». Ғалым бұл арада салыстырмалы-тарихи сараптамаға

сүйенеді, тарихи-географиялық әдісті қолданады, сөйтіп моңғолдардың өз саясатын жүзеге асырудың одан арғы механизмдерін көрсетеді. Мысалы, Шыңғыс ханның тірі кезіндегі моңғол әскерінің барлық жорықтары тұсында жолдар салынғанымен, таулы қыраттардың жайғастырылғанынан, өзендеріне көпір тартылғанынан және өткелдер жасалғанына назар аударады. Кеңестік мектептің тағы бір өкілі Н.Ц.Мункуев [4] тарихи-салыстырмалы әдістің теориялық-методологиялық негізіне сүйене отырып, бұл екі үрдістің XIII-XIV ғғ. Моңғол қоғамының жоғарғы сатыларында орын алған себепті-салдарын байланысын көрсетеді. Зерттеушінің пікірі бойынша бұл байланыс бағындырылған елдерге қатысты екі қарама-қарсы саяси үрдіс сипаты болды. Бірінші үрдісті көшпелі моңғол ақсүйектерінің көпшілігі қолдады.

Бұлар Н.П.Петрушевскийдің [5] айтуы бойынша, «*моңғолдардың ежелгі көшпелі дәстүрлерін сақтаушылар, жартылай патриархалды, жартылай феодалдық қоғамдық құрылысты жақтаушылар, шаруашылық жүргізудің артта қалған формаларын қорғаушылар, отырықшы өмір мен егіншіліктің қас жаулары*». Екінші үрдісті моңғол ақсүйектерінің шағын тобы мен Ұлы Ханға қызмет көрсетуші жергілікті азаматтық бюрократия жақтады. Бұл бағытты ұстанушылар бағындырылған елдердің соғыс барысында қиратылған өндіргіш күштерін қалпына келтіруді, қалалар мен сауда-саттыққа жәрдемдесуді, салықтардың мөлшерін нақты анықтауды, хан қазынасына басқа да түсімдерді дұрыс есептеуді, империядағы орталық хан билігін күшейтуді көздеді». Заманауи зерттеуші Т.И.Сұлтанов [6] өзінен алдыңғы авторлардың идеяларын дамыта отырып, «Шыңғыс хан және шыңғыс ұрпақтары, Тағдыр және билік» атты еңбегінде тарихи ретроспективны көрсете отырып, Шыңғыс ханның ұрпақтары мен жоғары әскери басшылық, сондай-ақ әкімшілік ақсүйектер ортасында мүлде қарама-қарсы екі бағыт белгілі болды. Бірінші бағытта орталықтан кетуді көкіген көшпелі өмірді жақтағандар болса, екінші бағытта орталыққа ұмтылу идеясын ұстанушылар болды. Бірінші бағыттың өкілдері отырықшы өмір мен қалаларға жауыға қарады. Екінші бағыттың өкілдері болса, күшті хан билігі негізінде берік орталықтан кетуді көкіген әскери-көшпелі ақсүйектерді ауыздықтауға тырысты». Автор мәселенің теориялық-концептуалды тұсына назар аударады және отырықшы қоғамдармен салыстырғанда көшпелілерге тән өзіндік сипаттарға (мәселен, қалалармен қарым-қатынас мәселелерін шешу әдістеріне қатысты) едәуір мән береді. Батыс зерттеушісі З.В.Додэ [7] «Империя мәдениеті. Алтын Орда көшпелілері костюміндегі империялық анықтаушы символдар» мақаласында Шыңғыс ұрпақтарының сыртқы келбетін идеологиялық негіздеу үшін хан киімдерінің символдарын қабылдаған. Сонымен бірге бағындырылған елдердің атқамінерлері де моңғолдар мемлекетіне жеке-дара адалдығын көрсетуге тырысып сыртқы киім белгілерін империя адамдарының киім белгілеріне ұқсатып баққан. Моңғол мемлекетіне қосылып, біріккеннің айғағы ретінде моңғол басқыншылары көпэтникалық ортада көрнекті болу үшін белгілі бір символдарды атқаруды талап еткен. Қазақстандық зерттеуші В.П.Юдин [8]. Моңғол империясының ресми мемлекеттік идеологиясын, ұлыстың бөліктермен бірге қайта құрастыруға ұмтылды. Шыңғыс ханның және оның ұрпақтарының идеологиясы, автордың пікірі

бойынша діни жүйе, сонымен бірге «әмбебап идеологиялық-дүниетанымдық концепция және прагматикалық доктрина» болып табылады. «Жаңа, жалған дүниетаным» негізінде Шыңғыс ханға табыну талаптары орын алды. Шыңғыс ханның тұлғасы империяның негізін қалаушы ретінде мифтендірілді. Шыңғыс ханға табыну Шыңғыс хан ұрпақтарының да билікке монополиясы Жошы ұлысы ыдырағаннан кейін де сақталып, жалғасын тапты.

Тарихнамадағы тағы бір маңызды аспектілердің бірі Алтын Ордада қалалардың салынуы және қала халқының өсуі болып табылады. В.Л.Егоров [9] былайша жазады: *«қала тұрғызу идеясын моңғолдар көршілерден алған жоқ, бұл идея көшпелі қоғамның өз ішінде дами түсу өнімі ретінде туындаған болатын»*. Мәдениет пен өркениеттің ірі көлемді өзара әрекеттесуінің көрнекі тәжірибесі Моңғол империясының астанасы – Қарақорым болып табылады. Бұнда әртүрлі халықтардың мәдени өмірі мен тілдері, салттары мен дәстүрлері біте қайнасып кеткен еді.

Қарақорым әлемнің төрт бұрышынан жиналған интеллектуалдардың, өнер өкілдерінің, ойшылдардың, шебер қолөнершілер мен саудагерлердің нағыз орталығына айналды. Моңғол империясында, жалпы айтқанда еркін саудаға қолайлы жағдайлар жасалды. Моңғол империясы ескі әлем өркениеттері арасын жалғаған көпір тәрізді еді. Еуропаның негізгі аумақтарын, Таяу және Қиыр Шығыспен байланыстырған шын мәніндегі орталық болды, – дейді батыс зерттеушісі Дж Космо [10]. Ол Ренфрюдің мемлекеттің өміршеңдігі тану ісінде қалалардың пайда болуы маңызды факторы деген ғылыми концепциясын алға тартады. Қалаларды салып, тұрғызудың екі кезеңі болды, мысалы, Ұйғыр қағанаты дәуірі тұсындағы Орду Балық, сондай-ақ Моңғол империясы кезеңіндегі Қарақорым. Бұл кезеңдерде хунндар мен түріктерде мұндай іс-қимылдар байқала қойған жоқ болатын.

Көсемдікке қатысты К.Ренфрю [11] және т.б. зерттеушілер келесі археологиялық критерийлерді атап көрсетті:

1. Үлкен елді мекендермен салт-дәстүр орталықтарының қирандылары;

2. Қорғаныс құрылғылары мен бекіністердің орны;

3. Билеушіге генетологиялық жақындыққа сәйкес қазаны атқару, жерлеу рәсімдеріндегі ерекшеліктердің көрінісі

4. Кәсіби қолөнершілер болғанын дәлелдейтін қолөнер шеберханаларының сақталып қалған бөлік-бөлшектері т.с.с. белгілердің болуы.

Ғылыми әдіснама мен концептуалдық қорытындылардың салыстырмалы-тарихи сараптамасы тарихи идеялардың эволюциясын көрсетеді. Ал, мұның өзі ішкі пікірталас арқылы тарих ғылымының өзін дамыта түседі. Бұл әдіс-тәсілдердің методологиялық парадигмасы көшпелілердің саяси ұйымдастырылған және әлеуметтік-мәдени дамуға толыққанды атсалысқандығын терістейді. Көшпелі бірлестіктерге екінші дәрежеде қабылдаушы рөл ғана беріледі. Көшпелі бірлестіктер мен отырықшы-егінші халықтардың әлеуметтік өлшемдігі этномәдени және этносаяси өзара іс-әрекеттерін сараптау-заманауи ғылымда қабылданған жаңа дәстүрлі тәсілдерден оқшау сараптама болып табылады. Тарих ғылымының қазіргі дамуының кезеңі әлемдік діни дәстүрлердің өзара іс-әрекеті проблемаларын кеңінен және тереңдете

зерделеуді талап етеді. Бұл үшін тарих ғылымы жинақтаған білімдер мен тарихи үдеріс теориялары тұрғысынан, жаңа методологиялық тәсілдерді қолдану негізінде едәуір ғылыми табыстарға жетуге болады. Көшпелі құрылымдар мен отырықшы-егінші аумақтардың әлеуметтік, саяси және рухан-мәдени сфераларының күшейе түсуі мен синтезі әртүрлі діни және идеологиялық элементтердің баайланысын орнықтырды және өзара кірігу үдерісін жеделдетті.

Заманауи тарих ғылымында көшпелі қоғамдардың саяси-әлеуметтік трансформациясының концептуалды мәселелерін зерделеу, саяси институттар қалыптасуының мән-мазмұнын анықтау, көшпелілердің әлеуметтік құрылымының өзгерістері туралы ғылыми зерттеулердің қажеттілігі туындап отыр. Көшпелі мемлекеттілікті зерттеудегі өзекті мәселелер бұл – жаңа теориялық-концептуалдық әдістерді, методологиялық деңгейлерін анықтау талабынан, сондай-ақ жаңа көшпелі этно-саяси қоғамдастықтардың пайда болуы үдерісін жан-жақты және кешенді зерттеуден туындайтын тарихи ой-пікірдің орнығуы мен тереңдеуіне және биліктің саяси-ұйымдық формалары мен құрылымын, әлеуметтік ерекшеліктерін зерделеу қажеттілігінен туындайды. Оның өзекті және күрделі мәселелерінің бірі Алтын Орда тарихы. Алтын Орданың тарихнамасы ХХ ғ. 90-шы жылдары Ресей ғылымының перспективті бағыттарының біріне айналды. Жетекші зерттеушілердің бірі татар ғалымы Мірқасым Усманов [12] ортағасырлық мемлекеттің тарихын зерттеуде бір-қатар мәселелерді қойып белгіледі. Мұндай тарихнамалық мәселелерге ол Алтын Орда тарихын фальсификациялауды (бұрмалауды), монополизациялауды және стереотиптерді таңуды жатқызады. Алтын Орда тарихының әртүрлі аспектілерін зерттеуде заманауи және перспективалы тәсілдерді В.П.Костюков [13, 199 -б.] та ұсынды, оның пікірінше: *«қыпшақтардың автохтондық рулары мен тайпалары Алтын Орда көшпелі халқының басты компоненті болды және жаулап алушыларды ассимиляцияға ұшыратты»*. Жошы билігіндегі далалықтарды және одан тысқары бөліктерді жаппай «қыпшақтандырумен» қатар Қытайдан Мысырға дейінгі Алтын Ордадан тысқары аумақтардағы этникалық үдерістерге қыпшақтардың өздері де қатысты. Қазіргі қазақстандық тарихнамадағы келесі ұстанымдарды бөліп көрсетуге болады: *«Шығыс Дешті-Қыпшақты жаулап алу және оны моңғол империясының құрамына енгізудің аймақтық және одан арғы этносаяси тарихы үшін екі маңызды салдары болды. Моңғол үстемдігі жаулап алған халықтың этникалық формасы мен әлеуметтік-саяси құрылымын едәуір өзгертті және мұның өзі бүкіл этносаяси жағдайға күшті әсер етті; бастапқыда Шығыс Дешті-Қыпшақ аумағымен шектелген Жошы ұлысының шекарасы шеңберіндегі халықтың саяси бірігуі жүзеге асты»* [14].

Алтын Орда қоғамының әлеуметтік құрылысына, стратификациясы мен ыдырауна көптеген авторлардың еңбектері арналған. Айталық, В.Н.Ткачевтің [15, 221-б.] көрсетуі бойынша: *«ауқатты мал иеленушілер, әсіресе, ақсүйектер кез келген нысанда өздерін «ат үстіндегі адам» әлеуметтік мәртебесін көрсетіп қалуға тырысты»*. Алтын Ордалық далалық көшпенділер мен отырықшы қала тұрғындарының «күресі мен өзара байланысы» мемлекеттің саяси және экономикалық жағдайына

әсерін тигізбей қойған жоқ. Г.А.Федоров – Давыдов [16,212-б.] Алтын Орда қалалықтары мен далалықтарының өзара қатынастарын қоғам дамуындағы әлеуметтік-экономикалық үдерістер көрінісімен байланыстырады. Бұл үдерістегі ерекше рөлді ол көшпелі ақсүйектер үлесіне қалдырды, өйткені, зерттеушінің пікірінше олар қалалардың, қол өнерінің және сауданың дамуына ықпал етті. Өз кезегінде С.П.Толстовтың [17] айтуынша моңғолдың көшпелі ақсүйектері өздеріне тәуелді, жекеменшік мал бақташыларын ұстаған. Алтын Орда қоғамның әскери-иерархиялық сипаты туралы А.Н.Насонов [18,16-17-б.] та жазған. Жылнамалық деректерді зерттей келе ол басқақ Ахмет туралы әңгімені келтіреді: «Бұл басқақтың қарамағында «жан-жақтан жиналған адамдармен толықтырылып отырған жасақтар болды, олардың бір бөлігі қашқындар, енді бір бөлігі Русьтен болатын; олар арнайы слободаларда тұрып жатты». Басқақтардың міндеті «ішкі күзет қызметі» сондай-ақ олардың салық жинауға да қатыстығы болды. Бұдан басқа оларға данышықтар, поплужниктер, кеденшілер секілді шеуніктер де бөлініп берілді.

Америкалық ғалым Юлай Шамиоглы [19] Алтын Орданың экологиялық және ауа райы мәселелерін зерттеді. Сөйтіп ол шын мәнінде Л.Н.Гумилевтің географиялық және экологиялық көптірлілік идеясын жалғастырды. Бұдан басқа Юлай Шамиоглының Алтын Орда қоғамының тайпалық құрылымның проблемалары бойынша тарихнамалық ізденістері қызықтырады. Алтын Орда тарихнамасындағы моңғол-татар теориясын жақтаушылар қатарында Д.М.Исхаковтың, И.Л.Измайловтың [20] концептуалдық көзқарастары да бар. Олардың пікірінше Алтын ордада мемлекеттік идеологияға құрылған әскери-феодалдық ақсүйектердің жаңа этносаяси қоғамдастығы қалыптасты, олар дәстүрлі (түркілік және моңғолдық) аңыздармен қатар ислам идеялары мен символдарын пайдаланды. Зерттеушілердің пікірі бойынша бірінші этноқұрушы фактор – мемлекет. Екінші мәселе этноқұрушы әлеуметтік топ – әскери-феодалдық ақсүйектер. Айталық, зерттеуші Т.Д.Скрынникова [21,27-б.] бойынша «моңғолдардың әлеуметтік ұйымының негізгі қағидаты генеология болып табылады. Бұл әлеуметтік бірліктің мүшесі болу, осы топқа мүше болу жайылымдарға қолжетімділік пен ресурстарды бөлу мәселелерін анықтады. Генеология әлеуметтік байланыстарды реттеу құралы болды, иерархияны анықтап, билік ету қатынастарын айқындады».

Алтын Орда моңғол империясынан мемлекеттің шеткі шекараларын қорғайтын және отырықшы елдердің тәуелсіздікке ұмтылысын басып, жаншитын қуатты әскерді, ақпараттық-көліктік құрылымды, діндерге төзімділік пен мемлекеттің әкімшілік негіздерін мұраға алып қалды. Көшпенді құрылымдар мен отырықшы-диқаншы аумақтардың әлеуметтік, мәдени және саяси сфераларының біртіндеп күшеюі саяси-құқықтық жүйе элементтерін бағындыруға және әлеуметтік категориялар мен топтарды жіктеуге мүмкіндік берді. Билік әскери-мемлекеттік машинаны арқа тұтты және Ұлы хан тұрғындарды басқару мен жазалаудың көптеген құралдарын пайдаланды (әскери жорықтарға қатысу міндеттілігі, моңғол әскеріндегі қатал тәртіп, әскери-әкімшілік аппараттың бақылауы т.с.с.). Алтын Орда тарихының бұл аспектілері М.В.Горелик, Фомичев және т.б. еңбек-

терінде қарастырылған.

Тарихи зерде дамуының қазіргі кезеңіндегі негізгі мәселелерінің қатарында әртүрлі мәдени дәстүрлер мен діндердің өзара байланыстары тұр. Алтын Орда қоғамын исламдандыру үдерісі туралы мәселе тарихнама үшін қызығушылық туындататын қосымша тағы бір бағыт болып табылады. Айта кету керек, сол уақыттарда діннің рөлі өте күшті болды және ол қандай болмасын соғыс әрекеттерінің идеологиялық негізі қызметін атқарған еді. Алтын Орда саясатындағы ислам факторы рөлінің күштілігі туралы араб тарихшылары да жазған болатын: «*Беркеге құранды оқыту кезі келгенде Ходжент қаласынан мұсылман имамдарының бірі таңдалып алынды. Берке Бұхарада мұсылман оқымыстыларымен кездесіп тұрды. Сол жерде ол сопы, шейх Шамс-ад дин ал-Бахарзиден мұсылмандықты қабылдау рәсімін өткізді*», – деп хабарлайды ибн Халдун және ал-Айни [22]. Берке билігі кезеңінде моңғол ақсүйектерінің ішінде, әсіресе, сарай маңындағылар арасында, ислам діні кеңінен тарады. Ан-Нувайридің көрсетуі бойынша Берке хан ислам дінін қабыдағаннан соң оның қоластындағы халықтың көпшілігі мұсылмандыққа мойынсұнды, ал оның әйелі Джиджек хатун исламды қабылдаған сәтте «*өзімен бірге алып жүретін шатырлардан өзіне мешіт құрастырды*». Еуропалық автор Хаммер-Пургштальдың [23,11-12-б.] пікірі бойынша ислам идеологиясының әсері Алтын Орда мен Иранның қақтығысына алып келді, себебі Хулагу Беркенің мұсылман әлеміндегі беделіне қызғаныш сезіммен қараған еді. «*Беркенің Сирия және Мысырдың ішкі істеріне араласуы, ол аумақтар Хубилайдің (ұлы қаған) Хулауге арнаған жерлер болатын, Иран және қыпшақ билеушілерінің арасындағы соғыстың басталуына өз әсерін тигізбей қойған жоқ*», – деп жазды Хаммер-Пургшталь. Қазақ зерттеушісі З.Жандарбек [24] Берке ханның ислам дінін қабылдауын былайша сипаттайды: «*Берке хан Алтын Орда мемлекетінің тағына отырғаннан кейін ислам дінін жалпы мемлекеттік идеологияға айналдыруға күш салуы Алтын Орда мемлекетін біріктіретін басты фактор ретінде пайдаланбақ болған әрекеті деп түсінген дұрыс*». Зерттеуші М.Г.Сапарғалиев [25] те осы методологиялық тұрғыдан сараптайды: «*Берке хан Алтын Орда тағына отырысымен ұлыстарды билеуші Жошы ұрпақтарының билігін шектеп, оларды тікелей бір орталыққа бағындыру мәселесін қолға алады. Әр ұлыста ондық, жүздік, мыңдық, онмыңдық тұрақты әскери-саяси ұйымдар құрылды. Олар мемлекеттің ішкі бірлігін нығайтуға тиіс болды*». Берке ханның ішкі және сыртқы саяси әрекеттеріне ислам идеологиясының әсері туралы ресейлік ғалым Н.М.Малов [26] та жазады: «*Мемлекеттік қызметке Хорезм мен Булғардан шыққан мұсылман оқымыстылар тартылды. Еділ бойына салынған қалалар таза мұсылмандық сипат алды. Халықаралық қатынастарда Берке хан ислам мемлекеті билеушісі ретінде көрінді. Ол халифатты жаулап алып, Халиф Мустасимді өлтірген Хулууге қарсы Мысыр мемлекетімен одақ құрып, Хулуу мемлекетіне қарсы әскери қимылдарға дейін барды*». Берке хан тұсында ислам дінінің саяси ықпалының өсуіне қазақ ғалымы Қ.Зардыхан [27] назар аударады: «*Береке 1257-1266 жж. аралығында Жошы ұлысында тоғыз жыл билік құрды. 1) мұсылман елдерімен жан-жақты қарым-қатынас жасау арқылы Қыпшақ даласына мұсылман*

діні дендеп кіруіне мұрындық болды. 2) Алғаш рет салық реформасын жүргізді. 3) Ел астанасын Еділді бойлай көшу арқылы Еуразия мәдениетінің ара жібін жалғады, шығыс пен батысты араластыруға мүмкіндік тудырды».

Тарихнама үшін Алтын Орда да қалалар тұрғызу мәселелеріде құнды аспектілер қатарынан орын алды. «Қала салу идеясын моңғолдар көршілерінен алған жоқ. Бұл идея көшпенді қоғамның дамуы нәтижесі ретінде өз қойнауынан туындаған еді», – деп жазады В.П.Егоров [9]. Ресейлік зерттеуші Э.С.Кульпин [28, 192 -б.] Алтын Орда қалаларын тұрғызу ерекшеліктеріне назар аударады: «Алтын Орда қалалары еуропалық қалалардан ерекшеленетін. Егер Еуропа қалалары қоғамдық қаражатқа, аз бөлігі мемлекет есебінен салынған болса, Алтын Орда қалаларын тұрғызуға мемлекеттік қаржы-экономикалық ресурстары көптеп бөлінді». Алтын Орданың гүлдену кезеңі билікке келген Өзбек ханның (1312/13-1341/42) есімімен тығыз байланысты. Алтын Орда қала құрылысы мен халықаралық сауда орталығына, білім мен рухани өмір орталығына айналады. Тарих ғылымы дамуының қазіргі кезеңінде көшпелі және отырықшы өркениеттердің, әртүрлі мәдени дәстүрлердің өзара байланыстарын зерделеу ғылыми-зерттеулердің басым бағыттарының бірі болып саналады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Шпенглер О. Закат Европы//Очерки морфологии мировой культуры.М., 1993. Т.2.
- 2.электронные ресурсы: <http://www.popal.ru/>
- 3.Кызласов Л.Р. Ранние монголы// Сибирь, Центральная и Восточная Азия в древности. СПб. отд. 1975. С.175-176.
- 4.Мункуев Н.Ц. Заметки о древних монголах.//Татаро-монголы в Азии и Европе. М., 1970. С.385.
- 5.Петрушевский И.П. Применение рабского труда в Иране и сопредельных странах в позднее средневековье. М., 1960. С.1.
- 6.Султанов Т.И. Чингиз-хан и Чингизиды. Судьба и власть». А.,2000. С.154.
- 7.Доде В. Имперская культура. Символы легитимации принадлежности к империи в костюме кочевников Золотой

Орды//Восток.Oriens. №4, 2005.

8.Юдин В.П. Центральная Азия в XIV-XVIII веках глазами востоковеда. А., 2001.

9.Егоров В.Л. Историческая география Золотой Орды. М. 1985.

10.Ди Космо Н. Образование государства и периодизация истории Внутренней Азии// Монгольская империя и кочевой мир. Улан-Удэ: БНЦ СО РАН, 2008. 498 б.

11.Renfrew, A.C., 2003, Figuring It Out: The Parallel Visions of Artists and Archaeologists, London: Thames and Hudson.

12.Усманов М.А. (2001) Состояние и перспективы источниковедения истории Улуса Джучи// Источниковедение Улуса Джучи (Золотая Орда.От Калки до Астрахани 1223-1556). Казань.

13.Костюков В.П. Была ли Золотая Орда «Кипчакским ханством»?// Тюркологический сборник. Тюркские народы России и Великой степи. М., 2006.

14.Ускенбай К. Восточный Дешт-и Кыпчак в XIII – начале XV века. Проблемы этнополитической истории Улуса Джучи. Казань. 2013

15.Ткачев В.Н. Каракорум в XIII в.// Mongolica. М., 1986.

16.Федоров-Давыдов Г.А. Общественный строй Золотой Орды. М.,1973.

17.Толстов С.П. Древний Хорезм. М., 1948.

18.Насонов А.Н. Монголы и Русь. М., 1940.

19.Шамиоглы Юлай (1992) THE LIBERATION OF RUS FROM THE YOKE OF THE GOLDEN HORDE// AMERICAN HISTORICAL REVIEW.DOI: 10.2307/2164575 (Accessed on 06.02.2019).

20.Исхаков Д.М., Измайлов И.Л. (2007) Этнополитическая история татар (III – середина XVI вв.). – Казань: РИЦ «Школа»,. – 356 с.

21.Скрынникова Т.Д. Харизма и власть в эпоху Чингисхана. СПб., 2013.

22.Закиров С. Дипломатические отношения Золотой Орды с Египтом.М., 1966.

23.СМИЗО//Тизенгаузен В. СПб1884.Т.1. 478, 507 б.

24.Жандарбек З. Иасуи жолы және қазақ қоғамы.А.,2006. 59 б.

25.Сапарғалиев М.Г. Распад Золотой Орды. М.1996.320 б.

26.Малов Н.М. Религии в Золотой Орде.Саратов.,1998. 96-98 б.

27.Зардыхан Қ. Қазақ мемлекеті және Жошы хан.Астана., 2004.169 б.

28.Кульпин-Губайдуллин Э.С. Золотая Орда: судьбы поколений. Москва, 2008.

МРНТИ

ӘБУЛ-ФИДАНЫҢ «ТАҚУИМ ӘЛ-БҰЛДАН» ЕҢБЕГІ – Мәуереннахр мен Түркістанның тарихи географиясының дереккөзі

Ұлдана ЖҮЗБАЕВА,
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық
университетінің PhD докторанты

Кіріспе. Әбул-Фида әл-Мамун халиф заманында қалыптасқан мұсылмандық ғылым дәстүрі аясында еңбек еткен соңғы жағрафияшы болып табылады. Текті отбасынан шыққан Әбул-Фида жан-жақты білім алды, фикһты, тәпсірді, философияны, логиканы, медицинаны, ботаниканы, тарихты, жағрафияны және араб тілін үйренді. Ол өзінің шежірелік зерттеулері арқасында танымалдыққа ие болды, ол жастық шағында өзі қатысқан барлық оқиғаларды жаза бастаған болатын. Оның негізгі тарихи еңбегі «Әл-Мұхтасар фи тарихи-л-башар» (Abu al-Fida,

1956), яғни «Адамзаттың қысқаша тарихы» деп аталады. Бұл еңбекте автор Адам пайғамбардан 1328 жылға дейінгі оқиғаны баяндайды. Ал бұл мақалада қарастырылғалы отырған Абул-Фиданың тағы бір керемет туындысы – «Тақуим әл-бұлдан» (Abu al-Fida, 2010) (аудармасы: елдерді ретке келтіру) жағрафиялық еңбегі.

Аталмыш еңбекте автор елді мекендердің координаттарын қолдана отырып кесте күйінде географиялық деректерді ретке келтіреді. Әбул-Фида Птоломей, Ыдырыс, Ибн Хаукал, Истахри

және Бируни мәліметтерін пайдаланып, Оңтүстік және Солтүстік жарты шарлардың, экватордың, су көздерінің, таулардың сипаттамасын береді. Автор бұрынғы географтардың еңбектерінен кейбір кемшіліктерді тапқанын және оларды толтыру керектігін айтады. Бұл жұмыстың екінші бөлімінде Әбул-Фида Араб түбегінен бастап жер шарының географиясы туралы мәлімет береді. Жер бетін 28 аймаққа бөледі. Әр аймақты қарастыра отырып, автор алдымен оның географиялық орны, климаты және халқы туралы мағлұмат береді.

Әдістеме. Мақалада Мәуереннахр мен Түркістанды аймақтарға бөліп сипаттауда тарихи-жүйелік әдіс, ал елді мекендердегі шаруашылық пен тұрғындардың тұрмысын жазу барысында нарративті әдіс қолданылды. Бір қаламен екіншісін немесе ауылдарды өзара салыстыра зерттеу үшін компаративистика әдісі жүзеге асты. Тұрғылықты жерлердің құрылысы мен архитектурасы құрылымдық әдіс арқылы баяндалды.

Негізгі бөлімі. Әбул-Фиданың «Тақуим әл-бұлдан» еңбегінің екінші бөлімінде Мәуереннахр мен Түркістан аумағына сипаттама береді. Бұл аймақ туралы жазбаларында ғалым Йакут ибн Абдаллах ар-Руми әл-Хамауи (Yaqut, 2010) мен Әбул-Қасым Ибн Хаукалдың (Абу-л-Касым Ибн Хаукаль) зерттеулеріне сүйенген. Оның ішінде Самарқан, Бұхара және Ферғана өңірлеріне географиялық талдау жасау үшін әл-Любаб (Al-Maydani, 2017), ибн Хурдазабах еңбектеріне жүгінеді.

Еңбекте автор «Тұран» аймағына Мәуереннахрға қатысы бар барлық елді мекендер мен қалалар жатады деп, сонымен қатар ақ-ғұндардың мекені деп сипаттайды. Ол батыс жағынан Хорезммен шекаралас еді, ал оңтүстік жағын Базахджаннан бастау алған Әмудария өзені шайып жатты, егер су бұрылысы болған жағдайда бағытын оңтүстіктен солтүстікке ауыстырады. Мәуереннахрдың солтүстік және шығыс шекаралары белгісіз болды.

Ғалымның жазбалары бойынша Бұхара он бес елді мекенді біріктірді, олар биік дуалдармен қоршалған. Олардан тысқары бірнеше қалалар мен тұрғылықты жерлер бар: Фараб және басқалары. Бұхараға жақын ең үлкен тау Уирка деп аталады. Бұхараның сыртында тұз және ағаш өндірістері бар, оларды даладан гада (бұта тұқымдас) мен жыңғылды әкеледі. Бұхара жерлері болып Сұғда өзені ағатын аймақты жатқызды, ол Бұхараға шығыс жағынан қосылды. Сонымен қатар бұл жерде «Зауш» ауылының орналасқанын айтады.

Бұхараның айналасы толған бау-бақша, ал құрылыс пен ғимараттар салу жағынан оған тең келер шаһар жоқ. Оның маңындағы ауылдардың тұрғындары да Бұхара халықына жатады. Бұхараны оның ауылдарымен, ауыл шаруашылық алқаптарымен 12 фарсахтан¹ тұратын бір ғана қабырға бөліп тұр. Хорасанның бұрылысында Әмударияға жақын жерде Бұхараның ең үлкен ауданы орналасқан. Самарқандық болып саналатын Сұғданың қалған бөлігі Хорасанмен шектеседі және бұл жерді жазықтық алып жатыр.

Тоуауис – Бұхара аймағына қосылатын қалалардың бірі, ол дөңгеленген дуалдың ортасында орналасқан. Тоуауисте бау-бақшалар мен су қоймалары көп. Өзенді кесіп өткен жағдайда қаланың үлкендігін көруге болады. Бұл жерден бірқатар оқымыстылар шыққан. Қаланың базарына жыл сайын көп адам

жиналады. Дабусийядан Тоуауиске дейін қашықтық 12 фарсах, ал Бұхарамен арасы жеті фарсах.

Бұхара деңгейінен шамалы қашықтықта орналасқан қала – **Байканд**. Қалада мың керуен тоқтайтын орындар, берік дуалдар, үлкен мешіттер бар. Мешіттің құрылысы мен құрылымы жоғарғы деңгейде орындалған. Ол мешіттің көркем безендірілген алаңы бар, оның әсемдігі мен құрылысы басқалармен салыстыруға келмейді.

Мәуереннахрдың келесі үлкен аймағы – **Самарқан**. Самарқанда көптеген шаһарлар орналасты, оның ең маңыздысы – Кабузанжакас. Себебі зерттеушінің пікірінше ғалымдардың көпшілігі осы қаладан шыққан. Ол Сұғданың солтүстік бөлігі болып саналады, ормандар мен ауылдар көп орналасқан.

Самарқан бекінісінің айналасында арықтар мен өзен бар, олар қаланың ішіне кіріп ағады. Самарқанның есіктерінің бірі Кашш деп аталды, ол темірден жасалған және онда кішкентай жазба бар, тұрғындардың пікірінше хамири тілінде жазылған, есік Йемень сұлтанының бұйрығымен жасалған. Самарқан мен Сонаның арасы мың фарсахты құрайды, Тубба заманына дейін солай жазылған. Тубба қауымы өмір сүрген уақытта бүлікшілік болып, соның салдарынан есікті өртеп, ондағы жазу өшіріліп қалған. Уақыт өте келе Мұхаммед ибн Лұқман ибн Насыр ибн Ахмад есікті жаңартқанмен, жазуын қалыпқа келтіре алмады. Самарқанда кішкентай тау бар. Одан адамдар тас өндіріп алып, қала ішіндегі жолдарға төсеген.

Кәрминияһ – Бұхара мен Самарқанның арасындағы қала, дәлірек айтқанда Тоуауис пен Дабусийяның арасында орналасқан. Дабусийядан бес фарсах, Тоуауистен жеті фарсах қашықтықта. Тұрғындар саны Тоуауис қаласымен бірдей. Кәрминияһ – көлемі мен халық саны жағынан Тоуауистен үлкен, сонымен қатар ауыл саны бойынша да асып түседі.

Сонымен қатар Бұхара мен Самарқанның арасында таудың етегінде Нұр кенті орналасты. Ол шағын қалашық еді, оның маңындағы жерлерді «Нұрий» деп атады. Сондай-ақ осы жерде Худжанд қаласы бар еді, ол Самарқаннан жеті деңгей, ал аш-Шашиден төрт деңгей алшақтықта орналасқан. Сұрыпталған жемістер өседі, көп бақшалары бар, жазық далада орналасқан. Сұғд да Самарқан аймағына енді, ол – Дамаск алқабы, Басра жанындағы Убулла өзені, Баудана шатқалы сияқты төрт әлемдік танымал жерлердің бірі. Мәуереннахрдың Самарқандағы Сұғды аймағы осы төртеуінің ішіндегі ең тазасы деп сипатталған. Оның себебі, Сұғд аңғары Бұхара шекарасынан Бутам шекарасына дейін созылып жатыр, қашықтық шамамен алғанда сегіз күндік жолды құрайды. Сонымен қатар бұл жер өсімдіктер мен бақшаларға бай. Әр жері жасыл көгалдарға тұнған, бақшаларын өзендер шайған ерекше жер еді, ал олардың артында ауыл шаруашылық алқаптары орын алды, одан әрірек жерде мал жайылымдары орналасқан. Автор айтқандай, Алла тағала жаратқан қалалардың ішіндегі ең тазасы, өйткені, Алла бұл қаланы ағаштармен, бау-бақшалармен, ерекше табиғатпен көркемдеген.

Кашш – Мәуереннахр қаласы, көлемі 1/3 фарсахты құрайды. Бұл қаланың жері құнарлы, сонымен қатар жеміс-жидектері Мәуереннахрдың басқа қалаларымен салыстырғанда ерте піседі. Екі өзені бар, оның біреуі Кәсрейн өзені деп, екіншісі солтүстік жағынан ағатын Ашур өзені. Кашш –Нахшабқа жақын

орналасқан қала. Кашштың Самарқанға кіретін ірі ауылдары бар.

Самарқанның, Сұғданың және Бұхараның сулары Батм тауларынан бастау алды. Батм да Мәуереннахр аймағына кірді, ол жерде биік таулар болды, сондықтан қабінесе температура төмен және қатты аяздар болды, таулардың етегінде ауылдар мен елді мекендер қоныс тепкен еді. Таулардың кейбіреулерінде үңгірлер болды. Көптеген адамдар түнде отқа ұқсас бу шығатын үңгірлердің маңын паналайды. Бұл будың қалың болғандығы соншалықты ешбір тірі жанның үңгірлердің ішіне, алтын кені болғанына қарамастан, кіруге батылы жетпейтін. Себебі алтын кенін алған кезде бу өзінің бағытын өзгертеді. Батмның жоғарғы жағында Хоус қаласы орналасты. Хоустан Заминге дейін жеті фарсах қашықтықта шөл бар. Хоуспен Хускатқа дейінгі жерді де жеті фарсах шөл алып жатыр, ал Хускат аш-Шаш өзенінің жағалауында орналасқан.

Мәуереннахрдың ең танымал аудандарының бірі Суғд болып табылады. Ол жоғарыда айтылғандай әлемдегі ең әйгілі төрт мекендердің қатарына кіреді. Суғд аймағына кіретін бірінші қала – Дабусийаһ. Одан кейінгілерге Арбинжан, Кушанияһ, Иштихан және Сұғданың басты шаһары болып саналатын Самарқан қаласы жатты. Сұғда алқабы батыс пен шығысқа созылды, елді мекендердің ішінде Хушуфағн ауылы танымал болды. Бұл ауыл Суғд ауылдарының ішіндегі ең үлкені, сонымен қатар бай және көптеген игіліктердің мекені болып саналды.

Дабусийаһ және Арбинджанды қарастыратын болсақ, олар екеуі де Суғд алқабаның оңтүстігінде. Хорасанға баратын кең жолда орналасқан. Дабусийада ауыл халқы жоқ еді. Ол Арбинджаннан кішірек, халқының саны шамамен Тоуауиспен бірдей. Дабусийаһ мен Кушанияһ арасы бес фарсахқа тең.

Арбинджан – Самарқанның Суғдасына жататын қалашық. Кейбіреулер қаланың атын «Рбинджан» деп әлифсіз де айтатын болған. Әлифсіз аты кеңнен таралған, және де кейінінен осылайша әлифсіз айтылуын қолданыстан Хорезім елінің патшасы кезінде алынып тасталынған.

Кушанияһ – Суғда қаласы, ол жақтан білімді адамдар шыққан, адам көп шоғырланған қаланың бірі. Иштихан екеуі жақын жерде орналасқан. Кушанияһ айналасындағы ауылдардың ауданы Иштиханның ауылдарынан кішірек. Себебі оның ұзындығы екі деңгейді және ені бір деңгейді құрайды, ал Иштиханның ұзындығы бес және ені бір деңгейді алып жатты. Бірақ екеуі де Суғд алқабының солтүстігінде орналасқан. Кушанияһ – қалалардың жүрегі болып табылады.

Иштихан – Суғд мен Самарқанның қасында жеті фарсах жерде орналасқан мекен. Оның Зәз сияқты ауылдардан көптеген танымал, білімге ие адамдар шыққан. Иштихан – Самарқандтан бөлек орналасқан, шұрайлы, тазалық жағынан ең жоғары деңгейдегі қала. Иштиханда ағаштар, жемістер, бақшалар, ауылдар мен ағып жатқан өзендер көп. Иштихан мен Кушанның қашықтығы бес фарсахқа тең, ал Самарқанмен арасы сегіз фарсах.

Мәуереннахр қалаларының қатарында Узар кенті болды. Бұл қалада қамалдар мен мешіттер орналасты, оның жерлері төрт фарсахқа созылып жатқан еді, Самарқаннан бастау алды. Автор өзінің қаланың бұл жақ бөлігіне уағызшыдын уағыз тыңдау үшін шығып, сол жақта түнеп қалатынын айтты.

Сондай-ақ бұл аумақта Баздаһ қаласы бар, ол көптеген бекіністерден тұрды, ұзындығы төрт фарсах болды.

Мәуереннахрдың тағы бір қаласы **Маймарг** деп аталды. Ол – Бұхараға барар жолда орналасқан үлкен елді мекен. Оның бір бөлігі – Самарқанның қасындағы ауыл, және Әмударияға қарай басқа бөлігі орналасқан.

Ферғана – бұл басқа қалалар мен аудандар кіретін мекеннің территорияның аты. Негізгі қаласы Асбизбулан деп саналды, сонымен қатар Ферғана ауданы болып жоғарғы Насйа саналды, егер Худжанд жағынан кірген жағдайда, ол Ферғана аудандарының біріншісі болды. Төменгі Насйа үстіңгі Насйамен қосылған аудан және олар екеуі де жазықтықта орналасқан. Оларда мал жайылымдары бар, ал таулы жерлері жоқ. Ферғана – Мәуереннахр маңындағы, аш-Шаш пен Әмударияның артқы жағындағы қала. Ол жақтан көптеген білімді тұлғалар шыққан.

Ферғана аймағында Маргинан шаһары болды, ол Ферғананың ең танымал әйгілі қалаларының бірі болып табылады. Осы маңда Андукан қаласы да орналасты. Ферғана тауларында алтын мен күміс кен орындары бар. Сонымен қатар мұнай, металл, сары мыс, көгілдір кен қазбалары, және көмірге ұқсап шоқтанып жататын қара тастар болған, олардың үш ауқорын бір дирхамға¹ сатқан. Ферғана қалаларының тағы бірі Хуаконд деп аталады. Ол қала Насйаның үстіңгі жағына жақын орналасқан, Ферғананың бірінші облыстық ауданы болған.

Ахсикас – аш-Шаш өзенінің жағалауындағы қала, жазықта орналасқан. Таулар мен оның арасы шамамен бір фарсахқа тең, аш-Шаш өзенінің солтүстік жағында орналасқан, Ферғанаға кіретін қалалардың бірі. «Канон» атты кітапқа сүйенсек, Ахсикас – Ферғананың негізгі қаласы.

Касан – көптеген ауылдары бар аймақ болып табылады. Катиб Ахмад бұл қала жайлы былай деп жазып кеткен: «*Касан – Ферғананың негізгі көлемі жағынан үлкен қаласы болып табылады*». Ол қала аш-Шаш аймағының артында, ал аш-Шаш жеріне келетін болсақ, ол Ферғана аймағының артында орналасқан. Йақиннің «ал-Мүштәрик» шығармасында былай деп жазылды: Касан – Сырдария өзенінің артқы жағындағы, Түркістан қалаларына тиесілі шекаралар жағында орналасқан. Әр түрлі адамдардың басқару себебінен, сонымен қатар түріктердің жаулап алу салдарынан қирап қалды. Бұл қала жері мен жергілікті халқының ерекшелігі жағынан әлемдегі керемет деген жерлердің бірі болды.

Кубауий – Ферғана жақтағы үлкен қала. Көлемі жағынан бұл қала Ахсикастан кейін екінші болып саналды, оның қамалдары қираған, алайда қалалары мен ауылдарында адамдар көп тұрады, ал елді мекендерінің сырты дуалдармен қоршалған. Қалада бау-бақшалар көп, олардың саны Ахсикастағыдан асып түседі, суы мен өзендері мол. Кубауий – аш-Шаштың ең таза деген қалаларының бірі.

Мәуереннахрдың тағы бір бөлігі – Худайсар атты елді мекен. **Худайсар** – Самарқан шекарасында орналасқан аудандардың бірі. Худайсардың жатын орындары аймақтағы ең танымалы болды. Аталмыш жердің жағында Барискас қаласы орналасқан, ол – аш-Шаш өңіріне қарасты елді мекен. Аш-Шашта болған тағы бір қала – Будахкас, кейде бұл қаланы Исфиджабқа жатқызады. Аш-Шаштағы келесі қала – Бискат деп аталады. Бискат жерінен көптеген

ғалымдар шықты. Сонымен қатар аш-Шаш аймағында Хорошкат атты қала болғаны да айтылған.

Тункат – аш-Шашқа кіретін қала, өзеннің артқы жағында орналасқан, яғни Өмудария мен Сырдарияның маңында. Бұл қаладан көп оқымыстылар шыққан, олардың бірі Әбул Фатих Насыр әт-Тункатий. Ол батыстық бағытты ұстанды, сол себепті Андалусияда тұрақтанған. Тункат – Иляқтың негізгі орталығы болған. Қалада аймақтар, өзендер, бекіністер бар, сонымен қатар аймақтармен өзендер ағып өтеді. Иляк, аш-Шаш бұл қалалардың барлығы бір-біріне жақын орналасқаны соншалықты, олардың арасын бөліп тұратын жер қалмаған. Иляқтың аяқталған жерінен аш-Шаш алқабына дейін бақшалар мен ғимараттар жалғасып кеткен. Иляк тауларында алтын мен күміс кен орындары бар.

Янгикент «жаңа ауыл» деген мағынаны білдіреді. **Янгикент** – хорезмдік көлге құятын өзен бойындағы шағын ауыл. Янгикент – аш-Шаш өзеніне жақын орналасқан қала. Хорезммен ара қашықтығы 10 деңгей, Фарабан 20 деңгей. Янгикент пен Бұхараның қашықтығы 25 фарсах, ол жер – сол кездегі мұсылмандар тұрған жаңа ауыл. Янгикентке жақын жерде Джанд шағын қалашығы орналасқан. Джанд түріктердің шекарасына жақын, Сырдария өзенінің бойында орналасқан, ол жақтан көп сыйлы, құрметке лайықты адамдар шыққан.

Нахшаб деп аталатын қалада арабтар тұра бастағанда ол Нәсәф деп аталып кеткен. Бұл қала жазықтықта орналасқан, оның таулары Кашштан бастап екі деңгей қашықтықта созылып жатты. Нәсәф пен Өмударияның ортасын шөл дала алып жатты. Қаланың ішімен өзен ақты, кейде ол Кашш суларымен тоғысып, кейде ағыс тоқтап қалады. Нахшаб – өзен-суы көп, Мәуереннахр жақта орналасқан құнарлы жер, жеміс пен көкеніске бай қала. Өртүрлі салалар мен білім түрлерінің сансыз ғалымдар шықты.

Фараб – бір күнге жетпейтін көлемді құрайтын аумақ. Бұл қаланың жолында орман тоғандары бар. Ауыл шаруашылық өрістері – оңтүстік жазықтығында орналасқан. Фараб – аш-Шаш қаласының үстіңгі бөлігінде, Баласағұнға жақын орналасқан. Фараб тұрғындары Имам аш-Шафии мазһабын ұстанады.

Замин – Самарқанға жақын орналасқан қалашық, Усрушана қаласының тұрғызған елді мекендерінің бірі болып табылады, бұл жерде көп ғалымдар өмір сүрді. Замин – Ферғана мен Суғд жеріне барар жолда орналасқан, онда ағып жатқан өзендер, бақшалар, ауыл шауруашылық жайылымдары бар. Тұрғындар суаруға және ішуге өзен суын қолданатын. Қаланың артқы жағы Усрушана қаласына, ал беткі жағы шөлге қарайды.

Аш-Шаш – ұлы жер, ол жазықтықта орналасқан еді. Өзен ағып жатқан Мәуереннахрдың ең таза деген далаларының бірі. Аш-Шашқа 25-тен аса қала тиесілі. Олардың атауы шет тілінде болғандықтан автор аударып жазба қалдырмаған. Аш-Шаш – Самарқан тұрғызған маңызды қалалардың бірі. Аш-Шаш пен Самарқандың ара қашықтығы бес деңгей. Аш-Шаш Сырдария өзенінің артқы бөлігінде орналасқан аймақ. Ходжнададан Аш-Шаш жеріне дейінгі ара қашықтық төрт деңгей.

Бинкәс – Аш-Шаш жерінің негізгі қаласы. Қаланың басты бекінісі оның сыртында болған, онымен тек қаланың қабырғалары ұштасып тұрды. Қала аудандарға бөлінген, әрқайсысы дуалдармен қоршалған. Бұл қоршаулардың ішінде тұрғындар

орналасты, яғни бақтар, үйлер болды. Негізгі қамалдың екі есігі бар еді. Бір есік ішкі жаққа, ал екіншісі қалаға бағытталған. Қамалдың ішінде үлкен мешіт тұрғызылған. Қаланың ұзындығы бір фарсахты құрады, ішкі жағына қарай өзендер ағып жатты.

Иляк – Аш-Шаш жеріне жақын орналасқан мекен. Негізгі қаласы – Тункат. Қала бекінісінің бірнеше есіктері бар болды, көптеген бау-бақшалары, сонымен қатар қала ішімен ағып өтетін өзендері болды. Шәбл тауынан Аш-Шаш даласына дейін ғана созылып жатқан қамалдар мен бақшалар болды, өйткені түрік басшысы басқаларды қалаға кіргенін қаламаған. Иляк қаласында танымал, белгілі «Иляк» өзені бар. Иляк шекарасы Аш-Шаш жерімен ұштасып жатты, орталарын бөліп тұрған аумақ болмады. Ғалымның пікірінше, Иляк – Найсабур жақтағы қала, сонымен қатар Иляк – Бұхара жақтағы қала болып табылады. Иляк – Аш-Шаш қаласына кіретін барлық қалалардың аты, олардың жерлері Нубахт шекарасынан басталып Ферғанаға дейін созылып жатыр. «Ал-Любаб» кітабындағы мәліметтер бойынша, Иляк Алланың жаратқан қалаларының арасында ең таза қалалардың бірі болып саналады.

Исфиджаб – түріктермен шекараласып жатқан, күн шығыс елдерінің ішіндегі ең үлкен қалаларының бірі. Ол жақтан көптеген оқымыстылар шыққан. Көлемі жағынан Түркістанның 1/3 бөлігін құрайды. Ол жақта адамдар қоныстанған аймақтар, бекіністер бар. Сонымен қатар екі қамал бар, олар бұл аймақтарды бір фарсах қашықтықта қоршап жатты. Өзендері мен бақшалары бар, сонымен қатар қала жазықтықта орналасқан. Исфиджаб пен жақын жерде орналасқан таудың ара қашықтығы шамамен 1/3 фарсах. «Әл-Ғазизий» авторының жазбасында: «Исфиджаб – Мәуереннахрдың ұлы жері» деп айтылған.

Усрушанаһ – Суғд сияқты белгілі бір аумақтың аты. Усрушанаһтың көп бөлігін таулар алып жатты. Шығыс жақтан Усрушанаһ Ферғанамен шекаралас болды, ал батыс жағынан Аш-Шаш, оңтүстігінен Кушш пен Сағанияға дейін жалғасты. «Әл-Ансаб» кітабында ас-Самгани келтіргені бойынша, Усрушанаһ – бұл Сырдария жақта орналасқан Самарқандтың артқы жағындағы қала. Катиб Ахмад пікірінше: «Самарқан мен Усрушанаһтың ара қашықтығы бес деңгейді» құрайды. Усрушанаһ – аш-Шиблияға тиесілі жер. Бұл қалада танымал ас-Суфи-аш-Шибли болған.

Тараз – түрік елдерінің шекарасына жақын Исфиджабтан көрші орналасқан қала. Бұл қаладан көп оқымыстылар шықты. Тараз – мұсылмандар мен түріктер жиналатын сауда орталығы болған. Жан жағында оған тиесілі бекіністер болды. Қасында Джикл атты қаласы орнықты. Бұл қала – Тараз жанындағы түрік қалаларының бірі. Бұл қалада ұлы Хатиб Әбу-Мұхаммед Әбдуррахман ибн-Яхия туылып, Қадырханның кезінде Самарқанда уағызшы болған. Одан бізге ән-Нәсәфи риуаяттары жетті, 514 ж. өмірден өтті.

Аш-Шаштан Ферғанаға барар жолда Сәбәт елді мекені орналасқан, онымен Усрушанаһ қаласының арасы үш фарсах. Сәбәт – Оңтүстік-Шығыс жағында. Сәбәт – Мәуереннахрға жақын танымал қала. Самарқанмен арасы шамамен 20 фарсах.

Шәлдж – Тараз ауылдарының бірі. Ол қалашыққа ұқсайды, сонымен қатар түрік елдерімен шекаралас және тұрғындары – мұсылмандар. Таразбен ара-қашықтығы төрт фарсах.

Усбаникас Исфиджаб қаласынан бір деңгей

қашықтықта орналасқан. Асрута – оның ауылдарының бірі болып саналады. Усрушананың батыс жағында орналасқан. Усбаникас пен Усрушананың арасы тоғыз фарсах.

Баласағұн – түрік жерлерінің шекараларына жақын орналасқан қала. Артында Сырдария өзені, жанында Қашғар орналасқан. Мен бұл қаланы түрік елдерінің аймақтарымен шекараласып жатқандықтан мысалға келтіріп отырмын. Ас-Самғани кезінде бұл қала мұсылмандарға тиесілі болған.

«Канонға» сүйенсек, **Тирмиз** – Өмудария жағалауында орналасқан. Оның базарлары мен жолдарының көп бөлігі кірпішпен қаланып жасалған. Тирмиз Өмударияға жататын қалалардың порты болып табылады. Ең жақын таумен арақашықтығы бір деңгейге тең. Қала халқы Өмударияның суын пайдаланбай, суды Сағаниян өзенінен алады. Тирмиздің көп қалалары, аудандары бар. Тирмиз орта ғасырдың өзінде көне қала болып саналды.

Ас-Сағаниян – көлемі мен ауқымы жағынан Тирмизден үлкенірек, бірақ Тирмиз халқының саны мен байлық жағынан асып түседі. Ас-Сағаниянда бекініс бар. Тирмиздің малшылары мен ауыл тұғындары суды ас-Сағаниян өзенінен алады. Ас-Сағаниянға қатысты барлық елді мекендер, осы аймақта жасалған барлық дүние сағанияндық деп аталады. Шет тілінде «Джағаниян» деп те аталады. Суы мол үлкен қала.

Шуман – Өмудария өзенінің артында орналасқан, ас-Сағаниянның қалаларының бірі, сонымен қатар мұсылмандардың аудандық шекарасы болған. Олардың халқы қалыс қалып биліктен бас тартқан.

Уашджурд – Тирмиз жақта орналасқан қала, ол Сағаниямен қосылып жатыр. Уашджурд – Өмудария өзенінің артында орналасқан. Ол жақта тауарлардың бағасы ең төмен әрі қолжетімді, керуен тоқтайтын жайлары, ислам бастауларынан және соғыс кездерінен сақталған ерекше сәулет құрылыстары бар. Уашджурд пен Росиб бекінісінің ара қашықтығы алты фарсахқа тең.

Хуттулян – Өмудария өзенінің артында орналасқан қалалар, әл-Уахш – Өмудария жақтағы, Хуттулян қасындағы кереметтей таза ауасы бар қала. Әл-Хуттулян мен әл-Уахш екі бөлек аудан, алайда олар – бір құрылыстың туындысы. Хуттуляның аңғарында жаңбырдан соң жиналатын алтын бар, сонымен қатар оның Халаяурд және Уалаяканд деген екі қаласы бар. Хуттулян – Уахшаб пен Базахшан өзендерінің ортасында орналасқан, ол Хорнаб деп те аталады.

«Қашғар» немесе «Қаашғар» қаласы. Қашғар – күн шығыс елдерінің қаласы, ол жақтан ислам дүниесінің көптеген ғалымдары шықты. Олар әр түрлі салаларда танымал болған. Қашғар – Түркістанның астанасы. Қашғар – берік қамалдар тұрғызылған көп адамдар тұратын үлкен қала. Халқы мұсылмандар болған. Ал Қашғарға жетпей Юзкандтың артында Хутан кенті орналасқан, түрік елді мекендерінің бірі. Хутан – өзен-суы мол, жері құнарлы тұрғындары көп қала.

Түркістандағы тағы екі маңызды қала – Хан-Балық және Қарақұм деп аталды. Хан-Балық танымал орталық болды, әсіресе, саудагерлер үшін. Қалада күміс кен орындары бар, оңтүстік жағын таулар алып жатыр. Қарақұм – кітапта түркі тілінен аударғанда «қара жер, топырақ, әрине, құм» деген мағынаны білдіреді деп сипатталған. Қарақұм татарлардың астанасы болды, оның айналасында моғолдардың тұр-

ылықты жерлері болды, олар таза қанды татарлар еді.

Қорытынды. Орта Азияның тарихи, саяси, әлеуметтік және географиялық картасын жасауда бұл аймақты ғалымдар Түркістан, Мәуереннахр, Қашғария және т.б. терминологияларды қолдану арқылы атайды. Әбул-Фиданың өзінің «Тақуим әл-Бұлдан» атты ғылыми жұмысында бұл тарихи аумақты Түркістан мен Мәуереннахр деген атау аясында қарастырады, сонымен қатар бұл мекенге тиесілі барлық елді мекендер Тұран еліне жатады деп жазды. «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегі – қазіргі Қазақстан территориясының кешенді тарихи реконструкциясын жасау үшін маңызды.

Түркістан мен Мәуереннахр аймағында XIII ғасырдың өзінде ұлы өркениеттің мекені болған. Бұл жерде сәулет өнері, бау-бақша мен мал шаруашылығы жақсы дамыды. Сонымен қатар кен орындары мен асыл металдар өндірісі болды. Сауда-саттық қарым-қатынастары жақсы дамыды. Мәдениет түркі және мұсылмандық бағыттары негізінде қалыптасты. Білім мен ғылым орталықтары болды, онда зиялылар қауымы қалыптасты.

Әбул-Фиданың еңбегі негізінде сол замандағы Түркістан мен Мәуереннахрда қаланған қалалар мен ауылдардың географиялық координаттары мен ландшафтысы анықталды. Олардың табиғи ортасы алдан түрлі еді, жазықтықтар, таулар, шөлдер мен ормандар алып жатты. Аймақтың су-өзендері мен құнарлы жері болды, жеміс-жидектер жақсы өсті.

АННОТАЦИЯ

Статья посвящена анализу работы Абуль-Фиды «Таквим аль-Булдан» с целью определения исторического образа и географических особенностей средневекового Мавераннахра и Туркестана. Автор попытался кратко описать особенности населенных пунктов, которые были исследованы в работе Абуль-Фиды. В научной статье рассказывается о Сугде, Бухаре, Самарканде, Аш-Шаше и других регионах Турана.

Ключевые слова: Мавераннахр, Туркестан, город, регион, река, география.

ABSTRACT

The article is devoted to the analysis of the work of Abu al-Fida "Taqwim al-Buldan" in order to determine the historical image and geographical features of medieval Mawarannahr and Turkestan. The author tried to briefly describe the features of settlements that were investigated in the work of Abu al-Fida. The scientific article tells about Sughd, Bukhara, Samarkand, Ash-Shash and other regions of Turan.

Key words: Mawarannahr, Turkestan, city, region, river, geography.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Abu al-Fida.** Kitab al-mukhtasar fi akhbar al bashar. Beirut: Dar al-Fikr, 1956. V. 1-2.

2. **Abu al-Fida.** Edited by J.T. Reinaud and W. MacGuckin de Slane. Taqwim al-Buldan (تقويم البلدان) Travel Guide through the Old World. Beirut: Dar Sader, 2010. 548 p.

3. **Абу-л-Касым Ибн Хаукаль.** Книга путей и стран // Восточная литература // <http://www.vostlit.info/haupt-Dateien/index-Dateien/H.phtml?id=2062>

4. **Al-Maydani. Al-Lubab fi Sharh al-Kitab.** Beirut: Dar al Kitab al Arabi, 2017. 714 p.

5. **Yaqt Abd Allah Ibn Al-Asamawi.** Kitab Al-Mushtarik Wa Wa-Al-Muqtarib. Berlin: Nabu Press, 2010. 544 p.

САРБАС ШЕЖІРЕСІ –

«Ұлы дала» тарихының бір саласы

Жамбыл АРТЫҚБАЕВ,
тарих ғылымдарының докторы, профессор

Тарих ғылымында кәсіби зерттеуші үш бағыттың бірін ұстануы мүмкін. Оның біріншісі оқиғаларға, құбылыстарға, фактілерге, екіншісі тарихи тұлғаларға, ал үшіншісі тарихи оқиғалардың мағынасы мен ұлы тұлғалардың іс қимылын түсіндіруге, яғни тарихтың ішкі сырын ашуға бағытталған. Қазақ халқының тарихтану дәстүрі ұлы азаматтар, ұлы хандар, сайыпқыран батырлар, би-шешендердің өмірбаянына негізделеді, олардың өмірі мен ерлік істері тарихтың құрылыс материалдары. Бұл мәселе кез келген ру-тайпаның да, жалпы халықтың тарихында да бар. Оны біз Сарбас руының шежіресіне арналған жазбалардан да көреміз. Сол жазбалардың бірінде «Сарбас руы 12 Абақ Керейдің бірі, Абақ Керейдің қара шаңырағындағы иесі, ұраны – Сартоқай» делінеді, яғни Сартоқай батырға ерекше көңіл бөлінген. Немесе Сарбас руының Қытай қарамағына өткен уақыттағы тарихын баяндай келіп шежірешілер «Шотқара атасынан Белдемше Құлтайұлы Абақ Керейдің қаракөк тасты алғашқы 10 зәңгісінің бірі болып белгіленді. Абақ Керейде үкірдай белгіленгенде Белдемше Құлтайұлына үкірдай мансабы да берілді» деп жазады. Тарих ғылымында бұл құбылысты «персонофикация» деп атайды, оның мағынасы тарихты белгілі тұлғалар өміріне сүйене отырып баяндау әдісі.

Ұлы тұлғалардың сыртында қазақтар тұтас бір дәуірді көреді. Олар үшін жеке тұлға не, заман не, бәрі бір уақыт тұтастандырған монолит. Қазақ тарихын ұлылардың істері арқылы баяндау ұлт тарихшыларының өз замандарының айшықты бейнесіне айналады. Бұл жерде француздың ұлы тарихшысы М.Блоктың 1940 жылы жазған «мен ары таза емес ұрпақтың өкілдерінің бірімін» дейтін жүрек жарды сөздерін қалай еске алмасқа: «Біздің балаларымыз қолымыздағы қан үшін кешірім жасасын! Болашақ Францияда, ол қайта жаңғырғанда герантократияны (кәрілер билігі) жастардың республикасы алмастыруы керек. Ол үшін жаңа ұрпақ өспіреннен барлық сабағын алып әкелерінің қателіктерін қайталаудан сақтануы керек. Бүгін (1940 жылы) француздар жеркенішті жағдайда: отан тағдыры олардың қолдарынан шығып кетті, оларға тек одақтастардың әскери жетістіктеріне ғана үміт артқаннан басқа амал қалған жоқ».

Біз қазіргі аласапыран өзгерістер кезеңінде қазақтың ауызша дәстүріне, оның сипаттаған тарих картинасына ондаған жылдар жақындап келеміз. М.Ж.Көпейұлы өзінің үш томдық қазақтың тарихи фольклор жинағын «Мес» деп атады. «Тарихқа ұқсас» деп жобалап аударсақ та болады. Тарихшы көптеген объективті және субъективті факторлардың әсеріне байланысты тарихи процестің бүкіл қыр-сырын толық және нақты ашып көрсете алмайды. Бәрі салыстырмалы түрде, біз қанша тырысқанмен, тек сәл ғана оған жақындаймыз, тілді білу, елдің шежіре аңыздар мен

әңімелерін білу тарихты сезінудің ең басты шарты. Біреу оған әжептеуір жақындаса, екінші біреу алыстан қыл қаламын дайындап, құлаштап, «тисе терекке тимесе бұтаққа» деп суретін сала бастайды. Біздің заманымызда атақты голланд мәдениеттанушысы И.Хейзинга айтқандай «тарихтың қанын судай ағызатын» тарихшылар көбейіп кетті: «сол екі ортада пысық, табанды эволюционистер шықты, олар үшін әлемдік тарихтың бір де жұмбағы қалған жоқ, олардың қалтасында дайын кілт бар, керек десеніз бір заманның екіншісінен айырмашылығын, мемлекеттер мен мәдениеттердің бірін-бірі алмастыруын, сіз үшін түсіндіріп береді. Жүректерінде еш қорқыныш жоқ, олар өздерінің сымнан жасаған кілтсымағымен жеті қат жер астындағы тарихтың есігін ашады. Және олар қашанда табысқа жетеді. Олардың қолында әлемдік процесс жарық дүниедегі ең оңай шаруа. Бізге, әрине, бұл дилетанттардың популистік шығармалары көпшілік қауымның сұраныстарына жауап береді деп уәж айтылатыны сөзсіз. Бұл сияқты жауап осы ғаламат үлкен аудиторияның маңызын ескермегендік болар еді. Ғалымдардың эзотерикалық тобының меншігіне түсіп қалған тарих ғылымы – сенімсіз дүние; ол жалпы білімді азаматтардың жетістіктеріне негізделген тарих мәдениетінің ірге тасына сүйенуі керек. Бұл кітаптар көпшілік қауымның бүгінгі қызығушылығының өте күмәнді бағыттарда кеткенін дәлелдейді».

Бұдан шығатын қорытынды біреу болуға тиіс: тарих жазғанда зерттеуші жан-жағына қарап, қайнар көздерді мейлінше көп қолданып, әр сөзін дәлелдеп отыруы басты міндет. Бұл тек ауызша жинақтарға ғана емес, сонымен бірге қазақ тарихына қатысты қолжазбаларға да қатысты, олардың қазіргі жағдайы да біздің ұлттық рухтың жағдайынан хабар береді. Сарбас руының шежіре тарихын бажайлап қарасақ та жоғарыда айтқан мәселе аңыз-сезілерді. Біз көп уақыт тарихи деректер мен аңыз-жырларды ұқыптап жинамай, енді жанталасып, жоқтан бар жасап жатқан халыққа ұқсаймыз. Егер байыптап қарасақ кез келген халық, тіпті оның зияткерлік еңбектегі бөлігі үшін тарихи мұраның жағдайы құндылықтар шкаласының көрсеткіші сияқты. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы ұлттық зияткерлік элитасының қуатты тобының өкілдерінен тек Мәшһүр Жүсіптен ғана толыққанды қолжазбалар мен кітаптар қалды. Өзге зерттеушілердің еңбектері тоталитаризм заманында жойылды. Мысалы Шәкәрім «Шежіресінің» соңғы нұсқасы туралы бізде еш хабар жоқ. Нұржан Наушабаевтың жекелеген дүниелері жарияланды, бірақ қағаздағы мұрасы XX ғасырдың 30-жылдары жоғалды. Қазақ зиялы қауымының қолындағы ауызша дәстүрдің жазбаға түскен мол мұрасы өздерінің иелерімен бірге XX ғасырдың 30-50-жылдарындағы репрессиялар

кезінде жойылды. Әр түрлі қорларда сақталып, аман қалған қолжазба кітаптар мен сирек кездесетін басылымдардың негізгі бөлігі әлі ғылыми айналымға түскен жоқ. Қазақстан түгiлi Ресей кiтапханаларында қазақ даласынан өз заманында келiп түскен ауызша тарихтың бiрталай мәтiндерi бар. Қыр өңiрiнде бұл материалдарды жинақтаумен және жариялаумен көзi ашық, көкiрегi ояу шенеунiктер де, Ресей географиялық қоғамының өкiлдерi, т.б. айналысқан болатын. Қыр өңiрiндегi сауатты азаматтарға тарихи фольклорды жинау туралы өтiнiшпен Г.Н.Потанин, Ә.Диваев сияқты ғалымдар шыққан. Бұл корреспонденциялардың көпшiлiгi өз зерттеушiсiн тосып жатыр. Мысалы, бiз Том қаласындағы Г.Н.Потанин қорында не бар екенiн бiле бермеймiз... Ал Г.Н.Потанин шығыс өлке қазақтарымен, Сарбас руы қоныстанған аймақпен тығыз байланыста болғаны белгiлi. Қазаққа шын жанашырлық танытқан, Шоқан мұрасын алғаш жинап, жүйелеген, Алаш қайраткерлерiне қамқорлық жасаған Г.Н.Потанин Солтүстiк-Батыс Моңғолия жерiнде, Зайсан көлi мен Марқакөл жағасында, Алтай мен Тарбағатайда ғылыми экспедицияларда болғаны белгiлi.

Қазақтың ауызша тарихына қатысты алғашқы теориялық iзденiстер көрнектi шығыстанушы және этнограф Ш.Ш.Уәлиханов атымен байланысты. Қазiргi күнi популистiк әдебиетте ұлы ғалымның қазақтың тарихи фольклорын зерттеудегi және бағалаудағы еңбегiн жоққа шығаратын бұрмалау кездеседi. Кейбiреулер (әңгiме Б.Ирмуханов және т.б. туралы) Ш.Уәлиханов *«аңыз деректерiн тарихи фактi емес»* дедi және *«фольклорлық қайнар көздердi тарихи пайдалануға қарсы болды»* деген пiкiрлер айтады. Бiздiң зерттеулерiмiз мұндай авторлардың қайнар көздерiмен және тарихшылардың еңбектерiмен жұмыс iстеуге жеткiлiктi бiлiмi жоқтығын және ниеттерi адал еместiгiн бiлдiредi. Әрине, бұл жағдайда Ш.Уәлихановтың қазақтың тарихи аңыздары туралы жазған өз зерттеулерiне жүгiнгенiмiз дұрыс: *«Көшпелi халықтардың тарихы, жалпы жазба әдебиетi жоқ тайпалардың тарихының басты қайнар көзi олардың жартылай ертегi тәрiздес аңыздары мен олар араласқан өркениеттi халықтардың жылнамаларынан алынған үзiндiлер болады. Әсiресе, бұл бiздiң Орта Азия көшпелiлерi үшiн сөзсiз шындық. Тарихтың олар туралы мағлұматы тiптi аз, екiншiлерi туралы тiптi ештеңе де жоқ»*. Шоқан қазақ даласының әр қиырынан жинақталған тарихи аңыздар мен эпикалық жырларды салыстыра зерттеген уақытта таң қаларлық ұқсастығын және керемет дәлдiгiн атап өтедi: *«Ауызша берiлгенiне қарамастан, көптеген жылдар бойы және көптеген ұрпақ өкiлдерiнiң аузынан өтiп, көшiрген жырлар мен аңыздар информациялардың таңғажайып қабiлеттерi мен жадының арқасында және халықтың өлеңге, жырға, аңыздар мен ертегiлерге деген махаббатының арқасында осы күнге дейiн жеткiлiктi дәрежеде таза сақталған, ал олардың ұлаң-байтақ даланың әр қиырынан жасаған көшiрмелерi бiр-бiрiне өте ұқсас»*. Ғалымның әлi күнге дейiн маңызы кетпеген қазақ этникалық тарихына және Орталық Азияның басқа да халықтарына қатысты пiкiрлерi ауызша тарихтың арқасында дүниеге келдi. Ш.Уәлиханов түркi-моңғол халықтарын этникалық мәселелерiн зертеу барысында жазба қайнар көздердi кең көлемде қолданды, бiрақ қашан да әлi күнге дейiн ғалым назары түспеген халықтың аңыздары, жырлары тарихқа белгiлi болған оқиғалармен салыстыра қарағанда тарихи мәнге ие дейдi.

Қазақтың тарихшылдық мұрасын зерттеу тәуелсiздiк алғаннан кейiн ғана жаңа қарқын алып келе-

дi. Сарбас шежiресiне қатысты көптеген деректердiң болашақта ашылатыны, ғылым қолына түсетiнi, тәпсiрленiп тарихтың бiз бiлмейтiн талай сырын ашатыны сөзсiз. Шежiренiң кейбiр фрагменттерiн кезiнде Ә.Марғұлан, Е.Бекмаханов және басқа кәсiби тарихшылар пайдаланған едi, бiрақ кейiн бәрiмiз бiлетiндей репрессиялар тiзбегi басталып кеттi. XX ғасырдың 40-50-жылдарында Е.Бекмахановты, Ә.Марғұланды, т.б. буржуазияшыл ұлтшылдықпен айыптауда олардың ауызша тарихтың әр түрлi дәстүр-жанрларын қолдануы себеп болды. Қ.Сәтпаев сияқты ұлы тұлға да XX ғасырдың 20-жылары Едiге жырын қайта жариялағаны үшiн айыпты болды. XX ғасырдың 80-жылдарындағы соңғы қудалаулардың кезiнде ресми билiк тарапынан О.Смағұлов, Х.Арғынбаев, М.Мұқанов сынды ғалымдар этникалық антропология мен геногеография, туысқандық жүйе мен дәстүр, рулық құрылымдар мен генеалогия мәселелерiн көтергендерi үшiн қуғындаудың басты нысаны болды. Зерттеушiлер қазақтың ауызша тарих дәстүрi туралы айтуға қорықты, себебi билiк Шежiренi контрреволюциялық және кертартпа бiлiм қатарына қосты да оның атын атағанды қудалауға салды. Шын мәнiнде Шежiре Совет дәуiрiнде өзiне таңылған атағын дәлелдедi ресми тарихқа қарсы, яғни контртарих қызметiн атқарды. Большевиктiк билiктiң барлық сатысында Шежiренi трайболизм сияқты құбылыспен байланыстыру орын алды. Сонымен бiрге қолжазбалардың көпшiлiгi араб қарпiмен жазылғанын ескерсек, араб жазуын бiлетiн адамдарды қудалау да Шежiреге ауыр соққы болып тидi. Ақыр соңында араб әлiпбиiмен оқи алатын тарихшы қалмады.

Ауызша дәстүрдiң жекелеген мәтiндерiн, соның iшiнде М.Ж.Көпейұлының тарихи жазбалары мен жинақтарын XX ғасырдың 90-жылдарының басында С.Дәуiтов жариялай бастады. Бiрақ мәтiндер ғылыми-анықтамалық материалдарсыз, тәпсiрсiз жарияланды. Осы жылдары қалың аудитория Ш.Құдайбердiұлы және М.Ж.Көпейұлы шежiрелерiнiң фрагменттерiмен Е.М.Арын басшылығымен Даму институты дайындаған 9 томдық *«Қазақтар»* жинағы арқылы танысты.

90-жылдардың соңына қарай М.Ж.Көпейұлы, Ш.Құдайбердiұлы, Н.Наушабаев, т.б. тарихи мұрасын iргелi түрде ғылыми талдау басталды. Осы кезеңде Рашид-ад-дин, Әбiлғазы сияқты XIX ғасыр соңы мен XX ғасыр басында қазақ тарихшыларына мықты әсер еткен шығыс тарихшыларының еңбектерiне бетбұрыс байқала бастады. Бiз де осы планда өзiмiздi пионерлер қатарына қосамыз, себебi Шежiре тақырыбына зерттеу жасаған жас тарихшылар менiң шәкiрттерiм едi. Осы диссертациялық жұмыстардан қазақ тарих ғылымында шежiре материалдары кең көлемде игеру басталды деп айта аламыз.

Екiншi жағынан бүгiнгi күнге шейiн Шежiренiң тарих ғылымының талаптарына сай заманауи концептiлерiнiң пайда болуы, түркi-моңғол ауызша тарихының Батыстың және Шығыстың тарихи шығармаларына енуi туралы мәселелердi ешкiм де көтерген жоқ. Болашақта Қазақстанның тарих ғылымы өз назарын ғылыми iзденiстiң осы қиын да қызықты мәселелер шоғырына аударады деп бiлу керек. ***Бiз қазақ тарихының қыр-сырын тек өзiмiзден ғана iздеп жүрмiз, ал шын мәнiнде қазақ құрамына енген ру-тайпалардың бәрi де көне заманның сарқыты сияқты. Олардың бiразы сонау ариан-тұран дәуiрiнен өз тарихын бастайды, бiз қазақ құрамындағы елдiң жетпiс пайыздайы жалпы түркiлiк негiзге, яғни көне тұран бастауына,***

ал отыз пайыздай ариан бастауына барады деп есептейміз. Ол «Авеста» мен «Оғыз наме» сияқты жазба деректерден де, ауыз екі әңгімеден де, тіпті тілден де белгілі. Сонымен бірге қазіргі уақытта жүргізіліп жатқан антропологиялық және ДНК зерттеулер де қазақ тегінің екі қайнар көзден, яғни арийлік және тұрандық бастаулардан құралғанын дәлелдейді. Сарбас руының тегі, оның ру таңбасына қарағанда (Сарбас таңбасы «балға (└┐) таңба» болып есептеледі) көне оғыздық тамырға барып жалғасады.

Біз оғыз тарихына қатысты соңғы кезде көп ізденістер жүргіздік және оны үш кезеңге бөліп қарастырамыз. Оның алғашқы сатысы – Оғыз қаған заманы. Бұл кезең Әбілғазы баһадүр хан жазғандай «біздің пайғамбарымызға дейінгі 3400 жылдар». Егер археологиялық зерттеу нәтижелеріне негізделген кезеңдестіруге салсақ – қола дәуірі болып табылады. Оғыз қаған соңынан ерген ру-тайпалар тарихы Сақ заманынан да бой көрсетеді, себебі соңғы кезде зерттеушілер еуропалықтардың, соның ішінде грек пен римдіктердің сақты «ішкі оғыз» деп атағанын жазып жүр. Осы атау Еуропа тарихнамасында «скуз» түрінде жазылып, аздаған қателіктермен орыс әдебиетіне «скиф» болып қалыптасқан. Тіпті біздің «сақ» деп жүргеніміз де нақты емес екенін айту керек, парсы жеріндегі Персеполь, Бехистун жазбаларында оларды «саһа» деп белгілейді, яғни бұл атауды біздің солтүстіктегі жақын көршіміз якут халқы сол қалпында сақтап қалған болып отыр.

Оғыз атауының тарих сахнасына екінші рет белсеніп шығатын уақыты – орта ғасырлық кезең. Біз «Түрік қағанаттары» деп аталатын Шығыс өлкедегі мемлекеттерді оғыз тайпаларының жасағаны бүгінгі күні ғылымда мойындала бастады. Олардың бір жауынгер тобы Еуразиялық далалық аймақтан, соның ішінде өзіміздің Есіл-Нұра бойынан, Бозоқ қоныстарынан ығысу барысында Сыр бойында қоныстанып, кейіннен Жанкент қаласын астана қылып жаңа мемлекеттің негізін қалады. Кейіннен Сыр бойы оғыздарының бірталай бөлігі Анатолия аймағына, яғни қазіргі Түркия жеріне қоныс аударғаны оқырман қауымға белгілі болса керек. Міне, осы аласапыран қоныс аударулар кезінде көптеген ру-тайпалар ұлы далада иесіз қалып, жаңа мемлекеттердің құрамына кірді. Бұл Абақ-Керей құрамындағы негізгі ру-тайпалардың бәріне де, соның ішінде Сарбасқа да қатысты деген пікірдеміз. Егер бұдан әрі зерттеу барсында Сарбас руының ұраны болып табылатын Сартоқай батыр Көне Түрік дәуірінің қаһарманы болып шықса, оған таң қалуға болмайды. Оның бір дәлелі Сартоқай атының бірнеше түрленген қалпында (мысалы-Сартақтай, Сартақпай, т.б.) Алтай, Сібір түркілерінде кездесуі деп айтар едік.

Қазақтың және Ұлы дала белдеуін қазаққа дейін мекендеген қыр халықтарының ауызша шығармашылығының әр түрлі ескерткіштерінде сақталған аса құнды мағлұматтар тарихи өткен шақты қайта қалпына келтіру мүмкіндігі шексіз. Сол себептен мүмкіндік болса Сартоқай (Сартақтай, Сартақпай, т.б.) туралы орта ғасырлық және қазақ дәуіріндегі аңыздарды түгел жинап, сараптап, тәпсірлеп қараса дұрыс болар еді. Әдеби шығармашылықтың бір саласы және тарихи жадының қоры есебінде бұл білімдер көбінесе бір ұрпақтан екіншісіне ауызша беріліп отырған. Ауызша шығармашылықтың жалпы нобайы тарихи аңыздар мен әңгімелердің тұтас циклдарын, көпшілікке танымал эпикалық жырларды, мақалдар мен мәтелдерді, ал кейде тарихи оқиғалар мен оған қатысушылар туралы орынды айтылған қанатты сөздерді де қамтиды.

Өкінішке орай, көрсетілген ұлттық деректер

кешені әлі күнге дейін қазақ тарихшылары тарапынан зерттеу нысанына айналған жоқ. Филологтар ауызша дәстүрдің көркемдік сипатын зерттегенімен, оның баға жетпес мазмұны зерттеушілердің назарынан тыс қалып келеді. Біз бұл басылымда қазақ халқының тарихи-фольклорлық мұрасының басты жемісі болып табылатын ауызша дәстүр ескерткіштерінің бәріне, әсіресе, шежіре аңыздарға сілтеме жасап отырамыз.

Жоғарыда аттары аталған түрлі ауызша дәстүр деректерінің ішінде қазақ қоғамының өткен жолын жазуға шежіре аса маңызды қызмет жасайды. Бүгінгі күнге дейін «шежіре» сөзі арабтың «шаджарат», яғни ағаш, бұтақ деген сөздерінен шықты деген теріс түсінік үстем болып отыр. Біз шежіре сөзі түркі-моңғолдық негізден шыққан және көптеген халықтарға ортақ көне ұғым деп есептейміз. Егер моңғол халқында ол «цээжээр» делінсе, қалмақ тілінде «чеджыр дасх», «чееж», ал тува-ұранқай тілінде – «шээжилээр» түрінде кездесетін «есте сақтау, жаттап алу, жадыда ұстау» деген мағынаны білдіреді.

Жалпы біз шежірені үш деңгейден тұратын тарихи баяндау білімдерінің жиынтығы деп қарастырғанды жөн көреміз. Оның негізінде әр бір қазақтың өзінің 7 атасы туралы білуге қатысты ақпарат бар, бұл негізгі жалпы көпшілікке білу заң. Осыдан кейін бұдан жоғарырақ деңгейде арнайы білім мен дайындықсыз болмайды. Себебі бұл деңгей рулар мен тайпалардың тарихы туралы білім, олардың арасындағы тарихтың әр кезеңіне қатысты қарым-қатынастар, туысқандық деңгейі, түпкі аталар мен көсемдердің шығу тегі де бар. Ал енді үшінші деңгейді құрайтын мемлекет тарихы, тіпті кейде тұтас тарихи кезеңдердің айнасы хан әулеттері мен жекелеген ұлы тұлғалар туралы тек ірі шежірешілер ғана баяндап бере алады. Осы аталған негізгі кешенде әлеуметтік және субэтникалық топтардың тарихына қатысты жеке тарауларды да бөліп көрсетуге болады. Осы құрылымдық топтау шежіренің функционалдық мазмұнын ашып көрсетеді. Мысалы, төрелер мен қожалардың ата тек насаб-намалары билік үшін күресте шығу тегін және жолын, яғни мұрагерлік құқықты айғақтайды; сонымен қатар меншік құқығын, әсіресе, қожа әулеттеріне бекітілетін вакуфтық жер иеліктеріне иегерлікті білдіреді; этностың сатылы құрылымын ұстауға қажетті рулар мен тайпалардың шығу тегі туралы білімдердің көзі. Шежірелік негізгі білім көшпелі мемлекеттің этносаяси ұжымдасуында аса маңызды орынға ие, себебі қоғамдық байланыстардың ерекше формасы ретінде қызмет атқарады. Егер де әулеттік насаб-намалар ата текті білдіретін білімдер жазба нұсқаларда сақталса, ру-тайпалық білімдерді «шежіреші» атанған арнайы қариялар сақтады, сол себепті олардың білімдері ақпараттарына қатысты «шежіре» сөзінің орнына «қария сөздер» деп те аталады. Осыған байланысты «қария» сөзінің этимологиялық мағынасына тоқтала кеткен жөн, себебі қазақ тілінің қыр-сырына терең бойламайтын жандар қария сөзін қазақта жасы келген, егде тартқан адамға қатысты қолданылатын «кәрі» сөзінен шығарады. Ал этимологиялық талдау нәтижелеріне қарасақ «қария» арабтың «қари», яғни Құранды жатқа білетін адамға берілетін атақ, біз егер осы мағынада қабылдасақ, «қария» – алдымен ғажайып есте сақтау қабілетінің иегері, жады ерекше мықты адам. Қазақ тілінде «шежіреші», «қария» ұғымдары бір-біріне сәйкес.

Жоғарыда айтылған үшінші деңгейді құрайтын қазақтың шежіре аңыздарында Алаша хан сияқты Ұлы даланың алғашқы әміршісінің өмір деректері баяндалған. Қариялар Алаша хан Орта Азияның аңызға

айналған патшаларының (Қызық Арыстан хан, Әбду Өзіз хан, Абдаллах хан, т.б.) бірінің ұлы дейді. Бала алапес болып туғандықтан әкесі одан бас тартып, жасынан өмірдің қиындығын көп көрген-мыс. Шын мәнінде біздің зерттеулеріміз бұл аңыздың энеолит дәуіріндегі жылқышы тайпалардың ортасында пайда болып, кейін Қарахан дәуірінде қайта өңдеуден өткенін көрсетеді. Ең бастысы аңыз қазақ этносы мен мемлекетінің бастауын тым ерте заманмен байланыстыруға мүмкіндік береді (алаша – жалқы мағынасында қолданылатын сөз, чуваш, татар, башқұрт тілдерін қараңыз). Сол сияқты қазақ шежіре аңыздары Уыз ханды (Оғыз хан) да Ұлы даланың тарихымен бірге қарастырады және қазақ халқының көптеген этномәдени дәстүрлерін осы ұлы тұлғамен байланыстырады. Қалай болғанда да шежіре аңыздардағы тұлғалардың шынайы тарихпен қарым-қатынастарын анықтау біздің міндетіміз.

Соныменен, қазақ шежіресі – Ұлы дала тарихына қатысты тарихи-генеалогиялық білімдердің кешені. Бұл тұрғыдан келгенде ол тек қана қазақ халқы емес, біздің өлкемізге шығу тегі қатысты көптеген халықтардың тарихының басты қайнар көзі. Қазақ шежіресі тек тарихи деректердің көзі ғана емес, сонымен бірге әкімшілік-территориялық және саяси құрылымды реттейтін қағида қызметін атқарады. Осы себепті бұл тақырыптың бағыты мемлекет тарихын зерттеуші мамандар үшін аса көңіл бөлетін бағыт.

Бұл мәселе Сарбас руының тарихымен айналысқанда да мықтап есте болатын жағдай. Оның жақсы бір дәлелі XVIII ғасыр жаугершілігі тұсында Абақ-Керей конфедерациясының құрылуы дер едік. Бұл тарихи оқиғалар Еуразия көшпелі тайпаларының өмір сүру дағдысын, мемлекет құру тәжірибесін жақсы көрсетеді. Шыңғыс хан жорығынан кейін қазақтың ұлы даласында, Түркістан аймағында қағанның ұлдары басқарған бірнеше ұлыстар пайда болды. Кейіннен Шыңғыс ұрпағы әлсіреп, бір жағы Ақсақ Темірге, бір жағы батыс көршілеріне жем болды. Осы кезде Түркістан мен Сарыарқа шекарасында, Бетпақтық Таңбалы жар деген жерінде 1430-шы жылдары құрылған мемлекеттердің бірі Қазақ хандығы болатын. Мемлекет құрамыз деген бұл тайпалардың басшылары «Атамыз – Алаш, керегеміз – ағаш» деп Алаш атына адал болуға ант берісті, жақпар тасқа таңбаларын салды. Осы жиында бұл ру-тайпалар ұлыстарға және жүздерге біріктірілді де, Керей атымен белгілі одақ (негізінен – Ашамайлы Керей, және шағын бөлігі – Абақ Керей) Орта жүз құрамына кіріп, алты арыстың біріне айналды. Уақыт өте келе қазақ рулары көлемденіп, іріленді де, жүздерді қалыптастырған тайпалар туыстық, қандастық негізінде руларға жіктелді.

Орта жүз құрамындағы Керей қауымдастығынан Абақтардың бөлініп шығуы 1756 жылы қазақтың қасиетті астанасы Түркістанда, сол кездегі ұлы хан Әбілмәмбет хан (1739-1769) ордасында, Шоқан «ерлік ғасыры» атаған қазақ-қалмақ соғыстарының кезінде іске асты. Шығыстағы қара қалмақтан (Жоңғария) қырғын барысында ұлан-байтақ жер босап қалды да оған алғашқы басшы болып Әбілмәмбет ханның ұлы Әбілпейіз сұлтан (1771-1783) тағайындалды. Оған әуелгі түп тамыры Алтай, Тарбағатай, Жетісумен байланысты ру-тайпалар, соның ішінде бастылары тоғыз таңбалы Найман мен он екі ата Абақ-Керей аттанды. Бір жағы жаугершілік заман болғандықтан, екінші жағы ар жақтан Қытай айдаһары өңмендеп келіп қалған соң бұл ру-тайпалық конфедерация құрылымы толық бекіп үлгермеді. Басты міндет Абылай хан айтқандай «өзеннің басын алмай жер менікі деме» деп Шығыс

аймақты түгел, әсіресе, Ертіс, Іле, Еміл басын алу керек еді. Сол себепті Абақ Керейдің өз ішінде рулық құрамы туралы аңыздарда, атадан балаға ауыз екі жалғасқан шежіре деректерде жаңсақтықтар, алақпалықтар сақталғаны белгілі. Соның бір көрінісі он екі ата Абақ Керейдің шын мәнінде кейде он екі, кейде он үш болып, құрылымның толық нақтыланбауы, яғни әуел баста он екілік құрылым жасау көзделген, бірақ шұғыл жылжу кезінде өзара кірісіп, пісіп үлгермеген.

«Абақ Керей шежіресінде» Абақ Керейдің 12 рулық конфедерация болып қалыптасуын үш үлкен кезеңге бөліп, «7-ата атымен ру аталғандар ең соңғы рет қалыптасқан рулар аты» деп көрсеткен. Осы құрылымда ежелден тұрақтанған деп мына аталарды көрсетеді: «Сарбас, Жастабан, Меркіт, Шыбарайғыр, Қарақас, Молқы, Көңсадақ, Ителі, Жәлік, Жәнтекей, Шеруші, Шимойын». Жоғарыдағы Он екі ата Абақ-Керей тізіміне енген ру бірліктерінің атауынан-ақ бұл құрылымның арғы тегі Орталық Азияның арғы тарихына қатысы бар бірталай елдерді қамтитынын көреміз. Оны осы тізімдегі Меркіт, Қарақас атаулары да дәлелдеп тұр, яғни бұл одақ XVIII ғасырда жақын рулардың өзара туыс болып баталасуы арқылы құралған. Қазақты жанкешті уақытта бір-біріне жақын туыс қылатын «баталасу институты» туралы әлі де зерттеулер қажет екені анық. «Абақ Керей шежіресінде» «Абақ Керейдің рулық тізбесінде Аллабердіден тараған Сарбасты алғашқы қалыптасқан ру деп» тұрақтандырды. Сонымен бірге Сарбас атамизды Абақ Керейдің ордалы шаңырағында отырып, алғашқы рулар қатарында танылуына тірек болғанын әйгілейді деген әңгіме бар. Басқа бір жазбаларда «Аллабердіден Жастабан, Сарбас, Меркіт» таратылады. Көп шежіре нұсқаларындағы ортақ бір дерек Сарбастың Абақ Керейдің кенжесі екендігі. Абақ Керей шаңырағы Сарбаста, ұраны Сартоқай деп жазады. Өз ішінде Сарбас руы Жалтыр, Жанай, Ырыс, Шегір сынды төрт атаға бөлініп, яғни, «Төрт Сарбас» аталады.

Сарбас шежіресіне қатысты деректерді қарастырғанда көзімізге түскен тағы бір қызық мәлімет – бұл рудың төре әулетіне, яғни орталық билікке жақын болуы. «Абақ Керей әлі ата қонысы – Алтайға оралып, Көгедай гүң (1790-1824/ гүң – аға сұлтан, губернатор дәрежесіндегі шен аты) болған кезде, Абақ Керей елінің әр руларынан Көгедай гүң ауылының жұмысын істейтін ауылдар белгіленгенде Сарбас руынан Жалтыр Атадан тарайтын Тойысбай ұрпағы Қуанышбай ұлы Баймұраттың үйін төре ауылына көшіріп апарып, төренің тұрақты төлегімі етеді. Сол кезде Сарбас руына түскен бұл салмақты арқалаған Баймұрат ұрпақтарының іргесі туған-туыстарынан ұзақ жыл бөлінген. Бұл рар қазір де Жеменейде қоныстанып отыр. 1930 жылдардың ішінде Жамбы Баймұратұлын іздеп Баркөлден Батысқа көшкен Қуанышбайдың немересі Қилыбай Қаракерейұлы Манасқа дейін келген. Қилыбай ұрпақтары содан бері Манаста мекен етеді» делінеді шежіре жазбаларда. Біз орталық билік қызметінде болған төлеңгіттер туралы аз жазған жоқпыз, дегенмен Сарбас руының мысалында бұл тақырып аясын кеңейтуге мүмкіндік туып тұр деген пікірдеміз. Асқар Татанайұлының «Абақ елінің би сайлауы» («Шалғын» журналы. 1984 жылғы 3-ші саны) атты мақаласында «Ажы гүң (1824-1868) кезінде, 1836 жылы Буыршының орта жайлауы Үштаста (кейбір деректерде «Қалутонда») бүкіл Абақ Керейдің және көршілес рулардың игі-жақсылары, ақыл иесі ақсақалдары бас қосқан Ажы гүңнің ел басқару ісіне көмектесетін Төрт би сайлау жиналысына

Сарбастың Күнбота атасының биі Жарылғап Сармырзаұлы, Шотқара атасынан Ақтай Ахметұлы қатынасқан» деген мәліметтер бар, бұл да тарихты зерттеушілер үшін қызықты деректер қатарында.

Сарбас руы туралы шежіре деректерін қарастыра отырып бірнеше ой түйгендей болдық, оның ең бастысы – тарихи жазбаларға деген мұқияттылық керек екені. Ұлттық тарихнамада және тарих ойлаудың дамуын бағалауда жазба дәстүрлердің қалыптаса бастаған кезеңі ерекше орын алады және аса ыждахатты көзқарасты қажет етеді. Өкінішке орай қазақ шежіресі дәстүрлерін мен оның таңдаулы өкілдері зерттеу бағытындағы жұмыстар жаңа ғана басталып келеді. Бүгінгі күні көптеген қолжазба қорларында қазақ авторларының біздің ғылымға әлі танылмаған көптеген шығармалары жатыр, оларды ғылыми айналымға қосу және халыққа жеткізу қазіргі тарихшылардың азаматтық борышы.

XX ғасырдың басындағы қазақ тарихшыларының санасында қазақ тарихы фольклорлық-мифтік сипатта таңбаланды. Олар көшпелілік дәстүрлерімен, аңыздарымен өмір сүрді және өткенді түсінуге де осы жол бастама болды. Бұл әлеуметтік-психологиялық феномен ғылыми тарихнамаға қадам басқан көптеген халықтардың басында бар дүние. Дәстүрлі тарихтанудың күшті әсері тіпті XX ғасырдың 20-30-жылдарына дейін жалғасты (М.Тынышбаев,

М.Дулатов, Ж.Ақпаев және т.б.). Біз осы жолды жалғастырып келеміз.

Басқаша болуы да мүмкін емес еді. Ұлы далада бірнеше мыңжылдық бойы Батыстан да, Шығыстан да ерекшеленетін тарих дәстүрлер үстемдік етті. Біздің ойымызша көшпелілерде тарихтың анық эмпирикалық суреті болған жоқ, себебі дала-лық тарихнаманың негізгі қағидасы идеалды моделді, мысалды, үлгіні қалыптастыру еді. Көшпелілердің әфсаналық тарихи сюжеттерінде кеңістік және уақытта нақтылы өлшем бірліктері сирек. Қазақтың эпикалық ескерткіштерінде әфсаналық уақыт этностық біртұтас кезеңіне, қаһарлы хандар мен сайыпқыран батырлардың батырлық дәуірге айналады. Шежіре аңыздарда ұлы түпкі аталар, тотемдік аталар, таңғажайып оқиғалар мен қиял ғажайып оқиғалар баяндалады. Қазақтың мифтік тарихи синкретті болды, себебі онда шынайы тарихи оқиғалар, аңыздық сюжеттер, мен мифтік түсініктер, философия, дін ұғымдар, рационалды білім ұштасты. Шежірені білу оның иелеріне өз әлеуметтік статусын ұстауға, немесе оны биікке көтеруге мүмкіндік берді. Олардың ішіндегі Ұлы даланың өткен тарихын жетік білетін ең көрнектілері өз туыстарының алдында керемет бедел мен құрметке ие болды. Біз де өзіміздің алдымыздағы шежіретанушылар салып кеткен жолға адалдық танытып, осы сара жолды болашаққа жалғастырайық, құрметті ағайын.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДА

ОТАН ҮШІН ОТ КЕШКЕН ОРАЗБАЙ



Адамзат баласын «қанаушылар» мен «қаналушылар» немесе «үстем тап» пен «өзілді тап» деп, екі жікке бөліп, осы екеуін қолдан теңестірімек болған кешегі Кеңес империясы тұсында қазақ қауымы талай-талай тар жол, тайғақ кешуден өткені мәлім. Кеңестендіру, ұжымдастырудан басталған келеңсіздіктер қуғын-сүргінге ұласып, халықты қолдан жасалған қос ашаршылық пен

қызыл қырғынға ұшыратты. Нақақ жандарды жауға айналдырып, ұлттық салт-дәстүрінен, тарихы мен тілінен, ділі мен дінінен ажыратуға тырысты. Соған қарамастан, қазақ халқы үкімет пен партияға деген адалдығынан айныған жоқ.

Қазақтың осындай ақ жүрек, адал мінезі, әсіресе, Ел шетіне жау тигенде ап-айқын көрінді. Түркімұсылман халықтарының арасынан Кеңес Одағының батыры атанған қазақтардың анағұрлым көп болуы, қыз балалардан Кеңес Одағының батыры тек қазақтан Мәншүк пен Әлияның ғана шығуы осыған дәлел болса керек. Отан үшін от кешкен осындай ардагер

азаматтардың бірі – Оразбай Тұрғанбайұлы.

ЕСДӘУЛЕТОВ Оразбай Тұрғанбайұлы (құжатта – Естаулетов Уразбай) 1921 жылы 5 мамырда Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Үлкен Қаратал ауылында жұмысшы отбасында дүниеге келген. Әкесі Тұрғанбай, анасы Анар оның үш жасында дүниеден озады. Сәби кезінен тағдыр тауқыметін көп тартқан Оразбай қиыншылыққа мойымай, жігерін жанып, Зайсандағы педучилищені аяқтаған соң, Марқакөл ауданында ұстаз болады.

Ол 1940 жылы азаматтық борышын өтеуге аттанады. Қызыл Армия қатарына Шығыс Қазақстан облысы Зайсан аудандық Әскери комиссариатынан шақырылып, Өзбекстанның Самарқан қаласына байланыс-телефонист курсына оқуға жіберіледі. Курсты ойдағыдай бітіргенде соғыс басталып, дайындықтан өткен жас сарбаз 8-атқыштар дивизиясының құрамында соғысқа аттанады.

О.Есдәулетов Ұлы Отан соғысына алғашқы күндерден соңғы күндеріне дейін қатысқан майдангер. 11.12.1941 – 24.04.1942 жылдары – Бас қолбасшының резервинде, 24.04.1942 – 1.10.1942 жылдары – Брянск, 1.10.1942 – 1.04.1943 жылдары – Орталық, 1.04.1943 – 1.10.1944 жылдары – 1-ші Украин, 1.10.1944 – 11.05.1945 жылдары – 4-ші Украин майдандарында соғысқан. Жалпы қазақстандық дивизия мынадай 8 ірі шайқасқа қатысқан: Воронеж-Касторное шабуыл операциясы, әйгілі Курск шайқасы, Днепр, Десна, Припять шайқастары, Умань-Ботошан операциясы, Шығыс-Карпат және Прага шабуыл операциясы.

22 жасар байланысшы 12.09.1943 жылы қанды шайқаста контузия алады. Қатардағы жауынгер, байланысшы-телефонист. 8-атқыштар дивизиясының, 61-жеке байланыс батальонының, 2-линиялық взводтың телефонисті болады.

8-атқыштар дивизиясы – 1941 жылдың аяғында Республикада жасақталған құрамалардың бірі. Дивизия, негізінен, бастапқыда Аягөз қаласында 458-атқыштар дивизиясы болып құрылды, 1942 жылдан 8-атқыштар дивизиясы болып өзгертілді. Семей, Шығыс Қазақстан, Павлодар облыстарының еңбекшілерінен жасақталды. Дивизия 1941 жылы 11 желтоқсанда құрала бастады да, 1942 жылдың 1 қаңтарына қарай, негізінен, жасақталып бітті. Дивизия штабы мен оның негізгі құрамы Семей қаласында орналасты, бір атқыштар полкі мен дербес миномет батальоны ғана қала сыртында болды. Дивизия командиріне полковник Г.А.Зверев (1942 жылы 2 ақпаннан бастап полковник И.И.Иванов) тағайындалды, комиссарлығына И.А.Кохновский, штаб бастығына Л.Н.Лозанович бекітілді.

Осынау атқыштар дивизиясында: 3 атқыштар полкі (№151, 229, 310-атқыштар полкі), 1 артиллерия полкі (62 артиллериялық полкі), 1 танк жойғыш дивизион, сондай-ақ миномет, байланыс, медициналық, санитарлық батальондары, артиллерия батареясы, барлаушылар ротасы, автомобиль ротасы, жеке химиялық қорғану ротасы, т.б. болды.

Бұл дивизияны жасақтауға жергілікті партия, кеңес органдары барынша қамқорлық жасады. Дивизияның орта командалық құрамы, басқа құрамалардағы сияқты әскери оқу орындарында дайындықтан өткен, жаяу әскер және артиллерия училищелерін бітірген жас офицерлерден жасақталды. Дивизия құрылып болғаннан кейін жауынгерлер арасында әскери дайындық жұмыстары жүргізілді.

Семей өңірінің қатал қысына қарамастан, дивизия бөлімдері қаңтар-наурыз айлары ішінде, яғни 3 ай бойы тыңғылықты жауынгерлік даярлық жасады. Наурыз айында дивизия бөлімдерінің әскери дайындығын тексерген Қызыл Армияның әскери құрамаларды жасақтау жөніндегі Бас басқармасының өкілі полковник Якушев бастаған комиссия жақсы бағаммен қабылдады.

1942 жылы 1 сәуірде дивизия майданға аттанды. Құрама эшелондары Алматы – Орал – Саратов арқылы өтіп, 24 сәуірде Тула облысы Сталиногорск (қазіргі Новомосковск) қаласы маңына жетті. Құрама осы маңға шоғырландырылып, Брянск майданындағы, 24-ші Армияның қарамағына берілді. Ал енді бірер күннен кейін 8-атқыштар дивизиясы 3-ші Армияның, іле-шала 48-ші Армияның құрамына қосылды. Жау әскерлерінің Воронеж бағытында шабуыл жасауына байланысты 1942 жылдың 8 шілдесінен бастап, дивизия 13-ші Армияның қарамағына өтіп, алғашқы шайқастарға қатысты.

Сөйтіп, дивизия бөлімдері майданның басқа да құрамаларымен бірге, бес ай бойы қорғаныс ұрыстарын жүргізді. Бұл шайқастарда дивизия жауынгерлері жаудың 5 мыңдай адамын, 22 артиллерия батареясын, 12 танкісін жойды (Балақаев Т., Алдажұманов Қ. «Қазақстан еңбекшілері майдан қызметінде», 103-бет.).

1942 жылы 4 желтоқсаннан бастап, дивизия майдан қолбасшысының резервінде болды. 1943 жылдың басында кеңес әскерлері үшін қолайлы стратегиялық жағдай туып, Сталинград түбіндегі жау әскерлері талқандалды. Сталинград маңынан басталған шабуылдар Солтүстік Кавказды, Донның

төменгі сағасын, тағы басқа аудандарды жаудан азат етумен жалғасты. Міне, осы кезде немістердің Воронеж-Касторное әскери тобы талқандалды. Оны талқандауға генерал Н.Е.Пухов басқарған 13-ші Армияның құрамындағы 8-атқыштар дивизиясы қатысты.

1943 жылы 26-28 қаңтар аралығында дивизия бөлімдері темір жолдың торабы Касторное қаласы бағытында шабуыл жасай отырып, 60 км. алға жылжыды. Сөйтіп жаудан 48 елді мекенді азат етті. Жаудың 5320 адамы жойылып, 3522 адамы тұтқынға алынды. Көптеген қару-жарақ, азық-түлік, киім-кешек қоймалары, 1 мыңнан аса ат, 2700 автомашина, т.б. қолға түсірілді (Провал операций «Цитадель», М., 1967, стр.27).

Ұрыс кезіндегі ерліктері үшін дивизияның 2071 адамы КСРО ордендерімен және медальдарымен марапатталды. Оның ішінде ержүрек қызылөскер, қатардағы жауынгер 8-атқыштар дивизиясының, 61-ші жеке байланыс батальонының байланысшы-телефонисті қызылөскер Есдәулетов Оразбай да болды.

1943 жылы 7-10 ақпандағы жойқын ұрыста жаудың қарша бораған оғына қарамастан, үзілген телефон желісінің сымдарын жалғап, дивизияның командалық пункті мен 310-шы, 229-шы атқыштар полктерінің байланысын тоқтаусыз қамтамасыз еткені үшін байланысшы-қызылөскер Есдәулетов Оразбай «Жауынгерлік еңбегі үшін» медалімен марапатталады.

Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің орталық мұрағат құжаттарынан: *«Представляется к награде медалью «За Боевые Заслуги» телефонист Есдаулетов за то, что во время боев 7 – 10 февраля будучи на линии 310 и 229 полков неоднократно устранял повреждения на линии и тем самым обеспечил бесперебойную связь командование дивизий с 310 и 229 стрелковыми полками.*

Командир 61 ОБС (отдельный батальон связи) майор Финклер. 11.02.1943.

Достоин награждения медалью «За Боевые Заслуги».

Командир 8-й стрелковой дивизий генерал-майор Иванов. 23.02.1943».

Осылайша қатардағы жауынгер Есдәулетов жеңіске өз үлесін қосты. Негізгі 8-атқыштар дивизиясы Курск шайқасының аяғына дейін ауыр ұрыстар жүргізген құрамалардың бірі болды. Ол Орталық майданға қарайтын 13-ші Армияның жау шабуылының бел ортасында болды. Жаудың бронды күшіне ойсырата соққы беріп, оларды алға жылжытпай қойды.

1943 жылғы қыркүйектің соңғы күндерінде кеңес әскерлері шайқаса отырып, Днепрге таяп келді. Орталық, Воронеж, Оңтүстік-Батыс майдандарының әскерлері өзенді бір мезгілде 4 жерінен: Гомельдің оңтүстігінен, Киевтің, Кременчугтің және Днепропетровскінің маңынан өтті. Днепр үшін болған шайқасқа мыңдаған қазақстандық қатысты. Днепрді бірінші болып кесіп өткен құрамалардың арасында 8-атқыштар дивизиясы да болды.

Днепр өзенінен өту ұрыстарында көптеген қазақстандық жауынгерлер ерлік көрсетті. Олардың есімдері Кеңес Одағының Ұлы Отан соғысының тарихына алтын әріптермен жазылды. Солардың арасында 8-атқыштар дивизиясының батальон командирі, семейлік капитан Силин, рота командирі, солтүстік қазақстандық аға лейтенант Әбу Досмұханбетов, Жармалық Будник, т.б. бар еді.

Дивизия 1-ші Украина майданы жүргізген шабуылдарға қатысты. Оның жауынгерлері Чехословакияны азат етті. 1944 жылы наурызда Каменец-Подольск облысының Ямполь қаласын азат етудегі

көрсеткен ерлігі үшін дивизия «ямпольдық дивизия» деген құрметті атақ алды. Чехословакияның көптеген қалаларын азат ету жолындағы ұрыстарға қатысқаны үшін дивизияның туына Қызыл Ту және 2-ші дәрежелі Суворов ордендері тағылды. Дивизия жауынгерлерінің арасынан 46-сы Кеңес Одағының Батыры деген атаққа ие болды (Белан П.С. Казахстанцы в боях за свободу Украины и Молдавии 1941-1944 гг. 22-бет.).

Бірге соғысқа аттанған досы Сіләмғали Базаровтан Оразбай мынадай хабар алады: «Орманда ауылдас-жерлесіміз Забен Алтаев қалды. Өлді ғой деймін, қатты жараланды. Ол сенің маңыңда, екі шақырым жерде. Уақыт тап, ізде, ит-құсқа жем болмасын, мүмкіндік болса жерлеуге тырыс».

Шабуыл аяқталған кезде О.Есдәулетов орманда қалған жерлестерін іздеп келу үшін командирінен рұқсат сұрайды. Командир оған ауылдасын іздеуге екі сағат уақыт беріпті. Байқап жүр, немістердің қолына түсіп қалма деп ескертеді. Босатқаннан соң қызыләскер Есдәулетов Оразбай орманға жөнеледі, өлген адамдарды өз көзімен көреді, өлгендер өте көп екен. Забен Алтаевты іздеп жүріп, қалтадағы құжаттан «Белослюдов Виктор, ВКО, Приозерный» деген жазуды оқиды. Тамырын ұстаса, тірі екен, жүрегі соғып тұр. Қайта айналып келем деп, ары қарай орманға жүгіріп кетеді. Іздеп жүріп Алтаевты табады. Жүрегі өте әлсіз соғады, ес-түссіз жатыр, беті көрінбейді, ісіп кеткен, бастан жараланған. Оразбай Забен Алтаевты әрең көтеріп, біресе сүйреп, Белослюдовтың қасына өзер жетеді, сөйтсе Алтаев өте ауыр, үлкен адам екен. Енді екі кісіні қоса сүйреу, өте қиын болды, шамасы келмей, маңдай терге түседі. Белослюдов аяқтан ауыр жараланған, аяғы салбырап, салақтап жатыр екен. Бір уақытта: «Екеуімізді бірдей алып жүре алмайсың, немістер қайта оралуы әбден мүмкін. Мені бір ағаштың түбіне жатқыз, үстімді тоғайдың бұтағымен, жапырақтармен жауып кет, немістер өлген екен деп қалсын. Бетімді жасыр, ит-құс жеп қоймасын», – дейді Белослюдов. Жауынгер Есдәулетов солай істеп, жараланған Алтаевты сүйрелеп медсанбатқа санитарларға өткізеді. Тағы бір жерлесім орманда қалды, өзі ауыр жараланған, тірі екен деп баяндайды командирге Оразбай. Командирден қайта рұқсат алып ауыр жараланған Белослюдовке жетеді. Жүгіріп келсе, сол қалдырған жерінде жатыр екен. Бірақ тірі адам сияқты емес, өліп қалған екен деп өкініп зәресі ұшады. «Бекер тастадым», – деп сөйлеп жібергенде: «Сені неміс екен деп, өтірік өлген болып жатқанмын», – дейді Белослюдов. Сүйрелеп, ол кісіні де аман-есен санитарларға жеткізеді. Екеуінің де қалтасына өзінің аты-жөнін, адресін жазып сапып, «Осындай уақытта орманнан тауып алып, медсанитарларға өткіздім», – деген хатты қосыпты қызыләскер Есдәулетов.

Алты айдан кейін «Мәскеуден госпитальда жатырмын, тәуір болып қалдым, жақында соғысқа аттанамын», – деп, рахметін айтып хат жолдапты Забен Алтаев. Қазір Үлкен Қаратал ауылдық округінің маңында Забен Алтаевтың есімімен ауыл аталады. Белослюдовтан да хат келген. «Алғысын білдіріп соғысқа жарамсыз болғанын айтып, елге қайтатын болдым», – деп жазады Белослюдов. Соғыстан кейін екеуі отбасыларымен араласып тұрған.

Белослюдов өзінің балаларына былай айтады екен: «Мені өлімнің аузынан алып шыққан – Оразбай. Сол жолы, бір аяғымнан жараланып, орманда қалғанмын, не қансырап өлетін едім, не қайта оралған немістердің қолынан өлетін едім,

тек өлім ғана тұрған алдымда. Егер Оразбай тірі екенімді көріп, қайта оралып келіп, мені арқалап әкетпегенде, осы жасқа келмес едім, бұл өмірде болмас едім.

Оразбай онда талдырмаш жас жігіт, ал мен еңгезердей қырыққа тақаған еркекпін, ол мені көтере алмай қиналғанда айттым: «Бетімді бұтақтармен жауып, қалдырған жеріңді белгілеп, осы жерге тастап кет. Немістер қайта оралып келіп қалса, өзің мерт боласың. Әбден ұрыс басылып, тынышталған кезде, шамаң келсе, келіп көміп кет», – дегеніме қарамай сүйреп әкетті».

Сөйтіп өмір мен өлімнің арасында жатқан, ауыр жараланған екі сарбазды дер кезінде көмек көрсетіп, құтқарып қалады О.Есдәулетов.

Оразбай Тұрғанбайұлы екі жыл бойы байланысшы ротада 2-ші линиялық взводта байланысшы-телефонист міндетін атқарады. Осы мерзім ішінде 200-ден астам үзілген сым желісін жалғап, бөлімше араларында байланысты қамтамасыз еткен. Орлов (Орел) облысының Малоархангельск қаласының маңындағы Елизаветино елдімекені, Десна өзенінің бойындағы қанды ұрыста, Припять өзенінің бойында жаудың қарша борап тұрған оғының астында, артиллериялық атқылауға қарамастан, үздіксіз бөлімше араларында байланыс жүйелерін тоқтаусыз қамтамасыз етіп тұрған.

Қоршауға түсіп, өзінің ержүрек, ептілігімен, тапқырлығымен, табандылығымен қоршауды бұзып-жарып шығып, партизандарға қосылған. Қызыл Армия осы елдің аумағын босатқанша партизандардың қарамағында болған.

Қазақтың ержүрек ұлы Отанына жән-тәнімен қызмет етеді. «Өткен жауынгерлік жолы үшін «Қызыл Жұлдыз» орденіне әбден лайық», – деп, байланыс ротасының командирі майор Муховатый және 8-атқыштар дивизиясының байланыс торабының басшысы майор Чеховский сипаттама берген, бірақ 8-атқыштар дивизиясының командирі генерал-майор Смирнов өзінікін жөн санап, «Өжеттігі үшін» медалімен марапаттаған.

Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің орталық мұрағат құжаттарынан: «Тов. Естаулетов (деректе дәл солай – авторлар) работает в отдельной роте связи в качестве телефониста во 2-м линейном взводе два года. За указанный период времени тов. Естаулетовым устранено более 200 повреждений боевых линий связи. Направление на котором он работает – всегда в образцовом порядке. Неоднократно под непрерывным огнем противника в деревне Елизаветино у города Малоархангельск, на Десне, Припяти тов. Естаулетов мужественно и храбро выходил на линию связи и ликвидировал повреждения. Попад в окружение ушел к партизанам и находился там до освобождения территорий Красной Армии».

За самоотверженность и отвагу награжден медалью «За Боевые Заслуги». Верный сын Казахского народа предан Социалистической Родине. За пройденный боевой путь вполне достоин Правительственной награды ордена «Красной Звезды».

Командир отдельной роты связи майор Муховатый.

Достоин награды ордена «Красной Звезды». Начальник связи 8 СД (стрелковой дивизий) майор Чеховский.

Достоин награждения медалью «За Отвагу». Командир 8-й стрелковой дивизий гвардий генерал-майор Смирнов. 21 января 1944 года».



О.Есдәулетов жұбайы Розамен.

1945 жылы 25 желтоқсанда Гернад (Венгрия-Чехословакия шекарасының маңы) өзенінен өту кезінде өзеннің асау ағынынан және жау қаруының атқылауынан арба дүние-мүлкімен төңкерілгенде жауынгер Есдәулетов мұз-кесектері мен мұзды суға қарамастан бүкіл дүние-мүлкікті құтқарып алып, 151-атқыштар полкіне дер кезінде жеткізеді.

1945 жылы 10 ақпанда О.Есдәулетов өз өмірін қатерге тігіп, 1119 биіктікке айыптылар ротасына байланыс жүйесін жалғап беріп, автоматымен оқ жаудыра ұрысқа кіріседі. Саны жағынан недәуір көп жау қарсы шабуылға шығады. Бас көтеріп, еркін қимылдауға жау мүмкіндік бермейді. Осындай қауіпті сәтте қарша борап тұрған оқтың астында жер бауырлап жүріп, сымның үзілген жерлерін жалғап, жаудың қарсы шабуылына тойтарыс беруге жағдай жасайды. Осы ерлігі үшін «Қызыл Жұлдыз» оденімен марпатталған.

Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің орталық мұрағат құжаттарынан: «За время боевых действий тов. Естаулетов (дережке дәл солай – авторлар) не раз проявлял мужество и отвагу. 25.12.1944 году переправляясь через реку Гернад, повозка с имуществом от сильного течения и огня противника было опрокинута, тов. Естаулетов несмотря на огонь противника и ледяную воду спас имущество и своевременно доставил его на конечную точку 151-го стрелкового полка.

10.02.1945 года тов. Естаулетов давал связь на штрафную роту в районе высоты 1119. Противник превосходящими силами шел в контратаку тов. Естаулетов находясь непосредственно в боевых порядках поддерживал бесперебойную связь и вступил в бой, ведя огонь из автомата. При переходе на новый рубеж быстро организовал связь несмотря на сильный пулеметный огонь противника, быстро устранил повреждения - чем способствовал отражению вражеской контратаки.

Командир 61-го отдельного батальона связи Краснознаменной Ямпольской стрелковой дивизий майор Муховатый.

Достоин награды ордена «Славы» 3-й степени.

Начальник связи 8-й Краснознаменной Ямпольской стрелковой дивизий подполковник Чеховский. 3 марта 1945 года.

Достоин Правительственной награды ордена «Красной Звезды».

Командир 8-й Ямпольской стрелковой Краснознаменной дивизий Герой Советского Союза гвардий полковник Угрюмов. 9 марта 1945 года».

Оразбай Тұрғанбайұлы соғыстан оралған соң

Сайқан тауындағы шопан балаларына арнап ашылған «Шахта» деп аталатын бастауыш мектепте ұстаздық қызметін жалғастырады. Сол жерде өмірлік жарымен танысып, отбасын құрады. Жары Роза Салықбаева – терең білімді, сөзге шешен, талай талантты оқытып, тәрбиелеген ұлағатты ұстаз еді. Мамандығы – филолог. Қашан да жаңалыққа жаны құмар, білімін тереңдетуді мақсат еткен азамат Алматыдағы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогика институтының химия-биология факультетін сырттай оқып бітіреді. Ол Зайсан ауданы Благодарный орта мектебінде, кейіннен Қаратал, Рожков бастауыш мектебі, Үлкен Қаратал мектебінде 35 жыл ұстаздық қызметін атқарады. Жары Салықбаева Роза екеуі жеті баланы аман-есен жеткізді. Олар: Ұлықбек, Айтмұханбет, Бағдат, Салтанат, Рүстем, Сара, Риза. Оразбай Тұрғанбайұлы 1998 жылы Алматы қаласында дүниеден өтті.



О.Есдәулетов ұлдарымен.

Ұлықбегі – талантты ақын, Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының (1986), Қазақстан Республикасы мемлекеттік сыйлығының (2003) лауреаты, «Құрмет» орденінің иегері, ҚР Жазушылар одағының төрағасы, Айтмұханбеті – журналист-зерттеуші, филология ғылымдарының докторы, Рүстемі – өнер қайраткері, режиссер, театр және кино актері, ақын, драматург (өкінішке орай, Рүстем өмірден ерте озды). Батырдың немерелері, шөберелері өсіп, өніп келеді.

Оразбай Тұрғанбайұлы «Қызыл Жұлдыз» (12.03.1945), 2-ші дәрежелі «Отан соғысы» (6.04.1985) ордендерімен, «Жауынгерлік еңбегі үшін» (26.02.1943), «Өжеттігі үшін» (27.01.1944), «За победу над Германией в Великой Отечественной войне в 1941-1945 гг.» және көптеген мерейтойлық медальдарымен марапатталған. Зайсан қаласындағы бір көшеге Оразбай Есдәулетовтің есімі берілген.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Лупшев В. 8-я стрелковая дивизия, А., 1975.
2. К.Аманжолов, А.Тасболатов. «Қазақстанның әскери тарихы», А., «Білім» 1999 ж., 275-279-беттер.
3. Белан П.С. «Казахстанцы в боях за свободу Украины и Молдавии» 1941-1944 гг., стр. 22.
4. Шығыс Қазақстан облысы, «Қазақ энциклопедиясы». А., 1914 ж., 332-333-беттер.
5. <https://rudnyi-altai.kz/eto-nuzhno-potomkam/>
6. <https://didar-gazeti.kz/orazbay-asaaldy-muel-sayabay/>
7. <https://didar-gazeti.kz/zhasyly-shn-zharatylan-zhan-ed/>
8. <http://divizia-rkka.ru/8->

Қайрат ҚАРАМАНДАЕВ,
Құрлық әскерлері әскери институтының
оқытушысы, бауыржантанушы.

ЕРТІС-БАЯНАУЛА ӨҢІРІНІҢ ҚАСИЕТТІ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

Әсет ЖАНЫСОВ (Жанисов),
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
доценті, тарих ғылымдарының кандидаты

Мақалада Ертіс-Баянаула өңірінде (Павлодар облысы) орналасқан, көпшілікке кеңінен танымал ғибадат ету ескерткіштері – Қоңыр әулие үңгірі, Исабек ишан және Мәшһүр-Жүсіп кесенелері қарастырылған. Жазбаша деректер және далалық этнографиялық зерттеулер барысында жинақталған мәліметтер негізінде аталмыш ескерткіштердің сакрализациялану (қасиетті нысанға айналу) себептерін ашу ұмтылысы жасалған. Сонымен қатар, осы жерлерде өткен замандарда орын алған зиярат ету тәжірибелері суреттеліп, олардың қазіргі уақыттағы көрінісі сипатталған.

Түйін сөздер: қасиетті ескерткіштер, сакрализация, Қоңыр әулие, Мәшһүр-Жүсіп кесенесі, Исабек ишан кесенесі, зиярат ету.

2017 жылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы жарияланғаннан кейін елімізде қасиетті география бойынша зерттеулердің жаңа деңгейге көтерілгенін байқаймыз. Отандық гуманитарлық ғылым өкілдері қасиетті кеңістік, киелі ескерткіштерді жан-жақты зерттеуге кірісті. Жалпы ұлттық маңызы бар және аймақтық деңгейдегі қасиетті жерлердің тізімі жасалды, жергілікті басқару органдары сакралдық туризмді дамыту мәселесін қолға алды. Осындай атқарылып жатқан жұмыстардың маңызы өте зор деп білеміз. Себебі қоғамның назарын ұлттық этномәдени нышандарға – киелі орындарға аудару біз үшін жат, деструктивті идеологиялық құндылықтарға қарсы иммунитеттің қалыптасуына ықпал етеді деген үміт тудырады.

Ертіс-Баянаула өңірінде облыс жұртшылығы арасында ғана емес республика тұрғындарына да кеңінен танымал үш қасиетті нысан шоғырланған. Олар: табиғи мұра нысаны Қоңыр әулие үңгірі және тарихи-мәдени ескерткіштер – Мәшһүр-Жүсіп және Исабек ишан кесенелері.

Қоңыр әулие (Әулиетас) үңгірі Павлодар облысындағы Баянаула тауларында, Жасыбай көлінен үш шақырым жерде, Жамбақы шатқалының маңында орналасқан. Үңгір және онымен байланысты қазақтардың сенімдері мен зиярат ету тәжірибелері туралы мәліметтер қазақ деректерінде және революцияға дейінгі авторлардың еңбектерінде кездеседі. **Қоңыр әулие туралы қазақ тарихының білгірі Мәшһүр-Жүсіп келесі ақпарат береді:** «Қоңырбай халфе, Құрманбай абыз, Жайбақы – үшеуі Баянаула тауына аң аулап, арқар атуға шығады. Жерде аздаған қар бар. Үшеуі сөйтіп тау аралап жүрсе, бір жалаң аяқ адам ізі: қарға да басқан ізі, тасқа да басқан ізі – таңбасы түскен соң, бұл үшеуі тамашалап, ізіне түсіп: «Қоңыр әулие бар» – деп жүрген. Сонан кейін бұл үшеуі бұл жерде әулиелердің жайы бар екен деп білген. Ол жолы емес, тағы бір жолы Қоңырбай халфе, Құрманбай абыз, Ақпан молда деген – үшеуі жоғарыдағы айтылған жайға келіп,

түнөп жатқан болады.

Сонда Ақпан молда:

– Қоңыр әулие, бар болсаңыз, мекен-жайыңды, кереметіңді көрсет! – деген.

Ұйықтаған кезде бір адам келіп, Ақпан молданы біреу алып кетеді. Ертең тұрған соң Қоңырбай, Құрманбай екеуі Ақпаннан сұрайды:

– Не көрдің, не білдің, Ақпан? – дегенде, Ақпан айтады:

– Қоңыр әулие жайын маған көрсетті, – депті. – Көрдім пәлен-түген, – депті.

Онда ана екеуі айтты:

– Ай, Ақпанбай, тиыш жүрмей, әулиеде нең бар екен? – деп.

Кешікпей Ақпан молданың мойны бұрылып, аузы қисайып кеткен дейді» [1, 252-б.]. Мәшһүр-Жүсіп келтірген аңыз адам мен әулие арасындағы коммуникацияның мүмкін екендігін, бірақ ол белгілі бір ережелерді ұстану арқылы ғана жүзеге асырылуы керектігіне назар аудартады. Аңызда біз қарапайым адамдардың және қасиетті болмыстың әдеттегі антагонизмін байқаймыз. Британдық әлеуметтік антрополог Э.Лич бұл екі әлемді екі жақты шекара бөліп жатқанын және оны бұзуға қатаң тыйым (табу) салынғандығын айтады, ал оны кесіп өту тек белгілі бір «өту рәсімдерін» орындаған жағдайда ғана мүмкін болады деп ескертеді [2, 46-б.]. Сюжетке сәйкес, осы оқиға кейіпкерлерінің бірі Ақпан молда киелі жерде құрмет көрсетпей, тиісті ережелерді сақтамай әулиемен байланысқа шығады. Кейіннен осы адамда пайда болған денсаулық қаулаулары (мойны мен бетінің қисайып кетуі) тыйымды бұзғаны үшін жазаның бұлтартпастығын көрсетеді. Сонымен қатар, біздің пікірімізше, осы өңірдің белгілі де беделді адамдарының оқиғаның кейіпкерлері ретінде аталуы халық үшін аталмыш нысанның бір жағынан қасиеттілігін растайтын дәлел болып табылса, екінші жағынан оның басқа қасиетті орындардың қатарында ерекше, жоғары дәрежеге ие екендігін көрсетеді.

Қоңыр әулие ескерткішінде орын алған ғұрыптық ғибадаттық рәсімдер туралы XIX ғ. соңы – XX ғ. басының зерттеушісі Н.Я.Коншин жазып кеткен: «Әулиетасқа науқастар мен кедей қырғыздар (қазақтар – Ә.Ж.), ал көбінесе бала көтере алмай жүрген әйелдер дұға етуге барады. Олар әдетте кешке келіп, үңгірде немесе оның жанында түнейді. Бай адамдар қой сойып, оның етін үңгірдің кіре берісінде от жағып пісіреді. Ет пісіру үшін, міндетті түрде, үңгірдегі тас қазандықта жиналатын су пайдаланылады, сол жерден олар дәрет алу үшін де су алады, оны ішеді және дененің ауырған жерлеріне құяды. Қырғыздардың пікірінше, бұл судың емдік қасиеттері бар. Кейін маған Баянаулалық қария Шағыбай Тасыбаев айтқандай, зиярат етушілер шиге қойдың майы сіңдірілген шүберектер орап шырақтар жасайды; бұл шырақтар үңгірде жағылып және адамдар оның отымен жуынғандай болады, ауырған жерлерді отпен үйкелегендей қимылдар

Мақала ҚР МСМ-нің БНҚ негізінде «Қазақстанның заманауи мәдениетіндегі қасиетті кеңістік: дәстүр мен жаңашылдық (ЖТН №BR 06449588)» жобасы аясында дайындалған.

жасайды. Шамдар неғұрлым көп жағылса, соғұрлым жақсы болады. Үңгір маңында түнеген кезде көрген түстерге сәйкес адамның сұрағаны орындалатыны немесе орындалмайтыны туралы білуге болады. Кедейлер құрбандық шалу ретінде әр жерде мата кескіндерін байлайды, ал байлар болса мен айтқанымдай қойды сояды және үңгірдегі қазандыққа ақша салады. Бұл ақшаны, сол Шағыбайдың айтуы бойынша, кедейлер өздеріне алуға құқылы, бірақ бұл ретте үңгірдің киесіне «тақсыр, ашуланбаңыз, бұл ақшаны алуға рұқсат беріңіз» деген сөздермен жүгіну қажет. Осы сипатталған ғұрыптардың барлығынан мұсылмандыққа дейінгі сенімдердің әсері сезіліп тұр» [3, 30-31-бб.]. Н.Я.Коншин келтірген мәліметтерінің этнографиялық құндылығы өте зор және осы рәсімдердің бүгінгі күні қаншалықты сақталған/сақталмағандығын анықтауға мүмкіндік береді.

Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бері есімі халыққа қайтарылған көрнекті тұлғалардың бірі – Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Қазақ тарихы мен мәдениетінің білгірі, философ, қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерін жинақтаушысы Мәшһүр-Жүсіптің мол мұрасы қазіргі уақытта біз үшін баға жетпес қазына болды.

Мәшһүр-Жүсіптің ерекше қасиет иесі болғандығы туралы көптеген әңгімелер сақталған. Солардың ішінде ерекше әсерлісі – **әулиенің өзінің бастамасымен, көзі тірісінде 1930 жылы бейітін салғызғандығы туралы әңгіме.** Мәшһүр-Жүсіп бұл құрылыстың басында өзі жүріп, оны екі бөлмелі етіп салдырған, төр бөлмесінде терең қабір қаздыртып, бетін бөренемен жапқызып және өзін соның ішіне ашық қояды аманат еткен. Мәшһүр-Жүсіп 1931 жылдың күз айында қайтыс болады, халық оны арулап өзі айтқандай етіп қояды. Әулиенің денесі жылдар бойы бұзылмайды, тек, 1952 жылы оның қабірі кеңес билігі өкілдерінің бұйрығымен бұзылып, басына тұрғызылған кесене де қиратылады. Кейін 1954 жылы ғұламаның ұрпақтары өгіз кірпіштен, ал 1975 жылы ақ кірпіштен кесене тұрғызды. 2006 жылы Мәшһүр-Жүсіп кесенесі қайта жаңартылды.

Мәшһүр-Жүсіптің жерлесі, белгілі ғалым, академик Шапық Шөкин өзінің «Өмірдің төрт мезгілі» («Четыре времени жизни», 1992 г.) атты автобиографиялық еңбегінде қызықты мәліметтерді келтіреді. Ш.Шөкин Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін алғашқылардың бірі болып көрнекті тұлғаның есімін елге қайтарып қажеттігіне назар аударады. Баянауланың тумасы Ш.Шөкин жас кезінде Мәшһүр-Жүсіптің қайтыс боларына бір жыл қалғанда ұйымдастырған асына қатысқаны туралы жазады: «Среди земляков Машур (Машһүр – Ә.Ж.) почитался безоговорочно и слыл за мессию. Ничего удивительного не было в том, что все шаруа с печальной обреченностью принялись готовиться к предстоящему через год исходу. И стар и млад предались безутешному оплакиванию старца. Сам Машур-Жусуп после объявления о предстоящей кончине взялся регулярно пить настои каких-то только ему известных трав. После смерти выяснилось, что таким вот образом он превосходно еще при жизни себя забальзамировал. Мне выпало участвовать в обряде символического погребения. Захоронение Машура, которое земляки воздвигли на его глазах, представляло собой небольшой мавзолей. Все было по нашему мнению, скромно, без излишеств. По воле будущего покойника рядом с ним, в смежной комнате мазара, было устроено ночлежное место для паломников. Долгие годы после его смерти приходили из разных мест ночевать в мавзолее неизлечимо больные. Самое удивительное, гласила молва, это то, что ночевка в захоронении действительно избавляла

некоторых паломников от мучивших их недугов. Что здесь от лукавого – судить не берусь. Слухи рождали легенды, легенды – надежды», – деп жазады ғалым [4, 43-44-бб.]. Ш.Шөкиннің сол оқиғалардың тікелей куәгері ретіндегі мәліметтері Мәшһүр-Жүсіп тұлғасының сакрализациялану себептерін түсіну үшін өте құнды болып табылады.

Келесі ескерткіш – Павлодар облысы, Екібастұз қаласының ауылдық аймағына жататын Ақкөл ауылының маңында орналасқан Исабек ишан кесенесі. Ескерткіш қазақ арасында Әулиелі Ақкөл-Жайылма атымен белгілі киелі жерде орналасқан. Асыл сүйек – қожа тұқымынан шыққан Исабек ишан көзі тірісі кезінде әулие атанып, өмірін діни ағартушылық жолына арнаған тұлға. Халық Ақкөлдің әулиелі атануының бірден-бір себебі осы Исабек ишанның бұл елді таңдап, тұрғылықты мекендеуінде деп біледі.

Мәшһүр-Жүсіп мәліметтері бойынша: «Баянауланың бауырында Шақшан деген жерде» Ғайсабек ишан Мұратқожа баласы орнап, дін көтерген. Сарықұсан баласы Қыстаубай абыз бұл Ғайсабек ишанға қызын нәзір қылып берген. Ишанның қырық бес жасында туған Қырықбес мағзұм Қыстаубай абыздың жиені – Малқозы: Басыбектің Сұлтанбегі. Оның үстіне ол кісі һәм қызын нәзір қылып берген. Оны және алған. Оның үстіне Күлік ішінде Күлқожа қызын нәзір қылып берген. Және басқа қыз берушілер де болған. Бұл Ғайсабек ишанға – Бауыр Қанжығалы, Ереймен, Ақкөл, Жайылма, Сілеті бойы, – Омбыдан бергі жер түгелімен мұрид, міхліз (мұхлис – Ә.Ж.) болып, бала болған. Әсіресе, Қарабұжыр, Тентек аса ықылас қойған ел» [5, 335-336-бб.].

Мәшһүр-Жүсіптің «Исабек ишан» жоқтауында: «Өзі – ишан жұрт бастаған, заты – қожа, Сейітзада – нәсілі сондай таза», – делінген. Ары қарай келесі сипаттама келтіріледі:

Атасы Мұрат қожа әулие өткен,
Бұтақтай бірден-бірге келіп жеткен.
Арғы тегін сұраса – Назар ишан,
Тазарып шыққан гауһар асыл тектен.

Туғаннан шариғаттың жолын қуған,
Хақ жолдан талмай, белін бекем бұған.
Табылмас дүррі гауһарым-ай,
Сағадат қандай жақсы күнде туған?!

Пір болып кереметті шыққан жастан,
Данышпан, ақылды еді жұрттан асқан.
Қанша білмес наданды жөнге салып,
Шешманның толып жатқан көзін ашқан.

Мәшһүр-Жүсіп ерекше қасиет иесі Исабек ишанды сипаттағанда «қанша ишан, қанша мұрид шықса-дағы, бәрі де Ишекемнен бір аспады», – деп жазады [6, 275-б.]. Бұл жерде өзі әулие атанған Мәшһүр-Жүсіптің Исабек ишанға берген бағасы, қожа ұрпағының жерленген орнының ерекше қастерленуіне қосымша себеп болды деп айта аламыз.

Жоғарыда сөз болған ескерткіштердің табиғатын, халықтың әулие атанған адамдарға тағзым ету себептерін түсіну үшін, қазақтың мәдениеті мен дүниетанымын терең зерттеп түсінген Ш.Уәлихановтың ойы ерекше құнды. **Ол «Қазақтардағы шамандықтың қалдықтары» атты еңбегінде былай деп жазады:** «Ұлылар мен мықтылар өлгеннен соң да құдіретті, аруақты, ал ұсақ-түйек күйкі тіршіліктің сүйе, күйе де білмейтін пенделері өлгеннен соң да рухсыз, әрекетсіз қалады-мыс. Шыңғыс хан өлгеннен соң да, құдайдай құдіретті, ел табынатын аруақты болған деседі. Қазақтарда аруақты қастерлеу салты қазіргі күнге дейін өз күшінде. Олар басына қауіп төнгенде, мұсылмандардың әулие-әмбиелеріне сыылатын аруағын көмекке шақырады. Өмірдегі барлық сәттілікті аруақтардың көмегі

жебеді деп түсінеді» [7, 174-б.].

Аталмыш ескерткіштер 2020 жылдың жазында «Қазақстанның заманауи мәдениетіндегі қасиетті кеңістіктерді зерттеу» атты ғылыми жоба шеңберінде ұйымдастырылған экспедиция барысында зерттелді. Соңғы жылдары осы үш нышандық қасиетті ескерткіштерге тәу етіп, ем іздеп, жалпы тілек тілеушілердің көптеп келуін байқауға болады. Зиярат етушілер республиканың түпкір-түпкірінен, көрші Ресей Федерациясынан да келіп жатады. Тек қазақ қана емес өзге ұлт өкілдерінің арнайы келіп-кетіп жатқандығы да сирек емес. Өз кезегінде жергілікті басқару органдары сакралдық туризмнің дамуына мейлінше жәрдемдесуге тырысуда. Соңғы жылдары аталмыш кесенелер жаңартылып, тиісті инфрақұрылым дамуда. Бизнесінің қамқорлық жасау мысалдары да бар (жол салып беру, түрлі құрылыстарды тұрғызу). Қазіргі уақытта ескерткіштердің маңында құрбандық шалу, дәрет алу, дұға оқу үшін және т.с.с. жағдай жасалған. Ақылы/тегін қонақ үйлері сол жерде немесе алыс емес қашықтықта орналасқан.

Осы жердегі сакралдық тәжірибелерге келсек, ғибадат рәсімдердің басым көпшілігі сақталған, алайда кейбіріне тыйым салынғанын және кейбір түсініктерге қатысты төпсірлеудің өзгерістерге ұшырағанын байқауға болады. Құрбандық шалу, тілек білдіріп түнеу, күміс (ақша) тастау сияқты дәстүр сақталған болса, керісінше Н.Я.Коншин атаған отпен аластау, ақтық байлау (мата кескіндерін байлау) сияқты ырымдардың біртіндеп жоғалып бара жатқанын байқауға болады. Мысалы, Қоңыр әулие үңгірі алдында бір ағашқа ғана ақтық байланған, ал кесенелердің маңында бұл дәстүр мүлдем байқалмайды. Осыдан 15-20 жыл бұрын далалық экспедициялар барысында байқағандарымыздың негізінде бұл дәстүрдің сол кездері әлі де болса кең қолданыста болғанын растай аламыз. Ол кезде ресми билік тарапынан қызығушылық пен қолдау бүгінгі күндегідей болмады. Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы тарапынан да осындай ескерткіштерге қатысты еш бір ресми позиция анықталмаған болатын. Қазіргі таңда Қазақстан мұфтияты қасиетті орындарды ресми түрде қабылдап жатпаса да, олардың қызмет жасап жатқандарына қарсылық білдірмейді. Алайда, ескерткіштердің шырақшылары арқылы кейбір дәстүрлі түсініктерге өзгерістер енгізіліп жатқаны байқалады. Мысалы, біз әңгімелескен шырақшылардың барлығы ақтық байлау дұрыс емес, ислам дініне жат әрекет деп түсіндіреді. Сонымен қатар, қазіргі уақытта әулиенің рөлі өзгертілгенін байқауға болады. Дәстүрлі қазақ қоғамында әулие дұға-тілектердің орындалуына өзінің септігін тигізеді деп сенген. **Ш.Уәлиханов осы туралы:** «*Мінажат етіп, аруақтардың басына (моласына) барып түнейді, сол жерде құрбандық шалады, өзінің қолы жетпей жүрген көкейкесті арманын өтеуді тілейді, мысалы, баласы жоқтар бала сұрайды. Аруаққа арнап құрбандық шалғанда, қазақтар «аруақтың батасы тие берсін немесе аруаққа бағыштадым» деп айтады*», – деп жазады [7, 174-б.]. Ал, қазіргі уақытта шырақшылар әулие рухы адамдардың тілектерін өзі орындамайды, тек оларды Жаратушыға жеткізуші ретрансляция функциясын атқарады деп түсіндіреді [8]. Бұл жерде ежелгі наным-сенімдердің ресми ислам түсініктеріне бұрынғыдан да тығыз іріктірілуі, ал қасиетті атанған нысандарға қатысты өзіндік бір компромистік шешім қабылданғандығы байқалады.

Қорыта келсек, Ертіс-Баянаула өңірінің нышандық қасиетті ескерткіштерінің соңғы жылдары халық арасында танымалдылығы күн санап артып келеді. Бұл жағдай халықтың өзінің төл дәстүріне бет бұрғандығы және ресми билік, ғалымдар мен өлке-

танушылар тарапынан белсенді насихат жұмыстары жүргізілуінің нәтижесі деп айтуға болады. Ғылыми және идеологиялық маңызы зор бұл тақырыптың зерттелер тұстары әлі де болса көп және болашақта жалғасын табады.

РЕЗЮМЕ

Знаковые сакральные памятники региона Ертыс-Баянаул

Асет ЖАНИСОВ,
доцент Евразийского национального универси-
тета им.Л.Н.Гумилева, кандидат исторических наук.

В статье рассматриваются расположенные в регионе Ертыс-Баянаул (Павлодарской области), имеющие среди населения республики широкую известность сакральные памятники – пещера Конаыр аулие, мавзолеи Машхур Жусупа и Исабек Ишана. На основе письменных источников и полевых этнографических материалов предпринимается попытка раскрыть причины сакрализации данных памятников. Кроме того, приводится описание сакральных ритуалов, имевших место в прошлом и практикующихся в настоящее время.

Ключевые слова: сакральные памятники, сакрализация, Конаыр аулие, мавзолей Машхур Жусупа, мавзолей Исабек ишана, паломничество.

Iconic sacred monuments of the Yertys-Bayanaul region

Asset ZHANISSOV,
Associate Professor of the L.N.Gumilyov Eurasian
national University, Candidate of Historical Sciences

The article examines the sacred monuments located in the Ertys-Bayanaul region (Pavlodar region), which are widely known among the population of the republic - the Konyr aulie cave, the mausoleums of Mashhur Zhusup and Isabek Ishan. On the basis of written sources and field ethnographic materials, an attempt is made to reveal the reasons for the sacralization of these monuments. In addition, a description of the sacred rituals that took place in the past and are practiced at the present time is given.

Key words: sacred monuments, sacralization, Konyr aulie, mausoleum of Mashhur Zhusup, mausoleum Isabek Ishan, pilgrimage.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы.** Шығармалары. 20 томдық шығармалар жинағы. 6-том. – Павлодар: ЭКО, 2013., 484 б.
2. **Лич Эдмунд.** Культура и коммуникация: Логика взаимосвязи символов. К использованию структурного анализа в социальной антропологии. Пер. с англ. – М.: Издательская фирма «Восточная литература». РАН, 2001. 142 с. (Этнографическая библиотека).
3. **Коншин Н.Я.** От Павлодара до Каркалинска // Коншин Н. Я. Труды по казахской этнографии. 2-е изд., доп. – Астана, 2007. – Т. 7. – С. 5–65. – (Библиотека казахской этнографии).
4. **Чокин Ш.** Четыре времени жизни: Воспоминания и размышления /Лит. Запись Б.Ахметова. – Алма-Ата: Балауса, 1992. – 336 с.
5. **Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы.** Шығармалары. 20 томдық шығармалар жинағы. 9-том. – Павлодар: ЭКО, 2013., 468 б.
6. **Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы.** Шығармалары. 20 томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Павлодар: ЭКО, 2013., 520 б.
7. **Шоқан Уәлиханов.** Қазақтардағы шамандықтың қалдығы. Аударған Самат Өтениязов// Шоқан Уәлиханов. Таңдамалы. - Алматы. «Жазушы», 1985 ж.
8. Автордың далалық материалдары: 2020 жылы «Қазақстанның заманауи мәдениетіндегі қасиетті кеңістік: дәстүр мен жаңашылдық (ЖТН №BR 06449588)» жобасы аясында Павлодар облысына ұйымдастырылған экспедиция нәтижелері.

ӨОЖ 94(574)

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ БОЙЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ: отырықшы мәдениет пен ортағасырлық қалалар мәдениеті


Дарын ҚАСЕНОВ,
І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік
университетінің 2-курс магистранты,
Қазақстан, Талдықорған қаласы

Ұлы Жібек жолы бойындағы Жетісуда ортағасырлық отырықшы және қала мәдениетінің дамығандығы туралы жазба деректемелер мен археологиялық қазба жұмыстары растайды. Қоныстар мен қала жұрттарын зерттеу нәтижесінде Жетісуда VIII-XIII ғғ. қала мен отырықшы мәдениетінің дамығандығы анықталды. В.В.Бартольдт өз еңбегінде: «отырықшы мәдениеттің Жетісуда дамуы соғдылықтардың отарлауы арқасында пайда болған»,— деген дерек келтіреді. А.Н.Бернштам Жетісудағы отырықшы мәдениет ескерткіштерін соғдылықтарға, ал көшпелі мәдениет ескерткіштерін түріктерге жатқызса, С.Г.Кляшторный Жетісудағы соғды қалаларының федерациясы жайлы жазып, олардың саяси және экономикалық дербестігіне ерекше көңіл аударды. Жетісудағы қала мәдениетінің шығуы туралы миграциялық тұжырымдамадан басқа оған қарама-қарсы автохтондық тұжырымдама да кездеседі.

Г.И.Агееваның пікірінше: «Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу өңірі «Соғды мен Хорезмнің отарлық нысаны болған жоқ, олар Орта Азия халықтарының тарихи және экономикалық өмір-тіршілігінде маңызды рөл атқарған ерекше экономикасы мен мәдениеті дамыған дербес өңірлер болған»,— деп жазып кетеді [1,179-6.]. Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан Жетісудың ортағасырлық қалалары туралы жазба деректерде жаңа қалалар санының арта түскендігі туралы мәліметтер кездеседі. Жазба деректерде бұрын 21 қала орны аталса, кейіннен 26 қала аталады [1,467-6.]. Талас аңғарында жаңадан қалыптасқан Жікіл, Балү, Шөлжі, Такабкет, Көл, Кенжек қалалары есебінен артып отырды. Шу алабындағы Баласағұн астанаға айналды. Қалалардың орталық қираған жұртының көлемі бұрынғы күйінде қалған, оның есесіне ұзын дуалдар ішіндегі құрылыстар неғұрлым тығыз бола түседі, онда тұрғын үйлері бір-біріне қаратылып тұрғызылған және ауласы жүйелі түрде жоспарланған усадьбалы учаскелер қалыптасады. Бұлайша жоспарлау қазіргі құрылыс аз жүргізілген Ақтөбе, Степнинское, Төлек және Сретинское қала жұрттарында сақталған. Ертедегі орта ғасырларға арнап жасалған қала жұрттарының типологиясы бойынша Табабет пен Сус (Талас Ақтөбесі және Шалдобар қалаларының жұрттары), сондай-ақ Кенжек, Сеңгір және Шелже орта-

ша қалаларға жатады. Сірә, Шелже ең алдымен әкімшілік орталық болған секілді, өйткені мұнда оның қолөнер, сауда сынды функциялары дами қойған. Ортағасырлық Жетісуда IX-XIII ғасырлардың басында қала мәдениетінің жаңа ауданы қалыптасты. Егер IX-X ғасырларда Жетісудың бүкіл аумағында 10 қала ғана болса, XI-XIII ғасырлардың басында олардың саны 70-ке дейін көбейген.

X ғасырдағы деректер Іле аңғарының сол жағалауында орналасқан екі қала – Талхиз (Талғар) және Лабан қалалары туралы хабарлайды [2,456-б.]. Ортағасырлық авторлардың жазба деректеріне қарағанда XI-XIII ғасырлар кезінде 4 қала мен 6 ірі қалашықтар болғандығы айтылады. Жетісудың барлық қала жұрттары «төрткүл» немесе «цитадельсіз»



Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан Жетісудың ортағасырлық қалалары (VIII-XIII) ғғ.

аталатын үлгіге жатады. Тік бұрыш, трапеция түрінде жоспарланған немесе дөңгелек болып келеді, жалпы жер бетінен сәл дөңестеніп тұрады және барлық жағынан бұрыштары мен бойында мұнаралары бар дуалдармен қоршалған. Негізінен дуалдардың ортасына орналасқан бір, екі, үш және төрт қақпасы болады. Төрткүлдердің аумағы әр қилы болып келеді, қабырғасының ұзындығы 260 метрден 1 км-ге дейін жеткен [1,189-6.].

XIII ғасырдың 1218-1219 жылдарында моңғол шапқыншылығы кезінде Жетісу жеріндегі көп қалалар қираудан аман қалды. XIII ғ. II жартысында I

Гетум, Плано Карпини және Гильом Рубруктың жазба деректерінде Екіоғыз (Эквиус), Қойлық (Кайлак), «облыс астанасы» – Көктұма қалашығы, Алматы – Алматы 1 қалашығы, Талхир (Талғар) – Талғар қалашығы, Ілебалық ірі қалалар ретінде айтылған. Бұл қалалар Ұлы Жібек жолы бойындағы орналасқан ең басты сауда орталықтары болған. Бірақ Моңғол империясының құрамына кірген бұл қалалар бірінен кейін бірі құлдырай бастайды. Моңғол шапқыншылығы кезінде Жетісудағы қарлұқтар астанасы Қаялық қалашығы өз еркімен берілген. Жетісудың ортағасырлық қалалары XIII ғ. II жартысында дамыған қалалардың біріне айналады. Олар Екі-оғыз (Эквиус), Қаялық (Қайлак), Ілебалық – «облыс астанасы» Көктұма, Алакөл маңында шоғырланған ортағасырлық қалалар болатын. Іле өзені бойында орналасқан Алмалық және Иланбалық (Ілебалық) қалалары Гайтон, Плано Карпини, Гильом де Рубрук, Чань Чуньның жазба деректерінде кездеседі.

Археологиялық материалдар негізінде кең көлемді жүргізілген қазба жұмыстары кезінде ортағасырлық қалалардың Дүнгене, Антоновка қалаларының бірдей дамығандығы анықталды. Қорытындылай келе, Жетісу аймағында IX – XII ғғ. көшпенділердің жер аумағы шектеліп, көш жолдары қалыптасты, тұрақты қыстаулар мен жайлаулар орнығып, егіншілік пайда болды, отырықшы кедейлер тобы бөлініп, жекелеген рулық топтар отырықшылыққа көше бастады. Ұлы Жібек жолы бойындағы Жетісуда әкімшілік және қолөнер, сауда, мәдениет орталығы ретінде қалалар салына бастады. XIII ғасырдың II жартысында Моңғол шапқыншылығы салдарынан Ұлы Жібек

жолы бойында орналасқан Жетісудың ортағасырлық қалалары біртіндеп құлдырай бастайды. Оған басты себеп болған отырықшы мәдениетінің құлдырауы болды. Іле алқабында орналасқан Талғар (Талхиз), Алмалық қалалары өмір сүруін жалғастыра берді.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается локализация средневековых городов Семиречья по Великому шелковому пути, формирование и развитие поселений. На основании письменных источников и археологических материалов рассматривается монгольское нашествие, судьба городских и оседлых культур во времена Монгольской империи.

Ключевые слова: великий шелковый путь, города, локализация, оседлость, культура.

In the article considered medieval cities of Zhetysu location in the Great silk way. Based on written sources and archaeological materials in the Mongol invasion, the fate of urban and settled cultures during the Mongol Empire are considered.

Keywords: the great silk way, cities, localization, settlement, culture.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Байпақов К.М., Таймағамбетов Ж.Қ., Жұмағамбетов Т. Қазақстан археологиясы: Оқу құралы/Жалпы ред. басқ. Д.С.Байгунаков.- Алматы: Қазақ университеті, 2006.-294 б.

2. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінгі дейін). Бес томдық 1-том. – Алматы: Атамұра, 2010. -544 бет.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АГРАРЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР (XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басы)

Айнұр ҚАЛЫБАЕВА,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік
университеті тарих және дінтану кафедрасының
аға оқытушысы, тарих ғылымдарының магистрі

XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ даласындағы егіншілік, аграрлық қатынастар және патшалықтың қоныстандыру мәселелері орыс зерттеушілері, чиновниктері және т.б. еңбектерінде империяның отаршыл саясатына сай қарастырылды. Бұл туралы ең әуелі Л.Мейер жазды. Еңбекте Орынбор өлкесіндегі қазақтардың арасындағы жер өңдеу, оның тәсілдері және көлемі жөнінде мәліметтер келтірілген. Автор қазақ даласындағы егіншілікті қарапайым егіншілік және суармалы егіншілік деп екіге бөледі. Қарапайым егіншілікпен негізінен даланың солтүстік бөлігінде, шепке жақын жерлерде айналысқан. «Алайда бұл аймақтарда жаңбыр жаумай, құрғақшылық болған жылдары егін шықпай, еңбек далаға кетеді», – деп жазады [1; 101-б.]. Сонымен бірге, мұнда бидайдың әр түрінен жыл сайынғы түсім 9,500 десятинадан жарты миллионға жуық пұт екендігі анықталған. «Көрсетілген бір миллион пұт егіннің үш жүз мыңы тары, осындай көлемде бидай, қалған бөлігі арпа мен сұлыға тең бөлінеді», – дей келе, қазақ даласындағы қарапайым тәсілмен егін егіп, жер өңдеу туралы ойын былай түйіндейді, – бұл жерде егіншілікке талпынысты сәтсіздік деп есептеуге болады. Мұның себебі елді-

мекеннің ыңғайсыздығы, мекендеушілердің өздерінің еріншектігі мен бұл іске қырсыздығы» [1; 102-104-бб.].

Көшпелі қазақ қоғамын зерттеген П.П.Румянцев қазақ даласын орыс қоныстанушылары арқылы отарлау қазаққа түбегейлі прогрессивті өзгерістер әкелгенін айтады. Ол отарлау себебінен қазақтар арасында жер өңдеумен айналысатындар санының ұлғайғандығы туралы былайша негізсіз пікір білдіреді: «Даланы орыс қоныстанушыларымен отарлау және сауданың тез дамуы, темір жол желілерінің салынуы қырғыздардың шаруашылық өміріне түбірлі өзгерістер әкелді. Бір кездері натуралды мал шаруашылықты-көшпелі шаруашылығы біртіндеп жаңа форма-мал шаруашылықты және отырықшы жер өңдеушілікке көшетін тауарлы-ақша формасына айналды. Сонымен бірге капиталистік қатынастар да дамуда, және қырғыз халқы ескі рулық ортақ ештеңесі жоқ және феодалдық-сословиелік болып жаңа экономикалық топтарға бөлінуде» [2; 36-б.]. Сондай-ақ барлық шаруалардың 33,1 пайызы кәсіпшілікпен айналысады. Сонымен, мал шаруашылығы қырғыздардың басты шаруашылығы мен өмір сүру көзі болып қалып отыр, ал егіншілік пен кәсіпшілік қосалқы: орта есеппен бір

шаруашылыққа ірі қараға шаққанда 20,8 мал басы келеді. Щербинаның зерттеулері бойынша, «қазақ даласының әлі де болса күрделі емес қажеттіліктерін қанағаттандыратын нормаға (24 бас) бұл мал басы саны жақындайды. Алайда мал шаруашылығының таза көшпелі түрінен айырылған болатын. Жатақтардың, яғни мал жетпей көше алмайтын және шаруашылық жағынан әлсіздер небәрі 4,3 пайыз құрайтыны анық, қалған шаруалар өз отарларымен көшіп жүреді, бірақ көшу уақытында жылына бес ай-мамыр-қыркүйекте болады. Қалған уақытында қырғыздар жылқы мен қойдан басқа малды ұстап қыстауда отырықшы өмір сүреді» [Сонда, 37-38-бб.].

Г.Гинстің 1913 жылы шыққан қоныстандыру мен отарлау мәселесіне қатысты екінші шығарылымында отарлардағы жер саясаты, отарлаушылар мен жергілікті халықты жермен қамтамасыз ету мәселесі көтеріледі. «Отарлардағы жер саясаты айтарлықтай күрделі және ол мынадай мәселелерге бөлінеді. Біріншіден, жергілікті халықты жермен қалай қамтамасыз ету. Екіншіден, отарлаушыларға жерді қандай негізде бөлу керек? Үшіншіден, отарлаушыларға қандай жерге деген құқық беріледі. Төртіншіден, мемлекеттің құзырында қандай құқық сақталады? Бесіншіден, отарлауға жер айналымының қандай формасы ыңғайлы. Жергілікті халықты жермен қамтамасыз ету күрделі де өткір. Әлеуметтік тұрғыдан алғанда жер байырғы тұрғындар мен алғашқы отарлаушылар арасындағы қайшылықтың себебі екенін аңғару қиын емес. Сонымен, қарама-қарсы мүдделерді татуластырып және өз жерін сақтаушыларды да оны алушыларды да ренжітпейтіндей етіп, жер саясатын жүргізу қажет, – дей келе, оны шешу үшін отарлаушылардың мүддесі тұрғысында мынадай ұсыныс айтады: – сонымен, жергілікті халықтың жерге деген мүддесін сақтаудың ең жақсы формасы оларды жерге орналастыру. Ол үшін мынадай екі шараны қолдану қажет. Біріншіден, тұрақты, отырықшы үлес деп аталатын жерге көшпелілерді барынша кеңінен орналастыруды дамыту. Екіншіден, қоныстанушы учаскелер құруда шығындар үшін көшпелілерге сыйақылар беріп, жаңадан орналасу үшін оларға көмек көрсету керек» [3; 7-15-бб.]. Бұдан байқайтынымыз автор қоныстандыру саясаты барысын жеңілдету, қазақтардың жерін алуда кездесетін кедергілерді, жергілікті халықтың өзіне отырықшы ретінде жер бере отырып жоюды көздеген.

Дала облыстарындағы аграрлық мәселе мен патша өкіметінің қоныстандыру саясатын патшалық-чиновниктік концепциясы тұрғысында қарастырған авторлардың бірі А.А.Кауфман болды. Автор еңбектерінде қазақ даласына орыс шаруаларын, оның ішінде жаңа жерге бейімделуі оңай ауқатты шаруаларды қоныстандыру қажет екендігін көрсетеді. «Себебі, – дейді автор, – жаппай қоныстандыру қоныстанушыларға да жергілікті тұрғындарға да пайдасы жоқ». Дегенмен, ол қоныстандыру саясатын Ресейдегі аграрлық мәселені шешудің жолы деп есептемей, аграрлық шиеленісті жою үшін жерлерді мемлекет пайдасына алу қажет деп есептейді [4].

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ ағартушы демократтары да патша өкіметінің отарлау саясаты, қоныстандыру, қазақтардың отырықшы тұрмысқа көшу жағдайлары туралы мәселелерді көтерді. Сол кездегі белгілі қазақ ағартушысы, педагог Ыбырай Алтынсарин қазақ халқының көшпелі тұрмыстан отырықшы өмір салтына өтуі, қазақтар арасындағы егіншілік мәдениеті туралы жазбаларында қазақтардың көшпеліліктен еріксіз түрде оты-

рықшылыққа, егін егуге көшуінің ауыр салдары болатынын, оған табиғи жолмен біртіндеп көшу қажеттігі туралы жазды. Ы.Алтынсарин «Қазақ даласындағы аштық туралы» атты мақаласында: «Шынында да дала адамдарының қалыпты өмірін жасанды түрде төңкеруге кіріспес бұрын бұл халықты, оның өмірін танып білу әлдеқайда ақылдырақ болар еді. Он бес жыл бұрын қазақ облысының уездерінде бірде-бір жер үй болмап еді. Біздің тура көз алдымызда қазақтар өздеріне қысқа арнап жылы киіз үйлер тіге бастады, яғни киіз үйге шойын немесе темір пештер орнатты, одан кейін жер кепелер мен шым үйлер салуға кірісті, ал қазір тіпті бірнеше бөлмелік тәп-тәуір үйлер салуда. Қазіргі кезде қазақта жер кепе немесе үйдің болмауы сирек кездеседі, арагидік қыстамаларда тұтас шағын деревнялар пайда болуда» [5; 166-167-бб.].

XX ғасыр басындағы қазақ халқының басынан кешірген қасіретін, патша өкіметінің отарлау саясатын Жиһанша Сейдалинде «Қазақ» газеті беттеріндегі мақалаларында көтерді. Патша өкіметінің қоныстандыру саясатының нәтижесінде күйі кеткен қазақ елі, талан-таражға түскен қазақ жері туралы: «қазақ халқы азып-тозып барады: жердің жақсысын мұжық алды; жаманы да қазақ пайдасына қалмайды. Үкімет мұжықтан қалған жерді арендаға сатайын деп жатыр. Кешікпей бұл заңоны да шықса керек. Аз да болса 15 десятинадан жер алып жатқан бауырларымның не боларына көзім жетпейді, жаным ашиды. Бұларды бытыратып мұжық болыстарына қосақтады. Бұл қосақтау бірінші февралда басталады. Қостанай уезі, Сарыой болысының 1 ауылы мұжықтың болысына кіргізіледі. Суды, хакімі мұжық болса, тіл білмесе, алым-салым үш есе көбейсе, мұжықтан теңдік ала алмаса бұл қала салған қазақтың да күні қызық болмас», – деп жазады [6; 52-б.].

Сонымен, XIX ғасырдың екінші жартысы XX ғасыр басындағы қазақ өлкесіндегі аграрлық мәселе аталмыш кезеңде кеңінен көтерілді. Аталмыш мәселеге қатысты арнайы ғылыми-зерттеу жұмыстары болмаса да, патшалық-чиновник тарихнама өкілдері мен қазақ зиялылары бұл тақырыпты барынша талдап, қоғамдық пікірді қалыптастырды. Патшалық-чиновниктік тарихнама өкілдері Г.Гинс, А.Алектров және т.б. патшалықтың қоныстандыру, аграрлық саясатының отаршыл мәнін елеп-ескермеді.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается сельское хозяйство, аграрные отношения и расселение царства в казахских степях во второй половине XIX века.

The article examines agriculture, agrarian relations and the settlement of the kingdom in the Kazakh steppes in the second half of the 19th century.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Л.Мейер. Казахская степь Оренбургского ведомства. Астана: Алтын кітап, 2007. -193 с.
2. Румянцев П.П. Киргизский народ в прошлом и настоящем. СПб, 1910.
3. Гинс Г. Переселение и колонизация. Выпущ 2. Земельная политика в колониях. СПб, 1913 -65 с.
4. Кауфман А.А. Переселение и колонизация. СПб, 1905; Материалы по вопросу об оброзованию переселенческих участков в степных областях. СПб, 1897.
5. Ы.Алтынсарин. Таңдамалы шығармалары. –Алматы: Ғылым, 1994.-288 б.
6. «Қазақ» газеті. Бас редактор Ә.Нысанбаев.-Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1995. -367 б.

ШОҚАН УӘЛИХАНОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІ: Ұлы дала халқының рухани-мәдени мәселелері

Аурика СЕРУБАЕВА,
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік
университеті тарих, құқық және кәсіпкерлік
кафедрасының меңгерушісі, PhD доктор

Шоқан Уәлиханов зерттеулерінде қазақ халқының рухани-мәдени мәселелеріне жеткілікті дәрежеде тоқталған. Ғалымның балалық шағы қазақтың тарихы мен мәдениетіне бай ортада өтті. Ол халық арасында кең таралған қазақтың аңыз-әңгімелерін, жыр-дастандарын, ертегілерді, ән-жырларды естіп, бойына сіңіріп өсті. Уәлиханов көшпелі халықтан шыққандықтан оның ерекшеліктерін жақсы білді, көшпелі қоғамды отырықшы қоғамнан жоғары қойды. Ол зерттеулерінде өркениет сөзін қолданбайды. Алайда, зерттеулері арқылы Ұлы Дала халқының ғасырлар бойы қалыптастырған, тұрмыс-тіршілігін, салт-санасын, діні мен ділін өркениет дәрежесіне жеткізеді. Ғалымның халық ауыз әдебиетіне ерекше көңіл аударуының бір себебі сонда жатыр. Кеңес өкіметі ауыз әдебиетіне көңіл бөлмей, оны керісінше бүркемелеуге тырысты. Өйткені, ауыз әдебиеті халықтың тарихы, тыныс-тіршілігі, мәдениеті, ұлттық ділі мен жады екенін жақсы түсінді. Шоқан халықтың өткен өмірі, тарихы осы ауыз әдебиетінен шығатынын жақсы түсінді. Әсіресе, шежіренің тарихи маңызы зор екенін пайымдап, шежіренің деректік негізіне айрықша көңіл бөлді. Шежірені ауыз әдебиетінің ең биік жетілген түрі ретінде жоғары бағалады. Мәселен, батырлық жыр-дастандар, эпостар, махаббат лирикалары отырықшы қоғамда ондап саналатын болса, көшпелі қоғамда жүздеп саналған.

Әлемде эпос қалыптастырған халықтар саусақпен санарлық. Батыста гректерде «Иллиада» мен «Одиссея», Шығыста үнділерде «Махабхарата» мен «Рамайна». Шығыс Еуропада «Үлкен Этта», «Кіші Этта», «Каллевалла» атты құранды эпостар бар. Эпостық жырлары бар елдер осылар ғана. Орыс халқының «Игорь жорығы туралы жыры» небары 8 беттен тұрса, бір ғана «Алпамыс батыр» эпосы 800 бетті құраған [1, 48-49-б.]. Эпос – соны қалыптастырған елдің этникалық әлеуетінің нәтижесі. Демек, **Еуразияның ұлы даласындағы бабаларымыз сөз өнерінің асқақ биігін туындатқанын байқаймыз.**

Академик Б.Е.Көмеков көшпелі қоғамның ерекшеліктері туралы өзінің терең ғылыми-теориялық ойын былайша жеткізеді: «Ұлы дала халықтары мен тайпаларының басым түрде мал шаруашылығымен шұғылдандуы және жағрапиялық ортаның әсері дала өркениетінің дамуына, көшпелі мемлекеттіліктің өзіндік ерекшеліктерінің қалыптасуы мен көшпелі мемлекеттердің құрылуына алып келді. Көптеген ғасырлар бойы көшпелі мемлекеттілік дәстүрі қалыптасты. Ол саяси басқаруда, шаруашылық және рухани мәдени өмірде, өнеге мен тәртіп нормаларынан орын алды.

Көшпелі мемлекеттіліктің негізгі ерекшелігі көпшілік жағдайда ру-тайпалық жүйемен тығыз байланысты» [2, 3-4-б.]. Осы жерде Б.Е.Көмековтың тұжырымы Ш.Уәлихановтың ойына саяды. Шоқан көшпелі халықтардың тарихын зерттеуде негізінен көшпелі қоғамның ерекшеліктеріне баса назар аудара отырып, кешенді түрде зерттеді. Соның нәтижесінде Шоқанның еңбектері мейліше өзінің нақтылығымен, ғылыми дәлдігімен бүгінгі күнге дейін өзекті болып отыр.

Уәлиханов «Қырғыздар туралы жазбалар» атты зерттеуінде қазақ және қырғыз сияқты көшпелі жазу мәдениеті аз сақталған, алайда олардың өткен тарихы көшпелі халықтарға ғана тән атадан-балаға ауызша тарап отырған халықтардың тарихын зерттеуде, олардың төл шежірелері мен аңыз-ертегілерін, жыр-дастандарын негізгі дерек ретінде пайдаланды. Ғалым осы мәселе жөнінде: «Көшпелі халықтың жазуы-сызуы болмағандықтан жалпы халықтың тарихы фактілерге емес, бәрінен бұрын олардың ертегі тәрізді аңыздарына негізделген. Өздерінің батырларының батырлық іс-әрекеттері мен халық арасындағы маңызды оқиғалар туралы аңыздарды жырға айналдырып кейінгі ұрпаққа отбасындағы естелік әңгіме тәрізді айтып жеткізіп отыру барлық көшпелі тайпаларға тән сипат. Аңыз айтушылардың құрметтілері – сол аңызды сол қалпында жеткізушілер болып табылады» [3, 50-б.] деп ойын білдірді.

Ағылшын зерттеушісі Пол Томсон жазба деректердің де өзіндік кемшілігі болатынын атап көрсете отырып: «Ауызша тарих түбегейлі өзгерістердің құралы болмауы мүмкін; алайда бәрі қолданылуына байланысты. Соған қарамастан, ауызша тарих тарихтың мәні мен мазмұнын, сонымен бірге мақсатын да өзгертуі мүмкін. Ауызша тарих көмегімен тарих ғылымының зерттеу тәсілін өзгертуге, оқытушы мен оқушы, аға ұрпақ пен жастар арасындағы кедергілерді, білім беру орындары мен сыртқы әлем арасындағы алшақтықты жойып, ... бар мүмкіндігінше ашық айтуға мүмкіндік береді» [4, 99-100-б.] деген пікір білдіреді.

Ғалым-тарихшы М.А.Алпысбес шежіре туралы тұжырымын былайша дәйектейді. Шежірелер этностың санасында қалыптасқан өткен тарихты түсіну жүйесін, өркениетті тұтас қабылдау ретін көрсетеді. Түрік халықтарына тән шежіре дәстүрі мәдениеттік феномен болғандықтан, феноменологиялық ізденіс тұрғысынан зерттеуде дәстүрлі мәдениет құбылыстарын нақтылы талдау мүмкіндігі туындайды.

Шежірелер ішкі жүйесінде зерттеуші көзіне институционалдық тарихи құбылысты елестету арқылы жеке көшпелілер қоғамы мен мемлекеті тарихында орын алған фактілер мен оқиғаларда алдағы зерттеушілердің осыған дейін қаншалықты субъективті жазғанын айқын көрсетеді [5, 60-6.].

Қазақ халқының ауызша тарихын алғаш рет зерттеп, оған ғылыми тұжырымдар жасаған Ш.Уәлиханов болатын. Ғалым өзінің зерттеулерінде халықтың тарихи санасына қатысты мәселелерді талдауда «халық жады» деген сөз тіркестерін жиі қолданды. Ол «Қазақ шежіресі» зерттеуінде: «... Ата-бабаларының ерлігі туралы тарихи жыр-дастандарға дегенде, халықтың сүйіспеншілігінде шек жоқ, соншалықты мол мұраны ауыздан-ауызға жазбасыз, баспасыз, алып даланың бір шетінен екінші шетіне жеткізіп, ғасырлар бойы ойда сақтау, олардың суырып салма ғажап қабілетінің көрінісі болса керек. Көне жыр-дастандардың сол бәз қалпында, ұшы-қиыры жоқ даланың бір шетінде айтылатын шығарманың оқиғасы боздаланың екінші бір шетінде айна-қатесіз қайталануы таңдандырмай қоймайды. Көне түркі салт-сана, әдет-ғұрыптың қаймағы бұзылмаған қазақтарда, өмірдің бар саласын қамтитын оқиғалармен байланысты адам аттары, жер-су аттары, т.б. есте сақталып, атадан-балаға жалғасып жатады», – деп жазды.

Ғалым шешірілік аңыздарды маңызды деп санаған. Онда рулардың тұрмыс-тіршілігі, салт-санасы, наным-сенімі, тұрғылықты жері, рулық құрамы туралы деректер жақсы сақталған. Орыс шығыстанушылары мен этнографтары қазақ халқының аңыз-ертегілері мен мақал-мәтелдерін жинап, зерттеген. Солардың бірі А.И.Левшин болды. Шоқан өзінің «Қазақ шежіресі» еңбегінде мынадай қазірдің өзінде еліміздің зерттеушілері назар аударар бермейтін, маңызды ескерту жасайды. Ол: «Левшиннің «Описание киргиз-казахских орд и степей» атты еңбегінде келтірген аңыздары қазақ арасында тіпті жоқ. Қазақтар еш уақытта орыстарға өздерінің аңыз-дастандарын айтпай, әрқашан оларды ойдан шығарып, керісінше бұзып айтады» [3, 172-б.] дейді. Бұдан шығатын қорытынды патшалық Ресей зерттеушілерінің қазақ халқы арасында тараған аңыз-ертегілері мен мақал-мәтелдері туралы зерттеулеріне сыни көзбен қарау керек екеніне баса назар аударып отыр.

Этнолог-ғалым Ж.О.Артықбаев: «Қазақстандық отан тарихының маңызды міндеттерінің бірі Ұлы дала тарихы туралы ұлан-ғайыр деректердің қазынасы ұлттық дерек көздерін, соның ішінде шежірені зерттеу. Шежіредегі тарихи ақпаратты жүйелей келе, біз ұлттық тарихтың нақты тұжырымдамасына қол жеткіземіз. Дәстүрлі қоғамдарда білімді немесе тарихи деректерді бір ұрпақтан екіншісіне жеткізіп отыратын ең көп тараған амал ауызша дәстүр екені белгілі. Бүгінгі күні Батыс ғылымы қабылдаған «ауызша дәстүр» ұғымы әлі де нақтылауды қажет етеді және практика көрсеткендей әр түрлі мазмұнға ие болды» [6, 27-б.] деп тұжырымдайды. Бұдан шығатын қорытынды ұлттық төл деректерімізді зерттеп-зерделеу, оны ғылыми айналымға енгізу бүгінгі отандық тарих ғылымының өзекті мәселелері қатарына жататынын айғақтап отыр.

Еуропалық ғылымда ауызша тарихи дәстүрді ғылыми сараптау және оны жазба дәстүрлері жоқ халықтардың тарихын жазуда қайнар көз ретінде

қолдану талпыныстары ХХ ғасырдың басында бас-талды. Бұл әрекеттер өз кезегінде тарихтың осыған дейін даму нәтижелеріне сүйенді, тарих қашанда жеке ғылым саласы ретінде тарихи аңыздарды, эпикалық немесе лиро-эпостық жырларды, мифтер мен әртүрлі әңгімелерді белсене пайдалануға негізделді [6, 28-б.].

Ш.Уәлиханов қазақ халқының ауызша тарихын зерттеуде терең теориялық ізденістер жасады. Шоқан қазақ даласының әр қиырынан жинақталған тарихи аңыздар мен эпикалық жырларды салыстыра зерттеген уақытта нұсқалардың таң қаларлық ұқсастығын және керемет дәлдігін атап өтеді [6, 32-б.]. Ғалымның әлі күнге дейін өзектілігін жоймаған қазақтың этникалық тарихына қатысты пікірлері ауызша тарихқа ерекше назар аударғанының нәтижесінде дүниеге келгені дау туғызбайды.

Шоқан Уәлиханов қазақ халқының рухани мәдениетінің діңгегі болып табылатын аңыз-әңгімелерді ерекше ықыласпен жинап, зерделеген. Ғалымның ғылыми мұрасындағы негізгі мәселелердің бірі болып табылатын қазақтардың шығу тегі және қазақ халқын құраған ру-тайпалардың құрамы мен рөлі туралы еңбектерінің маңызы зор. **Оның қазақ халқының негізін құраған үш жүздің пайда болуы туралы еңбегі қызықты.** Мәселен, ғалым «Ұлы жүз қазақтарының аңыз-әңгімелері» атты зерттеуінде «Ұлы жүздің қазақтары өздерінің тегін моңғол халқы үйсіндерден таратады, түп атамыз деп Шыңғысханның замандасы Майқы биді санайды», – дейді. Шоқан қазақтардың өздерінің шығу тегі жайлы және үш жүзге бірігуі жайлы түсініктері әртүрлі және бұлыңғыр екенін атап өткен.

Ғалым қазақ халқының пайда болуы туралы аңыздарды екіге бөліп қарастырған. Біріншісі, ислам дінін қабылдағанға дейінгі аңыз-әңгімелер; **екіншісі,** исламды қабалдағаннан кейінгі аңыздар. Шоқан бала күнінен әртүрлі жырларды жазып алып, оларды ата-анасына оқып беріп жүрді. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Ер Көкше» жырларының бірнеше нұсқасын жазып, кейінірек оларды Н.Ф.Костылецкийге тапсырған. Уәлиханов ғылыми айналымға халық ауыз әдебиетінің үлгілерін тұңғыш рет тарихи дерек ретінде енгізді. «Едіге», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Манас» жырларын жазып алып, оларға жоғары баға берді. Ғалым аңыз-ертегі, мақал-мәтелдерді жазып алумен ғана шектеліп қоймай, олардың мазмұны мен маңызы туралы терең ғылыми тұжырымдар жасады. Халықтың этнографиялық материалдарына сүйене отырып, біз ақиқатты тікелей ашпағанмен, сол ақиқаттың кейбір құнды жақтарын түсінуге мүмкіндік аламыз деп жазды [7, 4-б.].

1841 жылы Шоқан Уәлиханов Жұмағұл ақыннан «Едіге» жырын естиді. Жырдың ең ескі нұсқасын Жұмағұл Шоқанның әкесі Шыңғысқа сыйлайды. Осылайша Шыңғыста бұл тарихи жырдың үш нұсқасы болған. Осы үш нұсқаны біріктіріп, Шоқан мен Шыңғыс жырдың толық бір нұсқасын жасайды. Ал, Ахмет Жантұрин оны таза қағазға түсіреді [8, 13-б.].

Ш.Уәлихановты бұл жырдың XV ғасырға жататыны қатты қызықтырды. Ол: «Едіге, Тоқтамыс хан мен Ақсақ Темір тарихта болған адамдар. Бұл халық аңыздарымен ғана емес, сонымен қатар жазба деректермен дәлелденеді. Ибн Арабшахтың айтуынша Едіге Ақсақ Темірдің ең үлкен жауының бірі болған. Халфиннің хрестоматиясында қазан татарларының аңызы бойынша құрастырылған Едігенің шежіресі бар», – деп жазады [9, 224-б.]. Ғалым «Едіге» жыры XIV ғасырдың соңына жатады, ал жыр XV ғасырда қалыптасқан деген тұжырым

жасайды. Мұны ғалым жырда көптеген көне сөздер мен сөз тіркестерінің кездесетінін және онда бірде-бір парсы немесе арап сөздерінің жоқ екенінен топшылайды.

Ш.Уәлиханов Қозы Көрпеш – Баян сұлу кешенін, онда тұрған мүсін тастарды тереңірек зерттеген. Ғалым 1856 жылы Ыстықкөлге саяхатқа бара жатып, Қозы Көрпеш кешенін суретке түсірмекші болады. Алайда ауа-райының қолайсыздығына байланысты оның реті келмейді. Мүсін тастарды Шоқан қайтар жолда суретке түсіріп алады, алайда бұл суреттер оның мұрағатында сақталмаған. Ғалым «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» туралы жыр Орталық Азияның барлық татар және моңғол тайпаларында бар, бірақ, оқиғаның өткен жері мен кезеңі әртүрлі айтылады дейді. Ол қазақтың ертедегі жырларын тек жазып қана қоймай, оған ғылыми тұрғыда талдау жасап отырған. Сонымен қатар, ғалымның шығармаларында «Ер Көкше – Ер Қосай» және «Орақ батыр» туралы деректер сақталған. Ғалымның пікірінше, халықтардың ұлттық мәдениетін, ділін көрсететін белгілердің бірі – сол халықтың тіл байлығы, сөз өнері, шешендік қасиеттері. Ол сөз өнерін халық бойына біткен зор дарынның, керемет қабілеттің, ақындық қуаттың белгісі деп санады [1, 51-б.].

Ғалым қазақтың аңыз-әңгімелеріндегі ерте заманғы адамдардың дүние, табиғат, өмір туралы түсініктері, космологиялық ұғымдары, топшылау-толғамдары, әдет-ғұрыптары, ырым-нанымдары, діни сенімдеріне көңіл бөледі [1, 36-б.]. Ш.Уәлиханов «Қазақтардағы шамандықтың ізі» атты зерттеуінде қазақ халқының наным-сенімі мен тұрмыс-тіршілігі жөнінде көптеген мағлұматтар беріп кеткен. Осы жөнінде Шоқан көптеген зерттеушілер қазақтар туралы жазғанда, олардың мұсылман екендігін және олардың шамандық салттарды ұстанатыны туралы айтады. Алайда, олар қазақтардың шамандығы немен түсіндірілетінін анықтап, нақты тұжырымдар жасамайды деп атап өткен.

Ш.Уәлихановтың «Тәңірі» атты зерттеуінде қазақ халқының ғасырлар бойы наным-сенімі мен тұрмыс-тіршілігі араласып бір жүйені құрайтыны туралы баяндалады. Ғалым мұнда қазақ халқының наным-сенімі оның тұрмыс-салтына байланысты қалыптасқанына назар аударады. Халқымыздың негізгі тұрмыс-тіршілігі төрт-түлік малмен байланысты болуымен қалыптасқан түсініктерге де талдау жасалған. Ш.Уәлиханов сонымен қатар аталған шығармасында халқымыздың өмірінде маңызда орын алған, әулие, бақсыларға тоқталып, ондағы кездесетін

ұғымдардың мағынасын ашып жазған. Ол «Қазақ халық поэзиясының формалары туралы» еңбегінде қазақ халқының ән-жырлары, оның құрылысы туралы құнды пікірлер білдірген.

Шоқан қазақ пен қырғыздың рухани мәдениетін салыстыра келе, қазақтарда хандардың, батырлардың, сұлтандардың ерліктерін жырлайтын дастандар, жырлар өте көп және оларды жырлайтын суырып салма ақындар да әр руда бар. Қазақтар өлең мен музыканы өте жақсы көреді. Ал қырғыздарда лирикалық әндер деген мүлдем жоқтың қасы. Екі туыс халықтың арасындағы ұқсастықтар жөнінде, олардың Алтын Орда дәуірінен қалған жырлары бір-біріне ұқсас деген қорытындыға келген. Қорыта айтқанда, ғалым зерттеулерінде көшпелі халықтардың мәдениетін жақсы білгендіктен, әрдайым көшпелі қоғамды отырықшы қоғамнан жоғары қоя отырып тұжырымдар жасаған. Оның еңбектерінде отырықшы қоғаммен салыстырғанда Ұлы Дала өркениетінің ұтымды ерекшелігі ретінде ғасырлар бойы ауыз әдебиетінің дамығандығы дәйектеледі. Сондай-ақ, Ұлы Дала халқының табиғи ортамен ғасырлар бойы үйлесімді түрде өмір сүріп келгендігі насихатталады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Қайырханова Ф.К.** Шоқан Уәлиханов қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті туралы // «Ш.Ш. Уәлиханов мұрасы әлемдік тарих контекстінде» халық. ғыл. форум матер. – Семей, 2010. – 46-54-бб.
2. **Көмеков Б.Е.** Қазақ мемлекеттілігінің тарихы және Қазақ хандығы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 46 б.
3. **Ш.Ш.Уәлиханов.** Көп томдық шығармалар жинағы: 6 т. - 2 бас. – Алматы: «Толғағай групп», 2010. – Т. 2. – 464 б.
4. **Жандарбек З.** Қазақ ауыз әдебиеті үлгілеріндегі тарихи деректерді пайдалану жолдары // Тәуелсіз Қазақстан тарихын зерттеудің өзекті мәселелері / Б.Ф.Аяған ред. – Астана, 2008. – Б. 99-109.
5. **Алпысбес М.А.** Қазақ шежіресі: тарихнамалық-деректанулық зерттеу: монография. – Астана: «BG-Print» ЖК, 2013. – 380 б.
6. **Артықбаев Ж.О.** Қазақ шежіресі: ұлы дала тарихының қайнар көзі және тұжырымдамасы. – Астана: «Алтын кітап», 2012. – 495 б.
7. **Оразбеков А.** Шоқан Уәлиханов. – Алматы, 1985. – 15 б.
8. **Алпысбаева Қ.** Шоқан Уәлиханов және халық мұрасы: ғылыми басылым. – Алматы, 2013. – 315 б.
9. Ч.Ч.Валиханов: сочинение / под. ред. Н.И.Веселовского. – СПб.: Типография Главного Управления Уделов, 1904. – 531 с.
10. **Сатбаева Ш.Қ.** Шоқан – филолог. – Алматы. – 1987. – 224 б.

МӘШҢҮР-ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ – қазақтың данагөй тұлғасы

Меруерт БАТЫРБАЕВА,
Азаматтық авиация академиясының
аға оқытушысы, магистр,
Қазақстан, Алматы.

Аталмыш мақалада қазақтың біртуар ұлы, халық арасында әулие атанған ақын Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы туралы айтылады. Сопы ақынның өмірбаянына қысқаша тоқталып, шы-

ғу тегі, алғашқы ұстазы, шығармалары мен туындыларына жан-жақты талдау жасалады. Азан шақырып қойған есімі Адам-Жүсіптің Мәшһүр-Жүсіпке айналуы ерекше. Бұл оқиға

Қазақ тарихы

ойшыл ақын ғұмырын түбегейлі өзгерткендей әсер қалдырады.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы – қазақ елінің дана-гөй тұлғасы, көрнекті ойшылы, ақын, көсемсөзші, этнограф, ағартушы, шежіреші. Біртуар тұлғаның есімі еліміз тәуелсіздік алған жылдардан шынайы мәртебеге қол жеткізіп, тарихта лайықты орнын ала бастады. Оның бұған дейін айтылмай келген өмір белестерінің белгісіз беттері енді ашылып, талай жылдар бойы тыйым салынып келген сүбелі шығармаларын қайта тануға бет бұрылды. Уақыт өте келе, су түбінде жатқан маржан тас жарқырай түсіп, Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің ұрпағына қалдырып кеткен мол мұрасы, баға жетпес байлығы оның даңқын бүкіл әлемге асқақтата паш етіп, өзінің құндылығымен ерекшеленді. Кеңес өкіметінің «Құдай жоқ» деп жүргізген саясатының кесірінен араб хариіптерімен жазылған шығармаларға тыйым салынды. Талай қалам иелерінің еңбектерін жарыққа шығармай қудалады, соттады. Енді қазір заман өзгеріп, егемен ел болып, алаштың алтын арыстары ақталып, елім деп жанын қиған азаматтарды еске алып, құрметтеп ас беріп, дұға оқып, мұражайлар, ескерткіштер ашылып, олардың есімімен оқу орындары, үлкен шаһарлардағы даңғылдар аталуда.

Қазақтың бақытына біткен ақынның өз еліне сіңірген еңбегі, төккен тері өлшеусіз. **Бала кезінен-ақ ақиқаттың ақ жолын іздеп, шындыққа, адалдыққа, іңкәрлікке бейім тұрып, жақын болған Мәшһүр-Жүсіпті халқымыз әулие деп мойындаған.** Өйткені ұлы ақын өзінің ғұмырын өнегелі тіршілікке айналдырып, болашақ ұрпаққа мол рухани еңбек қалдыруға арнаған. Өз халқын шынайы сүйген жан ғана осындай деңгейде рухани қадамдар жасайды деп қарапайым халық бас иген. Біртуар ақынның басты мақсаты әрі өмірінің негізіне айналған ой – қазақ халқының көзін ашу, тура жолға салу еді. Кемеңгер ақын орыс тілін де жетік меңгереді. Сол арқылы Батыс өркениетінің ғылыми жаңалықтарымен танысқан. Ол тарих, этнология, фольклористика ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған, әдебиет, тіл тарихы, этнография, қазақ халқының салт-дәстүрі туралы шығармалар, философия, медицина (емшілік, дәрілік өсімдіктер туралы), космология ғылымы салаларына арналған ұлан-ғайыр еңбек жазып қалдырды. Ұлы ойшыл, сопы атанған ақын, қазақтың ежелгі қиссалары мен эпостарын жатқа айтып, халықтың бойына рухани байлығымыздың қайнар көздерін танытатын дүниелерді сіңіріп, небір көнеден келе жатқан даналықтың тарихи үлгілерінің этникалық санада орныға түсуіне, өрбіп отыруына барынша үлес қосады. Оның шығармашылығының түпкі идеясы – қазақ руханиятына жаңашыл бағыттағы сарындарды енгізу, қазақ қоғамының білімдік, дүниетанымдық деңгейін барынша көтеру, жас ұрпақты білімдарлыққа, тәрбиелілікке, өнегелілікке баулу болып келеді. Осы тұста ойшылдың терең гуманистік ұстанымдарды, бай рухани құндылықтарды өзінің дүниетанымына негіздеп, өмірінде басты ұстанымға алғанын байқаймыз. Ұлы тұлғаның өмірі мен шығармашылығын жазбас бұрын, оның туған жері мен өскен елі туралы айтпай кетуге болмас.

Біртуар ақын жайлы көптеген материалдар мен ақпараттар арнайы жазылған жинақтардан, ақынның немересі Қуандық Жүсіповтің зерттеу мақалалары мен берген сұқбаттарынан алынған. Қазақ елінің әулиесі атанған ойшылға арнап

жазылған жинақта былай делінеді: «Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы әкесі Көпжасардың 42 жасында, шешесі Ұлбаланың 18 жасында, 1858 жылы қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданы Найзатас деген жерде ережеп айы, жұма күні, бесін уақытында Көпей шаңырағында дүниеге келген. **Туғанда азан шақырып қойылған есімі – Адам-Жүсіп.** Кейіннен 9 жасында қисса-дастандарды жатқа айтып, ел көзіне түскен кезде жиынды шақырып отырған Мұса Шорманұлы Адам-Жүсіпті ұнатып, тақиясына үкі таққызып: «Өз заманында халқына Мәшһүр болатын бала екен», – деп, лепес қылуымен Мәшһүр-Жүсіп атанып кетеді [1]. 1858 жылы қыста Көпей Сермұхаммедұлы керуен тартып жинаған табысына мал алып, Қызылжардан көшіп келіп, Қызылтауға қоныс қонады. 1861 жылы Адам-Жүсіп 3 жасқа толғанда, әкесі Көпейдің малы жұтқа ұшырап, «ақ сирақ» болып шығады. Сонда Көпей Сермұхаммедұлы: «Адамға мал жолдас болмас, ғылым жолдас», – деп, ұлы Адам-Жүсіпті оқуға береді. Өзінен кейін келер ұрпаққа мол рухани мұра қалдырған алаш азаматының бірі – Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының осылай оқу-білім жолы басталады» [2].

Мәшһүр-Жүсіптің тегі кімдер болған деген сұраққа, келесі шежіре заңы бойынша алдымен әкесін, іле оның баласын келтіру ретімен берілген, мына схеманы көрсетсек: **Жанарыс – Қарақожа – Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ – Құлболды – Күлік – Тілеуімбет – Бесім – Ақжігіт – Сермұхаммед – Көпжасар (Көпей) – Мәшһүр-Жүсіп.** Бұл есеп бойынша, Мәшһүр-Жүсіп Жанарыстан кейінгі 16-ұрпақ болып шығады. [1, 13-б.]. Ақын атамыз өзін-өзі таныстыру өлеңінде былай дейді:

*Баянауыл, Қызылтау – өскен жерім,
Кірім жуып, кіндігім кескен жерім.
Қалам, сия, қағазды қолыма алсам,
Келер қоршап бойыма ғайып пірім.
Айдабол мен Күліктен – шыққан затым,
Мәшһүр деген – бір лақап, Жүсіп – атым.
Орта бойлы, қой көзді, пітір (піти) мұртты,
Аққұба, бидай өңді қиапатым, – деп, өлең шумақтары арқылы баяндайды [3].*

Ұлы ақын 5 жасынан бастап Баяндағы Байжан Сымағұлұлының медресесінде Нәжімалдин хазіреттен білім ала бастайды. «Мәшһүр» атты қалай алғандығы туралы өлеңінде ақын Хазірет туралы да жазып өтеді:

*Сонда Молда Нәжмеддин хазірет екен,
Дәл сол қыс Баянтауды қылған мекен.
Қалаға бір қыс қыстап, пәтер алып,
Сәтқожа екен, Молда ұстап, қылған дүкен.
Бес жаста несіп болып бізге дүкен,
Биқисап көрдік тағы қанша тікен?!
Нәжмеддин хазірет сүйіп шын көңілінен:
«Бұхарлығым!» деп лепес қылған екен.*

Нәжімалдин хазірет бала Мәшһүрдің алғырлығына, зеректігіне көз жеткізіп, оны «Шар» кітаптан бастап оқытады. **Мәшһүр-Жүсіп 8 жасында Қамариддин хазіреттен білім алады.**

*Ілтипат көп жақсылар етіп еді,
Шарапат ұстаз пірден жетіп еді.
Ұстазым Қамар хазірет сүйгендікпен:
«Уай, құзғын-ай!» деуменен кетіп еді.*

Қамариддиннен шығыс мәдениетін, қазақ ауыз әдебиетін жатқа үйренуі кішкентай Мәшһүрдің бола-

шағына түбегейлі өзгерістер енгізеді. **М.Ж.Көпейұлы 8 жасынан бастап халық ауыз әдебиеті мен фольклор үлгілерін қағазға түсіріп, халыққа тарата бастаған.** Қамариддин хазіреттен «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ер Тарғын» сияқты жырларды жатқа үйреніп, қағазға түсіріп, ауызша жырлап айтуы талантты ақынның тегін адам боламағанын дәлелдейді.

Жастайынан өзінің ерекше қабілетімен танылған Адам-Жүсіптің кейін «Мәшһүр-Жүсіп» атанып кетуінің өзіндік тарихы да бар. Бұл туралы естеліктерде былай делінеді: «Ол уақыттарда Мұса Шорманұлының Баянаула дуанына қараған халыққа аға сұлтан, дуанбасы болып тұрған күні екен, үйіне әдейілеп әкелі-балалы екеуін шақырып алып, бастан-аяқ тыңдайды. Әкесі Көпейге: «Мұнан былай бас киіміне үкі тақтырып қойың. Көз-тілге шет болмасын. Бұл бала өз заманында халыққа Мәшһүр болатын бала екен», – деп лепес қылған екен. Сөйтіп бұрынғы Жүсіп деген атына Мәшһүр деген атының алғаш қосылу тарихы осы сөзден басталса керек. Ал Мәшекең тақиясына үкіні хазірет әйелі бибі Мариям, қызының бөркіндегі үкісінен бір шоқ алып таққан екен» [2].

Ақын өлеңінде осыған байланысты былай дейді:

*«Көпейдің бір баласы қақсап тұр» деп,
Сол күнде жұрт аузында болдым кеңес.
Күні еді аға сұлтан сол күнде енді,
Баянтау қаласына Мұса келді.
Алдына көремін деп алдырғанда,
Тынбастан жазған Мәшһүр қақсай берді.
Парасат нұрыменен әбден білді:
–Қаққай,– деп,– Құдай мұнан көз бен тілді!
–Мынау Мәшһүр болатын бала екен!– деп,
Ер назары тиюмен нәфіс қылды.*

Үкілі Мәшһүр 3 жыл хазірет үйінде, содан кейін Мұса Шорманұлы үйінде, сонан соң 2–3 жыл Баянда тәлім-тәрбие алады. **Яғни 8 жастан 15-ке келгенше Қамар хазіреттен білім суын ішіп, дін, ғылым, араб, парсы, түркі тілдерін жетік меңгереді.** Деректерге сүйенсек, 1874 жылы 16 жастағы болашақ Мәшһүр Әкімбек деген кісінің үйінде 2 жылдай өмір сүріп, оның жалғыз ұлы Қабылбектің ұстазы болады. Мәшһүр ата алғашқы шығармаларын 15 жасында дүниеге әкелген дейді. Жиырма жастан енді асқан кемеңгер, ойшыл ақын Сарыарқаның халқын, жерін түгел кезіп, серілік құрады. Естеліктерде Мәшһүр-Жүсіп әр таптың, әр дуанның аты, атағы бар адамдарымен жолығып, сұхбаттас болады. Бұл туралы ақынның еңбектерінен түсінеміз.

Мәшһүр-Жүсіптің саналы ғұмырында бір сәт те қолынан қаламы түспеген, бір жағынан жазып, екінші жағынан өнер-ғылым үйреніп, жатпай-тұрмай ізденіс үстінде болған. **Ұлы ақынның «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Хал-ахуал», «Тіршілікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» атты еңбектері 1907 жылы Қазан қаласындағы Құсайыновтар баспаханасынан басылып шығады.** Кейін сол баспаханадан шығарылған 14 қалам иесінің еңбегін цензура біліп қойып, сотқа тартады. Соның ішінде Мәшһүр-Жүсіптің жоғарыда аталған үш кітабы да бар.

XX ғасырдың басы Мәшһүр-Жүсіптің шығармашылық идеясы тереңдей түскен кезі еді. 1906-1907 жылдары жазған шығармалары тегісінен қазақ

халқының бостандық, саяси-экономикалық құқықтарымен байланысты болып келеді [4]. М.Ж.Көпейұлының «Сарыарқаның кімдікі екендігі» атты еңбегі тұтас халқымыздың ішкі-сыртқы жағдайын толғайтын дүние. Бұл еңбек 1907 жылы баспадан жарық көрген. Алайда 10 жылдан соң, 1917 жылы сәтті бастама көтерген алаш азаматтарының ұраны мен мақсатына тоғысып, үйлесіп жатыр. Ақын діннің, жердің, малдың кеткенін, елдің азып-тозып нашарлағанын айта келіп: «*Күн батысы – Сырдария, күншығысы – ұзын аққан Ертіс, оңтүстігі – Жетісу өзені, солтүстігі – Еділ, Жайық.* Бұл қазақ иесіз жатқан жерге келіп ие болған жоқ, ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен кеше Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Қаз дауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек заманында жаннан кешіп, сусын орнына қызыл қан ішіп, жаудай алысып, жаттай салысып, күні-түні атысып, қара қанға батысып, шыбын жанын нысанаға байлап, не маңғаз, сарбаздары жау жолында оққа ұшырап өліп, сөйтіп алған жері еді», – десе, халқының қамын жегені белгілі.

Халық арасында Мәшһүр-Жүсіпті әулие деп атайды. Ақынның көзін көрген ақсақалдардың естеліктері, өзінің артында қалған ұрпақтарының жазып, айтып жүрген еңбектері бұған дәлел. «Алаш айнасында» жарық көрген «Мәшһүр-Жүсіп әулиенің кереметтері» атты естелік-мақалада ақынмен болған бірнеше оқиғалар келтірілген [5].

«Ана тілі» газетінде 2014 жыл 13 қарашада жарық көрген мақалада М.Ж.Көпейұлының 1907 жылы Қазан қаласында басылған «Тірлікте көп жасағандықтан, көрген бір тамашамыз» кітабында «Соқыр, саңырау, жалаңаш хикаясы» атты өлеңі туралы былай дейді: «*М.Ж.Көпейұлы мұнда адам сезімін, көзқарасын күрделі, қайшылығы мол қалпында көрсетуге көңіл бөледі. Бір адамның әрі басқаның кемшілігін байқағыш екені әрі өзіне керек істі мүлде көрмейтіні, қайшылығы нақты ашылған*» [6].

Қорыта келгенде, М.Ж.Көпейұлының терең мағынада жазылған өлең-шығармаларын талдай келе ақын өзінің саналы ғұмырын ағартушылыққа, қазақтың көзін ашуға, тура жолға салуға тырысқанын көреміз. Ресей патшалығының орыстандыру, қазақтың дінін ұмыттырып, тіпті ұлт ретінде жер бетінен жоюды көздеген сұрқия саясатына қарсы күресіп, Алаш зиялыларымен қан кешіп, талай қиыншылық көрген. Данагөй тұлғаның сөздері мен өлеңдері өз халқына қалдырған баға жетпес мұрасы деп айтсақ та артық емес. Сол сыр сөздерінің кейбірі болжам ретінде де айтылған деседі. Осыдан біз қарапайым халықтың ақынды әулие деп атағанына да түсінік тапқандаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Шағырбаев А.** Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының өмір жолы. Қазақтың ұлағатты діни ойшылы. – Алматы, 2013. – I-бөлім.
2. **Жүсіпов Н.Қ.** Өмір жолы мен қалыптасуы. Сөз өнерінің зергері. – Алматы, 2008 ж.
3. **Көпеев М.Ж.** Қазақ шежіресі. – Алматы: Жалын, 1993. – 76 б.
4. **Нұрмұратов С., Сатершинов Б., Шағырбаев А.** Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. – Алматы, 2013.
5. **Көпеев М.Ж.** // <https://alashainasy.kz/gazhaip/mashhur-jusp-aulienn-keremetter-57361/>
6. **Көпеев М.Ж.** // <http://anatili.kazgazeta.kz/?p=24938>

ОРЫНБОР ВЕДОМСТВОСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ және оның саяси құрылымы

Бибігүл ӘБЕНОВА,
Дәулет ӘБЕНОВ,
тарих ғылымдарының кандидаттары, доценттер

XIX ғасырдың басына қарай патша үкіметі өлкені саяси-әкімшілік басқаруды жүзеге асырудың жаңа органдарын құрып алғанын айтқан болатынбыз. Қысқаша еске түсірейік.

1797 жылдың 26 ақпанында Шетел істері Коллегиясының жанынан «Азиялық халықтарға қатысты істерді жүргізетін» айрықша Департамент құрылды. Әрине, аталған мекеме бірінші кезекте қазақтармен байланысты мәселелерді реттеумен айналысты.

1799 жылы Шекаралық сот пен Шекаралық экспедиция жойылды, олардың орнына Шекаралық істер Коллегиясы (болашақтағы – Орынбор Шекара комиссиясы) **құрылды.** 1804 жылдың маусымында Орынбор өлкесінде «расправалар» жойылды.

1818 жылы Орынбор Шекара комиссиясы жаңа штаттармен күшейтілді. 1819 жылы қазақтармен және азиялық басқа халықтармен байланыстарды реттейтін Азиялық департамент және айрықша Азиялық комитет құрылды [1].

Ресей өкіметі XIX ғасырдың басында қазақтармен және азиялық басқа халықтармен байланыстарды реттеу мақсатында құрылған аталған мекемелердің алдына Орынбор өлкесі қазақтарымен қатынас деңгейін зерттеу және оны дамыту болашағын талдау міндетін қойды. Өйткені, Ресей өзінің азиялық аймақтағы экономикалық және саяси мүдделері осы кезеңде оның Орынбор өлкесіндегі билігін күшейтуді қажет ететінін түсінді. Сондықтан да, орталық үкімет ресейлік басқару жүйесін тек өлке қазақтарын билеу ісінде ғана емес, сонымен қатар, Орта Азия мемлекеттерімен қатынастарды қалыптастыруда да пайдалануды көздеді.

Сонымен, Орынбор әскери губернаторы П.К.Эссен 1822 жылы Кіші жүз өлкесіндегі басқарудың ресейлік жүйесінің негізін қалайтын «Орынбор қырғыздары туралы Жарғының» жобасын жасақтады (негізінде Эссен жаңа құрылым жоспарын 1819 жылы-ақ ұсынған, бірақ ол ұзақ уақыт жатып қалады). Тек 1823 жылы ғана бұл жоба Эссеннің қатысуымен үкімет инстанцияларында талқылана бастайды.

Жоба Азиялық комитетте қабылданып, патша мақұлдағаннан кейін ғана, 1824 жылдың 31 қаңтарындағы «Орынбор өлкесін басқаруды қайта өзгертуге қатысты Азиялық істер Комитетінің бекітілген пікірі» атауымен жарияланды [2].

Аталған құжатта Ресей үкіметі Орынбор ведомствосындағы қазақ жерлерін басқарудың жаңа тәртібін бекітті, сол арқылы Кіші жүзде хандық билікті жоюға шешім қабылдады. Отарлық әкімшілік Кіші Жүзде хандық билікті жоюды XVIII ғасырдың соңында әрекет жасамағаны айтылды, алайда тек XIX ғасырдың 20-шы жылдарында ғана қолайлы жағдай қалыптасты.

«Пікірде» тек шекаралық басқару жүйесі өзгертілетіні атап көрсетілді. Шекаралық басқару үш буынға: **жоғары,**

шептік және далалық буындарға бөлінді. Шекаралық комиссия басқарудың **жоғарғы буыны** болып табылды және құжатта «Орынбор азиялық басқармасы» деп аталды. Комиссия бұрынғы құрамда (1818 жылғы) бекітілді, тек шеп бойында сауда жүргізетін бұхаралық және хиуалық көпестерден 2 өкіл қосылды. Шекаралық комиссияға өлкедегі тәртіптің сақталуын бақылау, жергілікті қазақ шенеуніктерін қадағалау, салықтар жинау, сот істері, дәрігерлік бөлімді басқару міндеттері жүктелді. Осылайша, Шекаралық комиссия Ресейдің ішкі губерниялық басқармаларының функцияларын орындайтын болды.

«Шеп» әкімшілік-территориялық бірлігі дербес басқару буыны ретінде қарастырылды және олардың жанынан айрықша басқармалар құрылды. «Пікірге» сай, Орынбор жоғарғы шебін – Нижнеурал, Звериноголов, Троицк, Верхнеурал, Кизил, Ор, Орынбор дистанциялары; төменгі шебін – Елек қалашығы, Рубежинск, Кожеаров, Калмыков, Бақсай дистанциялары құрады.

Әр дистанцияны басқаруға «шептік дистанция командирі» қызметі бекітілді. Бекініс коменданты дистанция командиріне бағындырылды. Яғни – дистанциялар бойынша және бекіністер бойынша – екі жақты әкімшілік басқару енгізілді. Шептік басқару буынына шеп күзетін жасақтау, полиция ісі, басшылықтың айрықша тапсырмаларын орындау міндеттері жүктелді. Орталық үкімет тарапынан заңдық тұрғыда бекітілген бұл функциялар шептік басқару мекемесінің әскери полицейлік орган екенін дәлелдейді.

Сонымен қатар, әлдеқашаннан орыс шаруалары мен казак тұрғындары мекендейтін Верхнеурал, Троицк, Орынбор дистанцияларынан басқа дистанцияларға да орыс тұрғындарын қоныстандыру белгіленді [3].

Далалық басқару буыны Жайықтың сол жақ жағалауы жерлерін, яғни қазақ даласын басқаруға қатысты буын болып табылды. Оң жағалауды орыс үкіметі «ішкі» жерлер санатына жатқызды. Патша үкіметінің XVIII ғасыр бойы қабылдаған заңдық актілері және Орал, Орынбор казак әскерлерінің көмегімен жүзеге асырған шектеу, тыйым салу шаралары қазақтардың бірте-бірте Жайықтың оң жағалауына көшу мүмкіндігінен айырылуына алып келген болатын. Әкімшілік құжаттарда қазақтар «Жайықтың арғы беті халқы» деген атауға ие болды. Енді «Кіші орда» ұғымы «Жайықтың арғы бетіндегі орда» ұғымымен ауыстырыла бастады. Міне, осы Жайықтың арғы беті қазақтарына қатысты енгізілген арнайы басқару тәртібі «далалық басқару» деп аталды.

«Пікірге» сай, қазақтар мекендейтін территория үш бөлікке: **Батыс, Орта, Шығыс бөліктерге** бөлінді. Әр бөлік жергілікті басқарудың үш буынын қамтыды: а) *ауылдық басқару*; ә) *ауылдық бірліктерден құралатын тайпалық басқару*; б) *ауылдық және тайпалық басқаруды қамтитын ордалық басқару*. Орданың бөлік-

терін сұлтандар, тайпалықты жеке басқарушы, ауылдарды старшындар басқаратын болды. Аға сұлтандарды Орынбор әскери губернаторы, қалған қазақ «шенеуніктерді» Шекара комиссиясы тағайындады.

Аға сұлтандар алғашқы кезде көмекшілерін сұлтандардан белгіледі. Олар аға сұлтандардың және шекара басшылығының тапсырмаларын орындады, сонымен қатар, бөліктерде «тыныштықтың» болуын бақылауы, «қаскүнемдерді» ұсақ даулы істер бойынша жақын шеп бастығына, ал қылмыстық істер бойынша – Шекара комиссиясына жеткізуі тиіс болды.

Ережелердің негізінде Бөкей ордасына «ішкі» округ мәртебесі берілді. Орынбор қазақтары мекендейтін территорияны Батыс, Шығыс, Орта бөліктерге бөлу жағдайында Сібір қазақтарының шекаралық бөлінісі шарттық шама ретінде алынды.

Шығыс бөлікке: Сібір қазақтары облысы шекараларынан бастап, яғни Звериноголов станицасынан кейінгі Сырдария шебіне дейінгі жерлер; оңтүстігінде – кейінгі Сырдария шебі; батысында – Степная станицасынан Ой өзеніне дейін; Марийск станицасы, Үлкен Қобда өзенінің және оның сол ағыстарының жоғарғы жағалаулары, Ойыл өзені, Шалқар теңізі арқылы Сырдария өзеніндегі №2 фортқа дейінгі жерлер кірді.

Орта бөлік: Батыс бөліктің шығыс шекарасы бойындағы жерлерді; батысында – Үлкен Қобда өзенінің құйылысынан бастап, оның сол тармақтарының жоғарғы жағалауларды, Ойыл өзені арқылы Жем өзенінің бойымен Ембі бекінісіне, одан әрі Арал теңізіне дейінгі жерлерді; оңтүстігінде – Қаратабан шатқалынан Арал теңізі жағалауы бойын; солтүстігінде – Үлкен Қобда өзені құйылысынан Елек, Бердеңке өзендерінің бойымен Орск бағытында Верхнеурал бекінісі мен Степная станицасына дейінгі жерлерді қамтыды.

Батыс бөлікке: шығысында – Орта бөліктің батыс шекарасы бойындағы жерлер; солтүстігінде – Елек, Жайық өзендері жағалауынан Орал қалашығына дейінгі жерлер; батысында – Жайық өзенінің ағысымен, Орал әскері жерлері бойымен Гурьевтен Каспий теңізіне дейінгі жерлер; оңтүстігінде – Каспий және Арал теңіздерін бөлетін мойнақ енді [4].

1822 жылғы Жарғымен салыстырғанда, 1824 жылғы реформа Кіші Жүзде еш дайындықсыз бірден жүзеге аса бастады.

Орынбор өлкесінің Батыс, Орта, Шығыс бөліктерге бөлінуі Кіші жүзде хандық биліктің іс жүзінде жойылуына алып келді. Орынборға алдырылған Шерғазы хан Шекара комиссиясының бірінші қатысушысы ретінде тағайындалды. Бөліктерде аға сұлтандар ретінде Әбілқайыр ханның және Қайып ханның ұрпақтары – Қаратай Нұралиев, Темір Иралиев, Жұма Құдаймендиевтер тағайындалды. Оларға жаңа биліктің белгісі ретінде алтын эфесті қылыш және Ресей империясының гербісі бар тулар тапсырылды. Жалақы ретінде айына 100 рубль күміспен, жылына 60 ширек қара бидай ұны берілетін болды.

Бөліктер Кіші жүз руларының орналасуына және аға сұлтандардың ықпалына қарай межеленді. Мысалы, Шығыс бөлік халқының негізін Әлімұлы ұрпақтары және шөмекей, қыпшақ рулары құрады; Орта бөлік Жетірудан және Әлімұлының кейбір бөліктерінен тұрды; Батыс бөліктің құрамына Байұлы енді. Жалпы, бөліктер территориясы бойынша да, халқының саны жағынан да біркелкі болмады.

Аға сұлтандардың ставкалары казак станицалары мен бекіністерде орналасты. *Батыс бөліктің орталығы ретінде – Затонный форпосты, Орта бөліктің орталығы ретінде – Изобильная станицасы, Шығыс бөліктің орталығы ретінде – Усть-Ой станицасы*

белгіленді [5]. Аға сұлтандардың жанына 100-200 адамдық әскери отрядтар берілді. Аға сұлтандар Орынбор Шекара комиссиясының нақты шенеунігі. Отарлық әкімшілік қазақ даласында аға сұлтандар билігін күшейту арқылы мемлекеттік қызмет атқармайтын сұлтандардың маңызын төмендетіп, қазақ қоғамында қазақ ақсүйектерінің билігін бірте-бірте әлсіретуге тырысты. Дегенмен, орыс билігін жүзеге асыруға ынтыққан аға сұлтандар қазақ қоғамындағы билігін нығайта алмады, өйткені, олардың қазақ арасында әлеуметтік-саяси тірегі болмады. Ресей үкіметінің қызметкерлеріне және орыс билігін жүзеге асыру құралына айналған аға сұлтандар қазақ қоғамының әлеуметтік-саяси табиғатын талқандай бастады. Отарлық үкіметке керегі де сол еді!

Ережелер басқару құрылымының жалпы принциптерімен шектелді және далалық басқарудың барлық буынының міндеттері мен құзырлықтарын көрсетпеді. «Ауыл старшындары» мен «тайпа» басқарушыларының функциялары, «тайпалық басқару» дегеннің құрылымы, оны ұйымдастыру принциптері, оның билік ауқымы анықталмады. Кіші жүзді бөліктерге бөлу барысында жайылым жерлерді дәстүрлі көшпелі-қауымдық бөлу принципі ескерілмеді.

Орыс тұрғындарының Орынбор өлкесіне қоныстануының одан әрі жалғасуы, олардың қазақтармен ара-қатынасы, 1824 жылғы ережеде шептік басқару мәселелерінің де толық жасақталмауы, басқарудың бұл буынының далалық басқару жағдайларынан өзгешелігі – өлке әкімшілігіне қазақтарды басқарудың басқа органдары мен жаңа әдіс-тәсілдерін іздестіруге жол ашты.

1830 жылы Орынбор әскери губернаторы қызметіне тағайындалған П.П.Сухтелен қазақ өлкесін басқару істерімен таныса келе, Азиялық департамент директорына өзін мазалаған ойлар жөнінде хат жолдады. Хатта әскери губернатор Орынбор өлкесінде И.Неплюев кезеңінен бері қазақтар тарапынан заң бұзушылықтарға қарсы тек қорғану тактикасының ғана қолданылып келгенін атап көрсетті. Сухтелен қазақ даласында «Ресейдің ықпалы тек бекіністерден әрі қарай 25 шақырымға ғана таралып отырғанын» айта келе, Ресей позицияларын нығайту үшін қатаң шаралар қолданатын уақыт келгені жөнінде пікір білдірді. Николай I рұқсатын алған соң, әскери губернатор өлкеде қайта құрулар жүргізе бастады.

Орынбор шекара комиссиясының төрағасы генерал-майор Г.Ф.фон Генстің ұсынысының негізінде, әскери губернатор Сухтелен 1831 жылы «... ордалықтар арасында көбірек тәртіп орнату үшін, даладағы барлық жағдайлар жөніндегі мәліметтерді тезірек жеткізу үшін және басшылықтың өкімдерін, әсіресе, оның шеп бойы қырғыздары (қазақтары – А.Б., Д.Қ.) мен шеп тұрғындарының шағымдарына қатысты ұйғарымдарын, жылдамырақ орындау үшін...» шекаралық шепке жақын жерлерді мекендейтін қазақтар арасында «дистанциялық» деп аталатын басқару жүйесін енгізді [6].

Дистанциялар алдымен шептер бойында пайда болды. Орыс үкіметі далалық ортада мұндай әкімшілік пункттер құру ертерек деп есептеді. Сухтеленнің өкімімен шекаралық шеп бойымен Гурьевтен Звериноголов бекінісіне дейін 22 дистанция құрылды. Дистанцияларға ру ақсүйектерінен тағайындалған бастықтар басшылық етті. Дистанция бастықтары ретінде «сенімді» адамдарды тағайындау арқылы Орынбор әкімшілігі қазақ даласын толығымен бақылауға және басқаруға бірте-бірте қол жеткізуді жоспарлады.

Дистанциялар ішінде әр форпостқа немесе әр отрядқа қарсы әкімшілік басқарудың ұсақ бірліктері –

старшындықтар (ауылдар) құрылды, оларды қазақтардан тағайындалған «жергілікті бастықтар» басқарды.

Дистанциялық және жергілікті бастықтардың қызметіне басшылық ету үшін 1831 жылы Шекара комиссиясының төрағасы Г.Ф.Генс «Аға сұлтандардың көмекшілері мен ауыл бастықтарына арналған ережелер» және «Дистанция бастықтарына арналған ұйғарымдар» жасақтады [7]. Ережелер бойынша дистанция бастықтары шептік дистанция командиріне, аға сұлтанға, Шекара комиссиясына және әскери губернаторға бағынды.

Оларға өздеріне сеніп тапсырылған дистанция қазақтарын қатаң бақылау міндеті жүктелді. Қазақтар тарапынан «жаман ниет» белгілері байқалған жағдайда, дистанциялар бастықтары олар жөнінде шеп басшылығына немесе Шекара комиссиясына хабарлауы тиіс болды.

Жергілікті бастықтар дистанция бастығына бағынды және шеп командирімен байланыса алды. Жергілікті бастықтарға: олардың билігіне бағынғысы келмейтін адамдарды өздерінің билігі таралатын жерлерден қуып жіберу (2-пункт); сенімсіздік тудыратын адамдар жөнінде жоғарғы басшылыққа хабар жеткізу (10-п.); шептік билік орындарына «қаскүнемдерді» ұстауға көмектесу (12-п.); шеп тұрғындарына қарсы қылмыс жасаған қазақтарды Шекара комиссиясына ұстап беру (13-п.); қазақтар арасындағы ауыр қылмыс жағдайларында, оларды «татуластыруға тырысу», олай болмаған жағдайда, кінәлілерді дистанция бастығына беру (14-п.); айыппұлдар жинауға және мүлктік жазаларға қатысты Шекара комиссиясының сот қаулыларын орындау (15-п.); қазақтарды шеп бойы және ішкі жерлер тұрғындарына қарсы келеңсіз қылықтар жасаудан аулақ болуға көндіру (25-п.) құқықтары берілді [8]. Жалпы, шеп бойы қазақтары арасында дистанциялық-жергілікті басқарудың мұндай өзіндік жүйесін енгізу аймақ халқын Орынбор әскери губернаторына, Шекара комиссиясына және шептік әскери билік органдарына бағындыру мақсатын көздеген шара болды.

30-шы жылдардың соңына қарай, Орынбор әскери губернаторы Кіші жүздің далалық бөлігінде дистанциялар құруды бастады. 1838 жылы Жаңа шеп бойын мекендейтін қазақтарға дистанциялық басқару енгізілді, 40-шы жылдардың басында дистанциялар Ново-Александров бекінісі аймағында құрылды. Дистанцияларды құруда қазақ руларының қыстауларда дәстүрлі орналасу тәртібі ескеріліп, ұйымдастырылды. Шеп бойы дистанцияларында бірнеше ру бөліктерінің араласып кеткенін атап айтқымыз келеді.

Егер өлкеде алғашқы он жыл ішінде 31 дистанция құрылса, тек 1841 жылдың сәуірінде, Орынбор жерлеріне Сібір ведомствосынан көшіп келген 30 мың түтін арғындардың есебінен, тағы 10 дистанция (32-41-ші дистанциялар) жасақталды.

1845 жылға қарай өлкеде барлығы 51 дистанция болды: олардың 22-сі – бұрынғы шеп бойында және 5-і – Жаңа шеп бойында, 24-і – далалық аймақта құрылған дистанциялар. 1847 жылы 1210 түтінді біріктірген 40-шы дистанциядан арғындардың 510 түтіні бөлініп шығып, тағы 4 дистанция қайта құрылды.

1848 жылдың ақпанында Қарабұтақ бекінісінің аймағында Ор, Талдық, Қайраққұм, Ащыбұлақ, Мәндібай, Түлкібас өзендерінде 1031 жағалбайлылар түтінінен 56-шы дистанция пайда болды.

1850 жылдың желтоқсанында Үлкен және Кіші Қобда өзендерінің бойын мекендейтін 1334 түтіннен 57-ші дистанция жасақталды [9].

Осылайша, 1857 жылға қарай, Батыс, Орта, Шығыс бөліктерді **57 дистанция, 231 ауыл, 25 ру, 80 ру бөліктері** құрады. 1-32-ші дистанциялар шеп маңын-

дағы дистанциялар болып табылды, олардың ішінде 19-22-ші, 26-шы, 27-ші дистанцияларды – Шығыс бөлік, 9-18-ші, 23-25-ші дистанцияларды – Орта бөлік, 1-8-ші дистанцияларды Батыс бөлік қамтыды. 33-57-ші дистанциялар далалық дистанциялар деп есептелді. Жалпы, Шығыс бөлікте – 21 дистанция, Орта бөлікте – 5, Батыс бөлікте – 2 дистанция болды.

Көріп отырғанымыздай, дистанциялар нөмірленді, дистанция бастықтары өзі басқарып отырған дистанцияның нөмірі бойынша анықталды. Дистанция бастықтары дистанцияның территориялық ауқымына қарай үш разрядқа бөлінді және соған сәйкес мемлекеттен жалақы алды. Бірінші разрядтағы дистанциялар бастықтарына жылына – 75 рубль, іс-қағаз жүргізушісіне – 30 рубль; екінші разрядтағы дистанциялар бастықтарына жылына – 50 рубль, іс-қағаз жүргізушісіне – 25 рубль; үшінші разрядтағы дистанциялар бастықтарына жылына – 30 рубль, іс-қағаз жүргізушісіне – 20 рубль жалақы бөлінді. Тек Орал және Орынбор бекіністері жанындағы 53-54-ші дистанциялар бастықтарына, дистанциялар территориясының үлкендігі, соған орай, міндеттерінің күрделілігі ескеріліп, 125 рубль жалақы және іс-қағаз жүргізуші жалдау үшін 50 рубль қосымша қаржы белгіленді. Оған қоса, оларға 324 ширек ұн бөлу ұйғарылды.

Шекара комиссиясының төрағасы генерал М.В.Ладыженский өзінің 1846 жылғы жазбасында Орынбор өлкесінде дистанцияларды құру себептеріне тоқтала келе, дистанция бастығы қызметі уақытша енгізілген қызмет екенін атап көрсетті. Орынбор өлкесінде дистанциялық жүйе 1831-1868 жылдар аралығында қолданылды. Бұл уақыт мерзімінде дистанциялардың саны, олардың ауқымы, олардағы рулардың орналасуы, адам саны өзгеріп отырды. Дегенмен, бұл шара уақытша болса да, Орынбор әкімшілігіне қазақ даласындағы саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайды қатаң бақылауға және түтін салығының жиналуын жіті қадағалауға мүмкіндік берді [10].

Сонымен, Орынбор өлкесін басқаруға қатысты Азиялық комитеттің бекітілген пікірі аяқталмаған, нақты жасақталмаған құжат болды. Осы құжат арқылы орталық үкімет Орынбор әскери губернаторы Эссеннің қазақ жерлерінде әкімшілік-территориялық бірліктер құру және қазақ халқының белгілі бір топтарын басқарудың бастапқы аппаратын жасақтау жөніндегі ұсынысын жүзеге асыруға жағдай жасады. Орынбор әкімшілігінің қызметінде тиянақсыздық, ойланбай әрекет етушілік басым болды, ол жағдайлар кейіннен Ресейдің аймақтағы саяси бағытының тұрақсыздануына алып келді. Сондықтан, орталық үкімет өлкеге ресейлік әкімшілік тәртіптерді тезірек енгізуге мүдделі болды. Орынбор өлкесіндегі әкімшілік саясаттың жүйелі заңдық негізін жасақтауға Ресей үкіметі 1844 жылы кірісті.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Абенова Б.С.** Ресей империясының қазақ өлкесіндегі аймақтық саясаты. Алматы, 2019. -388 б. Б.21.
2. **Крафт И.И.** Сборник узаконений о киргизах степных областей. -Оренбург. 1898. -532 с. С.339.
3. **Абенова Б.С.** Ресей империясының қазақ....Б.24.
4. **Абенова Б.С., Абенов Д.Қ.** Қазақстандағы әкімшілік реформалар (XIX ғасыр). -Алматы, 2020. -232 б. Б.41.
5. **Абенова Б.С., Абенов Д.Қ.** Қазақстандағы әкімшілік..... Б.42.
6. **Абенова Б.С., Абенов Д.Қ.** Қазақстандағы әкімшілік..... Б.43.
7. История Казахстана в дореволюционных изданиях. Сборник материалов. Составители: Абенов Д.К., Абенова Б.С. -Актобе, 2015. -320 б.
8. **Абенова Б.С.** Ресей империясының қазақ....Б.128.
9. **Абенова Б.С.** Ресей империясының қазақ....Б.141.
10. История Западного Казахстана в трудах русских исследователей. Актобе, 2006. -222 с. С.73.

АШАРШЫЛЫҚ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАЛЫ

Өтеубай ҚОЖАҚҰЛЫ,
тарих ғылымдарының докторы, профессор

1891 жылы Ресей империясының Орталық және Шығыс губернияларында жаппай ашаршылық зұлматы басталды. Бұл ашаршылық Торғай облысының батыс аймағы мен Түркістан губерниясының солтүстік аймақтарын да қамтыды. Орынбор губерниясынан бастау алған ашаршылық пен жұт, халықты жаппай ашаршылық пен малдың қырылуына әкеп соқтырды. Осындай ауыр «нәубет» жылдарында Қазалы уезі мен қаласы ашаршылық пен жұтқа қарсы басқа өлкеге қарағанда төтеп тұра алды, өйткені бұл өлке өздерінің ішкі ресурстарына байланысты төтенше жағдайға дайын болып шықты. Бірақ 1891 жылы жазға қарсы Сырдария облысы, Солтүстік аймақтарына ашаршылық уақытының ең ауыр кезеңі келді, елде егін шықпай қалып, жем-шөп қуаңшылығы басталып халықты әбден қажытты, жоғары жақтан мемлекеттік ссуда жәрдемақысы да аяқталып, азық-түлік күрт қымбаттап кетті (750 рубль).

1892 жылы 28 тамызда Сырдария облысының генерал-лейтенанты Гродеков: «Бұл өлкенің халқын қараша айының өзінде жаппай ашаршылық пен жұт жайлап алды, ал желтоқсан айында Сырдың төменгі жағалауында жергілікті халық балық өнімімен және болар-болмас дәнді-дақылдарын азық етті. Осы өңірдің далалық аймақтарында қысы өте суық болып, қарлы боран табиғат катаклизмасы көшпелілердің 45%, кейбір жерлерде 90% малы қырылды. Түркістан өлкесінің – Қазалы, Перовск, Шымкент уездерінің жағдайлары далалық аймаққа қарағанда, көшіп келген орыс шаруаларының арқасында біршама тәуір болды. Бірақ Орталық Ресейден ашығушы орыс қоныстанушыларының көшіп келушілерінің кесірінен азық-түлік жетіспеушілігі байқала түсті».

1892 жылы жарыққа шыққан «Экономикалық қиыншылықтар» атты еңбектің авторы Қазалы өлкесіндегі-суармалы ирригациялық каналдар жайлы зерттеулер жүргізіп, ақыл-кеңесін айтып кеткен. Бұл өлке ойпатты қырлы, шөлейтті, аймақ болған соң Сыр өзені аңғары мен Әмудария аралығы мал-шаруашылығына өте қолайлы екенін және мал саудасы арқылы дәнді-дақылдарын алмастырып отырғандығы туралы сілтеме айтылған. Торғай, Ырғыз және Сыр өзендерінің жағалауларына егілген егістік алқаптарын су арнасынан шығып шайып кетіп отырған. Қарақұм жазығында Қуандары жағалауындағы шабындық пен жайылымдық жерлердің де жағдайлары мүшкіл болған. 1891 жылы ашаршылық салдары солтүстіктен орыс шаруаларының миграциясы Түркістан өлкесіне салмақ салды, ашаршылық халықты Ташкент шахарына жол тартқызды. Закаспий темір жолы арқылы миграция Қазалыға қарай көшіп келушілер көптеп кездеседі. Ал Қазалы уезі болса осыншама келімсек мигранттарды асырау мүмкіншіліктері де болмады, оның үстіне орыс-татар көпес-саудагерлері нан өнімдерін Қазалыдан алып шығып, Торғай, Ырғыз өлкесіне әкетіп жатты, ал бұл кезегінше Қазалы уездік халқын аштыққа ұшыратты. Өлкеге берілген 75 мыңдық көмек ссудасының шаруасы да бітті, оның үстіне осы саладан ашаршылық болып жатқан өлкелерге жырымдап отырды. Әулие-ата уезіндегі «қосалқы дү-

кенінен», Қазалыға қарай түйе жегілген, азық-түлік көші көмек қолын созды; 22163 адамды азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін – 27706 пұт астық, 20 ф.нан, 6190 отбасыға – 37000 пұт астық ссуда арқылы жеткізілді.

Қазалы уезіне орныққан орыс шаруаларына (переселендер) қоғамдық көмек берілген. 21 қазан 1891 жылы «Ашығушыларға көмек комитеті» құрылды. Бұл комитетте 298 адам тізімде болды, ал желтоқсан айында 500 адамға жетті. Негізінде көшіп келуші эмигранттар Ресейдің шығыс губернияларынан болды; Самара, Уфа, Орынбор, Семби-биск, Пенза, Воронеж, Саратов, Вятка, Пермь, Дон өлкесінен. Этнографиялық құрамы түрлі болды: великоростар, малоростар, немістер, поляктар, татарлар, мордвалар, мешандар мен казактар. Көшіп келуші-ашығушыларға, Қазалы уезінің әкімшіліктері тек азық-түлікпен ғана емес, сонымен қатар тұрақты жайлармен қамтамасыз етіп отырды. Бір ғана Қостанайдан көшіп келгендер үшін 205 адам әскери инженерлік ведомствоға жататын тұрақ жайға орналастырылды. Қазалы уезіне ашығушылардың көптеп көшіп келушілерге үй, тұрақ-жайлар жетіспесе де жергілікті әкімшілік қолдан келген көмектерін жасады. Көшіп келуші, ашығушылар ұлттық жағынан әр түрлі ұлттан тұрды және әлеуметтік статусы да түрлі болды. Кейбіреулерінің киімдері алба-жұлба болса, кейбірінде тіпті қосымша киімдері мен еңбек құралдары болды, бұл, әсіресе, неміс ұлтында басымдық болды. Әсіресе, Ырғыз уезінен көшіп келуші қазақтардың хәлі мүшкіл болды, олардың запас түгілі ішерге азық, киерге киімдері де болмады. Ашығушыларды көшіріп әкелуші комитет егер де ашығушылардың арасында, қалталы, қаржы-қаражаты бар дәулетті отбасылар кездесе қалған жағдайда, онда оларды тегін азық-түлік қамқорлығынан алып тастап отырған. Комитеттің тегін азық-түлігіне нан және ұн өнімдері берілді. Тәулігіне 1 фунт ұн берілді, көктем келуімен күн жылына бастауына байланысты «санитарлық» жағдайдың нашарлауынан 1 фунттың 1/3 бөлігі берілді (көбейтілді).

Көшіп келген ашығушылар барак казармаларға жайғастырылып, барлығы бір қазаннан ас даярланып, араларынан: орыс, татар, неміс ұлттарынан старосталар сайланып отырды. Мамыр айына қарсы баға нарқы да көтеріле бастаған уақытта көшушілер мен ашығушыларды Қазалыдан Шымкентке көшіріп апарды. Түйе керуендері де 8 рубльден, 12 рубльге көтеріліп кетіп отырды. Бағаның көтерілуі Қазалы уезінің қазақтарына ауыр тиді, бүкіл еңбегінің ақысы азық-түліктерін де ақтамады, ал орыс шаруалары мен мешандарын жергілікті христиан шіркеулері қамқорлыққа алып отырды. 1891 жылы 2 маусымда «қамқорлық комитеттері» өз қызметін тоқтатуға тура келді.

Орыс шіркеу-приходтығы әлеуметтік жағдайды түсіне отырып ашығушы және көшіп келуші орыстарға шіркеу қамқорлығымен азық-түлік дүкендерін ашып отырды.

Қазалының өзге жергілікті ұлттары: қазақтар, бұхарлық сарттар, оралдықтар, татарлар «қамқорлық көмек» алмады. Өйткені олар азық-түлік

қоры барлар қатарына жатты, Орал казактары да балық пен аңшылықтың арқасында қамқорлыққа ілінбеді. Генерал-лейтенант Гродековтың мәліметі бойынша, әсіресе, жергілікті «егіншілердің» хәлі ауыр болды, сондықтан да «егіншілерге» қосымша ссудалық көмек сұрады. 1880 жылғы Қоян жылғы «жұттан кейін», он екі жылдан кейін 1892 жылы тағы жұт жайлады, азық-түліктің бағасы да көтеріліп кетті. Осы жылдары өлкеге 425 отбасы көшіп келді, «қамқорлық комитеті» көмек беруден бас тартты, бірақ жергілікті дәулетті көпес-саудагер қамқорлық көмегін берді. Г.Хусайынов желтоқсанда 300 адамға көмек қолын созды. Ақпан 1892 жылы жергілікті ашығушы халық саны 802 адамға жетті. Қыстың қақаған аясында кедей-кепшік қазақтардың 10%-ы ашық табиғат астында, үйсіз, панасыз болып қыстан, аяздан қырылды. Азықсыз қалған мал қырылып жатты.

Қарақұм мен Қызылқұм өңірінде сол жылдары мал шығыны мол болып, ашаршылық дерті қамти бастады. Ырғыз бен Қазалы болысының әкімшілігі; 2390 түтінге қосымша көмек сұрады. Бұл өңірдегі 60 пайыз түйе, 80 пайыз қой, 90 пайыз жылқы қыстың қақаған аясында жұтқа ұшырады. Қаратөбе, Ақтоғай, Сарытоғай, Қаракөл, Қалымбас, Шейінді болыстарында 1384 түтін, 6920 адам көмекке зәру болды. Наурыз айында 2107 адам, мамыр айында 7702 адам азық-түлік тапшылығына тап болды. Азық-түлік (қамқорлық) комитетінің мәліметі бойынша: Солтүстікке қарай жол бойында малдың қырылу саны көбейе түскен. Ашығушылар жұттан өлген мал өнімдерін азыққа пайдаланған. Дәнді-дақылдың жетіспеушілігінен, ашығушыларға быламық қайнатылып беріліп отырған.

Жалпы Қарақұм өңірінде Көк-Дұмбақ, Астау-Сорға 240 пұт астық, Дөңгелек-Сор станциясына 200 пұт астық, Алтын құдық станциясына 60 пұт астық таратылды.

Ырғыз уезінің ашығушыларына он пұт астық әрбір адамға жеткізілді. Көк-Домбақтағы 242 түтінге, Астау-Сордағы 205 түтінге, Дөңгелек-Сордағы 252 түтінге және Алты-Құдықтағы 90 түтінге 1 мезеттік әлеуметтік көмек берілді. Сол жылы 1 маусымға дейін азық-түлік қамқорлығына (довольствие) 5279 адамға берілуі керек болған. Сонымен 1891 жылы ашаршылық пен жұт қуаңшылықтың өте ауыр

зардаптарын Қазалы уезінің әкімшілігі және жергілікті халықтың күшімен ауыр кезеңдерден өтті.

Қамқорлық комитетінің қажырлы еңбегінің арқасында халық 1891 жылы 8 айлық ашаршылық тауқыметін жеңе білді. Мұнда өлкенің әскери-губернаторы Н.И.Гродековтың еңбегін жеке атап шығуға болады, ол тек көшіп келген орыс-казак шаруаларын ғана емес, сонымен қатар көптеген шығынға қарамай, жергілікті халықтың да аман-есен қалуына септігін тигізді.

Ашаршылық пен жұт, қуаңшылық кезіндегі нәубет туралы сол уақыттағы «Тургайская газетаның» №18 санына мақала шықты. Торғай облысының Ырғыз уезіндегі ашаршылыққа қарсы күрес жүргізген әскери губернатор Я.Ф.Барабаштың еңбегін де атап өтуге болады. Ол кісінің деректері бойынша: ашаршылық, жұт, қуаңшылық Торғай, Ырғыз, Қазалы уездерінде 7-8 жылда бір рет үнемі қайталанып тұрады. Бірақ, соның ішінде Қазалы уезінің жағдайы біршама тұрақты болды, оған себеп – Оңтүстік өңірге географиялық жағынан қолайлы орналасуында.

Орынбор-Ташкент темір жолының салынуы Ырғыз, Қазалы, Торғай өңірін ашаршылық туа қалған жағдайда, әлеуметтік жағына біршама көмегі тиер еді.

1891 жылғы «Тургайская газетадағы» мақалада қиыншылық жылдары: Торғай, Ырғыз, Қазалы, Ташкент, Әулиеата өңірлері ұйымшылдығымен, алыс-беріс (бартер) және бір-біріне қамқорлық жасап, дүкендердегі азық-түліктерді солтүстік-батыстан оңтүстікке, оңтүстіктен солтүстік-батысқа жалпы 300-400 түйе жегілген керуендермен 7-8 ай бойы тасымалдаған қажырлы еңбектің арқасында жеңе білді. Сол жылдары Арал, Қазалының кемелерінің де еңбегін атауға боларлық. Сөйтіп, «жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей, 1891 жылы 7-8 ай болған ашаршылық, жұт, қуаңшылық жылдарын ұйымдастырушылықтың арқасында жеңе білді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аничков И. Очерки народной жизни северного Туркестана – Ташкент 1899.
2. Туркестанские ведомости 1892 №35.
3. Туркестанские ведомости 1893 №1.
4. Отчет деятельности комитета в Туркестанские ведомости за 1892 №9, 15, 19, 26, 34 и 35.
5. Тургайская газета №33, 34 за 1898 г.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДА

ТҰТҚЫНДАР ТАРИХЫ: САНДАР МЕН ДӘЛЕЛДЕР

Болат САЙЛАН,
Әль-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры,
тарих ғылымдарының докторы,
Ауған соғысының ардагері

2020 жылы Ұлы Отан соғысы жеңісіне 75 жыл толды. Соғыста жазықсыз жапа шеккендердің бірі – тұтқындар. Қазақстан Республикасынан да жау қолына түсіп, тұтқындар тозағынан

өткен адам аз емес. Соғыста қолға түскен тұтқындар тарихын зерттеудің бір тармағы – олардың саны мен мөлшері. Мақаланың басты мақсаты да осыған арналады.

Тұтқынға түскен кеңестік әскерилер санын түгендесек, адам шошырлық цифрлар көз алдымызда сайрап тұр. Кеңес Одағы мен Германия арасында ұрыс майданы басталғаннан Қызыл Армияның көптеген жауынгерлері мен командирлері әртүрлі себептермен жаудың қоршауына түсті. Тұтқынға түскендер қатарында қазақстандықтарда аз болмады. Олардың көпшілігі қиян-кескі ұрыстарда жарақат алғанына немесе сырқаттанып қалғанына, оқ-дәрі, отын және азық-түліктің таусылуына немесе қоршауда қалуына байланысты жаудың қолына түсіп қалды. Соғыс тұтқындары туралы зерттеушілердің статистикалық мәліметтеріне көз жүгіртсек 1941-1942 жылдары неміс әскеріне тұтқынға түсіп қалған кеңестік әскери тұтқындар туралы мынадай деректер келтірген: Белосток-Минск майданында – 323 мың, Умань маңында – 103 мың, Смоленск-Рославль майданында – 348 мың, Гомельде – 50 мың, Ильмень көлінде – 18 мың, Великие Луки маңында – 30 мың, Эстонияда – 11 мың, Демьянске – 35 мың, Киевте – 665 мың, Луга-Ленинград майданында – 20 мың, Мелитополь-Бердянск майданында – 100 мың, Вязьма-Брянск майданында – 662 мың, Керчте – 100 мың. 1941 жылы қараша айының ортасында тұтқынға түскендердің жалпы саны 2,5 млн. адамды құрады [1, 147-148-бб.].

Осылардың қатарында қолына қару ұстап, Отан қорғау жолында майданға аттанған қаншама қазақ аталарымыз тұтқынға алынды. Неміс әскерінің қарқынды түрде алға жылжуына байланысты, кеңес әскерлері алғашқы айларда жаппай тұтқынға түскен. Соғыстың 11 шілдеге дейінгі алдыңғы 3 аптасы ішінде 360 мың адам, ал желтоқсан айының ортасында 3,35 млн. адам тұтқынға түскен. Ал неміс штабтары баяндамаларының деректері бойынша, соғыс басталған 1941 жылдың 22 маусымынан 1942 жылдың 10 қаңтарына дейін әскери тұтқындар саны 3,9 млн. адам болса, олардың 0,4%-ын, яғни 15,2 мыңын офицерлер құраған. 1942 жылдың басында лагерлерде олардан 1,1 млн. адам қалған. Негізінен кеңес әскері жауынгерлерінің басым бөлігі соғыстың бастапқы 1941-1942 жылдары тұтқынға алынған, дегенмен, кейіннен де тұтқынға түсу тоқтамаған. Кейбір деректер бойынша 1943 жылы – 487 мың, 1944 жылы – 203 мың, 1945 – 40,6 мың адам тұтқынға түскен [2, 2-б.].

Ресейлік ресми деректерде әскери тұтқындардың саны 4,559 млн адам деп көрсетілсе, шетелдік зерттеушілердің көпшілігі тұтқындардың саны 5,7 млн. деген тұжырым жасайды. Олардың тұжырымы неміс әскерлері штабтарының құжаттарына негізделгендіктен және арнайы ақпарат беретіндіктен осы тұжырым шындыққа жанасады. Түрлі құжаттарды салыстыру нәтижесінде тұтқынға алынған кеңестік жауынгерлердің жалпы саны 5 млн адамнан асты деген қорытынды жасауға болады, ал олардың ішінде қаза тапқандар саны 3 млн-нан астам адамды құрайды [3].

Қазақстандағы соғыс мәселесімен айналысатын зерттеушілер мәліметі бойынша, шамамен 200 мыңдай қазақстандық жауынгер тұтқынға түскені айтылады. Ал тұтқындардың ұлттық құрамына қатысты анықталғаны соғыс аяқталған соң елге қайтқан соғыс тұтқындарының қатарында 23 143 қазақ болған деп көрсетіледі [4]. Неміс зерттеушісі Г.Нойленнің айтуынша, Ченстохау лагерінде 1941 жылдың қараша айында 32 мың түркістандық болған, содан төрт

айдың ішінде 262 адам ғана тірі қалған [5].

Герман басшылығы тұтқынға түскендер арасынан «Түркістан легионын» құру жұмысын қолға алды. Фашистер Кеңес Одағы халықтары арасында орыс емес ұлттардың соғыс тұтқындарына сүйене отырып, этникалық араздықты қоздыруға тырысты. Сонымен қатар, легионерлерді қарсыласу қозғалысына қарсы күресте қолдансақ, жалпы кеңес халқы арасында сенімсіздік туады деп үміттенді.

1941 жылдың күз айының басында неміс лагерлерінде кеңес әскери тұтқындарына арналған комиссиялар құрылып, Қызыл Армияның «түркі-мұсылман» әскери тұтқындарының тізімі жасалды. Алғашқы Түркістан батальоны майор А.Майер-Мадераның басшылығымен 1941 жылдың қазан айында құрылуды бастады. Түркістан легионын құру туралы бұйрық 1941 жылы 17 желтоқсанда шығарылды, легион құрамына түрікмендер, өзбектер, қазақтар, қырғыздар, қарақалпақтар қабылданды. 20 желтоқсанда А.Гитлер неміс армиясында бұрынғы КСРО азаматтарынан славян емес ұлттардың қарулы құрамаларын құруға рұқсат берді. 1942 жылдың басында ең алғашқы Түркістан батальондары құрылып үлгерді [6].

Ең алдымен оларға Кеңес Одағының саны аз халықтарының – Орта Азия, Кавказ ұлттарының, сондай-ақ Поволжье, Урал және Крымды мекендейтін, ислам дінді халықтардың өкілдері кірді. 1942 жылы басында армяндар мен грузиндер жеке бөлімдер құрамында біріктірілді. Бұл топтарды құру орталығы Польша мен Украина болды, себебі әскери тұтқындарға арналған лагерлер көбінесе сол аймақтарда орналасты. Олардың негізін 800-1000 адамнан тұратын жаяу әскер батальондары қалады. Батальондар ұлты бойынша легиондарға біріктірілді. Неміс-фашист қолбасшыларының пиғылы – ұлты орыс емес әскери тұтқындарға сүйеніп, Кеңес Одағы халықтарының арасына іріткі салу еді.

Неміс тарихшысы И.Хоффманның пікірінше, бүкіл соғыс кезеңі ішінде неміс армиясында 90 батальон болған, соның ішінде 26 Түркістан батальоны (20,5 мың адам), 15 әзірбайжан батальоны (36,6 мың адам), 13 грузин батальоны (19 мың адам), 12 армян батальоны (7 мың адам), 9 солтүстік кавказдық батальон (15 мың адам), крым татарларының 8 батальонында (10 мың адам), Волга татарлары және Поволжье мен Уралдың халықтары біріктірілген 7 батальонда (12,5 мың адам) болған. 1942 жылы «А» тобындағы армиялардың іс-әрекет аймағында 5 мың адамнан калмақ кавалериялық корпусы құралған [7].

Қарулы бөлімдермен қатар вермахт құрамында марштарды толықтырудың негізін құраған 11 тұрақты батальон, сондай-ақ 15 запастағы, құрылыс және көлік батальоны және 202 жеке рота (атап айтқанда, 111 түркістандық, 30 грузин, 22 армян, 21 әзірбайжан, 15 татар және 3 солтүстік-кавказ ротасы) болған. 162-ші (түркі) жаяу әскер дивизиясы құрамының бір бөлігін осы бөлімшелер құраған [7].

Соғыс тақырыбының маманы, тарихшы ғалым Қ.Алдажұмановтың еңбектерінде: *«КСРО-ның Еділ бойы, Қазақстан, Орталық Азия және Кавказ ұлттарынан 310 мыңнан – 325 мыңға дейін жететін адамдар Шығыс легиондарында болған. Таратып айтсақ, олардың қатарында: 180 мың өзбек, қазақ, қырғыз, ұйғыр, тәжік, түрікмендер, Солтүстік Кавказ ұлттарынан 28-30 мыңдай адам, 20 мыңдай грузин, 18 мыңдай армян, 25-55 мыңдай әзірбайжан,*

40 мыңдай татар, башқұрт, чуваш, мордва, удмурт, марилер осы Шығыс легиондарының сапынан өткен» деген мәліметтер айтылады [8].

Фашистік лагерьлердегі әскери тұтқындардың жағдайы тым ауыр болды. Аштықтан, суықтан, аурудан әлі қалмаған тұтқындар күніне мыңдап қырылды. Лагерьдегі жағдай күннен-күнге қиындап, өлім өршіді. Тұтқындар аштық азабын тартты. Адам төзгісіз жағдайларға тап болған лагерьлердегі тұтқындарға легиондарға қатысу туралы ұсыныс жасалды. Қатысқандарға ыстық тағам беріліп, жылы киім үлестірілетіні, қорлықтан құтқарылатындығы және т.б. мүмкіншіліктер жасалатыны ескертілді. Тұтқындардың бір бөлігі бұл уәдеге сенсе, қалған бөлігі сенбесе де лагерьде қиналып өліп кеткенше, тірі қалудың амалы үшін легионға қатысуға келісім берді. Кейбіреулерін еріксіз тізімге қосты. Өйткені тұтқындағылардың арасында сауаттылар мүлдем аз болды. Тұтқындардың бар мақсаты легиондар тізіміне қосылып, майдан даласында кеңестік әскерлер жағына амалын тауып өтіп кету және фашистік қорлықтан осындай жолмен құтылу болды. Бірқатары соғысқа да қатысты. Түркістан легионы қатарында болғанмен, өмірін өлімге тігіп жеке немесе толық топпен кеңестер жағына өтіп кеткен тұтқындар аз болмады. Олар И.Сталин айтқандай сатқындар емес, нағыз қаһармандар еді.

Өкінішке қарай, соғыс кезінде шындығында қылмыс жасаған адамдар ғана емес, тергеудің заңсыз, арандату әдіс-тәсілдерін қолдану нәтижесінде Отан алдындағы өз міндетін адал атқарып, неміс әскерінде тұтқында болған кезде абыройына нұқсан келтірмеген адамдар да негізсіз қудаланған. Неміс лагерлерінде дәрігер, санитар, жатын үй қараушылары, аспаз, тілмаш, қоймашы, тұрмыстық қызмет көрсету қызметшісі сияқты қызметтерді атқарғандар көбінесе Отан сатқындары деп қабылданды.

Тұтқындар тарихы туралы деректерге жүгінсек, 1941 жылдың наурыз айынан 1944 жылдың наурыз айына дейінгі кезеңде немістердің тұтқынынан босап шығып, КСРО-ның арнайы лагерлеріне түскен жауынгерлердің саны 317 954 адам болған. Ішкі істер халық комиссары В.В.Чернышев өзінің Л.П.Берияға жазған баяндау хатында: «Қоршаудан шығып немесе тұтқыннан босап, Қызыл Әскердің арнайы лагерлерінен өткендердің жалпы саны 354 592 адам, соның ішінде офицерлер саны – 50 441 адам. Осы адамдардың ішінде тексеріліп, Қызыл Әскерге табыстап берілгендер саны – 248 416 адам, соның ішінде: әскери комитеттер арқылы әскери бөлімшелерге жөнелтілгендер – 231 034 адам, соның ішінде офицерлер – 27 042 адам, шабуыл батальондарының құрамына қосылғандар – 18 382 адам, соның ішінде офицерлер – 16 163 адам; өнеркәсіптегі жұмысқа тартылғандар – 30 749 адам, соның ішінде офицерлер – 29 адам; қарауыл әскерінің жасақтарына қосылғандар – 5924 адам; тұтқынға алынғандар – 11 556 адам, соның ішінде жаудың барлау және қарсы барлау агенттері – 2083 адам, соның ішінде офицерлер (түрлі қылмыстар бойынша) – 1284 адам; госпитальдар мен кішігірім емдеу ауруханаларына жатқызылғандар және қайтыс болғандар – 5347 адам; КСРО ІІХК лагерлерінде тексеруден өтіп жатқандар – 51 601 адам (1944 жылы 1 қазандағы мәліметтер бойынша)», – деп, осындай деректер келтірген [9].

Тарихи деректер көрсеткендей, арнайы лагерлерге түскен әскери қызметкерлердің басым көпшілігі Қызыл Әскерге қайта қосылған, ІІХК мен қорғаныс өнеркәсібіне жұмысқа жөнелтілген, тек 4% ғана қамауға алынған.

Сонымен қатар, жоғарыда айтылғандай, Қорғаныс халық комиссарының 1943 жылғы 1 тамыздағы бұйрығымен бұрынғы тұтқындардың құрамынан жеке шабуыл батальондары құрылған. Алғашқы бес батальон 1943 жылы 25 тамызда, кейіннен, 1944 жылы қаңтар айында – 6, 7, 8 және 9-шы батальондар, ал наурыз айында тағы 3 батальон құрылған. 1944 жылы 31 желтоқсанына қарай 26-дербес шабуыл батальоны құрылған [2, 13-б.].

Соғыстан кейінгі тұтқындар тағдырына және олар туралы мәліметтерге назар аударар болсақ, төмендегідей көрсеткіштерге көз жеткіземіз. «Жау тұтқынында және қоршауында қалған бұрынғы Қызыл Армия жауынгерлерін» тексеру үшін 1941 жылғы 27 желтоқсандағы Мемлекеттік қорғаныс комитетінің жарлығымен, оларды тексеретін және сүзгіден өткізетін лагерлердің желісі құрылды. Алдын құрылған Оңтүстік арнайы лагерлерінен басқа 1942 жылы Волга, Тамбов, Рязань, Курск, Воронеж және басқа аудандарда тағы 22 лагерь құрылды. Іс жүзінде, тұтқындалушылар ешқандай қылмыс жасамаса да, бұл арнайы лагерлер әскери қауіпсіздіктің ең жоғарғы түрмелері болды [10, 91-б.].

1944 жылы Кеңес Одағына оралған әскери тұтқындардың ағыны күрт өсті. Осы жылы жазда барлық елге оралған тұтқындарды сүзгіден өткізу мен тексерудің жаңа жүйесі енгізіліп, мемлекеттік қауіпсіздік органдарымен тексерілді. Тұтқыннан босатылған кеңестік азаматтар 1944 жылдың соңынан 1950-жылдардың ортасына дейін Отанына қайта оралған. КСРО Халық комиссарлары кеңесінің Жауынгерлерді өз еліне қайтару ісі жөніндегі уәкілетті басқармасының мәліметтері бойынша, 1945 жылы қазан айында босатылған кеңестік әскери тұтқындардың есепке алынғандарының жалпы саны 2 016 480 адамды құраса, олардың 1 730 181 – Германияда және өзге елдерде, тағы 286 299 адам – жау басып алған одақтас республикалардың аумағында болды. Тұтқыннан 1 836 562 адам босап қайтты, соның ішінде жаудың әскери және полиция қызметіне кіргендер де Отанға қайта оралған деген мәлімет те бар. Олардың тағдырлары әрқилы болған. Біреулері қамауға алынып, сотталып кетсе, тағы біреулері 6 жылға арнайы қоныстарға жөнелтілген, кейбіреулері еңбек армиясының батальондарының құрамына кірген. Сонымен бірге 1946 жылғы 1 тамыздағы деректер бойынша 300 мың бұрынғы тұтқын үйлеріне жіберілген. Кеңестік және Ресейлік әскери тарихшы Г.Ф.Кривошеев ІІХК мәліметтеріне сүйене отырып: «Тұтқыннан оралған 1 836 562 жауынгердің 233 400-і жаумен ынтымақтастық жасады деген айыппен сотталғанын және Гулаг жүйесінде жазасын өтегенін», – айтады [11, 461-б.].

Соғыс аяқталған соң 57 кеңестік генерал Отанға оралған. Олардың да тағдыры әрқилы болған. Кейбіреулері қызметін әрі қарай жалғастырса, кейбір генералдар ұзақ уақыт бойы тергеліп, содан соң, 1950 жылы олардың бірқатары өлім жазасына кесілген [2, 14-б.].

Қорыта келе, соғыс туралы ащы шындықты айтқанда, жау қолына тұтқынға түсіп, азап шеккендерді естен шығаруға болмайды. Соғыстың алғашқы айла-

рында кеңес әскері мыңдап қырылып, миллиондап тұтқынға түсті. Одан сәтін тауып құтылғандар партизандарға қосылды. Мұндай бақытқа қолы жетпегендер концлагерлерде азап шекті. КСРО деген алып мемлекеттің тағын тақымына басып, тізгінін тіке ұстаған И.В.Сталиннің «*Бізде тұтқындар жоқ, сатқындар ғана бар*», – деген сөзі, сонымен қатар қан майданда жау қолына түскен жауынгерлерге араша түспеуі, кеңестік әскери тұтқындар санының азаюына емес, артуына алып келді. Оны тарих ғылымы анық айқындап берді.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

1.Штрайт К. Они нам не товарищи: Вермахт и советские военнопленные, 1941-1945 гг. / Перевод с немец. – Москва: Русская панорама, 2009. – 480 стр.

2.Дембицкий Н.П. Судьба пленных // Скепсис. – 2017. – 1-18 стр.

3.Гришин Е. Книги Памяти // Известия. – 1989. – 9 май.

4.Жылгелдинов М.Т. Соғыс тұтқындары мәселесі ҚР Президенті Архивінің назарында // e-history.kz . – 2016. – 01 маусым.

5.Көкебаева Г. Кеңес үкіметі тұтқындағы өз азаматтарын «сатқындар» деп айыптады // dalanews.kz . – 2019. – 4 мамыр.

6.Синицын Ф.Л. Национальный фактор в военном коллаборационизме народов СССР (июнь 1941 г. – ноябрь 1942 г.) // Военно-исторический журнал. – 2014. – № 1. – 19-26 стр.

7.Сайлан Б.С. Тұтқындар тарихы // Түркістан. – 2020. – 23 сәуір.

8.Алдажұманов Қ.С. Тұтқындағы қазақ жауынгерлері // jasqazaq.kz. – 2017. – 02 маусым.

9.Аргументы и факты. – 1989. – 29 сентябрь.

10.Судьба военнопленных и депортированных граждан СССР. Материалы Комиссии по реабилитации жертв политических репрессий // Новая и новейшая история. – 1996. – № 2. – 91-112 стр.

11.Кривошеев Г.Ф. Россия и СССР в войнах XX века: Статистическое исследование / Под общей ред. Г.Ф.Кривошеева. Москва: ОЛМА-ПРЕСС, 2001. – 608 с.

ОРАЛ ӨҢІРІНІҢ АЗАТ БОЛҒАН АЙМАҚТАРҒА КӨМЕГІ

Аққайың БАЛЫКОВА,

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

КСРО ХКК мен БКП(б) ОК-нің 1943 жылы 21 тамыздағы «*Неміс басқыншыларынан азат етілген аудандардың шаруашылығын қалпына келтіру шаралары*» қаулысы бойынша [1, 417-б.] Қазақстан азат етілген аудандардың қалаларын, елдімекендерін қалпына келтіру жұмыстарын орындауда белсенділік танытып, КСРО республикалары арасында алғы шепте болды. Қазақстан облыстары 14 гвардиялық дивизиялар мен әскери бөлімдерді, неміс басқыншыларынан азат етілген 12 қаланы, 45 ауданды, 35 шахтаны өз қамқорлығына алды [2, 1-п.]. Аталған нысандар республиканың барлық облыстарына бөлінді. Оның ішінде Батыс Қазақстан облысына – Почеп қаласы, Орлов облысының үш ауданы, Ленинград облысының азат етілген аудандарын қамқорлыққа алу міндеттелді [2, 2-п.].

Ленинградтықтардың көпшілігінің Орал өңіріне эвакуациялануы екі аймақ халқының ынтымақтастығын арттырды. Соғыс еңбеккерлері Ленинград облысының жаудан азат етілген аудандарына көмек беруге үндеу жасады. Орал қаласының халқы Ленинградты ерлікпен қорғаушыларға ондаған вагон сыйлық жіберді. Ленинград обком партиясының хатшысы П.С.Попков РСФСР Жоғарғы Кеңесінің 5-сессиясында Ленинград еңбекшілерінің атынан үлкен алғысын білдірді [3, 159-б.].

Еділ бойындағы қаһарман қаланы қалыпқа келтіруде Орал өңірі аянып қалған жоқ. 1943 жылы сәуірде Орал қаласында жалпы қалалық жексенбілік өткізіліп, оған қаладағы өнеркәсіптік және көлік кәсіпорындары, кәсіпшілік артельдерінің жұмысшылары, мекемелердің қызметкерлері мен оқушылар қатысты. Жексенбілікте түскен табыс Сталинградты қалыпқа келтіруге аударылатын болды.

Горпромкомбинаттың ұста цехының басшысы Константин Васильевич Наумов ұстаға өзі тұрып, қажырлы жұмыс үлгісін көрсетті. Комбинат токары

Мария Васильевна Цветкова білікті 2 сағатқа ерте қайрауға болатындығын көрсетті. Осы күні Орал қаласының еңбекшілері Сталинградты қайта қалыпқа келтіру қорына 80 мың сом ақша аударды [3, 159-б.]. Ересектерден балалар да қалыспай, мектеп оқушылары кешкілік жұмыс жасап, тапқан табыстарын Сталинградтың мектеп ғимараттарын қалпына келтіруге аударды.

Көп станокта жұмыс істеу, жоспарды екі жүз пайызға орындау, тетелес мамандықты меңгеру жолында қозғалыс кең өріс алды. Орал Локомотив депосының токары Гамаюнов майдандағыша еңбек етіп, күндік нормасын 1100-1250 пайызға орындауға жетті [4].

Украина мен Белоруссияның азат етілген темір жол шаруашылықтарын қайта қалыпқа келтіруде Орал бөлімінің теміржолшылары үлкен үлес қосты. Полтаваның жаудан азат етілген темір жол ұжымы қуанышпен қабылдап, Полтава паровоз депосын қалыпқа келтіру жұмыстарын қолға алды.

1943 жылы қарашада жұмысшылар котельный цехының екі кешенді бригадасына құрал-жабдықтар мен паровоз депосының басқа да цехына бағалы құрылғыларды жинады. Торап теміржолшылары Белорусь темір жолына көмек беруді қолға алды. Темір жол желісін қайта орнатуға құрал-жабдықтар жетіспейтінін білетін теміржолшылар белорусь әріптестеріне жүздеген балға, кілт, сүңгі, өзге де құралдар жіберіп, 10400 сом ақша аударды. Станция ұжымы, амбулатория жұмысшылары айлық жалақысының 15 пайызын, пайдаланылмаған еңбек демалыс күндерінің ақысын аударса, құрылысшылар өз табыстарының ¼ бөлігін Беларусь темір жолын қалыпқа келтіру қорына аударды. Орал жол бөлімінің комсомолдарының ұсынысы бойынша жастар жаудан азат болған жолдарға әскери вагондар мен белгі

беруші құрал-жабдықтар үшін құрылғылар жинауды бастады [3, 160-б].

1943 жылы Орал қаласының 400 теміржолшысы немістерден азат етілген аудандардағы темір жолдарға қызмет жасауға барды. Орал қаласы жаудан азат болған Почеп қаласы мен Почеп облысы, Жиздринск және Унечск аудандарына көмек беруді жауапкершілікке алды.

Почеп қаласындағы «Поляна» спорт қалашығында немістер концлагерь жасақтаған екен, ал В.И.Ленин атындағы орта мектептің жертелесінде күш көрсету камерасы жасалған. Немістер жаулап алған уақытта 3 мың почептық азаптап өлтірілген. Тері-былғары, ағаш кесу, крахмал зауыттары өртенген, темір жол, электр, машина-трактор станциясы, құс комбинаты, 4 ірі совхоз, 5084 тұрғын үй, 55 диірмен, 38 мектеп, клуб, кинотеатр, пионерлер үйі мен кітапхана өртенген. Осы мәселеге айрықша көңіл бөлген Орал ет комбинатының коммунистері партия жиналысында екі электромотор, көп тиражды газетке арналған баспахана, кітапхана жасақтауды қолға алды. Басқа да кәсіпорындар қарап қалмады. Облыстық баспахана ұжымы баспа және миновальды машина, екі дана шрифт және аудандық баспаханаға арналған құрал-жабдықтар, теру кассасын, 50 кг қорғасын және баспаханаға керекті басқа да заттар жинақтады. Облпромсоюз артелі екі электромотор, екі токарь станогы, 1,5 тонна шаруашылық сабын сияқты заттарды жіберді.

Қаланың басқа да кәсіпорындары өнеркәсіптік құрылғылар мен әртүрлі құрал-саймандар дайындады. Почеп қаласының балаларына Орал қалалық №6 орта мектебінің оқушылары ойыншықтар, доп, шырша ойыншықтарын жіберді [3, 161-б].

Бір айдан соң Почеп қаласының қалалық кеңесінің төрағасының орынбасары Н.Лабутко азат етілген Почеп қаласында кірпіш зауыты мен ағаш кесу зауыты, наубайхана, аурухана, шеберхана, екі мектеп, екі асхана, үш монша қалыпқа келтірілгенін мәлімдеді. Электростанция, диірмен, су құбыры мен көріз желісін қалыпқа келтіру бойынша жұмыстар жүргізіліп жатқанын айтты.

Тез арада облыстық атқару комитеттері азат етілген аудандарға көмек беру және шаруашылығын қалпына келтіру жөнінде арнайы қаулылар қабылдап, комиссиялар құрды. Азат етілген аудандарға көмек көрсету үшін жылқы, ірі қара мал, ұсақ мал, құс, тракторлар, автомашиналар, ауыл шаруашылық машиналары мен құрал-саймандар, өнеркәсіп жабдығы, аяқ киім мен киім-кешек, азық-түлік, медициналық препараттар, дәрі-дәрмектер, көркем әдебиет, оқулықтар мен оқу құралдарын, сондай-ақ әр түрлі мамандықтары бар қызметкер кадрларды бөлу ісі қолға алынды [5, 163-б.]. Азат етілген аудандарға ең алдымен ауыл шаруашылығының білікті мамандары жіберілді.

Ленинград қаласына Орал өңірінен 9 вагон, оның ішінде 89 тонна азық-түлік жіберілді. Республика бойынша 128 вагон, оның ішінде 1307 тонна түрлі азық-түлік жөнелтілсе, оның 23 вагонын Батыс Қазақстан өңірі жіберді [6, 3-п.]. Орал қаласының еңбекшілері майдандағы жауынгерлермен, өздері қамқорлыққа алған әскери бөлімдер, құрамалармен тығыз байланыс жасап, делегациялар жіберіп, майданнан делегациялар қабылдап тұрды.

1943 жылы мамырда қала еңбекшілерінің өкілдері (олардың ішінде қалалық партия комитетінің хатшысы

Қ.Ильясов, 1919 жылы Оралды қорғауға қатысқан Дондуков, Орал паровоз депосының машинисі Завертайло және басқалар бар) қамқорлыққа алған дивизия жауынгерлерінің шақыруы бойынша майданда болып, оралдықтардың сыйлығы ретінде бес вагон ет, сары май, консерв, шұжық, басқа да азық-түлік тағамдарын апарды. *«Қымбатты Достар! Гвардияшылар! – деп жазды оралдықтар өздерінің хатында. – Біздің бұл хатымызды оралдықтардың шағын сыйлықтарымен бірге Сіздерге қала еңбекшілерінің өкілдері табыс етеді. Біз сіздердің алдыңызға бүгін кешеден де жақсы еңбек етеміз, еңбек өнімділігін еселеп арттыра отырып, майдан қажеті үшін өнім шығаруды молайтамыз. Өзіміздің қажырлы еңбегіміз арқылы дұшпанды күл-талқан етуге лайықты үлес қосамыз деп ант етеміз»* [7].

Азат етілген облыстарға, қалаларға жиналған арнайы сыйлықтарды алып бару құрметіне тек еңбек озаттарынан жасақталған делегациялар ғана болды. 1942 жылы Ленинградқа жіберілген сыйлықтарды КП(б) ОК нұсқаушысы А.Шишларевтің бастауымен 14 облыстан құралған 15 адамнан тұратын делегация жеткізді. Делегация құрамында Батыс Қазақстан облысынан Донская Зинаида Фрунзе атындағы ұжымшарының сауыншысы болды [8, 3-б.].

Мұндай сыйлық тиелген эшелондар мереке, атаулы күндері де аттандырылды. Республика бойынша 1942 жылдың өзінде-ақ Жаңа жыл, Қызыл Армияның 24 жылдық мерейтойына, 1 мамыр мерекелеріне арналған 432 вагон сыйлық жіберілсе, оның 95 вагонын Батыс Қазақстан өңіріндегі облыстар арнайы жіберді [6, 63-п., 35-п.].

Қорыта келгенде, соғыс жағдайындағы Батыс Қазақстан облысының тұрғындары өздерінің ауыр тұрмыстарына қарамастан майданды, Қызыл Армия отбасыларын, азат етілген аудандарды өз қамқорлықтарына алып, оларға қаржылай-заттай, рухани жағынан көмектерін беріп отырды. Ұлы Жеңісті жақындатуда Орал өңірінің халқы өшпес үлес қосты.

РЕЗЮМЕ

В статье анализируется братская помощь Приуралья регионам освобожденным от фашистских захватчиков.

The article analyzes the fraternal assistance of the Urals to the regions liberated from the fascist invaders.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Советский Союз в годы Великой Отечественной войны. - Москва. 1985. - 711 с.
2. ҚР ПМ. 708-қор, 9-тізбе, 1361-іс.
3. Букаткин Р.П. Запдноказахстанцы в годы суровых испытаний (1941-1945). Уралск, 2005. – 199 с.
4. Жиенбаев Қ. Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін. // «Орал өңірі» газеті. 9 мамыр, 1981 жыл.
5. Балақаев Т., Алдажұманов Қ. Қазақстан еңбекшілері майдан қызметінде (1941-1945 жж.). - Алматы: Ғылым, 1985. - 320 б.
6. ҚР ПМ. 708-қор, 6/1-тізбе, 478-іс.
7. Малороссиянцева А. Тыл – майданға. // «Орал өңірі» газеті. 26 наурыз, 1976 жыл.
8. Аликулова Н.С. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Батыс Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайы. Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Ақтөбе, 2010. – 159 б.

ӘӨЖ 94 (574)

ҚАЗАҚСТАН АУЫЛ-СЕЛО КАДРЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ: ұлттық құрамы, сандық-сапалық көрсеткіші

Алдар СӘРСЕНОВ,
тарих ғылымдарының докторы, профессор,
Лескали БЕРДІҒОЖИН,
тарих ғылымдарының докторы, профессор,
Динара ХАМИДУЛЛИНА,
PhD доктор, қауымдастырылған профессор,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

XX ғасырдың екінші жартысында Қазақстан халқының саны, ұлттық құрамы үлкен өзгерістерді бастан көшті. Ол ауыл-селолық жерлерді де қамтымай қалмады. Ең алдымен көзге түскен өзгеріс ауыл-село тұрғындарының сандық ұлғаюы еді. 1950-1989 жылдар аралығында ауыл-селолықтар 4,1 млн. адамнан 7,1 млн. адамға жетті [1]. 1931-1933 жылдардағы аштықтан кейін ауыл-селода мұншама жан тұрмаған еді. Аграрлық тұрғындардың көп болуы Қазақстанда урбанистік мәдениеттің түпкілікті орнықтағанын әрі еңбек өнімділігінің төмен дәрежеде қалып отырғанын айғақтады. Тың игеру басталғанға дейін демографиялық үрдіс табиғи өсумен жүрсе, тың игеру жылдарында механикалық өсу бірінші орынға шықты. Мұндай өсу республиканың барлық өңірлеріне тән болуымен қатар ұлттық құрылымға әсер етті. 1950-1989 жылдарда Ақтөбе облысында ауыл-село тұрғындары 1,5 есе, Қызылорда облысында – 1,2 есе, Оңтүстік Қазақстан облысында – 1,7 есе артқан екен [2]. Бірінші кезекте қазақтардың саны мен үлесі көбейді. 1959 жылы Қазақстандағы қазақтардың 76%-ы ауыл-селолық елді-мекендерде тұрып жатса, 1989 жылы бұл көрсеткіш 65%-ға тең еді. Орыстардың ауыл-селода тұратындарының үлесі 31,1%-дан 19,0 %-ға дейін азайды. Осының нәтижесінде 1990 жылдар қарсаңында республикадағы 19 облыстың 16-сында қазақтар ауыл-селолықтардың басым бөлігін құрады. Қостанай, Целиноград, Солтүстік Қазақстан облыстарында ғана орыстардың ауыл-селодағы сандық артықшылығы сақталып қалды [3].

Ауыл-село халқының көбеюі екі жолмен: бірі – табиғи өсумен, екіншісі – сырттан келгендердің есебінен жүрді. Табиғи өсудің негізі – дүниеге сәби келуде. Урбанистік мәдениеттің нығаюымен бой көтеретін үрдіс-бала туудың азаюы ауыл-селоға да келе бастағанмен мұндағы табиғи өсім 1980 жылдардың ортасына дейін биік деңгейде сақталып қалды. Мысалы, 1960 жылы әрбір 1000 адамға шаққанда қалаларда 31,1 сәби дүниеге келсе, ауыл-селоларда бұл көрсеткіш 41,7-ге тең еді, 1970 жылы тиісінше 19,7 және 27,1, 1980 жылы – 22,0 және 26,0, 1985 жылы – 23,2 және 27,5 болды. Табиғи өсім 17-31% аралығында толқиды [2]. Ал Қазақстан ауыл-селоларына миграциямен жаңа тұрғындардың келуі XX ғасыр бойына үзілмегенмен олардың қисапсыз мол тасқыны тың және тыңайған жерлерді игеру жылдарының еншісіне тиеді.

Тыңға КСРО халықтарының барлық өкілдері

жиналды. Осылайша ауыл-село тұрғындарының ұлттық құрамы мейлінше күрделіленді. XX ғасырдың екінші жартысында бұлардың жалпы саны 70-тен асып жығылды. 1959 жылғы халық санағының мәліметі бойынша республика ауыл-селоларында 2,1 млн. қазақ, 1,6 млн. орыс, 0,5 млн. украин, 65 мың татар, 87,1 мың өзбек, 62,1 мың белорус, 33,1 мың көріс, 47,6 мың ұйғыр, 38,3 мың поляк, 31,9 мың әзірбайжан, 2,7 мың еврей, 11,7 мың мордва, 7,5 мың молдаван, 5,4 мың чуваш, 8,5 мың дүңген, 3,3 мың армян, 3,6 мың башқұрт, 5,9 мың тәжік, 2,9 мың цыган, 5,5 мың қырғыз, 5,8 мың курд, 2,3 мың удмурт, 1,1 мың грузин, 1,2 мың дағыстандық ұлт өкілдері, 1,0 мың қытай шоғырланған еді [4]. 1960-шы жылдар айтарлықтай өзгеріс әкеле қойған жоқ. 1970-80-ші жылдары да ауыл-селоның көп ұлттық құрамы сақталды. Қазақтар мен орыстардың саны миллионнан асып жатты.

Осы орайда кеңестік дәуірдегі саны мейлінше аз ұлттар тағдыры мен болашағы туралы пайым-болжамымызды айта кеткен жөн. Біздің ойымызша, кеңес мемлекеті қанша жерден демократиялы, зайырлы көрінуге тырысқанмен миллиондардың арасында жүрген аз санды этностың болашағын ұзарта алмас еді. Мәселен, Қазақстанда бірнеше ғана жүзден саналатын лактар, чехтар, буряттар, құмықтар, дарғындар, тағы басқалар үшін мектеп ашу, газет-журналдар, кітап шығару, театр ұйымдастыру, балабақша ұстау еш мүмкін еместің. Оған экономикасы экстенсивті даму жолынан шыға алмаған елде материалдық-техникалық, қаржылық шығын көздерін табу қиында келмейтін іс. Демек, адам саны болымсыз этностың балалары өз тілінде тәрбиеленетін, оқитын бақшасы, мектебі болмағандықтан сол елді мекендегі барымен қанағаттанады. Келесі ұрпақ та осы тағдырды қайталайды, яғни ассимиляциялануға мәжбүрленеді. Кешегі кеңестік жылдарда ұлт республикаларының байырғы тұрғыны ана тілінен ажырай жаздағанда мейлінше аз ұлттардың ассимиляцияланбауы тіпті мүмкін емес еді. Ащы да болса, ақиқат осы.

Қазақстан ауыл-село тұрғындарының ұлттық құрамын, сандық динамикасын келесі кестеден толығырақ көруге болады. Сонымен 1970-80-ші жылдардағы ауыл-селода қазақтан басқа ұлт өкілдерінен айтарлықтай өскендері өзбектер, ұйғырлар, әзірбайжандар, түріктер, башқұрттар, дүңгендер, тәжіктер, күрдтер екен. Егер 1960-шы жылдар қарсаңында екі ғана халықтың саны бір миллионнан

асып жатса, бір халық 100 мыңнан көп болды. Бұлар ауыл-селолықтардың басым бөлігін құрады: қазақтар – 40,4%, орыстар – 30,8%, украиндар – 9,6%. 1970-ші жылдардың басында қазақтардың үлес салмағы 48,2 % көтерілсе, орыстардың үлесі 26,3 %-ға дейін кемітті, есесіне 100 мыңнан көп халықтар саны төртеуге жетіп, немістердің үлесі 7,9%-ды, украиндар 6,7%-ды, өзбектер 2,0%-ды, белорустар 1,6%-ды құрады. 1989 жылғы халық санағы қазақтардың үлесі 57,0% құрағанын, яғни байырғы ұлт шешуші басымдыққа ие болғанын айғақтады.

Осылайша, соғыстан кейінгі дәуірде Қазақстан ауыл-селосы көпұлтты құрамда өмір сүргенімен оның тұрғындарының басым бөлігін қазақтар, орыстар, украиндар, немістер құрады.

Ауыл-село тұрғындарының көпұлтты құрамын тұтастай алғанда жағымды құбылыс ретінде қабылдауымыз керек. Тілі, діні, менталитеті сан алуан халықтардың араласа-құраласа өмір сүруі олардың рухани дүниесін, салт-дәстүрін, үйдегі, өндірістегі тіршілігін әрлендірмей тұрмайды. Мұндай ортадағы адамдар қай өңірге бара қалса да оңтайлы бейімделе алады, басқа ұлт өкілдерінің мүддесіне, талап-тілегіне жатсынбай, түсіністікпен қарауға қабілетті. Ең бастысы – қарапайым еңбек адамдары ұлттық айырмашылықтан ешқашан жаманшылық көрген де емес, туындатқан да емес. Ал Қазақстан ауыл-селоларының жағдайында тұрғындардың көпшілігін қазақтар құрағандықтан ұлтаралық қатынас айтарлықтай қайшылықтарға тап бола қоймағанын баса айтуымыз керек. Өйткені қазақ халқының қонақжай мінезі, кеңпейілділігі өзгені түсінуге даяр тұратыны – бәрі адами сыйластықты, азаматтық келісім мен үйлесімді қамтамасыз етті. Өрине, соғыстан кейінгі жылдарды қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған дәуір, сыңғырлаған үйлесім еді деп әсірелеудің қажеті жоқ. Ара-тұра, жер-жерлерде түсінбестік, реніш тіпті кикілжің орын алғанын мойындаймыз. Бірақ ұлтаралық қатынастарға негізінен алғанда, ынтымақтастық тән еді. Ұлттарға ұстанған партиялық-мемлекеттік саясат туралы мұны айта алмаймыз.

Төрт ғасыр бойы Ресейдің отарлау, жаулап алу саясатымен дүниеге келген Кеңестік империя тілі, діні, өмір салты, даму деңгейі әр қилы этностардың басын қосқанмен бұлардың табиғи-ырғақты дамуына қажетті жағдайды қалыптастыра алмады. Өрине, мемлекеттік ресми идеологияда ұлт мәселесін шешуде дүниежүзілік маңызы зор тәжірибе жинақталғаны үздіксіз дәріптеліп жатты. Ұлттық мәдениет, өнер, ғылым, білім саласындағы табыстар КОКП-нің дамышпандығы мен социализмнің жасампаздығына, әділдігіне телініп, қоғамдық санаға сіңірілумен болды. Бірақ ұлттарды орыстандыру, тілді ассимиляциялау этномәдени дамудың өзегіне түскенін көзі қарақты адамдар білмей тұрмады.

Қысқасы, коммунистік билік басындағылар халықтарды мидай араластырып жібергенімен олардың ұлттық тілі мен мәдениетін дамытуға жағдай туғыза бермеді.

Этностардың болмысын бұзудың пәрменді тетігі мектепте білім беру еді. Таным мен практиканың алғашқы қадамы жасалатын ортаны үстем ұлттың ығына жығып беру кімнің болсын болашағын анықтайтынын мәскеулік билеушілер жазбай білді. 1955 – 56 оқу жылында 100-ден астам ұлттың басын қосқан Кеңестер Одағындағы мектептер оқушыларды 59 тілде оқытса, көпұлтты Қазақстандағы мектептер 6 тілде ғана оқушыларға білім беретін. Оның өзінде балалардың 66%-ы орыс мектептерінде оқып жат-

ты. 1949-1986 жылдар аясында республикадағы қазақ мектептерінің үлесі 45%-дан 32%-ға түсті, ал орысша оқытатын мектептер саны 40% -дан 53%-ға көтерілген еді. Горбачёвтік қайта құрудың алғашқы жылдарында мектеп оқушыларының үштен екісі орыс мектептерінде, 31%-ы ғана қазақ мектептеріне тартылған екен [5].

Бұған демографиялық азшылыққа айналу келіп қосылды. Байырғы тұрғын қазақ халқының үлес салмағы 1939 жылғы 82%-дан 1959 жылы 29%-ға дейін құлдырауы республикадағы орыстан басқа халықтардың бәрін тығырыққа тіреп, тілдік дағдарысқа ұшырауына әкелді. Көптеген ұлттар өз тілінде кітап оқудан қалды. Қазақ тілінде кітап шығару ісі қиынның қиынына айналды. 1960 жылы республикада жарық көрген 1420 атаулы кітаптың 572-і ғана қазақ тілінде болса, 1970 жылы 2022 кітаптың 627-і ғана қазақ тілінде жарияланды, яғни он жыл ішінде қазақ кітаптарының үлесі 40%-дан 31%-ға түсті. Тап сол жылдары көрші Өзбекстанда өзбек тілінде шыққан кітаптар үлесі 55%-дан 44%-ға, алыстағы Латвияда латыш тілінде кітап басу 63%-дан 53%-ға қысқартылғанын ескерсек, ұлт мәселесі тарапындағы қысымның бүкіл Кеңестер елі бойынша күшейе бергенін байқаймыз [6].

Ұлт саясаты әділетсіздік пен өктемдік принципіне негізделгендіктен қазақ тіліне, мәдениетіне, өнеріне қолданылған зорлық-зомбылықтың түрі мен формасы қисапсыз мол болды. Ол зерттеліп отырған жылдары Мәскеудің пәрменімен даярланған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 1947 жылғы «Қазақ КСР Ғылым академиясының тіл және әдебиет институтының жұмысындағы саяси өрескел қателер туралы» қаулысымен басталды.

1940-шы жылдардың аяғы – 1950-ші жылдардың басында халықтың біртуар ұлдары Қ.Сәтбаев, М.Әуезов, А.Жұбанов, Е.Бекмаханов, С.Кеңесбаев, Б.Сүлейменов, тағы да басқалар «буржуазиялық ұлтшыл» ретінде айыпталып қуғын-сүргінге түсті. 1937-1938 жылдардағы «қызыл қырғынды» ұмыта қоймаған қоғамды қайтадан үрей билеп, ұлт мүддесін қорғау өлімге бас тіккенмен бірдей ахуалға айналды. Өміршіл-әкімшіл жүйенің ұстанымы мен идеологиясына қылаудай күдік түсірген шығармалар кітапхана қорларынан, дүкен сөрелерінен алынып, жойылып отырды. 1950-шы жылдардың барысында М.Әуезовтың, С.Мұқановтың, Ә.Тәжібаевтың, М.Хакімжанованың, тағы басқа жазушылардың, ғалымдардың жекелеген шығармалары көз көрмейтін қоймаларға жіберілді. Ал 70-80-жылдары бұл тізімді О.Сүлейменовтің, О.Ысмағұловтың, Ғ.Сапарғалиевтің, М.Қозыбаевтың, З.А.Ғолитованың еңбектері толықтырды. Маңдайалды ұлт зиялылары мен мәдениетіне шабуыл ауыл-селодағы моральдық-психологиялық ахуалды асқындырып жіберді. Өйткені аграрлық орта қашан да қалаға қарап бой түзейді. Ел астанасы Алматыдағы жағдай ұлт мүддесіне кереғар келіп жатқанда ауылдағы қазақтың ұлттық болмысын қорғайтын күш жоққа тән еді. Есесіне орыстандыруға, орыс тіліне кең мүмкіншіліктер жасалды.

Орыс тілін орнықтырудың, оның қолданыс аясын кеңейтудің іс-шаралары балабақшадан басталып, жоғары билік органдарына дейін жүріп жатты. 1948 жылы Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті қазақ мектептерінде орыс тілін оқыту туралы арнайы қаулы қабылдады. Осы қаулыға орай оқу министрлігі қазақ мектептерінің бірінші сыныбында орыс тілін оқытуды жүзеге асырды. Қазақтың орта дәрежелі бес мектебінің 8-10-сы-

ныптарында математика, физика және химия пәндерін орыс тілінде тәжірибе ретінде оқытуға тапсырма берілді. Тапсырма негізінен орындалды. Тап сол жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті іс қағаздарын ішінара қазақша жүргізу туралы шешім қабылдап, ауыл шаруашылығы, медициналық, педагогикалық, дене тәрбиесі арнайы орта оқу орындарында оқитын басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйрету үшін барлық оқу жылына 300 сағат уақыт бөлуді тапсырған еді. Оның 1-курсқа тиесілісі – 100 сағат, 2-курсқа – 80 сағат, 3-курсқа – 70 сағат, 4-курсқа – 50 сағат болатыны атап көрсетілді. Жоғары оқу орнында қазақ тілін оқыту мәселесі ауызға алынбады. Шараны жүзеге асыру үшін Мәскеудегі тиісті министрліктің рұқсаты алынатын болсын, делінді шешімде. Ал Орталық мелшиген күйінде қала берді [7]. Уақыт өте келе партиялық шешім ұмытылды.

Қоғам өмірін, әсіресе, ұлттық мәдениетті тарихи тамырынан ажыратудың, орыстандырудың жүгенсіз кеткен тұсы – тың және тыңайған жерлерді игеру жылдары. Біріншіден, республикадағы демографиялық басымдыққа славян тектестеріе болды. Жаңадан құрылған кеңшарларға миллиондаған орыстар, украиндар, белорустар келді. Бұларда жат жұртқа, қазақ еліне, қазақ жеріне келдік деген ұғым-түсінік болған жоқ. Өздерін иесіз жатқан жерді игерушілерміз деп сезінді.

Екіншіден, «иесіз жерді игерушілер» байырғы халықтың тілін, дәстүрін, мәдениетін, ономастикасын, аяқ асты қылып, төрден босағаға лақтырып тастады.

Этномәдени кереғарлықтарды КОКП басшысы Н.С.Хрущёвтің: *«Орыс тілін неғұрлым жақсы білетін болсақ, соғұрлым коммунизмді тезірек орнатамыз»* деген ұраны одан әрі асқындырды.

Үшіншіден, орыс тілін білмейтін маман басшы қызметке қойылмайтын тәртіп келді. Онсыз да қазақ мектептері жабылып жатқандықтан ұрпағының ертеңгі болашағына алаңдаған ата-аналар баласын орыс мектебіне беруге мәжбүр болды. Тілге зорлық ұлт зиялыларын даярлауға да кесірін тигізді. Иә, бұқаралық ақпарат құралдарында, партиялық-мемлекеттік қаулы-қарарларда ұлт зиялыларын қалыптастыру қажеттігі, олардың ауыл-селоарда молынан шоғырлануының маңыздылығы аз айтылған жоқ. Соғыстан кейінгі 10-15 жыл бойы ұлт мамандарын даярлау әрбір институт пен техникумның ардақты міндеті екені әрдайым еске салынудан болды. Тіпті өндірістегідей жоспарлау – қанша қазақ баласын студент қатарына қабылдау, қаншасын маман мәртебесімен оқуды бітірту керектігі өмірде орнықты. Жыл сайын Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюросы ЖОО-лар мен техникумдардың 1-курсына қанша талапкер қабылданғанын, олардың ішінде қазақ балаларының саны мен үлесі қанша болғанын арнайы қарастырып, шешім қабылдайтын. Мәселен, 1949/50 оқу жылында жоғары оқу орындарының 1-курсына 2,4 мың қазақ жастарын қабылдау жоспарланды. Алайда жоспар сәл-пәл орындалмады: оқуға 2,3 мың қазақ жастары түскен еді [8]. Бұрынғы жылдарда да осылай болып келді. 1946 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің төртінші бесжылдықта (1946-1950) мұғалім интеллигенциясын даярлау туралы қаулысы шыққан болатын. Партиялық құжат бес жыл ішінде пединституттардан күндізгі бөлім бойынша 9050 мұғалім, оның ішінде қазақтар 2398 адам, педагогикалық училищелерден 6843 мұғалім, оның ішінде 3400 қазақ даярлауға тапсырма берді [9]. Алайда нақты өмір өз түзетуін енгізді. 1947/48 оқу

жылында ғана педагогикалық және мұғалімдер институтынан 1784 студент, оның жартысына жуығы қазақ балалары (731 адам) шығып кетіпті.

Әрине, жоғары және арнайы орта оқу орындарында ұлт зиялыларын даярлау бір сәтке де үзілмей, жалғаса берді. Қазақ жастарын оқуға тарту мақсатымен ауыл-селоарға оқытушы-профессорлар жіберілді, қазақ орта мектебінің түлектері тізімге алынды, жер-жерлерде үгіт-насихат жұмыстарын ұйымдастырып жатты. Баласының оқығанын қазақ қашанда құп көретіні құпия емес. Сөйтіп студент құрамындағы қазақ балаларының үлесі өсейін деді. Егер 1946 жылы Қазақ ауыл шаруашылық институтында қазақ студент жастарының үлесі 26% болса, Алматы зоотехникалық-мал дәрігерлік институтында – 9%, педагогикалық және мұғалімдер институттарында – 39%, 23 педучилищеде – 46%, медициналық институтта – 8%, 18 орта медициналық мектептерде – 6% деңгейде қалды, ал 1950 жылы ЖОО студенттерінің 36%-ы, арнайы оқу орындары оқушыларының 23%-ы қазақ жастарынан құралды [10]. 1960/61 оқу жылында ЖОО студенттері арасындағы қазақ жастарының үлесі 41%-ға, арнайы орта оқу орындарында 27%-ға жетіпті [11]. Қазақтардың үлесі техникалық оқу орындарында мейлінше төмен еді. Тіпті қазағы қалың Оңтүстік облыстарда осы ахуал байқалды. Айталық, Ұлы Отан соғысы жылдары құрылған Шымкент құрылыс материалдары технологиялық институтында 1960-шы жылға дейін қазақ студенттерінің үлесі 30%-дан аспады. Кеңес үкіметінің алғашқы 40 жылында республикадағы техникалық ЖОО-лар бар болғаны 929 маман қазақ даярлап шығара алыпты [12].

Қазақтары аз немесе мектепте білім беру орыстана бастаған өңірлерде қазақ балаларының кәсіби білім алулары қиынға соқты. Мәселен, 1947 жылы Петропавлдағы ауыл шаруашылық техникумында оқып жатқандардың 8%-ы ғана қазақ жастарынан болса, Қызылордадағы тап осындай техникумда қазақ оқушыларының үлесі 48%, Қазалы зоотехникалық-мал дәрігерлік техникумында – 54% екен [13].

ЖОО-лар мен техникумдарда оқитын қазақ баласы аз болған соң, бітіріп шығушылар қатары да сұйылатыны түсінікті жәйт. Соғыстан кейінгі 12 жыл ішінде Қазақстан жоғары оқу орындары 43,5 мың маманға жолдама берген екен, солардың 16,5 мыңы ғана (38%) қазақ ұлтының өкілі еді [14]. Біздің есептеуіміз бойынша, ауыл шаруашылық мамандарын даярлайтын 15 техникум 40 жыл ішінде (1920-1960) 25 мың адамға диплом берген екен, солардың үштен бірі ғана қазақ жастары еді. Ширек ғасыр бойында (1931-1956) қазақ мемлекеттік медицина институты 6401 дәрігер шығарыпты, арасындағы қазақтардың үлесі 10%-ға да жетпейді екен [15].

Сонымен соғыстан кейінгі екі онжылдық барысында қазақтан маман даярлау ісі мандымағандықтан олардың ауыл-селодағы шоғырлануы да алға баса қоймады. Ал бұл өз кезегінде интеллектуалдық әлеуетті нығайтуға жағдай туғызбады, этномәдени өмірді жұтатпаса, байытпады.

Қазақ жастарының институт пен техникумдарда оқуына бөгет болған екі үлкен себеп бар еді. Бірі – материалдық-тұрмыстық, екіншісі – ұлттық-тілдік. Материалдық-тұрмыстық себептің әр жағында соғыстан кейінгі ауыл-селоның ауыр экономикалық дағдарысы тұр. Кеңестік кезеңде аграрлық экономикада еңбек еткендер жарытымды еңбек ақы алған емес. Колхозшылар еңбеккүнге өтемді азық-түлікпен алғандықтан ақшаны көрмеді деуге бо-

лады. Ендеше негізгі дені ауыл-селода тұрып жатқан қазақ балаларының қаладағы оқуды игеруге материалдық-тұрмыстық жағдайы көтермеді. Оқу орнында жатақхана мәселесі шешілмегендіктен пәтер жалдауға қалтасы жұқа студент қазақ ауылына қайтпағанда не істейді.

Ұлттық-тілдік бөгесіндікке келсек, 50-жылдардың аяғына дейін оқу орнына қабылдау емтихандары орыс тілінде өтті. Қазақ қыздар педагогикалық институтын, кейбір педагогикалық училищелер мен пединституттардағы қазақ филологиясы факультеттерін есепке алмағанда барлық ЖОО-лар мен техникумдар қабылдау емтихандарын, оқу үрдісін, бұқаралық-тәрбие жұмыстарын тек орыс тілінде жүргізді. Ауыл шаруашылық немесе медициналық институтты қалаған қазақ орта мектебінің түлегі қабылдау емтиханында орыс әдебиеті пәнінен орыс тілінде шығарма жазуға мәжбүр болды. Орысша білмейтін талапкер орысша шығарма жазып жарытушы ма еді.

Студент қатарына қабылданған қазақ баласын орыс тілді оқытушы-профессорлар оқытты. Мәселен, 1951/52 оқу жылында педагогикалық және мұғалімдер институтындағы оқытушы-профессорлар құрамында қазақтардың үлесі 31% болса, 1950-жылдар аяғында тіптен азайып, 21%-ды ғана құраған екен [16]. Қазақ ауыл шаруашылық институтындағы 80 оқытушы-профессордың 19-ы ғана қазақ болғаны ауыл-селоның интеллектуалдық әлеуетіне тірек ұлт мамандарын кімдер және қандай ұстаныммен даярлағанын анық көрсетсе керек. Сол 1950-шы жылдар басында Алматы есептесіе техникумында 14 оқытушы жұмыс істепті, олардың 2-і ғана қазақ екен, Павлодар облысындағы педагогикалық және сүт-технологиялық училищелерінде – тиісінше 31 және 6 болыпты [17]. Кейбір техникалық оқу орындарында қазақ ұлтының өкілі мүлдем болған жоқ. Мәселен, Шымкент құрылыс материалдарының технологиясы институтында 1946/47 оқу жылы бойына 2-3 ғана қазақ оқытушы жұмыс істесе, 1948/49 оқу жылында олардың біреуі де қалмапты. 1950-ші жылдардың екінші жартысынан қазақ оқытушыларының қатары өсе бастапты [18].

Республикада қазақтан шыққан ғалымдар да аз еді. 1950-ші жылдары ғылыми интеллигенция құрамындағы қазақтар үлесі төрттің бірінен кем түсіп жатты. 1950 жылы Қазақстанда қазақтан шыққан 19 ғылым докторы, 181 ғылым кандидаттары, 1960 жылы – тиісінше 42 және 597 болыпты. Салыстыру үшін айтар болсақ, 1950 жылы Грузиядағы 4,8 мың ғылым қызметкерлерінің 4,3 мыңы грузиндер, Әзірбайжанда – 3,4 мың және 1,9 мың, Литвада – 1,4 мың және 1,2 мың, Латвияда – 2,2 мың және 1,5 мың еді [19].

Бұдан кейін халық шаруашылығындағы мамандардың көпшілігін орыстар құрағаны түсінікті жәйт. Айталық, 1959 жылы Қазақстан халық шаруашылығындағы жоғары білімді мамандар арасында қазақтардың үлесі 23,9 % ғана болса, арнайы орта білімділер арасында 16,1% екен. Ал орыстардың үлесі – тиісінше 54% және 63% еді. Украин, татар, белорус, өзбек халқынан шыққан мамандар үлесі 1-10% шамасын құрайтын [20]. 1980-ші жылдар қарсаңында да айырмашылық жойылмады. Халық шаруашылығында еңбек етіп жатқан жоғары білімді мамандардың 33,4%-ы, арнайы орта білімді мамандардың 23,4%-ы қазақтар болса, орыстардың үлесі тиісінше 49% және 52% дәрежесін құрады [21].

Төртіншіден, ұлттың тілі мен мәдениетінен көп-көрнеу шет қағу Қазақстандағы басқа да аз ұлт-

тардың – кәрістің, немістің, татардың, ұйғырдың, дүңгеннің, т.б. тағдырына жазылған екен. Бұлар жинақы орналасқан бірен-саран елді мекендерде ұлт мектебі ашылғанымен, оған қажетті маман даярлау, оқулықтар шығару түпкілікті шешілмеді. Байырғы халық қазақтардың білім-ғылымдағы тілдік қыспақта қалғанын көрген басқа аз халықтар балаларын бірден орыс мектептерінде оқытуға ойысты. Осының бәрі орыс тілінен басқа тілдердің тағдырына зардабын тигізді. 1970 жылы Қазақстандық немістердің 75% ана тілін өз тілім деп есептесе, 1989 жылы бұл көрсеткіш 54,4%-ға түсіпті, украиндықтар арасында – тиісінше 51,5% және 36,6%, татарлар арасында – 81,6% және 68,9%, белорустарда – 51% және 34,5%, кәрістер арасында 64% және 51,7%, әзірбайжандарда – 93,1% және 87,1%, поляктарда – 17,7 % және 12,2%, башқұрттарда – 74,5% және 68% екен. 1970-80-ші жылдары орыс тілінің құдыреті жүріп тұрған Қазақстанда қазақ тілі отбасы, ошақ қасының тіліне айналғаны ақиқат еді. Оның өзін қазақтар ғана кәдеге жаратып отырды. Қазақстандағы орыстардың 0,9%-ы, немістердің 0,6%-ы, украиндардың 0,6%-ы өзбектердің 4,6%-ы, татарлардың 3,2%-ы, ұйғырлардың 9,6%, белорустардың 0,4%-ы, кәрістердің 1,0%-ы, әзірбайжандардың 5,7%-ы, поляктардың 0,4%-ы, түріктердің 4,6 %-ы, башқұрлардың 2,6%-ы ғана қазақша сөйлей алды. Есесіне қазақтардың 62,8%-ы, немістердің 50,6%-ы, украиндардың 32,3%-ы, өзбектердің 52,1%-ы, татарлардың 64,3%-ы, ұйғырлардың 62,0%-ы, белорустардың 31,8%-ы, кәрістердің 47,0%-ы, әзірбайжандардың 64,7%-ы, поляктардың 19,8%-ы, түріктердің 71,8%-ы, башқұрттардың 66,9%-ы, орыс тілін еркін меңгеріп алған екен [19].

Қазақстандағы аз халықтардың тілдік ортадан айрыла бастағанына республика басшылығының қатысы бар екенін бекерлемейміз, бірақ мәселе күрделі екенін ерекше айтуымыз керек. Өйткені рухани саладағы әрбір қадам – жаңа газет-журнал шығару, жоғары оқу орнын ашу, театр құру, баспа ашу – бәрі Мәскеудің рұқсатымен жүзеге асатын. Ұлттық тілде оқу мүмкіндігі тарылған сайын аз халықтардың рухани байлығын туындатушы күштер сарқылайын деді. Осы себепті Қазақстанда орыс пен қазақтан басқа өз тілінде ғылыми, рухани, әдеби, тіпті музыкалық құндылықтарды туындататын ұлт қалмады десек қателесе қоймаймыз. Неміс, ұйғыр, кәріс театрларының, шығармашылық ұжымдарының атқарған істері көлге тамған тамшыдай еді. Алматыдағы кәрістің музыка-драма театры делінгемен оған келетін кәрістердің басым бөлігі өз тілдерін түсінбегендіктен спектакльдер ілеспе аудармамен, әрине, орыс тілінде, жүретін болды. Ал осы ұлттың «Ариран» ансамблі бүкіл бағдарламасын орысша құруға барды.

Мәскеулік билеуші топ ұлт мәселесін шешуде ұлы шовинистік белден басуды білім жүйесінің барлық сатысында қолданғанмен олардың тілеуі мен ерік-жігеріне бағынбайтын объективті нәтиже бой көтерді. Ол Қазақстанды мекендеген барлық халықтардың білім деңгейінің өскені еді. Қай тілде оқыса да мектеп бітірген, кәсіби білім алған адамдар қатары өсе берді. 1939-1959 жылдарда ауыл-селоардағы жоғары және орта (толық емес орта) білімді қазақтар саны 13 есе өсіпті (ерлер – 9,2 есе, әйелдер – 31 есе), орыстар – 3,3 есе (ерлер – 2,5 есе, әйелдер 6,3 есе), украиндар – 5,4 есе (ерлер – 4,1 есе, әйелдер – 11 есе), татарлар – 3,8 есе (ерлер – 3,1 есе, әйелдер – 9,7 есе), өзбектер – 14 есе (ерлер – 10 есе, әйелдер – 49 есе) көбейіпті [4].

Жалпыға бірдей міндетті сегізжылдық, онжылдық білім берудің нәтижесінде ұлттардың білім деңгейінің өсуі одан әрі жалғаса берді.

20 жыл ішінде ауыл-селодағы әр қазақтың оқуға жұмсайтын орташа жыл мөлшері славян тектестерден асып түсіпті. Бұл – ұлттық рухты асқақтатқан ұлы фактор. Ол алда тосып тұрған сынақтарда өзін ақтады. 1979 жылы неміс автономиясын құруға, 1986 жылы Колбиннің Қазақстанға бірінші басшы болып келгеніне белсене қарсы шыққандар қазақ жастары екенін ескерсек, белсенді саяси позицияның бастау көзі оқу-білімде жатқанын мойындауымыз керек. Бұл жас ұрпақ қуғын-сүргінді көрмей өсті. Ауыл-селонның интеллектуалдық қарымына да берік негіз қалады.

Алайда интеллектуалдық әлеуеттің жетекші күші болып табылатын кәсіби білімді қауым тобында қазақтардың аздығы 1970-ші жылдарға дейін созыла берді.

Жағдай 70-жылдары оңалды. 10 жыл ішінде Қазақстан ауыл-селосы интеллигенциясы 121,2 мың адамға көбейген екен, соның 100,1 мың қазақ халқы беріпті. 1970 жылы қазақтар ауыл-село интеллигенциясының 40%-ын құраса, 1980-ші жылдар қарсаңында көрсеткіш 48%-ға жетіпті. 1979 жылы жоғары немесе арнайы оқу орнын бітірген Қазақстандық қазақтардың 43%-ы ауыл-селода еңбек етіп жатты. Бұл – бір. Екіншіден, тап сол жылы ауыл-селода еңбек етіп жүрген 1 млн.-нан астам қазақтың 23,1%-да жоғары, аяқталмаған жоғары және арнайы орта білімі болған екен [22].

Социалистік құрылыстың соңғы 15-20 жылында Қазақстан ауыл-селосында тұратын ұлттарға орта білім алу міндетті болса, кәсіби білім көкжиегі де кеңейді. 1989 жылы 15 жастағы және одан үлкен қазақтардың 8,3%-ы жоғары білімді, 0,8%-ы аяқталмаған жоғары білімді, 12,5% арнайы орта білімді, 41,7%-ы жалпы орта білімді, 20,8%-ы толық емес орта білімді екен. Орыстарда – тиісінше 5,3%, 0,8%, 16,8%, 30,5%, 24,2%.

Осылайша ұзақ жылдар, тіпті ғасырлар бойы білімі монополияны ұстап келген үстем ұлттың бір артықшылығы келмеске кетті. Бұған брежневтік басқару жылдарында елдегі салыстырмалы саяси тұрақтылық қосылып, білім мен көзі ашылған ұлт зиялылары халқының болашағы жайлы ойлай бастады. Білім беру жүйесі орыстанғандықтан ұлт тағдырына сын сағаты туғанын түсінді.

Әлеуметтік саладағы түйткілді мәселелер бас-тан асып жатты. 1991 жылы емханалар 45 ауданда, орта мектеп – 38, мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері – 32, тұрмыс қажетін атқаратын комбинаттар – 39, асхана – 39, су құбыры, газ жүйесі – 59 аудандағы елді мекендердің жартысынан көбінде болған жоқ. Мектеппен толық қамтамасыз етілген аудан саны 18, ал 19 ауданда 2-3 ауысыммен оқитын мектептер саны 80%-дан жоғары екен. 100 мың тұрғынға шаққанда туберкулезбен 1991 жылы республика бойынша 64 адам ауырған болса, шалғай аудандардың 44-інде бұл көрсеткіш одан жоғары болды. Әсіресе, Жамбыл облысының Мойынқұм, Сарысу, Талас, Шу, Жезқазған облысының Ұлытау, Батыс Қазақстан облысының Жаңақала, Казталовка, Қостанай облысының Науырзым аудандарында жағдай асқынған еді. Қатерлі ісікпен ауыру Жамбыл облысының, маскүнемдік және маскүнемдік психозбен ауыратындар Алматы, Жезқазған, Қостанай облыстарының, жұқпалы аурудан зардап шегушілер Шығыс Қазақстан, Қарағанды облыстарының шалғай

аудандарында жиі кездесті.

Осының бәрі КОКП-нің ұлт саясатындағы ала-лаудан, әділетсіздіктен туындады. Арал апатынан, Семей ядролық сынақ апаты зардабынан қазақтар жапа шекті. Мәселен, 1989 жылы Семей облысы Абай ауданында тұрғындардың 96,8%-ы, Қарағанды облысы Егіндібұлақ ауданында – 93,3%-ы, Қарқаралы ауданында – 74,7%-ы, Қызылорда облысы Арал, Қазалы аудандарында – 87-95% қазақтар еді [23].

Қазақстандағы ауыр әлеуметтік-экономикалық және экологиялық ахуал тұтас аудандардың интеллектуалдық әлеуетін тежеді, мәдени өресін өсірмеді.

Өз елінде отырып қазақтар әлеуметтік-экономикалық әділетсіздікке тап болып, орыстана бастағанда басқа аз ұлттардың болашақ тағдыры бұлыңғыр тартпағанда қайтеді.

Аз ұлттарды қорлау мен тарихи-мәдени та-мырын үзудің сорақы-қылмыстық үлгісі сталин-дік басшылық тұсында ушықты. Кавказдан, Волга бойынан, Қырымнан, Әзірбайжаннан Қазақстанға күшпен көшірілген халықтар «спецпереселенец» атанып, небір зорлық-зомбылықты бастан кешірді. Сол жылдарды кейінде Социалистік Еңбек Ері атағын алған ақмолалық **И.И.Шарф** былайша еске алады: *«Каждую неделю надо было отмечаться у коменданта, дальше пяти километров от села выезжать не разрешалось. Как это было унижительно! Я ненавижу себя за ущербность, неполноценность. А каково было слышать в свой адрес «фриц», «фашист ?...» Все же добрых людей было больше. Меня воспитывали казахи, и я благодарен этим людям за доброту, тепло, человечность».* Белгілі жазушы Г. Бельгердің естелігі де мән-жайды аса түседі: *«Родился я в Энгельсе, но рос на берегу Ишима, в маленьком казахском ауле. Окончил казахскую школу и собирался учиться дальше в Москве в МГИМО. Да где там, когда не имел права даже выехать за пределы района. Помню, когда в конце сороковых годов мой отец выпросил в районной комендатуре разрешение и повез меня, больного, в областную больницу, но мы заранее условились говорить при людях только по-русски. И мы старательно изъяснялись по-русски: отец – с немецким акцентом, я – с казахским. Но так было желательней, удобней, ибо считались мы тогда не товарищами и даже не гражданами, а исключительно спецпереселенцами».* 1949 жылы Қазақстанда 1 млн.-ға жуық спецпереселенец тұрып жатты. Арасында жоғары және арнайы орта білімді 21 мыңнан астам адам бар екен [24]. Олардың ішінде мұғалім мен дәрігер, агроном мен инженер, медицина қызметкерлері мен офицер де кездесетін. Тәулік бойы бақылау астында жүрген адам интеллектуалдық қабілетін аша алмағаны түсінікті. Мұның сыртында спецпереселендерді шағын топпен қоныстандыру саясаты жүргізілді. Елді мекенде бұлар 50 отбасынан артық шоғырланбағандықтан 2,7 мың елді мекенге тарыдай шашылып кетті [25].

Сонымен, түйіп айтсақ, соғыстан кейінгі кезең ауыл-село тұрғындарының ұлттық құрамын бұ-рынғыдан да күрделілендірді. Ұлтаралық қатынастар мәселесі шешімін таппағандықтан қордалана берді. Табыс та бар еді. Қазақстандық ұлттардың білімі деңгейі өсті, мәдени сұранысын қанағаттандыра бермесе де, оқыған мамандары шықты. Алайда КОКП-ның ұлттық саясаты аз халықтардың, тіпті байырғы халықтың этномәдени болмыс-бітімін ескермеді. Аз халықтар мектебінің жабылуы, білікті мамандарының әлеуметтік-қызметтік мәртебесінің көтерілмеуі, ана

тілінде сөйлейтін жас ұрпақты тәрбиелеу жолындағы қиындықтар – бәрі ұлтаралық қатынасты ушықтырмай тұрмады. Коммунистер ұлт мәселесін шештік деп қанша даурыққанмен, ХХІ ғасыр қарсаңында ұлтаралық қақтығыстардың жиіленуі түптің түбінде КСРО-ның тарауына себеп болған факторлардың алдыңғы қатарында тұруы заңды еді.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается кадровый потенциал сельских районов Казахстана в 1950-1980 гг.: Национальный состав, количественные и качественные показатели. Есть информация о личном составе, размещенном в связи с политической ситуацией в стране.

The article examines the personnel potential of rural areas of Kazakhstan in 1950-1980: National composition, quantitative and qualitative indicators. There is information about the personnel deployed in connection with the political situation in the country.

ӘДЕБИЕТЕР

1. Народное хозяйство Казахстана. Стат. сб. - Алма-Ата, 1968. - С.7.; Народное хозяйство Казахстана (Стат.сб.) Часть 1. - Алма-Ата, 1989. - С.19.
2. Народное хозяйство Казахстана в 1985 году. Стат. ежегодник. - Алма-Ата, 1986. - С.158.
3. Куликов В.И. Исторический опыт освоения целинных земель. - Москва: Мысль, 1978.
4. Народное хозяйство Казахстана в 1985 году. Стат. ежегодник. - Алма-Ата, 1986. - С.158.
5. ҚР ОМА. 698-қор; 8-тізбе, 831-іс. - 65-п.; Казахстан в цифрах. - Алма-Ата, 1990. - С.62.
6. Народное образование, наука и культура в СССР. Стат. сб. - М.: Статистика, 1971. - С.56-57.
7. Қамзабекұлы Д., Серғалиев М., Әбжанов Х. Тіл саясаты: тағылым мен тәжірибе. - Алматы: Арда, 2006. - 212-214-бб.
8. ҚР ПА. 708-қор; 13-тізбе, 64-іс. - 25-п.
9. ҚР ПА. 708-қор; 10-тізбе, 161-іс. - 115-п.
10. ҚР ПА. 708-қор; 10-тізбе, 1418-іс. - 3 (сырты) п.; 1423-іс.

- 8, 17-п.; 1479-іс. - 2-п.; 11-тізбе, 1684-іс. - 103-п.; 1880-іс. - 29-п.; ҚР ОМА. 698-қор; 8-тізбе, 831-іс. - 71-п.; 1137-қор; 13-тізбе, 555-іс. - 3 а п.

11. Народное хозяйство Казахстана. Стат.сб. - Алма-Ата, 1968. - С.189.

12. ҚР ПА. 708-қор; 31-тізбе, 126-іс. - 9-п.; Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік архиві. 1222-қор; 2-тізбе, 2-іс. - 32-п.

13. ҚР ОМА. 1481-қор; 13-қосымша тізбе, 19-іс. - 11-п.; Қызылорда облысының мемлекеттік архиві. 585-қор; 1-тізбе, 44-іс. - 39-п.

14. Культура Советского Казахстана. Сб. статей. - Алма-Ата, 1957. - С.39.

15. ҚР ПА. 708-қор; 30-тізбе, 1510-іс. - 3-п.; ҚР ОМА. 1481-қор, 13-2-қосымша тізбе, 197-іс. - 3, 4, 16, 17, 70, 88, 111, 114, 129, 133, 137, 140, 153, 172, 188, 193-п.

16. ҚР ОМА. 1692-қор; 1-тізбе, 2321-іс. - 7-п.; 2915-іс. - 62-п.

17. ҚР ПА. 708-қор; 10-тізбе, 1418-іс. - 19-п.; 1247-іс. - 51, 71-п.

18. ОҚОМА. 1222-қор; 2-тізбе, 2-іс. - 262-п.

19. Народное образование, наука и культура в СССР. Стат. сб. - М., 1971. - С.247, 270, 271.; Народное хозяйство Казахстана. Стат. сб. - Алма-Ата, 1968. - С.344.

20. Казахстан за 40 лет. Стат. сб. - Алма-Ата, 1960. - С.198, 290, 291.

21. Народное хозяйство Казахстана в 1977 г. Стат. ежегодник. - Алма-Ата, 1978. - С. 107-108.

22. Народное образование, наука и культура в СССР. Стат. сб. - М., 1971. - С.247, 270, 271.; Народное хозяйство Казахстана. Стат. сб. - Алма-Ата, 1968. - С.344.

23. Итоги Всесоюзной переписи населения 1979 года по Казахской ССР. - М., 1990. - С.192, 193, 230.; О некоторых показателях демографического и социального развития казахского населения республики по областям и г. Алма-Ате (по данным Всесоюзных переписей населения 1970 и 1979 гг.). - Алма-Ата, 1987. - С.63, 108, 109.; Итоги Всесоюзной переписи населения в СССР 1970 года. т. 1. - М., 1973. - С.234.; Итоги Всесоюзной переписи населения 1979 г. т. VII. - М., 1990. - С.36.

24. Төтімов М. Ауылдағы демографиялық ахуал. - Алматы: Қайнар, 1990. - 235-237 бб.; Ақиқат. - 1993. - №8. - 63-64-бб.

25. ҚР ПА. 708-қор; 13-тізбе, 255-іс. - 1-п.

ЕЛ ЕСІНДЕГІ ЕСІМДЕР

САЙРАГҮЛ НҰРСҰЛТАНОВА ЖӘНЕ ҚАЗАҚ БАЛЕТ ӨНЕРІНІҢ ТАРИХЫ

Л.НИКОЛАЕВА,
Т.Жүргенов атындағы ҚазҰлтӨнАқ доценті,
педагогика ғылымдарының кандидаты,
К.САРҚЫТБАЕВА,
Т.Жүргенов атындағы ҚазҰлтӨнАқ магистранты

Қазақстандағы кәсіби балет өнері ХХ ғасырдың 30-жылдарының басында пайда болды. Өйткені 1933 жылы Қазақ музыкалық театры ашылып, ал 1935 жылы балет бөлімі өз жұмысын бастайды. Осы алғашқы жылдары еліміздегі балет өнерінің дамуына сүбелі үлес қосқан жандар аз болмаған. Әрине, еліміздегі балет өнерінің дамуына сол жылдардағы республика және одақ көлемінде ұйымдастырылған

мәдени шаралардың өзі де әсер етіп отырды. Тіпті адамзат баласы үшін үлкен шығындарға жол ашқан Екінші дүниежүзілік соғыс та еліміздегі балет өнерінің дамуына өзіндік ықпал етті. Атап айтқанда 1941-1945 жылдар аралығында Одақ көлемінде танымал болған балет өнерінің шеберлері елімізге қоныс аударып, өздерінің кәсіби қызметтерін Қазақстанда жалғастыруға мәжбүр болды. Олардың еліміздің

сахналарында қойған қойылымдары сөзсіз осы бір өнер түріне деген қызығушылықтарды арттырып, балет өнерінің дамуының жаңа сатысын анықтады. Нәтижесінде соғыстан кейінгі жылдары қазақ балет өнерінің жаңа есімдері қалыптасып, өнердің бұл түріне деген көзқарас та ұстаным да өзгерді. Еліміз ғана емес, халықаралық дәрежеде аты шыққан балет өнерінің шеберлерімен қатар, жаңа буын және жаңа толқын қалыптасты. **Есімі кеңінен танымал болған жандардың бірі – Сайрагүл Нұрсұлтанова болды.**

Сайрагүл Нұрсұлтанова 1952 жылдың 24 мамырында Алматы қаласында, тоғыз ұрпақ сүйген Ербосын атамыз және Бағира апамыздың төртінші баласы болып дүниеге келген. Сайрагүл Нұрсұлтанова сегізге толғанда хореографиялық училищеге қабылданып, атақты А.В.Селезневтің тәрбиесін де көреді. Жалпы Сайрагүл Нұрсұлтанованың бала кезінде би өнерінің алғашқы әліппесін үйретіп, кәсіби маман болып қалыптасуына зор үлестерін қосқан ұстаздары қатарында Х.О.Базарбаев, Р.М.Көрпешова, Е.Ә.Үсін сынды мамандарды атауға болады. Ал кәсіби сахнаның қыр-сырын үйретіп, өнердің үлкен жолын ашқан мамандар қатарында З.М.Райбаев, Б.Аюханов, И.Манская сынды майталмандарды атауға болады [1, 456-457-бб.]. Әрине, әр ұстаздың шәкірт жүрегінде алар орны ерекше. Дегенмен Сайрагүл Нұрсұлтанованың кәсіби маман ретінде қалыптасуында Болат Аюхановтың еңбегі сіңгендігін атап өтпеске болмас. **Ол туралы Сайрагүл Нұрсұлтанованың өзі:** *«...Әрбір өнер иесі – әртіс өзінің шығармашылық талабын жеткізе алуы шарт. Менің өнерпаздық өмірім Болат Ғазизұлы Аюхановтың басқаруымен, жетелеуімен өтті. Ол әртістерді өзінің қайнар энергиясымен, сарқылмас күш жігерімен қуаттандырады, би өнері үшін жаратылған жан, сондықтан да біздер оны сүйеміз. Болат Ғазизұлы үшін қарапайым, күйбілжің күндер болмайды. Оның бойындағы шалқыған табысты кім онымен бірге би әлемінде бөліссе, сол әртісті сиқырлы баулап алғандай жағдайға ұшырайды. Оның би өнеріне деген өмірлік сүйіспеншілігі, таппынысы сарқылмайтын бұлақтай. Болат Аюхановтың әрбір балеттік қойылымы – терең адамгершілікті, мейірімділікті, махаббатты шабытпен шырқайды. Ол би өнеріне әрбір актердің даралық шеберлігін таниды, сондықтан да Болат Ғазизұлының қойылымдары әртістердің өнердегі ерекшелігіне сай келеді. Мысалы Мольердің «Раушан гүлдері» туралы поэмасындағы «Меристо вальсі» маған арналған. Оны әрі қарай басқа әртіс орындаған емес», – деп өзінің ұстазы туралы түйінді ойын көрермендерге жеткізеді [1, 458-б.].*

Сайрагүл Нұрсұлтанова – қазіргі Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің түлегі. Бұл ретте осы оқу орнында ұзақ жылдар ұстаздық еткен Д.Т.Абировтың да ерен еңбегін атап өтпеске болмайды. Өйткені балет өнерінің Сайрагүл Нұрсұлтанова сынды шеберлері жоғары білім алуы үшін өз ұстаздық еткен оқу орнынан хореография кафедрасын ашып, тіпті сырттай бөлімінің ашылуына да жағдай жасайды [2, 77-б.].

Сайрагүл Нұрсұлтанова жастайынан үлкен қойылымдарда өз өнерін паш ете бастаған. Олай дейтініміз бар болғаны 6-сыныпта оқып жүрген кезінде Заурбек Молдағалиұлы Райбаев оны Ғазиза Жұбанованың «Хиросима» балетіне шақырып, атом жарылысының бар қиындықтарын өз биімен көрсете білген жас қыздың биін билейді. Ол турасында Л.П.Сарынова өзінің «Балетное искус-

ство Казахстана» атты еңбегінде 1965-1966 жылы «Хиросима» атты 2 актілі қойылымда Юки бейнесін сомдаған болатын деп атап өткен болатын [3, 153-б.]. Аталған «Хиросима» балеті Нагасаки мен Хиросима қалаларында болған атом бомбасының жарылыстары салдарынан құрбан болған жандар мен тағдыры тәлкекке ұшыраған қарапайым адамдардың өміріне арналады. Өйткені қос қалаларда болған жарылыстары сол тұстағы адамзат баласының барлығының да наразылығын тудырған еді. Міне «Хиросима» балеті де осындай наразылық ниетінен туындаған деп айтуға негіз бар. Әрине, аталмыш балет халықаралық маңызы бар оқиғалар желісіне арналғандықтан және республика азаматтарының жаһандық жаңалықтардан хабардар болуы себепті де бірден қызығушылыққа ие болып, қазақ балетінің тарихында өзіндік орынға ие болған еді. 1966 жылдың 21 мамырында тұсаукесері өткен «Хирасима» балетін қазақ өнерінің айтулы мамандары Ә.Мәмбетов, Г.Жұбанова, З.Райбаев және суретші В.Мамонтов қойған болатын. Осы «Хирасима» балетінде Сайрагүл Нұрсұлтанова Тайо атты өзіне сенімді балықшының қызы Юкидің бейнесін аспанда ұшқан тырналарды көріп, әкесінің жанында билеуімен қойылым басталады. Әрине, жапондықтардың түсінігінде тырна бейнесі бейбітшілік пен бақыттың символы болып саналады. Сол себепті де «Хирасима» балетінің көздегені де сол адамзат үшін маңызды құндылық, бейбітшілік ұғымын дәріптеу болып табылады. Осы қойылым барысында Юки бейнесіндегі Сайрагүл Нұрсұлтанованың шебер орындаушылығын сол тұстағы балет мамандарымен қатар, қарапайым көрермен де атап өткен. Тіпті Жапонияның кәсіподақтарының Бас кеңесінің хатшысы Мициака Мацура да жоғары бағасын берген болатын. Әсіресе, өмірден түңіле бастаған әкесі Тайоға қағаздан жасалған тырнаны беріп, үміт сыйлауы және соғыс жағдайында жапон халқының үрейі мен қорқынышын Юки бейнесінде шебер бере алуы сөз жоқ Сайрагүл Нұрсұлтанованың өз ісінің асқан шебері болғандығының көрсеткіші еді. Оған қоса «Хирасима» балетінде Сара Көшербаева, Анарбек Жағыловпен қатар өнер көрсетуі сөзсіз оның кәсібилік шеберлігінің шыңдалуына жағдай жасады.

Сайрагүл Нұрсұлтанованың 1965-1966 жылдардан кейінгі қызметі көп жағдайда 1967 жылы Б.Аюханов құрған «Алматының жас балеті» атты хореографиялық миниатюрлер ансамблімен тығыз байланысты. Аталған ансамбль тек КСРО ғана емес, бүгін де Канада, Ирак, Польша, Финляндия, Италия, Франция, Швеция, Марокко, Иордания, Сирия, Куба, Түркия сынды өзге де шет елдерге танымал болды. Бұл ансамбльдің жұмысы алғашында Болат Аюханов пен Инесса Манскаяның бірлескен жұмысы нәтижесінде пайда болған еді. Л.Газизова өзінің «Хореография Казахстана: проблемы и перспективы» атты мақаласында Б.Аюханов өзінің осы ансамблін құрудағы басты мақсаттарының бірі қазақ балет өнерін дамудың жаңа сатысына көтеру, ерекше зияткерлік пен философиялық түсініктерге жетелеу болғандығын атап өтеді [4]. Рас, Б.Аюхановтың ерекше мақсаттары «Алматының жас балетінің» алғашқы жұмыс күнінен бастап-ақ қолға алына бастайды. Сол тұстағы КСРО-ның балет өнерінде қалыптасқан дәстүрді қайталамай, әр орындаушының жеке қасиеттері мен мүмкіндіктеріне мән бере отырып, балет өнерінде жаңа жас толқындардың пайда болуына жол ашты. Солардың бірі де бірегейі – Сайрагүл Нұрсұлтанова болды. Осы ансамбль құрамына

Сайрагүл Нұрсұлтанова бар болғаны 7-сынып оқушысы болғанында-ақ қабылданады. Дәл осы тұста Сайрагүл Нұрсұлтанова Инесса Манскаяның қарамағында балет өнерінің қыр-сырымен танысуға мол мүмкіндіктерге ие болады. Болат Аюхановтың тынымсыз еңбегі нәтижесінде өз ісінің хас шебері болып қалыптасқан Сайрагүл Нұрсұлтанова Қазақстан Республикасының Халық әртісі деген марапатқа лайық та болды. Әрине, Сайрагүл Нұрсұлтанованың маман ретінде қалыптасуына сол «Алматының жас балетінде» Б.Аюхановтың жұмысты ұйымдастыру тәсілі де көп әсер еткен болатын. Мысалы, Болат Аюханов ансамбльдің жұмысына КСРО-ға танымал әрі Кеңестер Одағының Халық әртістері Наталья Дудинская, Никита Долгушинмен қатар, Эстониялық танымал хореограф Май Эстер Мурдмааны, Ресейлік Олег Соколов, Ирина Генслер, Борис Мягков, Алексей Семьянов, Александр Полубенцов сынды мамандарды кеңінен тартуды жұмыс тәртібіне енгізген болатын [5]. Міне осындай тәжірибе алмасулар сөзсіз Сайрагүл Нұрсұлтанованың кәсіби маман болып шыңдалуына көп әсерін тигізді деп айтуға толық негіз бар. «Алматының жас балеті» құрылғаннан кейін, нақтырақ айтқанда 1968 жылы Сайрагүл Нұрсұлтанова «Қыз Жібек» қойылымында басты рөлді сомдаған еді. Сайрагүл Нұрсұлтановамен қатар аталған қойылым барысында Болат Аюханов, Леонид Семьянов сынды шеберлер «Сылқылдақ», «Бал-быраун», «Айжан қыз» сынды күйлердің сүйемелдеуімен балет өнерінің керемет үлгісін көрсетті. Бұл қойылым көрермендердің ерекше ықыласына ие болып, Күләш Байсейітова атындағы марапатқа ие болған болатын [6, 96-б.]. «Алматының жас балеті» құрамында Сайрагүл Нұрсұлтанова «Гамлет», «Саломея», «Татьяна Ларина», «Дон Кихот», «Аққу көлі», «Кармен-Сюита», «Болеро», «Қыз Жібек», «Айтылмаған ән» және «Мәңгірт» сынды қойылымдарда өз өнерін көрсете білді.

1983 жылы Б.Аюханов өзінің Н.Закированың әніне жазылған мәңгірт туралы қойылымын алғаш рет қойған болатын [7, 19-б.]. Осы қойылымда басты рөлдерде Р.Мусин мәңгіртті сомдаса, А.Ниязбеков жуан-жуандардың басшысы болған. Ал мәңгірттің анасының рөлін Сайрагүл Нұрсұлтанова өте жоғары деңгейде сомдай алған [8, 108-б.]. Болат Аюханов осы қойылымға өзінің жоғары бағасын беріп, балет-трагедия өте көлемді болғандығын және рөлдерді сомдаған бишілер актерлік шеберліктің мүмкін болатын шегіне дейін жеткізгендігін айтқан еді [9, 44-б.]. Рас Сайрагүл Нұрсұлтанова сомдаған Ана бейнесі аталған қойылымның барлық айтар ойы мен жетекші идеясын берді деп айтуға толық негіз бар. Өйткені Ана бейнесі мейірбандық және адамгершілік, ұлының амандығы жолындағы құрбандыққа бара алатындай кең жүректілік сынды қасиеттерді толықтай бере алған. Ал осындай жоғары адами қасиеттерді жуан-жуандардың қатал да қатыгез басшысына қарама-қайшы қою арқылы екі дүниетаным арасындағы күрес идея сәтті шыққан. Мәңгірттің өз анасын өлтіруі Әрине, ауыр көрініс. Дегенмен Сайрагүл Нұрсұлтанова бастаған қойылымды сомдаушы бишілер мәңгірттің өз анасының денесін арқалауы және оларды періштелердің қоршауы арқылы адамға әділеттілік пен мейірбандықтың адам өміріндегі маңызы мен оның өміршеңдігін білдіріп, қойылымды аяқтайды. Осы ретте атап өтетін бір жайт Сайрагүл Нұрсұлтанова өзінің кәсіби шеберлігі нәтижесінде көптеген ойды көрерменге бере алған. Солардың

қатарында әйел баласының ішкі жан дүниесінің сан қырлылығы, баласын шексіз сүйген ана махаббаты және тағы да басқа әйел адамға тән асыл қасиеттерді өзінің шебер биі және жоғары қолдаусыз көркем түрде жеткізе алған. Өйткені хореографияның бүкіл қойылымы тек Сайрагүл Нұрсұлтанова бейнесіндегі Ананың рухани трагедиясын ашуға бағытталған. Өз кезегінде С.Нұрсұлтанова бейнесіндегі Ана ұрпағының амандығы үшін тағдырдың өзіне жазған шешімімен келіседі [10]. Осы жетекші ойды сәтті бере алуы да бүкіл қойылымды әсерлі еткен деп санаймыз.

Сайрагүл Нұрсұлтанова ұзақ жылдар көлемінде өзі жоғары бағалаған ұстазы Болат Ғазизұлы Аюхановтың жетекшілігімен қызмет етті. Өлемнің талай елдерін аралап, қазақ балет өнерінің ерекшеліктері мен қазақ бишілерінің жоғары деңгейін халықаралық сахналарда көрсете білген дара тұлға. Қазақ балет өнеріне сіңірген еңбегі де ескерілді. Нақтырақ айтқанда 1990 жылы Қазақстан халық әртісі атағын алған. 1993 жылдан бастап Абай атындағы опера және балет театрының труппасында қызмет етті. Аталған өнер ордасында «Гүлдер» атты жастар ансамблінің педагог-жаттықтырушысы болған. Осы ретте атап өтетін бір жайт Сайрагүл Нұрсұлтанова тек талантты биші ғана емес, шәкірт тәрбиелеген ұлағатты ұстаз да бола білді. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» дейді халық даналығы. Сайрагүл Нұрсұлтанованың жетекшілігімен Қазақстан Республикасының Халық әртісі Г.Түктібаева, Л.Әлпиева, С.Михлина, Д.Шомаева, А.Егізбаевалар тәрбиеленіп шықты.

Сөзсіз қазақ балет өнері ұзақ та күрделі даму жолынан өтті. Оның бүгінгі даму деңгейі сан жылдар бойында өнердің осы бағытына өмірін арнаған бір-қатар жандардың еңбегімен келген деп айтуға толық негіз бар. Солардың бірі Сайрагүл Нұрсұлтанова деп айтсақ қате болмас. Өйткені Сайрагүл Нұрсұлтанованың өмірі мен шығармашылық қызметі нәтижесінде еліміздің балет өнері дамудың келесі сатысына көтерілді. Оның түрлі қойылымдардағы сомдаған жарқын бейнелері қазақ балет өнерінің орындаушылық шеберлігі мәселесін алға жылжытты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Қожырұлы Б.** Қазақ елінің атақты музыка өнерпаздары. – Алматы, 2010. – 640 б.
2. **Кремер Л.М.** Балетмейстеры Казахстана и их вклад в национальное искусство Казахстана // Вестник КазГосЖенПУ. - №6 (54). – 2014. – 287 с.
3. **Сарынова Л.П.** Балетное искусство Казахстана. – Алмата, 1976. – 176 с.
4. **Ғазизов Л.** Хореография Казахстана: проблемы и перспективы // Современное искусство Казахстана: проблемы и поиски. – Алматы, 2002. – 137 с.
5. **Аюханов Б.Г.** Мой балет. – Алма-ата, 1988. – 100 с.
6. **Астафьев И.** Па-де-де с балетмейстером // Простор. Литературно-художественный журнал. - №7. – 2017. – 194 с.
7. **Аджибаева Ч.И.** Возвращение «Манкурта» на балетную сцену // Вестник Академии Русского балета им. А.Я. Вагановой. - №3 (62). – 2009. – 162 с.
8. **Садыкова А.** Опыт создания национальных балетных спектаклей в Кыргызстане и Казахстане // Вестник института философии и политико-правовых исследований национальной Академии наук Кыргызской Республики. - №1. – Бишкек, 2018. – 215 с.
9. **Уразгельдинов Р.** Айтматов и мировой балетный театр. – Бишкек, 2015. – 184 с.
10. **Кожаметова М.** Мир Аюханова. – Алматы, 2013.

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ТҰҢҒЫШ СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРІ

Сейіткали ДҮЙСЕН,
Мемлекет тарихы институтының
жетекші ғылыми қызметкері,
педагогика ғылымдарының кандидаты

Тағдырдың жазуымен 1911 жылы 16 желтоқсанда тәуелсіздік алған Қазақстанның сыртқы саясат қызметінің алғашқы тізгінін ұстау Төлеутай Ысқақұлы Сүлейменовке бұйырды.

Төлеутай Сүлейменов 1941 жылы 1 қазанда Семей қаласында журналист отбасында дүниеге келіп, бозбалалық кезеңі Аягөз қаласында өтті. Осы қаладағы №7 мектепте орта білім алған соң, жастық жалынымен Қарағанды металлургия комбинаты (Теміртау) құрылысына аттанады. Еңбек жолын қарапайым жұмысшы болып бастайды. Осы қалада Қазақстанның болашақ президенті Нұрсұлтан Назарбаевпен танысып, достасып, тізе қосып еңбек етеді. Жоғары техникалық білім алу үшін Қарағанды политехникалық институтына оқуға түсіп, 1967 жылы бітіріп шығады. Осыдан соң зауытта цех бастығы қызметін атқарады. Төлеутай Ысқақұлы жалпы алғанда Қарағанды металлургия комбинатында 1959-1977 жылдары еңбек етті.

Іскерлігімен және ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түскен жас маманға басшылық зауыттың комсомол ұйымының хатшысы жұмысын сеніп тапсырады. Комсомолдық қызметпен жоғарылап, Теміртау қалалық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, Теміртау қалалық бақылау комитетінің төрағасы қызметіне сайланады. Жас маманға сенім білдіріп осыдан соң Теміртау қалалық партия комитетінің екінші хатшысы етіп сайлайды. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің шешімімен Т.Сүлейменовті Мәскеуге дипломатиялық оқуға жібереді. Осылайша ол 1977-1980 жылдары КСРО Сыртқы Істер министрлігінің Дипломатиялық академиясында білім алады [1].

Оқуды аяқтаған соң Төлеутай Ысқақұлының 11 жыл өмірі, жастық шағы алыс және жақын шетелдерде кеңестік дипломатиялық қызметтерді атқаруға арналды.

Өзінің айтуына қарағанда, Төлеутай Ысқақұлы мектеп оқушысы кезінен дипломат болуды армандаған және іштей өзін осы қызығы мен құпиясы мол, сирек мамандыққа даярлаған. Кеңес билігі ешқашан Сыртқы істер министрлігінің, Қорғаныс министрлігінің, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің және Ішкі істер министрлігінің жауапты қызметтеріне басқа ұлттарды араластырмауға тырысты. Бұл салалардағы кадрлардың басым бөлігі орыстар мен белорустар, украин болып келді. Одақтас республикаларға, тіпті Кеңес Одағының сыртқы саясаты, шет мемлекеттер туралы кітаптар шығаруға рұқсат берілмеді [2,6]. Сәті түсіп кеңестік дипломатия мектебінен білім

алған қазақ ұлтының өкілдері болса, оларды Азия, Африка елдеріне кіші дипломатиялық қызметтерге ғана жіберді.

Т.Сүлейменовтың дипломаттық өсу жолы 1981 жылдан басталды. Академияны тәмәмдаған соң КСРО Сыртқы Істер министрлігінің орталық аппаратында Орта Шығыс елдері бөлімінің бірінші хатшысы болып екі жыл еңбек етеді.

Осыдан соң 1981-1985 жылдары КСРО-ның Иран Ислам Республикасындағы Бас консулдығының Мазари-Шариф қаласындағы консулы қызметін атқарады. 1985-1988 жылдары қайтадан Мәскеуге оралып, министрліктің Орта Шығыс елдері бөлімінде кеңесші жұмысында болады. 1988-1991 жылдары КСРО-ның Иран Ислам Республикасындағы елшілігінде кеңесші қызметінде жүргенде Н.Ә.Назарбаев телефон шалып Қазақстанға қайтуға шақырады. Қазақстан Президенті сол кездегі КСРО Сыртқы істер министрі болған Э.А.Шеварднадземен ақылдасып, тәуелсіз елдің сыртқы саясаты қызметіне лайықты үміткер деп тауыпты.

Отандық дипломатия ардагері Сәлім Құрманғожиннің деректеріне қарағанда министрлік жүйесінде халықаралық-экономикалық қатынастар, мәдени және гуманитарлық ынтымақтастық, протокол-саяси, консулдық бөлімдер жұмыс жасаған. Министрдің орынбасары лауазымы болған. Мәскеудің басшылығымен республика министрлігі сыртқы саяси қызметтің мемлекеттік, үкіметтік, парламенттік делегацияларын қабылдаулармен айналысқан. 80-жылдары Қазақ КСР Сыртқы істер министрлігін нығайтуға министрлік қызметте болған М.И.Исәнәлиев пен А.Х.Арыстанбекова едәуір еңбек сіңіргені айтылады [3,212].

1989-1991 жылдары Қазақ КСР Сыртқы істер министрі қызметін атқарған Ақмарал Арыстанбекованы Президент Н.Ә.Назарбаев 1991 жылы желтоқсанда БҰҰ жанындағы КСРО Тұрақты өкілдігінің аға кеңесшісі және Қазақстан Республикасының өкілі қызметіне тағайындайды [4,10].

Кеңестік дипломатия мектебінен білім алып, мол тәжірибе жинақтаған жоғары деңгейлі кәсіби дипломат Т.Сүлейменов министрлік жұмысын өте қиын жағдайда қолға алды.

Қазақстанның Сыртқы істер министрі Т.Сүлейменов КСРО Сыртқы істер министрлігі жүйесінде қызметте жүрген қазақстандық дипломаттарға өтініш жасап, Мәскеуде орналасқан шетелдік дипломатиялық корпусының Қазақстанның тәуелсіздігін жариялауына қалай қарайтынын білуді тапсырады. Қ.Тоқаев бастаған қазақ дипломаттары Қазақстанның

атынан Мәскеудегі біраз шетел елшілерімен жолығып, Ұлыбритания, Германия (ГФР), Қытай, Жапония, Оңтүстік Корея, Иран елдерінің біздің тәуелсіздік жариялағанымызды оң қабылдағанын Н.Ә.Назарбаевқа дипломатиялық депеша арқылы хабарлады [5,156-163].

Дербес сыртқы саясат жүргізудің тәжірибесі мен дәстүрі болмағандықтан қиындықтар көп кездесті. Қазақстандық дипломаттар практикалық тәжірибе мен әдістерді іс барысында үйренді және еңсерді. Бұл тұрғыда, әсіресе, 1992-1993 жылдар өте қауырт болды. Осы кезеңде Қазақстан әлемнің 100 елімен дипломатиялық қатынас орнатты.

1992 жылы 16 мамырда Түркия Республикасында Қазақстанның бірінші елшілігі ашылды. Қанат Саудабаев Қазақстан Республикасының осы елдегі Төтенше және Өкілетті Елшісі болып тағайындалды [6].

Кеңестік заманда Қазақстанның ешбір шет елде өкілдігі болмаған еді. Төлеутай Ысқақұлының еске алуына қарағанда алғашқы апталарда тіпті көмекшісі де болмаған. Министрлікте департамент, бөлім басшылары болмаған. Сыртқы істер министрлігінде 10-ақ адам еңбек еткен [7].

Президент Н.Ә.Назарбаевпен шетелдік сапарларға шыққанда Төлеутай Ысқақұлы әрі сапаршы рөлін де атқарды. Еріп баратын басқа министрлер шет тілін білмейтін. Оларға аудармашы болуға, құжаттарды сараптауға тура келген. Сапарға шыққанда аудармашы тек Президентте ғана болатын. Төлеутай Ысқақұлының еске алуына қарағанда шетелдерге Президентпен сапарға шыққан алғашқы кезеңдерде Ресей дипломаттары қарсы алып, шығарып салуға көмектерін көрсетіп отырды [7].

Тәуелсіздігін жаңа жариялаған мемлекеттің қауіпсіздігі, аумағының біртұтастығы, сырт мемлекеттермен дұрыс қарым-қатынас жасай білуі сол елдің тиімді сыртқы саясатына тікелей байланысты екендігі әлем тарихында дәлелденген ақиқат.

Президенттің тапсырмасы бойынша Т.Сүлейменов КСРО Сыртқы істер министрлігі жүйесінде еңбек етіп жүрген қазақстандықтарды елге шақырады. Қазақстанға жоғары білімді 12 дипломат оралып, сыртқы саясат саласын дамытуға өз үлестерін қосты [3,213].

Солардың қатарында Қасым-Жомарт Тоқаев, Ерлан Ыдырысов, Болатхан Тайжан, Бағдат Әміреев және басқалар болды.

Сәлім Құрманғожин министрдің бірінші орынбасары, Сайлау Батыршаұлы мен Қ.Тоқаев орынбасарлары болып тағайындалды. В.Х.Ғизатов, Х.Р.Омаров, Н.Ж.Дәненов, И.М.Аманғалиев, А.С.Шәкіров, Б.Х.Нұрғалиев, А.Н.Хамзаев, Б.Ш.Тұрарбеков сияқты тәжірибелі дипломаттар бөлім басшылары қызметтеріне тағайындалды [3,214-216].

Дипломатия саласы мамандарының пікіріне қарағанда шет мемлекеттердің Қазақстанды тәуелсіз ел ретінде тануына КСРО мектебінен өткен қазақ дипломаттары көп еңбек етті. Бірақ олардың жұмыстары басқа сала қызметкерлеріндей жария етілмеді. Дипломаттар жұмысы жариялылықты көтермейтіндіктен, сын сағаттарда елдің болашағы жолында еңбек еткен ерлердің есімі белгілі болуы шарт емес еді.

1992-1994 жылдары іріктеу нәтижесінде көптеген жас мамандарды министрлікке қызметке алды.

Шетелдерге дипломатиялық оқуларға талантты жас мамандар жіберілді. Кейін сол кездегі «жастардың» көпшілігі қазақстандық дипломатиялық қызметтің негізін құрады.

1992 жылдың соңы мен 1993 жылдың басынан бастап шетелдерде Қазақстанның алғашқы елшіліктері ашыла бастады. Т.Сүлейменов 1991-1994 жылдары Президент Н.Ә.Назарбаевпен тізе қосып, көптеген шетелдік сапарларға шығып, шетел басшыларымен, саясаткерлерімен ірі компания басшыларымен келіссөздер жүргізуге қатысып, терең дағдарысқа ұшыраған Қазақстан экономикасын көтеру үшін сырт елдерден инвесторлар тартуға өзінің үлесін қоса білді.

Дипломатиядағы көпвекторлы саясат Қазақстанның өзін қоршаған әлеммен көпжақты байланыстарын дамытудан туған табиғи таңдауы болды. Атақты грек ғұламасы Аристотель сыртқы саясатта «алтын орталықтың» нүктесін дұрыс табу маңызды екенін айтыпты [1,454]. Еуразияның нақ ортасында орналасқан Ресей, Қытай және Орталық Азия елдерімен 14 000 мың шақырымдық сыртқы шекарасы бар Қазақстанға бір ғана елге немесе белгілі бір елдер тобына ғана бағыт ұстану республиканың ұлттық мүддесіне орны толмас зиян әкелетінін ел басшылығы түсінді. Сондықтан Т.Сүлейменов министр ретінде Президент Н.Ә.Назарбаевпен бірге көпвекторлы сыртқы саясатты қалыптастырудың бастамасында тұрды.

Министрдің басшылығымен отандық дипломаттар алғашқы екі-үш жылдың ішінде шетел инвесторларын елімізге тарту жолында, елімізге де оларға да тиімді келісімшарттар жасау жолында көптеген пайдалы жұмыстар атқарды.

Қазақстанды әлемнің беделді елдері дипломатиялық тұрғыдан тани бастаған соң, ендігі міндет тәуелсіз еліміздің сыртқы саясатындағы басым бағыттарын тұжырымдамалық айқындау болды. Қазақстан қандай халықаралық саясат жүргізеді – бұл мәселе Орталық Азия аймағындағы жағдай көбіне-көп жаңа мемлекеттің сыртқы саяси бағытына байланысты болатынын түсінген көптеген мемлекеттерді алаңдатты.

Сыртқы істер министрлігі алдында – Қазақстанның әлеуетін және оның сыртқы саяси акцияларын қалай бағалауға болады? Отандық дипломатияның мәні неде және оның негізгі бағыттары қандай? Сыртқы саясаттағы аймақтық пен ғаламдықтың арақатынасы қандай? Біздің мемлекетіміздің аумағында орналасқан ядролық әлеуеті қоса алғанда, халықаралық қауіпсіздік проблемаларын шешуге Қазақстан қалай қарауы керек? Қазақстанның қауіпсіздігін дипломатиялық құралдармен қалай қамтамасыз етуге болады? Міне, жас мемлекет алдында осындай маңызды мәселелер тұрды [5,163].

Министрлік алдында Қазақстанның көкейтесті қажеттері мен стратегиялық мүдделерін дәл көрсететін сыртқы саясат тұжырымдамасын жасау қажеттілігі тұрды. Сол тұста мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасу және даму стратегиясы» деген іргелі еңбегінде Қазақстанның халықаралық бағытының бағдарларын айқындап берді.

Тұжырымдаманың алғашқы жобасы сыртқы істер министрлігінде 1992 жылдың наурызында әзір-

леніп даяр болады. Ол министрлік алқасының бірінші мәжілісінде талқыланды [5,165]. Кейін бұл тұжырымдама тиісті деңгейде талқыланып бекітілді.

1992 жылы «Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрігі туралы», «Қазақстан Республикасы елшілігі туралы», «Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті Өкілінің негізгі міндеттері мен құқықтары туралы» Қазақстан Президентінің Жарлығы шықты.

Төлеутай Ысқақұлы министр кезінде кеңестік кезеңде жұмыс жасаған дипломатия ардагерлерін кеңесші, ақылшы ретінде жұмысқа да тарта білді. Министрлікті жұмысын жандандыру үшін Ерекше тапсырмалар жөніндегі елшілер институтын құрды. Министр ретінде өзі бұрын Сыртқы істер министрі және партия қызметкері болған Михаил Иванович Есенәлиевті Ерекше тапсырмалар жөніндегі елші етіп қабылдап, халықаралық мәселелер жөніндегі сарапшы ретінде делегациялар құрамына қосып, халықаралық конференцияларға жіберіп отырды [8,95-96].

Төлеутай Ысқақұлы отандық дипломатияны құру ісіне Қайыр Омаров, Константин Жигалов, Сергей Держиев сияқты тәжірибелі дипломаттарды тартты. КСРО дипломатиялық мектебінен білім мен тәжірибе жинақтаған Болатхан Тайжан мен Бақыт Нәдіровты елшілік жұмыстарға жіберді [9, 408-409].

Министрлік қызметтен соң Төлеутай Ысқақұлы Елбасы тапсырмасымен 11 жыл бойы АҚШ, Венгрия, Польша, Словакия, Бельгия, Румыния, Чехия, Болгария, Нидерланды, Люксембург мемлекеттерінде елшілік қызметтерді абыроймен атқарды [1,518].

Шетелдердегі дипломатиялық қызметі аяқталған соң дари, парсы, ағылшын, словак, түрік тілдерін меңгерген Т.Сүлейменов өзінің мол білімі мен тәжірибесін қазақстандық дипломаттарды даярлау ісіне жұмсады. Оқытушылық жұмысты ғылыми ізденістермен ұштастыра отырып саяси ғылымдар докторы, академик дәрежесіне жетті. Бірнеше монография мен 80-нен астам ғылыми мақала жариялады. Ғылыми еңбектері бағаланып, Нью-Йорк академиясының мүшелігіне қабылданды.

Т.С.Сүлейменов 2005-2012 жылдары Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясындағы Дипломатия институтында вице-ректор, директор қызметін атқарды [1,518]. Тәуелсіз мемлекетімізді қалыптастыру мен дамытудағы еңбегі лайықты бағаланып, Төлеутай Ысқақұлы оннан астам орден және бірқатар медальдармен марапатталды. Т.Сүлейменовтің шетелдік марапаттарының қатарында Ауғанстан, Венгрия, Польша, Словакия елдерінің де ордендері бар.

Осылайша тәуелсіздіктің алғашқы үш жылында Төлеутай Ысқақұлы тәуелсіз Қазақстанның Сыртқы істер министрлігін, оның сыртқы саяси бағытын қалыптастыру мен жүзеге асыруды ұйымдастыру жұмыстарының бастамасында болып, кейін шетелдерде дипломатиялық қызметтерде, Мемлекеттік басқару Дипломатиялық академиясында дипломаттарды даярлау мен кәсіби білімдерін жетілдіру ісін жүзеге асыруға өзіндік үлесін қосты.

Төлеутай Ысқақұлы қазіргі күнге дейін жоғары оқу орындарындағы ұстаздық жұмысымен қатар белсенді қоғамдық жұмыстар мен

меценаттық игілікті істерді ұйымдастыруда. Өз қаржысымен Аягөз қаласында спорт кешенін (2011 ж.), ашық спорт алаңын (2017 ж.) салып берді және жас спортшылардың жарыстарға барып тұруы үшін 30 орындық автобус сыйлады. Төлеутай Ысқақұлы 2012 жылдан бастап Аягөз қаласында бокстан 15 жасқа дейінгі жасөспірімдер арасында республикалық дәстүрлі жарыс ұйымдастыруды қолға алып, жеңімпаздарға марапатты өзі қатысып, тапсырып отырады. Қазір бұл жарыс халықаралық деңгейде ұйымдастырылуда. Қаладағы өзі оқыған №7 мектеп ұжымымен байланыста болып, компьютер сыныбын, теледидар, т.б. қажет құралдар сыйлады. Осы мектеп оқушылармен кездесулерге жиі барып тұрады [10].

Дипломатия ардагері, ел жастарының құрметті тәлімгері Т.Сүлейменов Елордада өтетін республикалық, қалалық деңгейдегі қоғамдық іс-шаралардан тыс қалып көрген емес. Жастармен, студенттермен жиі кездесіп, Елбасының еңбек жолымен, мемлекеттік қызметімен, салиқалы ішкі және сыртқы саясатымен таныстырып, жас ұрпаққа өзінің бай өмірлік тәжірибесін айтып, аталық ақыл-кеңесін беріп, ұлтымыздың абыз ақсақалы ретінде ұрпаққа үлгі өнеге көрсетуде.

РЕЗЮМЕ

В статье описывается краткий жизненный путь известного казахского дипломата Т.С.Сүлейменова и его деятельность как первого министра иностранных дел Республики Казахстан.

The article examines the short life path of the famous Kazakh diplomat T.S.Suleymenov and his activities as the first Minister of Foreign Affairs of the Republic of Kazakhstan.

Key words: T.S.Suleymenov, Karaganda Polytechnic Institute, CPC Central Committee, Diplomatic Academy, Ministry of Foreign Affairs of the Republic of Kazakhstan, UN, Ambassador of the Republic of Kazakhstan, Diplomatic Institute, rector.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРІ

1. Сүлейменов Т. Избранные статьи, выступления, интервью / - Астана, 2013. - 520 с.
2. Айтжанбайқызы Гүлбаршын. Тәуелсіздікке дайындық қалай жүрді? // Егемен Қазақстан, 2019 жыл 16 желтоқсан.
3. Курмангожин С.А. 45 лет на дипломатической службе: Мемуары. – Алматы: ИД «Жібек жолы», 2003. - 320 с.
4. Арыстанбекова А.Х. Ұлттар Ұйымы және Қазақстан. – Астана: Аударма. 2004. - 416 бет.
5. Ыдырысов Ерлан. Жасампаздық дипломатиясы. // Егемен Қазақстан, 2001 жыл 15 желтоқсан.
6. Сүлейменов Т. Өткеннің өнегесі - болашаққа бағдар. Сұхбаттасқан Гүлбаршын Сабаева. // Егемен Қазақстан, 2016 жыл 9 желтоқсан.
7. Тоқаев Қ. Беласу. Дипломатиялық очерктер. – Алматы: «Дәуір», 2003. - 656 бет.
8. Сүлейменов Т.С. Есенәлиев туралы. / Михаил Есенәлиев: Өнегелі өмір. 26-шығ. / Ред. басқ. Ғ.М.Мұтанов. – Алматы: Қазақ университеті., 2013. – 354 бет.
9. Тоқаев Қ. Қазақстан Республикасының дипломатиясы. – Алматы: ҒӨ Пбк «Gaunag», 2002. – 568 бет.
10. Интернет pecyrc: <https://100janaesim.ruh.kz/ru/participants/2017/tuleutay-suleimenov.html> (21.09. 2020)

ЖАСТАРДЫҢ РУХАНИ ЖАҢАРУ БАҒЫТЫНЫҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Нәзия ТӘСІЛОВА,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің Қазақстан тарихы
кафедрасының қауымдастырылған
профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты,
Гүлбақыт ШАШАЕВА,
Халықаралық бизнес университетінің
доценті, PhD доктор,
Қазақстан, қ. Алматы

Қазіргі кездегі өзекті мәселелердің бірі – жас ұрпақтың рухани құндылықтарын қалыптастыру. Осы мақсатта елімізде жастарға бағытталған жаңа түрлі бағдарламалар жасалуда, әлеуметтік тұрғыда, жаһандану үдерісіндегі тәуелсіз мемлекетіміздің нығаюы мәселесінде жас ұрпақтың алатын орны, оларды тәрбиелеу мәселесі мен атқаратын рөліне баса көңіл бөлінуде. Мәселені анықтап қарастырсақ, жастардың қоғамдық ортада, мәдени өркениет құндылықтары тарапынан олардың бойынан түрлі ауытқушылықтар да байқалады. Ал, рухани құндылықтарымыздың негізгі салаларының нашарлауынан, тәуелсіз ұлт ретінде қалыптасуымызға кедергі келтіретіндей жат қылықтардың бой алып, таралуына себеп болуда. Бұл мәселені түбегейлі қарастыру, қазіргі қоғамдағы ұлтаралық, діни, мәдени саяси төзімділікпен тұрақтылық мәселелерін сақтап қалу барынша маңызды болмақ.

Болашақ ұрпағымыз – жастар қоғамның әлеуметтік тобына жатады; олар жас ерекшеліктеріне қарай психологиялық таным тұрғысында сипатталады. Ал біз қоғам әлеуметтік ортадағы «жастар» ұғымын анықтама беру үшін әлеуметтанушы ғалым Г.С.Абдрайымованың айтуынша, қазіргі тарихи үдеріс аясында болашақта рухани тұрғыда бай, жаңа дәстүрлі қоғамның негізін қалайтын, жаңашыл, әділетті әлеуметтік қоғамды алатын өзіндік орны бар жеке тұлға ретінде сипаттама береді [1, 278-б.].

Жастар немесе жас ұрпақ ұғымын философиялық тұрғыда қарастыратын болсақ мәдени антропология мен онтология ғылымында жүйеленген. Демек, жастар ұғымының анықтамасы ғылыми негізделіп, тұжырымдалған. Жастар ұғымының жүйесі философиялық антропологияда ғылымында жалпы бүтін деңгейде қарастырылған, ал мәдениет философиясында бұл жүйе нақтыланып берілген: **«жастар – жеке тұлға», «жастардың жеке даралығы» және «жастар тұлғасы».** Н.А.Нұрғалиевтің көзқарасын біздің мәселе шеңберінде қарастырсақ, олар бір-бірінен өздерінің даму деңгейіне қарай ажыратылады: «жас – адам» жай индивид ретінде салыңқы құбылыс, тұлға ретінде басыңқы дамыған құбылыс болып табылады [2, 25 б.]. Жастар жеке тұлға ретінде тұлға болып қалыптасуы қоғамдағы әлеуметтік ортаның, әлеуметтік саяси жүйесінің рухани-мәдени принциптері мен этикалық норма кеңістігінде қалыптасуын және оны меңгеру үрдісін білдіреді. Ал қоғамдағы мәдени-әлеуметтік кеңістік қозғалысы – ол жас ұрпақтың адами өмір баспалдағы. Білім бере отырып тәрбиелеу үдерісінде қоғам жарқын болашағымыз жастарды әлеуметтендіру сүзгісінен өткізіп қана қоймай, сонымен бірге, өзіндік көзқарастарға толы жаңа жаңа идеялары бар қоғамдық ортада әлеуметтенген жастар

қоғамды өзіне бейімдей білетін, әлеуметтік жүйені енгізе отырып, дамыта алады [3]. Осыдан жастар тұлғасындағы қайталанбайтын жекедаралық қасиеттер қалыптасады. Жастардың әлеуметтенуі олардың тұлға болып қалыптасуына ол қоғамда өз орны бар адам ретінде әлеуметтік ортада қоғамның тиімді дамуының нәтижесі болмақ. Қоғамдық ортада ұтымды функционалдық қызметінің көрсеткіші әрі өлшемі болып анықталады. Осы тұста **«қоғамның жүйесінің алға жылжуы түрлі оқиғалардың іске асырылу үдерісіне жас буынның қатысу мүмкіндігімен нақтыланады»** [4, 254-б.]. **Осыған байланысты қоғамдағы әртүрлі әлеуметтік институттардың жастарды жеке тұлға ретінде қалыптастырудағы маңыздылығы артады әрі олардың функционалдық өміріндегі жастардың орны мен рөлі мәдениет философиясы мәселелелерінің өрісін құрайды.**

Осыдан жас тұлға болмысын мәдениеттің құраушы элементтері толықтырады: мінез, еңбек, қызмет көрсету, сезім, ойлау, басқару, қарым-қатынас, тіл, білім, ғылыми ізденіс, тәрбие, өмір сүру, пікір білдіру, қоғамдық сана мәдениеті және т.б. Бұлар жастар тұлғасының мәдени болмысы мен табиғатын анықтайды. Осы орайда философия ғылымдарының докторы, профессор Б.С.Қабыкенова мемлекеттік қызмет институтын жастардың лауазымдық қызметтік тұлғасын қалыптастырудың мәдени құндылықтық институты ретінде қарастыратын көзқарасымен толық келісеміз [5, 73-77-бб.].

Ұлттық рухқа үйрету, этномәдени тәлім-тәрбиені ұйымдастыру, ұлттық дәстүрді тарату, үйренгенді ұйымдастыра ұлықтау – халқымыздың өмірі, өнері және өнегесі туралы танымдық тәжірибесі мол, маңызды зор құндылықтарды дарыту болып табылады.

Бұл мәселе, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында: **«Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау»,** – деп атап көрсетілген [6]. Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде жан-жақты жетілген жастарды қалыптастыру, адамгершілікке баулудың негізгі бағыттары мен идеялары Қазақстан Республикасында 2005-2010 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік білім бағдарламасында (2004 ж.); Қазақстан Республикасы этникалық мәдени білім тұжырымдамасында [7]; Қазақстан Республикасының жастарға кешенді тәрбие беру бағдарламасында [8, 30-б.] және Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев ұсынған «Қазақстан – 2030» стратегиясында айрықша көрсетілген [9, 30-б.].

Сараптай келе бүкіл әлем жастары өздерінің

даму деңгейлерінің әркелкілігіне, экономикалық-әлеуметтік жағдайларының әртүрлілігіне қарамастан қоғам өмірінің белсенді субъектісі болатынына әбден көз жеткіземіз. **И.М.Ильинскийдің сөзімен айтқанда «адамзаттың жаһандық мәселелері мен жаһандану үдерісінің өлшемі де, болмыс-бітімі де жастарға қатысты, тұрақты даму идеясын бәрінен бұрын ұғынуға және жүзеге асыруға тиіс болатын да жастар, нақ сол жастар ғаламдық жаңа әдепті, құндылықтардың жаңа жүйесін игеріп, солардың негізінде өмір сүруді үйренуге тиіс»** [10, 96-б.].

Ұжымдық сана типтерінің дағдарысы белгілі. Қазіргі жастар ортасы дербес утилитарлық санадағы ұрпақ болуымен сипатталады. Қазіргі қоғамда рухани байлыққа ие болған адамға сұраныс жоқ. Мұның себебі, батыстық үлгіде адамның ішкі-жан дүниесінің байлығы мен тәрбиесі оның кәсібилігінен кейінгі орында тұрады. Ешбір жоғары жұмысқа орналасу шартында маманның тәрбиесіне, өскен ортасына, отанға, халқына деген сүйіспеншілігіне арналған талаптар қойылмайды. Бірақ, бұл қасиеттер сол маманның беделін арттыратын қасиеттер екендігін ешкім жоққа шығармайды.

Осыған байланысты Д.Кішібеков ұлттық идеяның халықтық игіліктердің алға қарай дамуына барынша ықпал ететіндігін ашып көрсетеді [11, 39-б.]. Олай болса жастардың санасындағы ұлттық идея деңгейі біздің болашақтағы еліміздің бірлігі мен тұрақтылығы үшін маңызды қызмет атқарары сөзсіз. **Өйткені ұлттық идея ұлттық болмысымыздың өзекті мәселесі, ұлттық «Меннің» субстанциясы, ұлттық дүниетанымның күре тамыры.**

Олай болса адам факторының әлеуметтану үрдісіндегі рөлін ашу, қоғамдық үрдістерге жастар қалай тартылады, қандай жағдайларда жастардың әлеуметтік ортада рөлі артады немесе кемиді; сондай-ақ «рухани мәдениет» ұғымының маңызы мен мағынасын түсіндіруде, оларды әлеуметтендіру үдерісіндегі маңызды болып табылады.

Жастарды жеке тұлға ретінде рухани әлеуметтендіру мәселесі нәтижесінде жастардың рухани адами қасиетіне ие болуын қарастыратын болсақ, оған әсер ететін факторлардың жолдары мен деңгейлерімен сипатталады. Оларды әлеуметтендіру де субъекті болуы қабілеттерінің ең маңызды көрсеткіші болып табылатыны және рухани деңгейіне дейін көтеріле алуының мәнін айқындайды. Рухани әлеуметтендіруінде жастардың жүріс-тұрысы мен әртүрлі олардың ішкі және сыртқы құбылыстарын ұғынуға, тікелей әсерінің ерекшеліктерін терең түсіндіру.

Біздің ойымызша, жастардың әлеуметтік және мәдени жағдайларын қайта қарап, оның механизмдерін реттеу керек. Жастар алдымен қоғамдық саяси ортада қызмет көрсетеді, кез келген қоғамдық ортада жастар күші ең алдыңғы орында саналған және болашақта да солай саналады да. Бұл істің Қазақстан үшін маңызы өте зор, өйткені еліміз егемендік алғаннан кейін жаңа мемлекетіміздің іргетасын қалау үшін оған таза шығармашылық ақыл ой қажет. **«Біз бұл ретте жаңа құндылықтар жүйесіне тезірек бейімделіп кеткен, болашаққа жаңаша көзқарасы бар жас ұрпаққа сүйене отырып, бұқаралық сананы тәзімділікпен жаңғыртуға тиіспіз»**, – дейді еліміздің бірінші Президенті Н.Ә.Назарбаев.

Егерде қоғамда жастар өздерінің қалауы бойынша әртүрлі құндылықтар мен мәдениеттер шеңберінде өмір сүретін болса, қаншылықты ақылды адам болса да, ол қоғамда үйлесімділік пен тәртіп болмайды.

Сондықтан жастардың өздері еліктеушілік білдіретін уақытша қызығушылықтар мен пайдалардан да жоғары тұратын рухани құндылықтарға қоғам мүшелерінің бағынуы болашақ үшін үлкен жетістік болып табылады.

Қазақтың дәстүрлі мәдениеттегі негізгі этикалық нышандарға туған жерге және халыққа деген сүйіспеншілік, ар-намыс пен ұяттың, шыншылдықтың, рақымшылдықтың, ата-баба салт дәстүріне, қарияларға деген құрмет, ата-ана алардың ұрпағы алдындағы міндеті мен перзенттің ата анаға алдындағы борышы, әділеттілік пен қанағатшылдық және т.б. құндылықтары жатады. Олар адамның адамгершілік қасиеттерінің мәні мен мазмұнын ашып, адам әрекеттеріне құндылық ретінде танылады. Бұл ұғымдар адамгершілік пен әдептілікке негізделген, сондықтан өнегелі мәдениеттің мазмұнды сипаттамасын құрайды. Дегенімен, қазақи этиканың қағидалары батыстық этикадан негізгі ережелерінің ерекшеніп, өзгешеленеді.

Сонымен, рухани құндылықтары дамыған жастар білімді, ғылымды меңгерген, тәрбиенің бастауларын толық қамтыған тұлғадан қалыптасады. Яғни, рухани жаны бай жастар – моральдық, мәдени, интеллектуалдық тұрғыда бәсекеге қабілетті, барлық ақпараттардан хабары бар, өзінің ғылыми, мәдени білімі ақпараттарын еркін тарататын әлеуетті адам. Қорыта келгенде, бұл әлеуметтік қоғамда рухани құндылық үстемдік етеді демекпіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Абдрайымова Г.С.** Социология молодежи. – Алматы: Жибек жолы, 2008. – Б. 278.
2. **Нурғалиев Н.А.** Личностное развитие человека в контексте трансформации общества: автореф. ... канд. филос. наук: 09.00.11. – Алматы, – 2005. – 25 с.
3. Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы. – 1999.
4. **Родионов В.А.** Государственная молодежная политика: история и перспективы // Молодежь 97: Надежды и разочарования. – М., 1997. – 254 с.
5. **Кабыкенова Б.С.** Роль ценностей культуры государственных служащих в борьбе с коррупцией // I Академиялық симпозиумның материалдары. – Астана, 2009. – Т.2. – С. 73–77.
6. Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауы // 14.12.2012.http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050
7. Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы № 1459 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы.http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U040001459_
8. Қазақстан Республикасы мәдени-этникалық тұжырымдамасы. // Егемен Қазақстан. - 7 тамыз. - 1996, 1-бет.
9. Қазақстан Республикасы білім беру мекемелерінде тәрбие берудің кешенді бағдарламасы. - Астана: Ақмола полиграфиясы., 2000. – 30 б.
10. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы: «Қазақстан – 2030» барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әлауатының артуы. – Алматы., 2002. – 96 б.
11. **Ильинский И.М.** Молодежь в контексте глобальных процессов развития мирового сообщества. Молодежь и общество на рубеже веков /под науч. ред. И.М. Ильинского. – М., 1999. – С. 39.
12. **Кішібеков Д.** Ұлттық идея ұйыстырсын // Егемен Қазақстан. – 2005, маусым – 29. – 5 б.

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ: мәні мен тарихи бастаулары

Б.ЖАҚСЫМБЕТОВ,
заң ғылымдарының кандидаты, ҚазҰАУ,
Алматы, Қазақстан

Еліміз егемендік алғаннан кейін ширек ғасырға жуық аралығында мемлекет идеологиясының негіздерін қандай идеялар құрауы тиіс деген мәселелер шешілмей келді. Кейбір сарапшылар мемлекеттік және ұлттық идеологияның негіздерін дін немесе салт, дәстүр сынды руханияттың өзегі құрауы тиіс десе, ендігі бірі ұлттық және мемлекеттік идеологияның негіздерін тарихымыздағы ерлік оқиғалар мен данышпандарымыздың ақыл, өсиеттері құрауы тиіс деген пікірлерді алға тартқан болатын. Демек, мемлекеттік және ұлттық идеология мәселесі өз шешімін таппастан, тығырыққа тірелді. Мұндай ізденістер 2014 жылдың 17 қаңтарына дейін жалғасты. Өйткені дәл осы күні мемлекеттік және ұлттық идеологияның да өзегі бола алуға толық қабілеті жететін «Мәңгілік Ел» идеясы көтерілген болатын.

2014 жылы 17 қаңтарда Тұңғыш Президентіміз Н.Назарбаев Қазақстан халқына арналған кезекті Жолдауында «Мәңгілік Ел» туралы өміршең идеяны қайта көтерді. Өзінің тарихи Жолдауы барысында Н.Ә.Назарбаев «Мәңгілік Ел» идеясы ғасырлар бойына бабаларымыздың аңсаған асыл арманы дей келе, бұл арманның негізгі ойы мен мәні халықаралық саяси аренада бәсекеге қабілетті, азаматтарын жан-жақты қолдай алуға қабілетті қуатты мемлекет құру деген болатын. Өрине мұндай қуатты мемлекеттілік алдымен тәуелсіз ел болу ұғымымен терең ұштасып жатуының маңыздылығын да атап өтті. Сонымен қатар осы жолдау барысында мұндай бабалар армандаған тәуелсіз елдің азаматтары да бай, қуатты өмір сүріп, ел ертеңіне деген берік сенімі қалыптасуының да маңыздылығын түсіндірді [1, 91-92-бб.]. Біздіңше, бабалар армандаған мұндай мемлекет – бүгінгі Қазақстан Республикасы. Бабалар арманынан туындаған осы Елдің даму болашағы мен ұрпақтар сабақтастығы мемлекеттік деңгейде қабылданып жатқан шешімдер мен бағдарламалар және де ең бастысы сол жарқын болашаққа деген берік сенімге сай әр азаматының белсенді әрекет етуімен тығыз байланысты. Міне, сол жарқын болашақ мәселесі дәл осы Жолдау барысында айтылған «Мәңгілік Ел» идеясы болып табылады. Ал «Мәңгілік Ел» идеясы сол 2014 жылдың 17 қаңтарында ғана дүниеге келді ме деген заңды сұрақ туындайды.

Түркі дәуірінде де «Мәңгілік ел» идеясы көтерілді. Бабаларымыз кең байтақ Еуразия даласында бірегей мемлекет құрып, қаншама жылдар өтсе де сол қағандықтар бірін-бірі алмастырып отырды. Түркінің руна жазуын оқып, тәржімалаған Ғ.Айдаров өзінің еңбегінде Күлтегін жазбасында «*түркінің көктегі тәңірі қолдап, түркі халқы жойылмасын, халық болсын*» деген жыр жолдарының кездесетінін айтты [2, 23-б.]. Сөзсіз түркі халқы жойылмасын деген астарлы сөздің негізгі мәні де ұрпақтар сабақтастығы мен ұрпақ жалғастығы тоқтамасын деген мағынаны білдіреді. Атап айтқанда алғашқы Түркі қағанаты тарих сахнасынан кетсе де, орнына Батыс және Шығыс түркі қағанаттары және одан кейін Түргеш қағанат, Қарлұқ қағанаты болып жалғасып кете барды. Тіпті кейінгі Қыпшақ мемлекетінің тұрғындары да сол түркі

жұртының жалғасы еді. Ал сол қыпшақтар уақыт өте келе Қазақ хандығын құрған негізгі тайпалар болған. Сол уақыттарда қыпшақ этимологиясына барлық түркі тайпалары кірген. Қазіргі таңда қыпшақ және өзге де түркі рулары қазақ халқының этникалық құрамына кіргендіктерін ескерсек, міне, мұндай тарихи жалғастықтың өзі «Мәңгілік Ел» идеясының іске асқан жемісінің көрінісі деп бағалауға толық мүмкіндік бар.

«Мәңгілік Ел» идеясының тарихи бастаулары кейінгі түркі дәуіріндегі әл-Фарабидің шығармаларында көтерілген мәселелермен де тығыз байланысты. Әл-Фараби бабамыздың «Қайырымды қала тұрғындары» деп аталатын шығармасында ізгілікке негізделген қоғамды аңсаушылықты байқауға болады. Ізгілікке негізделген қоғамға жету үшін адамдар қандай болуы шарт деген мәселе әл-Фарабиді қатты толғандырған. Ең алдымен автор адамдарды ізгілікке шақырады. Сонымен қатар әл-Фараби адам баласы үшін ең бір асыл қасиеттің бірі ретінде сана мәселесін де алға тартады. Адам әрқашан да рухани кемелділікке ұмтылу керектігіне көңіл бөле отырып қана ұзақ жасайтын «ұлы қоғамға» қол жеткізеді деп санаған [3, 32-б.]. Міне «ұлы қоғам» және ұзаққа жасайтын адамзат баласының қоғамы мәселелерін салыстырмалы түрде алғанда «Мәңгілік Ел» идеясымен сабақтасып жатыр деп айтуға негіз бар.

«Мәңгілік ел» идеясының тарихи бастауларын сонымен қатар Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» шығармасынан да байқауға болады. Аталмыш еңбек 1070 жылдары Қашқар қаласында жазылып біткен. Аталған шығарма дүниеге келгенде қазақ даласында Қарахан мемлекеті үстемдік құрып тұрғаны белгілі. Сол жылдар аталған мемлекеттің ішкі саясатын, адамдар арасындағы қарым-қатынастарды және де қоғам мүшелерінің міндеттері мен адамдарды біріктіретін идеология жоқ болған еді. Осы ретте аталған кемшіліктердің орнын толтыру мақсатында Жүсіп Баласағұн өзінің тарихи шығармасын жазып шыққан болатын.

XX ғасыр басындағы ұлт қайраткерлерінің қоғамдық саяси қызметтерін сараласақ, «Мәңгілік ел» идеясымен ұштасқан іс-әрекеттері мен көзқарастарына куә боламыз. Олаш қайраткерлері өздері армандаған әрі Алаш Орда үкіметін құрып, ендігі кезекте мемлекеттің баяндылығының сырын да ашады. Ол сырдың құпиясы күні бүгінге дейін өзекті. Мысалы, «*біздің ұлт теңдік, саясат, бостандық, құрдастық деген сөздердің мәнін терең түсіне алатындай білімді болуы керек. Өйтпеген жағдайда тарих алдында қазақ халқы тезек теріп қалатын болады*» деп өміршең идеяны бастама етіп көтереді. Бүгінгі таңдағы мемлекеттің баяндылығы мен «Мәңгілік ел» идеясының нақты жүзеге асуы үшін бәсекеге қабілетті сапалы білімге ие болуы шарт. Ол туралы еліміздің Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев өзінің бір сөзінде мемлекеттің және жастардың ең басты капиталы сапалы білім деген болатын. Сол себепті біз де диплом жұмысы барысында «Мәңгілік Ел» идеясының жүзеге асуы үшін ел азаматтарының білімді болуы аса маңызды деп тұжырым жасаймыз.

«Мәңгілік Ел» идеясы большевиктердің билігі орнап, коммунисттік идеология үстемдік құрған КСРО тұсында да қазақ халқының жазушылары мен өзге де қоғам қайраткерлерінің шығармалары мен іс-әрекеттерінен өз сабақтастығын тауып жатқаны белгілі. Мысалы, Жұбан Молдағалиев қазақ рухын:

*Мен қазақың, белдімін, байтақ елмін,
Қайта тудым, өмірге қайта келдім.
Мен мың да бір тірілдім мәңгі өлмеске,*

Айта бергім келеді, айта бергім,— деп жырға қосқан болатын [4, 3-б.]. Міне, кеңестік билік тұсында қазақ халқының ұлттық рухын көтеруге тырысқан Жұбан Молдағалиевтің жырынан «Мәңгілік Ел» идеясының шынайы көрінісі сипат береді. «Мәңгі өлмеске тірілдім» деген қанатты сөздері сөзсіз түркі дәуірінен бастау алған «Мәңгілік Ел» идеясымен тарихи сабақтасып жатқан шығарма болды деп айтуға толық негіз бар.

Жоғарыда атап өткеніміздей, Президент әкімшілігі, Қазақстан Республикасы үкіметі мен Қазақстан халқы Ассамблеясы «Мәңгілік Ел» идеясының патриоттық актісін жасап шығарған болатын. Осы «Мәңгілік Ел» идеясы патриоттық актісі жеті негізгі тұғырнамаға сүйенеді. Патриоттық актінің негізгі мақсаты «Мәңгілік Елдің» негізгі жеті тұғырын нығайта отырып, сақтап, оның келесі ұрпаққа аманатпен табыстау болады. Ал ол жеті тұғыр қандай мәселелерді қамтиды деген сұраққа келсек, олар мынадай:

Мәңгілік ел: Тәуелсіздік пен Астана (Нұрсұлтан). Әрине елдің орталығы саналатын қаланың гүлденіп, әсем кейпін сақтап тұруы алдымен сол мемлекеттің даму қарқынын көрсетеді. Сондықтан ең алдымен елорданың жарқын келбеті алдымен мемлекеттің қуаттылығының нақты белгісі болып табылады;

Мәңгілік ел: бірлік, бейбітшілік және келісім. «Бірлік бар жерде, тірлік бар» дейді халық даналығы. Қазақстан Республикасы жүзден астам ұлт пен ұлыстың басын қосқан көпұлтты мемлекет. Осы тұрғысынан келген ұлттар арасындағы келісім «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асырудағы басты факторлардың бірі болып табылады;

Мәңгілік ел: зайырлылық пен руханияттың жоғарлығы;

Мәңгілік ел: инновацияға негізделген экономика-ның өсімі;

Мәңгілік ел: жалпыға ортақ еңбек қоғамы;

Мәңгілік ел: ұлттық қауіпсіздік мәселелері мен жаһандық үрдістерге атсалысудың белсенділігі;

Мәңгілік ел: тарих, тіл және мәдениеттің қазақстандықтар үшін ортақтығы [5, 1-б.].

Сонымен, бұл аталған жеті тұғырнама Мәңгілік Ел патриоттық актісінің негіздерін құрап отыр. Рас, осы аталған жайттарды ескеру және

оның құндылықтарын терең түсіну арқылы даму бағыттарын жүзеге асыру «Мәңгілік Ел» идеясының жүзеге асуына алып келері сөзсіз. «Мәңгілік Ел» идеясы заман талабынан туындаған және өміршең идеяға негізделген тың бастама. Оның орындалуы сөз жоқ Қазақстан Республикасының 2050 жылдарға қойған басты межесі дамыған отыз елдің қатарына кіру мүмкіндіктерін арттырады.

«Мәңгілік Ел» идеясы тек бүгінгі тәуелсіздік жағдайында ғана пайда бола салған бастама емес. Күлтегіннің жазбасын жүргізген Тоныкөк абыздан бастап, Қорқыттың өлімнен қашып, мәңгілік мекен іздеуі сонымен қатар әл-Фараби мен Ж.Баласағұнның шығармаларында да «Мәңгілік Ел» идеясы көрініс тапқан. Сонымен қатар XX ғасыр басындағы ұлт қайраткерлерінің қоғамдық-саяси қызметтері мен айтқан пікірлері, ұстанған көзқарастары сөзсіз Мәңгілік Ел» идеясымен сабақтасып жатыр. Ал кеңестік дәуірде Мәңгілік Ел» идеясының сипаттары ақын-жаушылардың шығармаларынан көрініс тапты.

«Мәңгілік Ел» идеясының ұлттық құндылықтармен қатар, салт-дәстүр, діл мен дүниетаным, тарих пен тағылым сынды жоғары руханиятқа негізделуі сөз жоқ жастардың немесе өскелең ұрпақты жаһандану дәуірінде өзге мәдениетке сіңісіп кетуіне жол бермесі анық. Өйткені ХХІ ғасырдың бір ерекшелігі жаһандану үдерісінің белсенді түрде ел өмірінің рухани негіздеріне араласа бастауы болып табылады. Мысалы, соның бір көрінісі ұлттық құндылықтарға мүлдем қатысы жоқ батыс мәдениетінің жастар арасында тым танымал бола бастауы. Сөзсіз өзге елдің мәдениетіне деген сұраныс өз кезегінде ұлттық құндылықтар мен оның мәдениетіне деген немқұрайдылықты тудырады анық. Осы тұрғысынан келгенде «Мәңгілік Ел» идеясының рухани негіздері мен астары да еліміздің баянды болашағы үшін аса маңызды болып табылады. Ең бастысы «Мәңгілік Ел» идеясы ол еліміздің қарқынды дамуы мен саяси тұрақтылығының басты негіздерін қалыптастыруы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Жетпісбаева Ж.Ж.** «Мәңгілік Ел» ұлттық идеяның қазіргі Қазақстан қоғамының негізгі даму бағдары ретіндегі маңыздылығы // «Мәңгілік Ел» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Астана, 2017. – 174 б.
2. **Күлтегін-Тоныкөк:** Ежелгі түркі рун жазбалары. Алматы, 2001. – 144 б.
3. **Әл-Фараби.** Трактат о взглядах жителей добродетельного города // Григорян С.Н. Из истории философии Средней Азии и Ирана VII-XII вв. – Москва, 1960. – 315 с.
4. **Молдағалиев Ж.** Жыр жинағы. – Алматы, 2004. – 143 б.
5. Мәңгілік Ел – патриоттық актісі // Егемен Қазақстан. – 2016 жыл 26 сәуір. – 15 б.

ӨЗ КАФЕДРАҢЫЗДЫ РЕСПУБЛИКАҒА ТАНЫТЫҢЫЗ!

“Қазақ тарихы” журналында «Тарих (не Әдебиет, Тіл) кафедрасы сөз алады» айдарымен ЖОО-дағы Қазақ тілі, Әдебиет не Тарих (Қазақстан тарихы, дүние жүзі тарихы, т.б.) кафедраларының іс-тәжірибесі жарияланады.

Шарт: әр кафедрадан кемінде 5 адам (не оқытушы-профессорлар құрамы) 1 жылға толық жазылып, 1) барлығының түбіртегін, 2) барлық кафедра мүшелерінің бірігіп түскен сапалы фотосын және 3) кафедраның соңғы 2-3 жылдағы жетістіктері туралы 0.5–1

беттік мәлімет, 4) қанша адам жазылса, сонша оқытушының 2–2.5 (1 жылға жазылса, 4 бет) беттен аспайтын шағын зерттеу не танымдық мақаласын жіберуі тиіс.

Ал жазылушылар саны 12-ден асқан жағдайда журнал мұқабасының ішкі 2-3-беттеріне кафедраның (не факультеттің) тыныс-тіршілігін көрсететін түрлі-түсті 5-6 фотосурет қоса жарияланады.

Редакция алқасы.

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ЗАМАНАУИ ӨЗГЕРУІ МЕН ДАМУЫ: ұғымдары мен сипаттамасы

Т.ОСПАНБЕК,
А.КУЛМАҒАНБЕТОВА,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық
университетінің аға оқытушылары

Азаматтық қоғам ұғымы ХVIII ғасырларда «өркениетті қоғам» ұғымымен мағыналас түсінік ретінде сипаттала бастаған болатын. Осы түсінікке сай азаматтық қоғам ұғымы жеке тұлғалардың өзара бірлесе отырып, қос тарапқа да тиімді қарым-қатынастар құру арқылы ортақ игілікке қол жеткізу дегенді білдірген еді. Бұл қарым-қатынастар барысында азаматтардың бір-бірінің құқықтарын сыйлауы, көзқарастары мен ұстанымдарына құрметпен қарауы өркениеттіліктің түптеп келгенде азаматтық қоғамның қалыптасқандығын белгісі ретінде сипатталды. Мұндай ғылыми ұстанымды шотландиялық ойшыл А.Фергюссонның еңбектерінен байқауға болады [1, 47-51-б.]. Әрине, жүйелік өзгерістер жағдайындағы мемлекеттер үшін мықты азаматтық қоғам ол тұрақтылық пен саяси сананың берік қалыптасқандығының бір белгісі ретінде сипатталатын. Осы келтірген жағдайлардан туындайтын басты ой – ол азаматтық қоғам түсінігі мен оның сипаттары туралы пікірлер бір орында тұрмайтындығында болып отыр. Ол заманның ағымына қарай түрленіп отыруы заңды құбылысқа айналған. Әрине бұл ретте азаматтық қоғамды қалыптастырушы құрылымдар өзгермегенімен олардың қызметтері мен жалпы сипаттамасы өзгеріске ұшырайды.

Постиндустриалды қоғам экономикасының дамуы өз кезегінде азаматтық қоғам туралы қалыптасқан тұжырымдарды қайта қараудың маңыздылығын ұғындырып отыр. Өйткені заманның экономикалық тұрғыдан алға жылжуы сөзсіз қазіргі қоғамның әлеуметтік құрылымдарына өзіндік өзгерістер әкелген болатын. Демек азаматтық қоғам және оның құрылымдары экономикамен тығыз байланысты деп айтуға болады. Мемлекет саяси институт ретінде сақталып қалып, азаматтарын тиімді басқару үшін сөзсіз алдымен өзінің экономикасының қарышты дамуына көңіл бөле отырып, содан кейін өзі мен азаматтары арасындағы байланыстарды бір ретке келтіру үшін азаматтық қоғаммен байланысын ретке келтіреді.

Осы ретте атап өтетін бір жайт азаматтық қоғамның заманауи келбетінің өзгеруіне қатысты пікірлер бір ортақ тұжырымға бірікпей отыр. Азаматтық қоғам туралы тұжырымды ой айтып жүрген батыстық Дж. Коэн мен Э.Арато азаматтық қоғам түсініктерінің заманауи өзгеруін алдымен Батыс және Шығыстағы саяси жүйелердің демократиялануы үшін аса қажет дей келе, азаматтық қоғамды мемлекет пен экономика арасындағы әлеуметтік сипатты басым қауымдастық ретін сипаттайды. Осылайша олар авторитарлы жүйеден демократиялық жүйе бойынша даму жолын анықтауға тырысады. Қазіргі таңдағы мемлекеттің экономикасын мемлекет пен ондағы бизнес өкілдері жүргізетіндіктен азаматтық

қоғам құрылымдары осы үдерістерді тек бақылаушы ретінде ғана қалып отыр. Бұл сөзсіз сол мемлекеттегі әлеуметтік-экономикалық саясаттың өз деңгейінде жүргізілмеуіне алып келеді. Өйткені азаматтық қоғамның мемлекеттің экономикалық саясатына белсенді араласа алмауы, халықтың осы іске араласу мүмкіндігінен айырылып отырғандығын білдірсе керек. Өйткені азаматтық қоғам алдымен халықтан тұрады. Сол себепті азаматтық қоғам жеткілікті түрде қалыптасып, дамымаса және оның институттарының тиімді жұмыстары жүйеленбесе халық алдындағы мемлекеттің де, бизнес өкілдерінің де жауапкершілігі төмендеуіне алып келуінің мүмкіндігі жоғары. Сол себепті азаматтық қоғамның қызметі белсенді болмаса сөзсіз мемлекеттік биліктің орталықтан бастап, жергілікті жерлердегі өкілдеріне дейін өздерінің әрекеттеріне жауапсыздықпен қарау үрдісі орын алуы мүмкін.

Зерттеуші Дж. Кин қазіргі азаматтық қоғам түсініктері алдымен мемлекет пен ондағы демократиялық институттардың өздерінің әрекеттері мен қызметтеріне деген жаңаша көзқарастарды қамтуы керек деген пікір білдіреді [2-б.].

Дәстүрлі азаматтық қоғам түрінің заманауи өзгеруі түсінігінде алдымен саяси жүйеде болатын өзгерістермен тығыз байланысты қарастыру керек. Өзгерістер көп жағдайда ішкі қызметтеріндегі рөлдердің ауысуы мен сыртқы фактордан да орын алып отырады. Дегенмен азаматтық қоғам түсінігі қаншалықты өзгеріске ұшырағанымен оның жылдар бойы қалыптасқан түсініктерін түбегейлі өзгерте алмайды. Сондықтан азаматтық қоғам және оның құрылымдарының қызметтеріндегі толыққанды өзгерістер туралы айту асығыстық болып табылады. Сөзсіз азаматтық қоғам алғашқы пайда болған әрі дамыған уақыттарында ақ өзінің құрылымдар арасындағы байланыстар салдарынан бірнеше қиындықтарға тап болған еді. Міне сол жылдардағы қиындықтарды ашу арқылы ғана қазіргі азаматтық қоғамның өзгеруіне салыстырмалы түрде баға беруге болады. Мысалы Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында азаматтық қоғам үлкен дағдарыстың алдында тұрған болатын және бұл дағдарыс тек қана фашисттер үстемдік еткен елдерде ғана емес, сонымен қатар сол тұстағы дамыған елдерде де байқалды. Тіпті соғыс аяқталғаннан кейін де идеологиялық үстемдік пен саяси жүйенің ерекшеліктері салдарынан азаматтық қоғам түсінігі өз деңгейінде қалыптаса қоймайды. Зерттеу С.Гинер өз кезегінде азаматтық қоғамның өз деңгейінде қалыптаса алмауын төрт түсінік негізінде түсіндіруге тырысады. Атап айтқанда корпоративтендіру, мемлекеттің басқыншылығы, шамадан тыс салмақтың салынуы, техноәдениет. Осы түсініктерді ашу біз үшін азаматтық қоғамның

заманауи өзгерістеріне баға беруге мүмкіндіктер береді.

Сөзсіз азаматтық қоғамның заманауи өзгерістері алдымен саяси жүйе мен әлеуметтік-экономикалық өзгерістермен тығыз байланысты. Мұндай өзгерістер көп жағдайда жаһандану үдерісімен тығыз байланысты орын алып отыр. Осы ретте әлеуметтік-экономикалық және техномәдениеттік модернизация халықтың әлеуметтік құрылымына едәуір өзгерістер енгізді. Дегенмен әлі де болса ол өзгерістер азаматтық қоғам тұрасындағы қалыптасқан негізгі идеяларға түбегейлі өзгерістер енгізе алмады. Алайда К.Тестер өзінің еңбектерінде мұндай өзгерістердің соңы азаматтық қоғамның құрылым ретінде жоқ етеді деген пікір білдіреді [3, 272-281-б.]. Рас белгілі бір дәрежеде азаматтық қоғам бірқатар өзгерістерге ұшырады. Қазіргі таңда азаматтық қоғамның негізгі құрылымдары саналған ұйымдар қатары да жыл өткен сайын көбею үстінде. Жаңа құбылыстар пайда болды. Атап айтқанда жаңа азаматтық қозғалыстар пайда болып, экономиканың дамуындағы коммерциялық емес сектордың ықпалы артты, белсенді әлеуметтік қозғалыстар пайда болды. олардың қатарында экологизм, пацифизм, феминизм және тағы да басқалары.

Азаматтық қоғам тұжырымдамасы сан жылдар бойындағы қалыптасу тарихы болғанымен оның мән-мағынасы күні бүгінге дейін өзекті болып табылады. Өйткені бүгінгі таңдағы экономикалық дағдарыс пен мемлекеттік биліктің тиімсіздігі жағдайында азаматтық қоғамның белсенділігі мен азаматтардың саяси белсенділігі мәселесін өзекті тақырыптардың қатарына шығарып отыр. Қазіргі жаһандану жағдайында экономика мен саясат, әлеуметтік саланың бірлесіп азаматтық қоғамның дамуына атсалысуы қажет екендігін көрсетті. Сонымен қатар саяси жүйелер мен азаматтардың құқықтарын қорғайтын үкіметаралық және халықаралық ұйымдардың белсенді қызметтері барлық елдерде байқалуда. Сондықтан қазіргі таңда жаһандық азаматтық қоғам ұғымдары пайда бола бастады. Жаһандық азаматтық қоғам – халықаралық саяси аренадағы мемлекеттік емес ассоциациялар мен қозғалыстар және ұйымдардың ортақ қызметін білдіреді. Қазіргі таңдағы заманауи азаматтық қоғамның түрлері тек жай ғана статистикалық және құр мәліметтерден тұрмайтын құбылыс болып табылады. Өйткені қазіргі қоғам үнемі жетіліп, түрленіп отыратындығымен ерекшеленеді. Қоғамдағы жағдай да күнделікті өзінің келбетін өзгертуде. Сонымен қатар қазіргі таңдағы мемлекеттер арасындағы тығыз байланыстар орнағандығын ескерсек, әр мемлекеттің азаматтық қоғамының қалыптасу сипаты да әртүрлі. Міне солар өзара қарым-қатынасқа түскенде бірінбірі толықтырып отырады да, азаматтық қоғам үнемі заманауи келбетін өзгертіп отырады. Осы ретте С.Р.Дворецкаяның «Концептуальные трансформации основ гражданского общества» деп аталатын диссертациясында Антонио Грамши деп аталатын зерттеушінің пікірін келтіреді. Антонио Грамши бүгінгі азаматтық қоғамның құрылымында аса маңызды шешуші орынға ассоциациялар шығады деп санаған. Өйткені ассоциация әлеуметтік қозғалыстардың негізгі қозғаушы күшіне айналып, азаматтық қоғамның жаңа құрылымдарының пайда

болуына жағдай жасауы мүмкін деген пікіріді ортаға салады. Ассоциациялар ол белгілі бір кәсіподақтар, қызығушылықтар бойынша клубтар, тұрғылықты жерлер бойынша адамдардың қауымдастығын білдіруі мүмкін екен. Сонымен қатар мемлекеттің ішіндегі мәдени өмірдің дағдарысы да азаматтық қоғамның құрылымдарына өзгерістер әкелуі мүмкін екендігін жоққа шығармайды. Сонымен қатар зерттеуші мемлекеттік биліктің дағдарысы өзіне бағынышты адамдардың дүниетанымдық көзқарастарын өзіне ыңғайлы етіп қалыптастыра алмауына алып келуі мүмкін деген пікір білдіреді. Осы ретте азаматтық қоғам мен оның мәдени институттары қызметі артуы тиіс деп санайды. Міне осындай өзгермелі қоғамда мемлекеттік билік өзінің идеологиясы мен азаматтық қоғамды дамыту тетіктері ретінде қоғамда пайда болған қайырымдылық қорларымен қатар, азаматтық қоғамның негізгі құрылымдары болып табылатын мәдени, діни, қоғамдық ұйымдар арқылы өзінің ықпалын күшейте түседі. Осылар арқылы билік өзінің дегенін жүргізеді деп санайды [4-б.].

Қазіргі таңдағы азаматтық қоғамның заманауи өзгеруі мәселесінде бүгінгі адамдардың өмір сүруінің ерекшеліктерін де атап өтуімізге болады. Белгілісі сол қазіргі қоғамдық қарым-қатынастар бұрынғыдай тікелей емес, әлеуметтік желілер арқылы жүзеге асуда. Мысалы 2018 жылы Астана қаласында экономикалық істері форум өтіп, сол форум барысында сол жылдары дін және азаматтық қоғам министрі болған Дархан Қалетаев әлеуметтік желілер азаматтардың санасына жаппай әсер ететін болады деп санаған [5, 19-б.]. Сол себепті азаматтық қоғам құрылымдары болашақта әлеуметтік желілермен ашық бәсекеге түседі деген пікір білдіреді. Өйткені әлеуметтік желілер мен интернет азаматтардың өзінің белсенділігін көрсетудің түрі болып табылады. Мысалы кез келген мемлекеттік істер мен шешімдер қазіргі таңда әлеуметтік желілерде белсенді талқыланады. Сонымен қатар тек талқыланып қана қоймай, белгілі бір дәрежеде қалыптасқан жағдайдан шығу тетіктері туралы да тың ұсыныстар беріледі. Міне осы қалыптасқан жайт әлеуметтік желілер мен интернет, бір сөзбен айтқанда технологиялық алға жылжушылық азаматтық қоғам туралы қалыптасқан дәстүрлі түсініктердің өзгеруіне алып келді. Тіпті азаматтардың әлеуметтік желілерде белсенді болуы өз кезегінде азаматтық қоғамның негізгі құрылымдары болып табылатын саяси партиялар мен кәсіподақтардың, ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарының жұмыстарына терең өзгерістер алып келді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Фергюссон А.** Опыт истории гражданского общества. – Москва, 2000. – 195 с.
2. **Павленко Ю.** Современное гражданское общество // Электронды пестыц: <https://institutions.com/general/967-sovremennoe-grazhdanskoe-obshestvo.html>
3. **Гайнутдинова Л.А.** Гражданское общество и его будущее // Вестник Санкт-Петербургского университета. – серия 6, выпуск 3. – Санкт-Петербург, 2017. – 316 с.
4. **Кин Д.** Демократия и гражданское общество. – Москва, 2001. – 400 с
5. **Каинов А.С.** Структура гражданского общества // Юридическая наука. – 2015. - №4. – 214 с.

ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫТАЙ АРАСЫНДАҒЫ МӘДЕНИ САЯСАТ: *салыстырмалы талдау*

Айкена ТӘСИЛОВА (Тасилова),
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің Қазақстан тарихы
кафедрасының 2-курс магистрі,
Қазақстан, Алматы

Қазіргі таңда көптеген мемлекеттер арасында түрлі саладағы байланыстар орнату өзара ынтымақтастықтың болуы үшін маңызды құрал іспеттес. **Мемлекеттер арасындағы мәдени байланыстарды мәдени саясат қарастырады. Мәдени саясаттың халықаралық аренада алатын орны орасан зор.** Мәдени саясатты жетілдіру көптеген елдерге оң нәтиже береді. Өйткені оның дамып жетілуі тек мәдени көзқарасты дамытып қоймай, экономикалық тұрғыдан да дамуға әкеледі.

Мәдени саясат көп деңгейлі жүйе болып табылғандықтан түрлі компоненттерді біріктіреді. Мемлекет өз органдары арқылы осы мақсатта қаржы және материалдық қорларды, заңнамалық актілерді, ұйымдастырушылық, басқарушылық және басқа да әдістер мен механизмдерді қолданып, мәдениет қызметін дамыту және дамытушы процестерін реттейді. Мәдени саясаттың өз алдына қойған міндеттері ретінде мемлекеттің мәдени даму стратегиясын әзірлеуді, ұлттық брендтерді қалыптастыру мәдениет және әлеуметтік-мәдени саясат саласындағы құқықтық базаны жетілдіру, мәдениеттану саласындағы зерттеулерді дамытуды айта аламыз. **Мәдени саясат объектісі адам болып табылады, ал мәдениет қоғамдағы сананың және мінез-құлықтың әлеуметтік жеткіліктілігін қамтамасыз етуші құрал.** Мәдени саясат – мемлекеттің және қоғамның мәдени өмірін жоспарлау, жобалау, енгізу және қолдауымен байланысты әлеуметтік саладағы мемлекеттік саясаттың бағыттарының бірі [1]. Мәдени саясат – ұлттық мемлекеттік идеологияны іске асырудың ең тиімді түрлерінің бірі. Ол белгілі бір мақсатқа сәйкес жүзеге асырылады және қоғамдағы мәдени өмірдің процестерін реттеу және азаматтардың білімі саяси тұрақтылыққа, дүниетанымға және әлеуметтік тепеңдікке, сондай-ақ мемлекеттің ресми идеологиялық көзқарасына сәйкес келетін мәдени құзыреттілікке сәйкес келеді [2].

Мәдениет инфрақұрылымы – мәдени құндылықтарды өндіру, сақтау және таратуды көздейтін ұйымдар мен мекемелердің кешені. Мәдени саясаттың негізгі компоненттеріне және ең бастысы, ресурстарға ие мәдени өмірдің кез келген субъектісін (жеке тұлғалар, топтар, қоғамдық бірлестіктер, бастамашыл топтар, мәдени мекемелер, мемлекеттік органдар) орындау жатады. Бұл жүйеде ерекше орын мемлекет болып саналады. Барлық басқа субъектілер өз мақсаттарын іске асыру үшін өз ресурстарын пайдаланған жағдайда мемлекет салық төлеушілер есебінен мәдени саясаттың мақсаттарын жүзеге асырады. Осыған байланысты, мемлекеттің мәдени саясат саласындағы басты міндеті мәдени өмірдің барлық субъектілерінің мүдделерін үйлестіру және жүзеге асыру болып табылады.

Бүгінгі таңда Қазақстан алыс-жақын шетелдермен мәдени байланыстарды орнату барысында, көптеген мәдени іс-шаралар мен мәдени саясат аясында құжаттарды дайындады. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2014 жылғы 4 қарашадағы **“Қазақстан Республикасының мәдени саясатының тұжырымдамасы туралы”** Жарлығы Қазақстанның мәдени саясатын дамытуға бағытталған маңызды құжат. Бұл тұжырымдама аясында ұлттың мәдени кодын сақтау, халықаралық мәдени кеңістікке ықпалдасу, музейлер ғылым мен зерттеу қызметін дамытудың тірек орталықтары ретінде қалыптастыру, әдебиет, кітап шығару мен кітапхана ісі, бейнелеу өнері, дизайн және сәулет, театр, музыка, хореография, орындаушылық және цирк өнері, кино индустриясын қазіргі заманғы мәдени кеңістіктің аса маңызды кластері ретінде дамыту бекітілді. Мәдени саясат тұжырымдамасы экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдерінің озық тәжірибесі ескеріле отырып әзірленді. Мәдениеттің рөлін ұғынуға деген заманауи көзқарас жаңа әлеуметтік-мәдени ортаны қалыптастыру қажеттілігін негіздейді, оның маңызды бағыттары бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, сананың ашықтығы және мемлекеттің эволюциялық даму жолы болып табылады. Қазіргі жағдайларда мәдени саясаттың маңызды артықшылығы тұлғаның, бизнестің және тұтастай мемлекеттің маңызды жетістігінің аспектілері ретінде қоғамның шығармашылық белсенділікке және өз бәсекелестік артықшылығын арттыруға деген қарым-қатынасының өзгеруі болуға тиіс. Бұл, ең алдымен, Қазақстан Республикасының әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына жедел кіруіне ықпал ететін қазіргі заманғы, әлемдік стандарттарға негізделген мәдени инфрақұрылымды және саланы ұйымдастыру мен басқарудың тиімді моделін құруды талап етеді [3]. **Қазақстан 2003 жылы Елбасының Қазақстан халқына жолдауында арнайы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруды тапсырған болатын.** Бұл бағдарлама экономикалық және әлеуметтік капитал, жалпы адамзаттық мәдениеттің құрылымдық бөлігі, этнос, қоғам, адам парасатының дамуы мен құрылуының бастауы, тарихи естеліктердің маңызды қоймасын жасау және қорғауды қамтыды. Бағдарлама аясында құнды тарихи жәдігерлеріміз мемлекет тарапынан қорғауға алынып, көптеген жаңа ашылымдар пайда болды. “Мәдени мұра” бағдарламасына сүйене алыс-жақын шетелдерге ғылыми зерттеу экспедициялары ұйымдастырылып, Қазақстанның сәулеті, этнографиясы, тарихы бойынша шамамен бес мың жазба және баспалар алынды, 350-ден астам кітап, олардың ішінде этнография, археология, тарих бойынша сериялар, жаңа энциклопедия-

лық сөздіктер шығарылды. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Мәдени мұра» бағдарламасын мемлекеттің мәдениетіне қолдау көрсететін стратегиялық ұлттық жоба деп атаған [4].

1991 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін Қытаймен мәдени өзара іс-қимыл мүмкіндіктерін қарастырыла бастады. Мемлекеттер арасындағы даму мәдени ынтымақтастықты, стереотиптерді жоюға мүмкіндік береді, бір-біріне қатысты барлық салаларда көптеген жобаларды жүзеге асыруға жол ашады. Қытай мен Қазақстан арасындағы гуманитарлық ынтымақтастық 1991 жылдан бері табысты дамып келеді. Бірқатар келісімдерге қол қойылды, атап айтқанда білім беру, мәдени алмасу, туризм және т.б. саласындағы келісімдер. Бірінші онжылдық қалыптасуымен сипатталды, екі елдің тиісті ведомстволары арасындағы байланыстар, ынтымақтастық бағыттарын іздеу, жоспарлау барысындағы бірлескен қызметтер атқарылды. 2000 жылдары қабылданған барлық шешімдерді белсенді түрде іске асыру басталды. Екі елдің мәдени, білім беру күндері аясында белсенді мәдени алмасу басталды. Бағдарламалар, туристік ағымдардың артуы дами түсті.

2001 жылы ҚХР және Қазақстан Мәдениет министрліктерінің өкілдері іс-шаралар жоспарын бекітті, онда өзара мәдени алмасуды кеңейту қарастырылды. Бұл құжат екіжақты қатынастардың жаңа кезеңін бастады, жаңа онжылдықтағы мәдени ынтымақтастықты қамтамасыз етті. 2004 жылы Шанхайда Алматы мәдениеті күні ресми түрде өтті. 2005 жылы мәдени ынтымақтастықты одан әрі нығайту және дамыту мақсатында Қытай мен Қазақстан басшылығы, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық жөніндегі қытай-қазақстандық кіші комитет құрды. 2005 жылдың тамызында Алматыда Шанхай мәдениеті күндері ұйымдастырылды [5]. 2006 жылы Қазақстанда Қытай мәдениеті күндері, 2006 жылдың қыркүйегінде Алматыда Қытай фарфоры мен керамика көрмесі ашылды. 2007 жылы Қытайда Қазақстан мәдениеті күндері өтті [6].

Қытай қоғамы құндылық бағдарларына және этикалық нормаларға негізделген. Қытай әлемнің көне өркениеттерінің бірі ретінде өзіндік саяси мәдениетінің ұлттық ерекшеліктері бар. Саяси мәдениеттің дәстүрлі іргетасы қаланғандықтан өркениетті дамыған мемлекет ретінде Қытайдың халықаралық аренадағы мінез-құлығын болжай аламыз. Қытай бүгінгі таңда табысты жаңғыру жолында алға жылжып экономикалық даму үстіндегі мемлекет. Конфуцийдің айтуынша, *«әрбір халық өзіндік тәрбиесімен байланысты ерекшеленеді»* сондықтан сонымен қатар үкімет Қытайды басқару үшін сол тәртіпті бойына сіңіруі қажет. Қазіргі Қытай «қоғамның жан-жақты құрылуы», «үйлесімді қоғам» сияқты ұғымдармен байытылу үстінде [7]. Мемлекет тарапынан мәдени өмірді қолдауға және құндылықтарды қорғау мақсатында Қытай Халық Республикасының Мәдениет және Туризм Министрлігі мен Қаржы Министрлігі тарапынан жасалып жатқан жобалар мәдениет үшін аса қажетті. Жобалардың жүзеге асырылуы мемлекет тарапынан жіті қадағалану арқылы жемісті болып келеді. Сонымен қатар бөлінген қаражаттардың барлығы дерлік жылына 2000-нан астам мәдени іс-шаралар мен жобаларды жүзеге асыруға бағытталады.

Мәдениетті сақтаумен қатар оны жан-жақты дамыту көп күш-қуатты қажет етеді. Бұл тек экономикалық тұрғыдан ғана емес әлеуметтік-құқықтық тұрғыдан да орын алады. Қытай Халық Республикасының Заң шығарушы органы тарапынан қабылданған барлық ережелер мәдени рухани өмірге байланысты дүниелерді қорғау мақсатында жұмыс атқарады.

Қорытындылай келе мәдени саясатқа әсер ететін факторларға үкімет, этностық алуан түрлілік, діни конфессиялар, белгілі бір мәдениетке шетелдік көзқарастардың ықпал ету дәрежесі, сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдары болып табылды. Мемлекеттің мәдени саясатының объектілері адам болса, субъектілері деп заң шығарушы, атқарушы және сот құрылымдары, мамандандырылған мемлекеттік органдар, ұйымдар мен мекемелер, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдар, қауымдастықтар және олармен өзара іс-қимыл жасайтын кәсіби және әуесқой ұйымдарды айтамыз. Мемлекеттің мәдени саясатының ғылыми негізделуі қоғамның мәдениеті мен мемлекеттік саясат арасындағы қарым-қатынасты анықтауға бағытталады. Мемлекет өз органдары арқылы осы мақсатта қаржы және материалдық қорларды, заңнамалық актілерді, ұйымдастырушылық, басқарушылық және басқа да әдістер мен механизмдерді қолданып, мәдениет қызметін дамыту және дамыту процестерін реттейді. Жаһандану дәуірінде өзекті мәселелерді шешуде қоғамдық мәдени саясаттың рөлі артып келеді. Қазақстан мәдени саясатты дамытуда үлкен жұмыстар атқару үстінде. Әлеуметтік зерттеулердің деректері бойынша халықтың көрсетілетін мәдениет қызметтеріне қанағаттану деңгейі 66-70,3%-ды құрайды. Мәдени саясат заманауи мемлекетаралық қарым-қатынастарда кең қолданылатын құрал әрі ресми дипломатияның логикалық жалғасы болып табылады. Қазіргі мәдени саясаттың аясында халықаралық қатынастардағы адам құқығы, әлеуметтік теңдік пен әділеттілік, демократия мен адамзаттың мәдени және рухани құндылықтарды қорғау және оның ортақтығы, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жүзеге асырылатын өз елінің имиджі мен саясатын насихаттау сияқты гуманитарлық мәселелерге жаңаша тұрғыдан қарау бүгінгі күннің талабы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Ильина Т.В., Федотова Н.Г.** Культурная политика в современной России // Международный студенческий научный вестник. – 2016. – № 4-5.
2. **Флиер А.Я.** В порядке дискуссии: Культурная политика и идеология // Обсерватория культуры. 2004. - № 1. - С. 20-22.
3. Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 4 қарашадағы № 939 Жарлығы, Қазақстан Республикасының мәдени саясатының тұжырымдамасы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1400000939>
4. **Назарбаев Н.Ә.** Президенттің Қазақстан халқына жылсайынғы жолдауы – Астана, 2003-2011 жылдар.
5. Соглашение о культурном сотрудничестве между Правительством РК и Правительством КНР). // www.chinabaik.com/law/gjt/1428060.html
6. Пресс-релиз посольства КНР в Республике Казахстан. 18.09.2006. №4.
7. **Шарко С.В.** Культурно-идеологический аспект в современной политике Китая // Ориентиры. 2010. № 6. С. 146-158.

ДӘСТҮРЛІ ДІННІҢ ҚОҒАМ ӨМІРІНДЕГІ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Жабай ҚАЛИЕВ,
педагогика ғылымдарының кандидаты,
ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты
Ғылыми-ақпарат бөлімінің басшысы,
Бекзат НЕСІПОВ,
Назарбаев Зияткерлік мектебінің тарих және
қоғамдық саяси пәндер мұғалімі (Нұр-Сұлтан қаласы),
Эльмира АҒАДІЛОВА,
№77 жалпы білім беретін мектеп-балабақша
кешенінің тарих пәні мұғалімі (Қарағанды қаласы)

АНДАТПА

Мақалада дәстүрлі діннің ұлт руханияты мен тұтастығын сақтаудағы орны қарастырылады. Ұлт мүддесі тұрғысынан дін мәселесі мемлекеттік маңызы бар, сондықтан да діни процестерді тәртіпке келтіру, ұлттық діни саясат зор маңызға ие болатындығы айтылған.

Түйін сөздер: құндылық, дүниетаным, руханият, мәдениет, наным-сенім, болмыс, діл, дәстүр.

Қазақ болмысының қалыптасуында дәстүрлі діни наным-сенімнің көріністері ерекше рөл атқарғандығы белгілі. Аспанға көз жіберген ежелгі бабаларымыз өмірге өзінің дүниетанымын кеңістік тұрғысынан қалыптастырған. Көк аспан мен жер-суға табынушылықтың адам баласының табиғатқа парызыдығымен, табиғат анаға деген құрметтің, пір иелеріне деген алғыс білдіру ниетімен байланыстыруға болады. Қазақтың болмысына сіңген тәңірлік діннің ерекшелігі сол, ол ежелден ұлт руханиятының негізіне айналды. Көк Тәңірі, Жер ана, Су құдайы, ата-баба аруақтарын қадір тұту, отбасының қорғаншысы – Ұмай анаға табыну қазақ халқының қашан да табиғатпен үйлесімділікте, жарасымдылықта күн кешкенін білдіреді.

Бүгінге жеткен дәстүріміздегі діни наным-сенімдердің көріністері тылсым дүние алдындағы дәрменсіздігіне жауап, қорғаныш ретінде көрсетіледі. Адам баласы тылсым дүние алдында дәрменсіз болғандықтан, психологиялық тұрғыда одан қорғанудың амалын іздейді, міне, сондықтан туған жердің құдіретіне сеніп, *«туған жер әрқашан желеп-жебеп, қорғап жүреді»* [1]. – деп, қайда барса да туған жердің бір уыс топырағын тұмардың ішіне салып алып жүрген. Бұл туған жерге деген сүйіспеншілікті, махаббатты оятады. Сонымен қатар тәңірлік дінде үш қағиданы орындау міндеті деген бар: тәңір алдындағы, ата-баба алдындағы және ұрпақ алдындағы парыздар, яғни жауапкершіліктер. Бұл ілімдер ислам дінінің таралуына байланысты өзгерістерге ұшырағанымен, қазақтар арасында әлі де сақталған. Ұлт руханиятының жетілуіне, толысуына, ұлттық болмысқа зорастризм дінінің де әсері зор болды. Отқа табыну (аластау), оларға арнап құрбандық шалу, т.б. дүниетанымдық көзқарастары ислам дінінің әдет-ғұрыптарымен сіңісіп кетті. Наным-сенімдегі табиғатқа деген құрметті көзқарас, күн мен айды қасиет тұту – біздің ата-баба дініміздің тарихи көрінісі ретінде әлі күнге дейін халқымызбен бірге жасасып келеді [2]. Яғни, осынау көнеден келе жатқан қазақ халқының дүниетанымдық көзқарастары бүгінгі таңда ислам дінімен үйлесім тауып, тығыз байланысты. Далалық дүниетанымның сан ғасырлық сүзгісінен өтіп, мәң-

гілік құндылықтарға негізделген дана дәстүрлер қалыптасты. Қазақ халқының күнделікті тұрмыс-тіршілігі, іс-әрекеті, дәстүрі исламмен астасып жатыр деп айтуымызға толық негіз бар.

Дәстүрлі діннің қазақ халқының дүниетанымына, салт-санасына сәйкес келетін өзекті негіздемелері ұлт руханиятының негізі болып табылады. Ал, ұлт руханиятына ешнәрсе жетпейді. Осынау ұлт руханиятының негіздері, біртұтас ілімдер заманында ұлттық-мемлекеттік дәрежеге көтерілген. Осы ұлтымыздың болмысын қалыптастырған, құндылықтық бағдарын белгілеген біртұтас ілімдердің бірегейі – Иассауи ілімі. Тәуелсіз Қазақстан үшін Иассауи ілімі – дәстүрлі түркілік дүниетаным мен ислам өркениеті арасындағы үйлесімділікті қамтамасыз ететін сара жол болуымен қатар, бүгінгі заманға сай рухани азық беретін ілім ретінде ұлттық болмыстық тұғырымызды танудың негізіне айналып отыр [3]. Халқымыздың ұлт болып қалыптасуы мен дамуына, ұлттық ерекшеліктерінің берік сақталуына Иассауи ілімі тікелей әсер етті деп біз сеніммен айта аламыз. Өзіне дейінгі ортаазиялық түркілік және кейінгі қазақылық тарихи-мәдени және рухани құндылықтарын бойына сіңіріп, өзінен кейінгі ұлттық дүниетанымның қалыптасуына зор ықпал етті. Ұлттың ұлт болып қалыптасуына барлық діни ілімдердің маңызды рөл атқарғаны баршаға аян. Сол себептен қазақ халқының рухани мәдениетінде өзінің зор қолтаңбасын қалдырған.

Қазақ – ұлттық дәстүрге ерекше мән берген халық. Өз дүниетанымын тілі, діні, әдебиеті арқылы білдірген. Сондықтан ұлтты сақтауда негізгі сүйенеріміз – халықтың мәдениеті, рухани мұрасы, өмір сүру тәсілі, тұрмыстық салт-сана, әдет-ғұрып, діни наным, т.б. яғни, бір сөзбен айтқанда дәстүрі. Дәстүр – ұлтты рухани жандандырып, оның келбетін өрнектеп сипаттайды. Дін мен дәстүр қашанда бір-бірімен сабақтас ұғым. Ұлттың дәстүрімен үндескен ата дініміз ұлттық дәстүрімізді, рухани құндылықтарды байытты. Ислам діні мен қазақ салт-дәстүрлері ғасырлар бойы өзара кірігіп, ажырамастай болып тамырласып кетті. Діннің рухани әлеуеті мен шынайы мазмұны адамзат өміріне терең рухани мағына дарытатын, оны өркениет шыңына жетелейтін осындай кең өрісті дүниетанымнан бастау алады [4]. Біздің рухани құндылықтарымыз – ата дініміз бен ата дәстүріміздің терең байланысының тағылымды туындысы. Соның ішінде дін мен дәстүр бірлігі – өткен тарихымыз, болашағымыздың кепілі. Сондықтан да біз дінімізбен бірге ұлттық салт-дәстүрімізді мықты ұстауымыз керек. Өйткені қай кезеңде болса да рухани байлық әр халықты сақтап қалатын және өмір сүру құқығын дәлелдейтін қайнар бұлақ болған.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «*Ұлттық бірегейлікті сақтау*» тармақшасындағы *ұлттық салт-дәстүріміз, тіліміз бен мәдениетіміз, жөн-жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуы тиіс*»,— деген болатын. Дін – күллі адамзат баласының ғасырлар бойғы тұтынған рухани игілігі деп толық айта аламыз. Жалпы кез келген халықтың рухани және ділдік болмысында, мәдениеті мен салт-санасында сол халықтың діні өзінің өшпес табын қалдырады. Дін – рухани мәдениет феномені, ол қоғамдағы кез келген феноменнен анағұрлым бай, маңызды және ықпалды. Тіпті дін халықты қалыптастыратын, оны сындарлы кезеңдерден сүріндірмей өткізіп, аман сақтап қалатын, адамзат қоғамында үлкен рөл атқаратын рухани фактор және ұйыстырушы идея болып табылады. Бір сөзбен айтқанда бүгінгі заманауи қоғамда кез келген ұлт өзінің дәстүрлі діни таным мен діни тәжірибе негіздерінен ажырайтын болса, онда ол халық өзінің рухани-мәдени болмысынан ажырайды. Дін мен дәстүр үндескенде ғана дін дамып, дәстүр байиды.

Қоғам өмірінде дін рөлінің артуы, діни ұйымдар белсенділігінің күшеюі мен қанат жаю жағдайы, өскелең ұрпақтың дінге деген қызығушылығының артуы бізге арқаны кеңге салып жайбарақат жатуға болмайтынын аңғартады. Ислам нормаларында айтылмаған әдет-ғұрып, салт-дәстүрдің, дүниетанымның, ділдің элементтеріне назар аудармау, қолдау білдірмеу, ширк ретінде қарау арқылы жоққа шығару, дәстүрді өмір салтына айналдырған халқымыздың тұрмыс қалыптарын өзгертуге тырысып өздерінің пәтуаларын шығаруы, турасын айтқанда, бұл радикалды діни ағымдардың мақсатты ел ішіндегі тыныштықты, тұрақтылық пен тұтастықты бұзуға ұмтылуы болып отыр. Ұлттық құндылықтың бірі діл десек, оның ислам дінінің нормаларымен астасып жатқанын мәдени мұра үлгілерінің бірі емес бірегейі екендігін байқату. Сондықтан да сол өскелең ұрпаққа ұлт руханиятымен сусындатып, ата дініміздің асыл қасиеттерін, рухани-адамгершіліктік мұрасын бойларына дарыту тұрғысында белсенді жұмыс жасап, ұлт және дін, тарих және дін, дәстүр және дін мәселесін терең байытылуы керек.

Осы жерде ащы да болса шындықты айтқан белгілі ғалым, қоғам қайраткері Амангелді Айталы: «*Жеке адамның дін таңдауына қақы бар. Ал, тұтастай дінінен айырылған ұлт, ұлттық қасиетінен, мемлекетінен айырылады. Ұлттық тілінен безіп, дінінен, ділінен шыққандар көбейе берсе, сан сапаға айналып, ұлт бірте-бірте ыдырай береді, мемлекет те күйрейді. Сенім – тұтастық пен бірліктің кепілі. Қоғам шындығында біртұтас ағза тәріздес. Сол ағзаның бір мүшесіндегі өзгеріс басқа мүшелеріне әсер етеді. Ұлттың рухына салған жарақат уақытпен де емделмейді, оның рухында мәңгі із қалдыруы мүмкін. Дін тазартушы, демеу беруші, жарақатты жазушы, сауықтырушы ем, әлеуметтік ағзадан зиянды қалдықтарды шығарушы деп бекер айтылмаған. Адам өзінің табиғи қажеттілігін қанағаттандыруға қандай мұқтаж болса, рухани азыққа, тазаруға мұқтаж. Тәуелсіздік, дербес мемлекеттік, ұлттық тіл, ортақ дәстүр мен дәстүрлі мұсылмандық құндылықтар ұлтты ұйыстыруға мүмкіндік туғызады*» [5],— деген еді.

Бүгінгі таңда діннің ұлттық саясат қалыптас-

тырушылық қызметінің артып келе жатқаны белгілі. Ұлттық діни саясат мақсаттарының бірі – қоғамымызда діни процестердің саясаттануына жол бермеу. Дін біріктірудің, интеграциялық процестердің күшті факторы бола алады. Ол үшін діндерден қайшылықтарды емес, керісінше ортақ белгілері мен ұқсас принциптерді, ортақ негіздер мен ортақ құндылықтарды, біріктіруші бастаманы іздеуіміз керек. Бүгінгі дәстүрлі емес діни процестердің қызметтерін ретке келтіру қажет [6].

Дәстүрлі діннің құндылықтарын ұлттық саясатқа батыл енгізуден қорықпай, мемлекет пен дін құндылықтары жүйесінің сәйкестігін реттеу керек. Қазіргі жаһандану кезеңіндегі қандай да бір ұлттың өзін-өзі сақтау үшін, ұлттық тұтастықты қалыптастыру үшін, ұлттың рухани болмысын жетілдіру үшін дәстүрлі діннің рөлі өте зор екені анық. Әлемнің бет-бедері айқын сипат алған шақта, дінге руханият негізі ретінде қарап, оның жасампаз құндылықтарын, рухани әлеуетін басты назарға ала отырып, дәстүрлі дініміздің шын мәнінде асыл қасиеттерін өскелең ұрпаққа сіңірген жөн. Дәстүрлі дініміз халқымыздың рухани кемелдігін арттырудың кепілі және еліміздің қауіпсіздігінің құрамдас бөлігінің бірі. Себебі, халықтың діни санасы берік, көзқарасы тұрақты, әрі сенімді болған жағдайда, оның ынтымағы мен бірлігі, өз елінің бүгіні мен ертеңіне деген сенімі берік бола түсіп, бір мақсатқа жұмылудың негізгі ұстанымын қалыптастыратыны баршаға аян [7].

Еліміз бүгінгі таңда өзін зайырлы мемлекет ретінде танытады. Дін мен мемлекет бір-бірінен тәуелсіз. Алайда дін мемлекет дамуына оң әсерін тигізетіні даусыз. Сондықтан дін мен мемлекеттің түйісер жері – елдің тұтастығы мен қоғамның ауызбіршілігі мен тұрақтылығы. Н.Нұр-тазина «Қазақ мәдениеті және ислам» деген еңбегінде: «*Мәдениеттің өзегі дін екені рас, дәрекі көзге көрінбесе де, дін – шын мәнінде ұлттық тұтастықты ұстап тұратын ғаламат күш. Дін кеткен соң, идеялық-рухани, этикалық негіздерден айырылған кезде ұлттық мәдениет жүйе болудан қалады*» [8],— деген тұжырымын жасаған.

Біздің дәстүрлі дінімізде тек жақсылық пен ізгілікке тәрбиелеу ғана бар. Ол терең адамгершілік, байыпты имани қасиет, кімге де болсын, адами қамқорлықпен қарау, ұлт болмысынан бастау алып, ғасырлар бойы ұлтымыздың ұғымы болып жалғасын тауып отыр. Ата-бабаларымыз мұсылманшылығына өте байыпты қарап, дұрыс бағытты ұстаған. Дана халқымыз шарият ісінде ислам талаптарын ұлттық салт-санамен, тіршілік жағдайымен ұштастыра білді, ата-баба аруағына сыйынудан бас тартқан жоқ. Осыдан ата-бабаларымыздың діни көзқарасы терең, діни мәдениеті өте жоғары ұлттар қатарынан екенін аңғарамыз. Дін қоғамды тәрбиелейтін, оның руханилығын күшейтетін, болмысын қорғай алатын жүйе екендігі анық.

Дінтанушы Айнұр Әбдірәсілқызының: «*Осы ұлттық болмысымызбен үйлесім тапқан дәстүрлі дінімізді дамытудың, дәстүрлі дініміздің насихатын күшейтудің маңызды тетіктерінің бірі – стратегиялық зерттеулерді жүзеге асыру*» [9],— деген ойынан шығарар тұжырым, ұлттық болмысымызға негізделген, ұлттық-діни бірегейлікті сақтауға бағытталған дәстүрлі дініміз, қаншалықты бүгінгі қоғамның қалыптасуына ықпал ететін маңызды идеологиялық құрал бола алатынын жан-

жақты зерттеп, зерделей отырып, діни жүйемізді нақты күшейтуді, қазіргі таңда қоғамда болып жатқан проблемаларды шешудің тетігі ретінде пайдалануымыз қажет. Дәстүрлі діни құндылықтарды ұлттық саясатқа енгізуден қорықпай, батыл түрде радикалдық бағыттағы діни ағымдарға қарсы ата дініміздің бар әлеуетін толық пайдалануымыз керек. Мәдениеттің рухсыз тіршілік ете алмайтыны сияқты, қоғам да мәдениетсіз, тарихсыз, яғни рухани тіректерсіз өз болмысы мен дамуын баянды ете алмайтыны белгілі.

Дәстүрлі дінді жаңғырту деген кезде, міндетті түрде тілді жандандыру мәселесімен бірге қарастыруымыз қажет. Себебі ұлттың негізгі үш діңгегі: тіл, дін, діл болып табылады. Тілді жандандыру дәстүрлі діни таным мен рухани құндылықтардың жандануына, қайта қолданысқа енуіне жол ашады. Ұлт руханияты үшін ұлттық тіл, ұлттық діл және дін рухани тұғыр болып табылады. Осы үш діңгек бір-бірімен ажырамас бірлікте болғанда ұлт тұтастығы да берік. Кез келген ұлттың болашаққа бағытталған мақсаттары оның ғасырлар бойы жинақтаған рухани тәжірибесін тірек етуге тиіс. Әрине дәстүрлі дінді жаңғырту үдерісі басқа конфессиялардың қызметі мен еркін дамуына ешқандай кедергі жасамайды. Керісінше конфессияаралық бейбітшілік пен келісімнің нығаюы үшін, діннің біріктіруші, рухани тұрғыдан құрушы фактор есебінде рөлінің күшеюі үшін діни мәдениет пен діни сананы қалыптастырудың маңызы зор.

Қазіргі Қазақстан қоғамы өзінің көп этносты және көп конфессиялы сипатқа ие бола тұрып, өзінің ынтымақтастық пен татулық үлгісімен әлемге әйгілі. Барлық діни бірлестіктер елімізде өз қызметтерін еркін жүргізуде үлкен мүмкіндікке ие болып отыр. Отандастарымыздың шамамен төрттен бір бөлігін құрайтын православие дінінің өкілдері, сонымен қатар католиктік, протестанттық, иудаизм, буддизм және басқа да діни ілімдер еліміздің рухани өмірін жетілдіре түседі. Көпконфессиялы мемлекет ретінде Қазақстан әлемдік және дәстүрлі діндердің гуманитарлық-адамгершілік әлеуетін пайдаланып,

дінаралық келісім мен рухани көшбасшылар сұхбатын әрі қарай жандандыра беретін болады. Яғни, халықтың тұтастығы мен діннің тұтастығы және мемлекеттің тұтастығы арасында тікелей тәуелді байланыс бар екенін еліміз әрқашан ескеріп отырған. Ішкі тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін мемлекет тарапынан дін саласы мен ұлттық қауіпсіздік саласына қатысты мемлекеттік саясатты қатар қолдануда [10].

Қорыта келе, жаңаруға бағытталған қоғамды, тұрақты даму мен қуатты мемлекетті құру міндеттері ғасырлар бойы жинақталған ұлттық дәстүрлер мен құндылықтар, ұйғарымдарға сүйене шешілуі керек. Интеллектуалды және рухани құндылықтардың дамуы мен үйлесімді қатар өмір сүруі адамзат әлеуетін жандандырудың маңызды шарттары болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **М.Орынбаев.** Қазақ сенімдерінің бастаулары. – Алматы: Қазақ Университеті, 2002. 276 бет.
2. **Н.Назарбаев.** Ұлы Дала ұлағаттары. – Астана: Фолиант, 2016. – 98 бет.
3. **Д.Кенжетай.** Қожа Ахмет Иассауи дүниетанымы. – Түркістан: ХҚТУ. 2004. – 235 б.
4. **Е.Оңғаров.** Қазақ мәдениеті және ислам құндылықтары. – Алматы: Баспалар үйі. 2014. – 60 бет.
5. **А.Айталы.** Ұлт пен дін – тәуелсіздік арқауы. – Алматы: Арыс, 2013. – 66-78 бб.
6. **Қ.Борбасова.** Діни бірлестіктер және ұлттық қауіпсіздік мәселесі. Алматы: ҚазҰУ баспасы. 2009. – 156-бб.
7. **Ұ.Шубаева.** Ұлттық менталитеттің діни негіздері Алматы: Қазақ баспасы, 2010. – 14 б.
8. **Н.Нұртазина.** Қазақ мәдениеті және ислам. - Алматы: ҚазМӨГЗИ, 2002. - 170-176-бб.
9. **А.Әбдірәсілқызы.** Дәстүрлі дін – ұлт руханиятының тағылымды тәжірибесі //Қоғам және дәуір №4, 2014. 16-27-бб.
10. **Г.Чунгулова.** Қазіргі діни ахуал және конфессиялық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясат //ҚазҰУ Хабаршысы. Философия, саясаттану, мәдениеттану сериясы 2012 №3, 129-134-бб.

ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕРДІ ОҢТАЙЛАНДЫРУ ЖОЛЫ (Ресей Федерациясы және Қазақстан Республикасы мысалында)

Ф.ҚОЗЫБАҚОВА,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры,
тарих ғылымдарының кандидаты,
Г.ДОСЫМОВА,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың магистранты

Қазіргі таңда демографиялық үдерістерге тиімді өзгерістер әкелетін нормативтік-құқықтық актілерді қабылдау және өзге де оңтайландыру жұмыстарын жүргізу аса өзекті мәселе болып табылады. Сонымен қатар нақты бір мемлекет жағдайында демографиялық үдерістерді реттейтін бағыттардың дұрыс жолға қойылуы да елдің болашағы үшін қолайлы жағдайларды тудырады анық. Осы тұрғысынан келгенде әлем елдерінің тәжірибесінде демографиялық үдерістерді оңтайландыруға бағыт-

талған бірқатар шаралардың қабылданып, сәтті жүргізіліп жатқаны мәлім. Атап айтқанда демографиялық үдерістерді оңтайландыру мәселесі бірқатар елдердің ұлттық қауіпсіздік тұжырымдамасымен қатар, азаматтардың денсаулығын қорғау, оларды әлеуметтік қамсыздандыру сынды мемлекеттік маңызы бар нормативтік құжаттардан көрініс табады. Осы мәселеде нақты бір тұжырым жасау үшін сөзсіз жекелеген елдердің тәжірибесіне арнайы тоқталып, салыстырмалы түрде нақты бір пікір

қалыптастыруға болады.

Демографиялық үдерістерді оңтайландыру мәселесінде Ресей Федерациясының өзіндік тәжірибесі бар. Аталған елдегі демографиялық үдерістер «Ресей Федерациясының ұлттық қауіпсіздік тұжырымдамасы», «Ресей Федерациясының демографиялық дамуының тұжырымдамасы», «Ресей Федерациясының азаматтардың денсаулығын қорғау заңнамалық негіздері», «Азаматтардың санитарлық-эпидемиологиялық игіліктері» және тағы да басқа заңнамалық құжаттарда тікелей және жанама түрде сипатталады. Көңіл аударатын жайттың бірі Ресей Федерациясындағы демографиялық үдерістер мәселесі тек қана демографтардың ғана емес, сонымен әлеуметтанушылар, саясаттанушы, заңгерлер мен журналисттер сынды қоғамдық маңызды мәселелерді көтеретін мамандық иелерінің де талқысына жиі түседі. Т.Ф.Тимофеева және О.Ф.Таратина өздерінің «К вопросу о необходимости становления и развития правового регулирования демографических процессов на региональном уровне» атты мақалаларында демографиялық үдерістерді реттейтін заңнамалардың әлі де болса науқаншылық сипат алуда деген пікір білдіре келе, олардың қабылдануы демографиялық үдерістерді толыққанды зерттеместен қабылданып жатқандығын алға тартады. Тіпті қазіргі таңда Ресей Федерациясында демографиялық үдерістерді реттеудің заңнамалық негіздерін қарастырған ғылыми-зерттеу жұмыстарының да аздығы туралы мәліметтер келтіреді [1, 122-123-б.]. Рас мұндай кемшін тартқан мәселелер біздің еліміздің де демографиялық үдерістерді реттеу ісінде байқалуда. Елімізде демографиялық үдерістерді реттейтін институционалды база әлі де болса жетілдірілмеген. Сөзсіз мұндай олқылықтардың орнын толтыруда көршілес Ресей Федерациясымен қатар, дамыған Еуропа мемлекеттерінің тәжірибесін негізге алу оң нәтиже беретініне сенім бар.

Ресей Федерациясының Президенті В.В.Путин 2018 жылдың 7 мамырында қабылданған «Ресей Федерациясының 2024 жылға дейінгі дамуындағы ұлттық мақсаттар мен стратегиялық міндеттер» атты Жарлығын жүзеге асыру барысында «Демография» деп аталатын ұлттық жобаға ерекше мән беруге шақырды. Өйткені В.В.Путин осы ұлттық жоба тек демографиялық мәселелерді ғана шешіп қоймайды, сонымен қатар бәсекеге қабілетті экономиканы қалыптастырып, өмір сүру деңгейін жақсартатын да қабілетке ие деп көрсеткен болатын [2, 20-б.]. Рас экономикадағы алға жылжушылық, инфрақұрылымдардың жақсару, технологиялардың пайда болуы ол алдымен қаржылық жағынан қамтамасыз етілген, өзіне қолайлы өмір сүру жағдайы бар адамдардың ғана еңбегімен келетіні түсінікті. Сол себепті де демографиялық үдерістермен мемлекеттің маңызды мәселелері тығыз байланысып жатыр деп тұжырым жасауға болады.

Ресей Федерациясындағы демографиялық үдерістерді оңтайландыру ісінде 9 қазан 2007 жылы қабылданған «2025 жылға дейінгі Ресей Федерациясының демографиялық саясат тұжырымдамасы» деп аталатын Президент Жарлығының алар орны ерекше. Тұжырымдамада азаматтардың өмір сүру жасын ұлғайту, өлімді азайту, демографиялық өсім, ішкі және сыртқы көші-қон үдерісін реттеу,

азаматтардың денсаулығы және тағы да басқа маңызды мәселелер қарастырылды. Аталған тұжырымдаманы жүзеге асырудың негізгі үш кезеңі белгіленген болатын. Алғашқы кезең 2011 жылға дейін демографиялық дағдарысты азайту үшін құқықтық және қаржылық негіздерін қалыптастыру болса, екінші кезең 2015 жылға дейін азаматтардың денсаулығын қорғай отырып, отбасылар үшін өмір сүруге қолайлы ахуалды тудыра отырып, халықтың шетелге ағылуын азайту және көші-қон үдерістерін реттеу көзделді. Ал үшінші кезең 2025 жылға дейін кез келген демографиялық ахуалға дайын болатындай кешенді шаралар жүйесін қалыптастыру, көп балалы отбасыларды қолдай отырып, екінші және үшінші баланы дүниеге әкелуге деген жігерді ояту сынды маңызды мәселелерді қамтыды. Сонымен қатар адам өмірі – демографиялық үдерістердің маңызды бөлшегі ретінде мойындала отырып, Тұжырымдаманың үшінші кезеңінде адам өміріне қауіпті әрі зиянды жұмыс орындарын 3-5 % азайту көзделді. Сондай-ақ жұмыс берушілердің жауапкершілігін күшейтіп, өлімге алып келетін жұмыс жағдайларын оңтайландыруға міндет қойылды [3, 49-51-б.]. Салыстырмалы түрде алғанда Қазақстан Республикасындағы демографиялық үдерістерді оңтайландыру мәселесінде де бірқатар құқықтық-нормативтік құжаттар қабылданған. **Еліміздегі демографиялық ахуалды оңтайландыру үдерісі төрт негізге сүйене отырып жүргізіледі:**

-*доктринаға сай;*

-*құқықтық-нормативтік актілер бойынша;*

-*институционалды түрі;*

-*ресурстық.*

Доктриналарға сай демографиялық саясат төмендегідей бағытта жүргізіледі. Мысалы: Қазақстан Республикасының мемлекеттік демографиялық саясатының тұжырымдамасы; Халықтың қоныстануы бойынша халықаралық Каир конференциясының әрекет жоспары; Ана мен бала денсаулығын сақтау бағдарламасы, бала тууына байланысты берілетін жәрдемақы төлеу бағдарламалары, кедейлік шегін төмендетуге бағытталған бағдарламалар және тағы да басқалары. Сонымен қатар демографиялық ахуалды оңтайландыруда мемлекеттің әлеуметтік саладағы реформалары мен қабылданған бағдарламаларының алар орны ерекше. Атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау мен «Жалпыға ортақ Еңбек қоғамы» атты бағдарламалар сөзсіз азаматтар арасындағы жұмыссыздықты жойып, ертеңге деген сенімді қалыптастыруға бағытталған.

Әрине, жоғарыда атап өткеніміздей демографиялық ахуалды оңтайландыруда көші-қон саясатының өзіндік ерекшелігі бар. Қазақстан Республикасының көші-қон саясатының тұжырымдамасының бірнеше жылдарға арналған бағдарламалары бар. Мысалы, 2001-2010 жж., 2007-2015 жж., 2017-2021 жылдарға арналған Тұжырымдамаларын атап өтуге болады [4, 500-б.]. Бұл тұжырымдамалардың уақытынан бұрын жаңасының қабылдануы көші-қон үдерісінің толассыздығы және жаһандық ахуалдың тұрақсыздығымен де байланысты. Рас демографиялық үдерістерді оңтайландырудың қажеттілігі ел егемендігінің алғашқы жылдарынан-ақ сезілген болатын. Өйткені дәл осы жылдары әлеуметтік-экономикалық қиындықтармен қатар, демографиялық ахуал да өзінің дағдарысты жағдайымен ерекшелен-

ді. Ел егемендігінің жарияланып, мемлекет болып қалыптасу барысы өзге ұлт өкілдерінің өз тарихи Отандарына оралу үдерісі қатар жүрді. Алғашқы жылдардағы нарықтық экономикаға өтудегі қиындықтар жұмыссыздық сынды құбылыстарды үйреншікті жайтқа айналдырды. Ертеңге деген сенімнің аз болуы сөзсіз азаматтар арасында көп балалы отбасы болуға деген ұмытылыстарына шектеу қойды. Сондықтан болар 1991-2001 жылдарға халық саны өсімі емес, керісінше азаю үрдісі тән болды. Сөзсіз мұндай қалыптасқан жайт демографиялық үдерістерді оңтайландырудың біз жоғарыда атап өткен тың шешімдер мен құжаттардың қабылдануына түрткі болды. Нәтижесінде тек ХХІ ғасырдың басынан бастап қана Республика азаматтарының санында өсу қарқыны байқалды. Ал мұндай нәтижелі көрсеткіштерге қалай қол жеткізілді және еліміздегі демографиялық үдерістерді оңтайландырудың жолы қандай, оны жетілдірудің жолдары айқындалды ма деген мәселе күні бүгінге дейін өзекті. Жер аумағы бойынша әлемнің алдыңғы ондығына кіретін еліміздегі демографиялық өсім өзге елдермен салыстырмалы түрде алғанда әлі де болса көңіл толарлықтай емес екендігі де жасырын емес. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» деп аталатын Жолдауы барысында демографиялық теңгерімсіздік, жаңа көші-қон толқындары сын қатер ретінде айтылған болатын [5, 1-2-бб.]. Сонымен қатар «Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік» туралы заңында демографиялық ахуалдың нашарлауы, бала туудың төмендеуі, өлім-жітімнің көбеюі Ұлттық қауіпсіздікке төнетін негізгі қауіп-қатерлер қатарына жатқызылған [6]. Демек, демографиялық ахуалды тиімді реттеу кезек күттірмес мәселе қатарына жатады.

Ресей Федерациясындағы демографиялық үдерістерді оңтайландыру мәселесінде 2019-2024 жылдарға арналған «Демография» деп аталатын ұлттық Жобаны да атап өтуге болады. Бұл жоба өз аясына бес федералдық деңгейдегі жобаларды біріктіреді. Атап айтқанда «Балалы болған отбасыларды қаржылық қолдау», «Әйелдерді жұмыспен қамту», «Аға буын», «Қоғамдық денсаулықты қалыптастыру», «Спорт – өмір қалпы» деп аталады. Осы жобаларды жүзеге асыру үшін бастапқы алты жылға 3,1 трлн рубль бөлінген болатын. Негізгі мақсаттар қатарында орташа өмір сүру жасын 67 жасқа дейін жеткізу, еңбекке қабілетті азаматтар арасындағы өлім деңгейін азайта, спортпен жүйелі шұғылданатын азаматтардың үлес салмағын 36,8%-дан 55% дейін жеткізу болып табылады. Ресей Федерациясындағы демографиялық үдерістерді оңтайландырудың қаржылай қолдау жолы тұрғын үй алу үшін берілетін субсидиялар мен «аналық капитал» болып табылады. Сонымен қатар демографиялық жағдайды тиімді реттеу мақсатында үкімет тарапынан жүктілік кезінде тіркеуге тұрған әйелдерге бір реттік жәрдемақы, 1,5 жасқа дейінгі бала тәрбиесіне берілетін жәрдемақы, баланың дүниеге келуіне байланысты берілетін бір реттік жәрдемақы, мектеп жасына дейінгі мекемелерге ақы төлеуге көмек, балалы отбасыларға қатысты салықтық жеңілдіктер көрсетіледі. Осы ретте атап өтетін жайт 2020 жылғы көрсеткіш бойынша бала 1,5 жасқа келгенше отбасына

11 143 рубль жәрдемақы беріледі. Ал жоғарыда атап өткеніміздей тұрғын үймен қамтамасыз етілуге берілетін субсидия екі немесе одан да көп баласы бар отбасылар үшін жылына 6% ипотека берілу көзделген. Сонымен қатар балабақшаға деген кезекті азайтып, балалар емханасының жұмыс сапасын көтеру ісі қолға алынған [7, 54-б.].

Әрине Ресей Федерациясындағы демографиялық ахуалды оңтайландыруда «аналық капиталдың» алар орны ерекше. 2020 жылға дейін «аналық капитал» тек екінші немесе үшінші балаға берілетін. Сөзсіз мұндай шешімнің өзі бала санын арттыруға деген ұмтылысты тудырғаны анық. Ал 2020 жылдан бастап «аналық капитал» бірінші балаға да беріле бастады. «Балалы отбасыларды мемлекеттік қолдаудың қосымша шаралары» деп аталатын №256-ФЗ заңына сәйкес ендігі кезекте бірінші баласын босанған әйелдер ғана емес, сонымен қатар бала асырап алған ер адамдарға да берілу қолға алынған. Ал оның көлемі бірінші балаға 466617 рубль болса, екінші баладан бастап оның көлемі 616617 рубльге өскен. Әрине мұндай мемлекеттік қолдау азаматтардың бір баламен шектелмеуіне қосымша жігер беруде. Сонымен қатар «аналық капиталды» 2020 жылға дейінгі талап бойынша тек бала үш жастан асқанда ғана және тек баланың қажеттілігіне беріліп келсе, жаңа заңға сай «аналық капиталды» тұрғын үй құрылысына, үй алу үшін алғашқы жарнаны төлеуге немесе қолданыстағы ипотекалық қарызды жабуға қолдануға болады және ең бастысы «аналық капиталды» жаңа талап бойынша бала дүниеге келген күннен бастап жүзеге асыруға мүмкіндіктер беріп отыр [8]. Бұл сөзсіз әлем бойынша тоғызыншы орында тұрған және 146 миллионнан астам халқы бар Ресей Федерациясының болашаққа деген батыл қадамы болып табылады. Қазақстан Республикасында 2020 жылғы көрсеткіш бойынша бірінші балаға берілетін қаражат көлемі 100 738 теңгені құрайды [9, 3-б.]. Ол шамамен 18 мың рубльге тең. Салыстырмалы түрде алған Ресейде бірінші балаға берілетін жәрдемақы 440 мың рубльге көп (2,5 млн теңге шамасы). Еліміздегі халық саны 2020 жылдың 1 қаңтарындағы көрсеткіш бойынша 18 632 169 адамды құрағандығын ескерсек, балаға берілетін жәрдемақы мәселесінде көрші елдің тәжірибесін басшылыққа алудың қажеттілігі сезіледі. Жалпы егеменді еліміздің тарихында екі халық санағы болып өткен болатын. Бұл ретте атап өтетін бір жайт Қазақстан халық санағын өткізуде БҰҰ-ның әр он жыл сайын халық санағын өткізу туралы ұсынысын басшылыққа алады. Мысалы бірінші халық санағы 1999 жылдың 25 ақпаны мен 4 наурызы аралығында өтсе, екіншісі 2009 жылдың 25 ақпаны мен 6 наурызында өткен болатын. Рас үшінші халық санағы 2020 жылға жоспарланған еді. Алайда әлемдік пандемия салдарынан кейінгі қалдырылғаны белгілі болды. Бүгінгі таңда еліміз халық саны бойынша әлемде 64 орынды иеленеді. Ал халқының орналасу тығыздығы бойынша 184 орында. Бұл дегеніміз аталған мәселеде әлі де болса оңтайландыру жұмыстары белсенді жүру тиіс екендігін көрсетеді. Еліміздің егемендік алған алғашқы жылдардан-ақ демография және көші-қон саясаты мәселесі стратегиялық маңызды бағыттар қатарына жатқызылды. Мысалы 1998 жылы Қазақстан Республикасы Президенті жанынан отбасы және әйелдер мәселесі бойынша кеңес беру бойынша

Ұлттық комиссия өз жұмысын бастады. Бүгінде бұл комиссия әйелдер және отбасы-демографиялық саясат бойынша Ұлттық комиссия деп аталады. Оның басты қызметі елдегі демографиялық ахуалды жақсартуға атсалысу болып табылады.

Ресей Федерациясындағы демографиялық үдерістерді оңтайландыру мәселесінде де ішкі көші-қон саясатының да алар орны ерекше. Мысалы отбасылар мен азаматтарды мемлекеттік қолдауға арналған бағдарламалар, әсіресе, Бурятия, Камчатка, Хабаровск, Амур, Иркутск, Магадан, Сахалин сынды аймақтарда ерекше қолға алынады. Осы аймақтарға қоныс аударған ел азаматтары мемлекеттік қолдаудың барынша жоғарылатылған мөлшеріне ие бола алады. Сөзсіз бұл саясат мемлекет ішіндегі азаматтардың орналасуының тепе-теңдігін сақтауға бағытталған [10, 42-43-б.]. Бүгінгі таңда елімізде де халық тығыз орналасқан оңтүстік аудандардан «Еңбек», «Серпін – 2050» сынды бағдарламалар қабылданып, ішкі көші-қон саясатын реттеуге үлкен күш салынуда.

Ресей Федерация еңбек мигранттарының келуі бойынша әлемде үшінші орынды иеленеді. Сөзсіз бұл елдің көші-қон саясатына тыңғылықты көзқараспен заңнамалық негізді қалыптастыруға деген қажеттілікті туындатады. 2018 жылғы көрсеткіш бойынша Ресей Федерациясы территориясында еңбек етіп жүрген мигранттардың көп бөлігі Өзбекстан мен Украина мемлекеттерінің азаматтары болып табылады. Олардың саны әрқайсысы шамамен 2 млн адамнан құрап отыр. Ал 2018 жылғы РФ ІІМ мәліметіне қарағанда 172 863 адам азаматтық алса, жалпы көші-қон тіркеуіне 11 960 763 адам тіркелген [10, 43-б.]. Сөзсіз бұл аталған фактінің өзі Ресей Федерациясындағы демографиялық үдерістерге көші-қон саясатының да өзіндік әсері бар екендігін ұғындырады.

Қос елдің де демографиялық үдерістерді оңтайландыру бойынша шаралары мен қабылданған

құжаттарын саралай келе, аталған бағыттағы жұмыстар өз деңгейінде жүргізілуде деп айтуға негіз бар. Дегенмен Ресей Федерациясы демография мәселесіне үлкен көңіл бөліп жатқандығы анық. Осы тұрғысынан келгенде еліміздегі демографиялық ахуалды оң сипатта өзгерту мақсатында дамыған елдердің тәжірибесін әлі де болса басшылыққа алу қажеттілігі байқалады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Тимофеева Т.Ф., Таратина О.Ф. К вопросу о необходимости становления и развития правового регулирования демографических процессов на региональном уровне // Вестник Чувашского университета. - №4. – 2007. – 294 с.
- 2.Елин А.М., Пашин Н.П. Проблемы демографии и пути их решения в современной России // Вестник науки и образования. - №17(71). – 2019. – 147 с.
- 3.Городнова Н.В., Самарская Н.А. Повышение качества жизни населения в современных экономических условиях России // Дискуссия. - №3(94). – 2019. – 198 с.
- 4.Садовская Е.Ю. Демографические и миграционные реалии Казахстана, политика и программы – 1991-2019 гг. // Национальные демографические приоритеты: новые подходы, тенденции. – Москва, 2019. – 759 с.
- 5.Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты // Егемен Қазақстан. – 2012 жыл 14 желтоқсан.
- 6.«Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заң // Электронды ресурс: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1200000527>
- 7.Курдова М.А. Современная демографическая политика в России и пути ее реализации // EconomyandBusiness. - №2. – 2020. – 221 с.
- 8.Мокроусов О. Материнский капитал: изменения с 2020 г. // Электронды ресурс: <https://www.eg-online.ru/article/415893/>
- 9.Жанасыл А. Ана капиталы керек пе? // Айқын газеті. – 2020 жыл 18 қаңтар
- 10.Зарин В.Ю. Миграционная обстановка в Российской Федерации: проблемы и решения // Вестник финансового университета. - №3. – 2019. – 319 с.

ЕЛ ТАРИХЫ – ШЕТ ТІЛДЕРДЕ

УДК 94(57)(574) ББК 63.3(253)

СИБИРСКОЕ ЛИНЕЙНОЕ КАЗАЧЕСТВО: особенности формирования и развития

Хадиша АУБАКИРОВА,
кандидат исторических наук, доцент,
г. Нур-Султан

История казачества по сей день остается одной из актуальных тем в отечественной историографии. Одним из значимых казачьих войск в Казахстане было Сибирское казачество.

В истории Казахстана образование и развитие казачьих войск определялось политикой царизма на южных рубежах империи. В отличие от Донского,

Запорожского и других, сибирское казачество образовалось «всецело почином самого русского правительства, заселившего новую страну воинскими людьми принудительно», поэтому сибирские казаки «никогда не были вольными, а всегда исключительно служилыми» [1, с.1]. Эту точку зрения высказал в начале XX-го столетия казачий

историк Катанаев Г.Е. **Современный исследователь казачества в Казахстане Абдиров М.Ж. разделяет это мнение, утверждая, что «Сибирское войско, как и Оренбургское, формировалось самим правительством для усиления в крае российского присутствия, проникновения на юг, в казахскую степь, ее колонизации»** [2, с. 33].

С начала XVII века Российское правительство проявляет повышенный интерес к вопросу формирования казачества в Сибири, которое рассматривается как главная военная сила для освоения восточной окраины государства. В это время казаками считались ратные люди, командированные на казачью службу, сосланные в Сибирь на поселение, лица разных сословий, добровольно записавшиеся в казаки, жители пограничных селений.

Со второй половины XVII в. казаки обеспечили оборону юго-западной Сибири и отражали все более усиливавшиеся набеги калмыков и казахов. Поводом к выступлению казахов послужило строительство в расстоянии 50-ти верст от впадения р. Омь в Иртыш в 1670 году Чернолуцкой слободки [3, с. 3]. Водворение этого укрепленного пункта ознаменовало начало колонизации Казахской степи. Недовольство казахов проявилось в их непрерывных нападениях на казачьи поселения по рекам Тобол, Ишим, Иртыш и Омь. По названию возводимых и занимаемых ими сибирских укреплений казаки именовались тарскими, тобольскими, томскими и т.д.

В XVIII в. дальнейшее развитие производительных сил в Российском государстве, сопровождавшееся расширением территории империи, колонизацией новых земель, поисками торговых путей, а также усилением феодально-крепостнического гнета, вызывало необходимость окончательной реорганизации вооруженных сил.

Создание национальной регулярной армии привело к упразднению во многих регионах России военно-служилых сословий, в том числе и казахов. В Сибири этого не произошло: здесь служилые казачество не подвергалось ликвидации. Причина в том, что расширение границ государства в юго-восточном направлении требовало надежной охраны, и этой охраной явилось казачество. **Можно согласиться с Ивоным А.П., который отмечает: «Незавершенность колониционных процессов и соответствовавшая им недифференцированность служебных обязанностей делала казаков поистине незаменимыми проводниками военно-административного и полицейского начала на просторах северо-восточной Азии»** [4, с.115-122].

В XVIII веке сибирское казачество не представляло монолитного сословия. Объединение различных по своему правовому, экономическому положению военизированных и служилых людей поставило казахов Западной Сибири в обособленное положение среди других сословий. Существовало множество групп казахов: городовые, беломестные, выписные, линейные и городовые. Остановимся на характеристике основных групп: городских и линейных казахов, так как они стали главным источником комплектования Линейного Сибирского казачьего войска.

Городовые казаки находились на содержании правительства и представляли собой замкнутое сословие, пополнявшееся из своей среды.

В течение всего XVIII в. городовые казаки

поочередно командировались для несения линейной службы и в дальнейшем оседали на линиях, что привело к значительному сокращению гарнизонов казаков в городах. Но уменьшение это, по-видимому, не устраивало правительство, т.к. оно решило перевести казаков на линии и ликвидировать городское казачество.

Глава регулярных войск в Западной Сибири генерал-майор Киндерман писал, что *«оставшиеся в городах казаки более ненастоящую службу исправляют и многие из них жалованье и провиант получают напрасно»* и предложил оставить в городах только сибирских дворян и боярских детей, а остальных, организовав в 3-й полк, перевести на пограничную службу [4, с.110-111].

Подобного мнения придерживалась и Военная Коллегия, считавшая, что *«городовые казаки безрезонно содержатся», и, что они «принесли бы больше пользы на линии»* [4, с.120]. В апреле 1764 г. командующий линиями генерал-поручик Шпрингер М.И., ссылаясь на выводы, сделанные Военной коллегией, также предложил городских казаков Западной Сибири перевести на пограничную службу, т.к. в них в городах *«никакой надобности нет»*. Большинство чиновников сибирской администрации уверяли в эффективности привлечения городских казаков к несению военной службы по охране границ, нежели использования для административных поручений.

Однако губернатор Чичерин Д.И. отстоял необходимость содержания в городах казаков, мотивируя тем, что без них *«никак обойтись не можно, как оные употребляются в такие службы, в каковые никакие нижние чины способны быть не могут»*. Чичерину удалось убедить Сенат в том, что без казаков местные власти не смогут управлять губернией, многие города лишатся военной защиты, а сами казаки разорятся. Временно вопрос о городских казаках был решен в их пользу, но в 1881 г. городское казачество было упразднено [4, с.120].

Линейные или крепостные казаки, подобно городовым, получали «государево жалованье», но были освобождены от подушной и обычной подати, что приближало их статус к положению главных привилегированных сословий: дворянства, духовенства и купечества. Казаки несли бремя подводной дорожной повинности, почтовой и земской гоньбы по всей линии. Прикрепленные к сословию навечно, линейные казаки ни при каких обстоятельствах не могли изменить сословную принадлежность, несли поголовную рекрутскую повинность и служили до конца своей жизни [5, с.11]. Последнее обстоятельство сближало их с бесправными ступенями сословной иерархии.

В 1725 г. численность линейных казаков составляла 782 человека, а к середине XVIII в. – 2 тысячи человек [6, с.184]. Эти казаки несли службу в построенных в 1716-1718 гг. крепостях, бывших опорными пунктами Иртышской линии: Омской, Ямышевской, Железинской, Семипалатинской и Усть-Каменогорской. Управление линейными казаками осуществлялось одним офицером и двумя атаманами. Сами казаки были распределены по крепостям: в Омской – 197, Ямышевской – 129, Железинской – 55, Семипалатинской – 284 и Усть-Каменогорской – 114 человек [7, с.15]. Разумеется, для охраны границы протяженностью в 930 км.

этих казаков было недостаточно, и в 40-60-х гг. XVIII в. Иртышская линия значительно усиливается возведением новых укреплений и поселением в них казаков.

В 50-х гг. XVIII в. завершается строительство Новой Ишимской линии (Пресногорьковской или Горькой) протяженностью около 580 верст. Линия имела 11 крепостей, 33 редута и 42 маяка. На Новую линию из сибирских крепостей и прежней Ишимской линии было переведено 3642 казачьи семьи. Иртышская и Пресногорьковская линии являлись частями сибирской военной линии. Протяженность первой – 1684 верст, второй 553 версты [8, с.18].

Продолжалось привлечение городских казаков, но все попытки полностью перевести их на линии для прохождения постоянной службы оставались тщетными. Тем не менее, именно городские казаки являлись основным источником пополнения и комплектования линейного казачества. Об этом наглядно свидетельствуют следующие данные: к 1751 г. из 2779 городских казаков Западной Сибири на южных границах было сосредоточено 1547 человек или 57 % общего числа, при этом 267 человек было послано на Иртышскую, а 1807 на Колывановскую и Кузнецкую линии [9, с.147]. Перевод на линии шел в основном за счет сокращения команд городов Тобольска, Томска, Тюмени, Тары и Кузнецка.

Другим источником формирования линейного казачества стало зачисление донских, уральских и оренбургских казаков, оказавшихся не в состоянии вернуться на родину. Заброшенные за тысячи километров от семей, терпя нужду и лишения, многие из них попали в очень тяжелое положение и были вынуждены остаться на местах, т.е. в Сибири, записаться в линейные казаки и нести службу. Подобной участи подверглись башкиры, мещеряки, командированные на линию. Большинство из них приняло христианскую веру и предпочло вместо возвращения на свои земли служить в рядах сибирских казаков.

В первой половине XVIII в. на Иртышскую линию царские власти перевели служилых татар. В 40-60-х гг. XVIII в. правительство широко привлекает к охране юго-восточных границ крестьян пограничных уездов. На Сибирскую линию командировались разные оштрафованные и повинные в чем-либо люди: запорожские казаки – участники восстаний, лица, преследовавшиеся за религиозные убеждения, и простые люди, насильно зачисленные в войско.

В середине XVIII века казаки зачислены джунгары, перешедшие на пограничную границу в надежде найти защиту после разгрома Джунгарии в 1756-1758 гг. Но командование линиями брало под опеку только тех, кто принял христианство. Важнейшим источником пополнения сибирского казачества в рассматриваемый промежуток времени являлись поселенные на линиях люди разных чинов: солдаты, драгуны, ремесленники и т.д. Надежным источником формирования сибирского линейного казачества явились солдатские дети. В конце XVIII в. в казаки были обращены 2 тысячи детей из солдатских семей Тобольской и Томской губерний.

Несмотря на все усилия царского правительства, рост сибирского линейного казачества шел медленно: в конце XVIII в. их число достигло 2884 человек, из них 812 – на Ишимской линии, 1385 – Иртышской, 687 – Колывано-Кузнецкой [6, 184]. В 70-80-х гг. XVIII в. водворенные на линиях

тарские, тобольские иртышские и др. казаки теряют свои частные названия, и именуются Сибирскими линейными казаками. В 1787 году весь состав казаков Сибирской военной линии был разделен на 24 сотни [7, с.70]. К концу XVIII в. сибирские казаки получили определенную систему военной организации.

Таким образом, сибирское линейное казачество в XVIII в. рассматривалось царизмом в качестве военной опоры в его продвижении в казахскую степь. Правительством были приняты меры для роста численности сибирского казачества, которая пополнялась не только выходцами собственно из казачьего сословия, но и представителями различных социальных слоев: дворян, бояр, участников восстаний, лиц, преследовавшихся за религиозные убеждения, простых людей, насильно зачисленных в войско, солдат, драгун, ремесленников. В итоге, Сибирское линейное казачество превратилось в многонациональное сословие, состав которого составляли люди тюрко-славянского происхождения.

ТҮЙІН

Мақалада XIX ғасырдағы Сібір казачествосының қалыптасу және даму ерекшеліктері зерттеледі. Ресейде құрылған 11 казак әскерінің 4-еуі қазақ жерінде орналасты. Соның ішінде Сібір казачествосы Солтүстік, Солтүстік-Шығыс, Орталық Қазақстанды отарлауда үлкен рөл атқарды.

There were officially 11 Cossack troops in Russia in the XIX century and 4 of them-Siberian, Orenburg, Ural and Siberian were located on the territory of Kazakhstan. The article deals with the formation and development of the Siberian linear Cossacks in Kazakhstan. The problems of distribution of the Cossacks on the Irtysh, Ishim, Kolyvan-Kuznetsk military lines have been examined. The process of formation of the Siberian Cossacks as a multinational class has been shown.

Key words: Cossacks, Siberian Cossacks, military line, Linear Siberian Cossack troops.

ЛИТЕРАТУРА

1. Катанаев Г.Е. Краткий исторический обзор службы Сибирского казачьего войска с 1582 по 1908 гг. – 67 с.
2. Абдиров М.Ж. Военно-казачья колонизация Казахстана (конец XVI-начало XX вв.): Опыт историко-эволюционного анализа. – Автореферат дис... д.и.н. – Алматы, 1997. – 37 с.
3. Остафьев В. Записки Западно-Сибирского отдела императорского РГО. – Омск, 1895. – кн. XVIII, вып. 2.
4. Ивонин А.Р. Численность и состав городских казаков Западной Сибири XVIII-первой половины XIX вв. // Демографическое развитие Сибири периода феодализма. Сборник научных трудов. – Новосибирск: Институт истории, филологии и философии Сибирского отделения АН СССР. – 1991. – 191 с.
5. Петров В.И. Социально-экономическое положение сибирского казачества в XVIII-первой половине XIX вв.: автореферат дис. ...к.и.н. – М., 1953.
6. Бекмаханова Н.Е. Формирование многонационального населения Казахстана и Северной Киргизии. – М.: Наука, 1986. – 242 с.
7. Путинцев Н.Г. Хронологический перечень событий из истории Сибирского казачьего войска (со времени водворения западно-сибирских казаков на занимаемой ими ныне территории). – Омск, 1891. – 256 с.
8. Усов Ф.Н. Статистическое описание Сибирского казачьего войска. – СПб.: Издательство Главного управления иррегулярных войск. – 1879. – 284 с.
9. Андреевич В.К. Сибирь в XIX столетии. – Ч.2. – СПб, 1889. – 427 с.

МЕЖЭТНИЧЕСКИЕ ОТНОШЕНИЕ В СТУДЕНЧЕСКОЙ СРЕДЕ

Арман ХАБДУЛИН,
магистр юридических наук, преподаватель
Кокшетауского университета им. Ш.Уалиханова,
Анвар ГАЛИМОВ,
магистрант Кокшетауского
университета им. Ш.Уалиханова

Введение. В современном мире происходит актуализация этнических факторов, усиление воздействия этничности на общественное сознание, что влечет за собой нарастание в обществе интолерантных настроений, ведущих к обострению и напряженности в межэтнических отношениях, создающих риск конфликтов на этнической почве и тем самым несущих угрозу политической стабильности общества и целостности государства. Прогрессивное развитие поликультурного социума возможно при выполнении ряда условий. Одним из самых важных условий является мирное сосуществование различных этносов и их представителей, которое проецируется на политическую, экономическую, культурную и другие сферы жизни общества. Тем самым определяется необходимость и значимость межэтнической толерантности среди представителей всех народов, населяющих Казахстан. Ее можно рассматривать как высшее достижение любого полиэтнического общества в сфере человеческого общения.

Основная часть. В данных условиях молодежь призвана выступить проводником идеологии толерантности, развития культуры и укрепления межпоколенческих и межэтнических отношений. Однако именно подрастающее поколение Казахстана оказалось самой незащищенной в культурном отношении категорией населения, которая находится в своеобразном ценностном и духовном вакууме. Приходится констатировать тот факт, что наряду с позитивными характеристиками стали проявляться тревожные симптомы подверженности молодежи влиянию интолерантных настроений, разрушающих традиционные ценности национальных культур народов Казахстана. Особое опасение вызывает рост молодежных неформальных объединений экстремистской направленности.

Альтернативой подобным тенденциям является формирование в обществе установок толерантного сознания и поведения, заблаговременное выявление конфликтных рисков и ресурсов толерантности в сфере межэтнических отношений. В современных условиях толерантность является одной из базовых ценностей, необходимых для построения гражданского общества в Казахстане. В высших образовательных учреждениях значимость приобретает деятельность по измерению состояния межэтнической толерантности. Формирование межэтнической толерантности и установок толерантного сознания в современном обществе выступает как социальный заказ системе образования. Культивирование межэтнической толерантности в образовательном пространстве является необходимым условием развития гармоничной личности. Создание и применение в образовательных учреждениях всех уровней научных, образовательных и развивающих программ, направленных на формирование осознанного отношения к толерантности как важнейшей

ценности общества, обучение межкультурному диалогу становятся одной из важнейших задач современной высшей школы.

Данное исследование носит комплексный характер и находится на стыке ряда научных дисциплин и проблемных блоков современной социологии, философии, истории, психологии, культурологии, этносоциологии, этнопсихологии, политологии. В каждом из этих научных направлений имеются теоретические исследования, методологические подходы и эмпирические материалы по проблемам толерантности.

Проблемы межэтнической толерантности в поликультурном обществе получили развитие в трудах зарубежных специалистов: Дж. Берри [1], проанализировав взаимные установки представителей различных этносов, факторы аккультурации и адаптации, предложил сравнительный подход, выявив также, что возникновению толерантности способствуют этническая идентичность и географическая мобильность индивидов; в 2000 г. была опубликована работа М.Уолцера [2], обратившего внимание на формы и границы толерантности, считая ее пределом состояния потери социального контроля.

Молодежь представляет собой «социально-демографическую группу, находящуюся в процессе становления и развития социальной, психофизиологической, социокультурной и гражданской зрелости, приспособленную к исполнению социальных статусов и ролей, свойственных взрослым людям 14–30 лет. Это период, когда развиваются критичность мышления, стремление дать собственную оценку происходящему, самосознание и мировоззрение. Недостаточная включенность молодых людей в систему общественных отношений, сохранение установок и стереотипов предшествующего возраста создают в поведении молодежи сочетание противоречивых черт и качеств: тяготение к идентификации и обособлению, конформизм и негативизм, подражание и отрицание общепринятых норм, стремление к обобщению и уход, отрешенность от внешнего мира. Студенческая среда является интенсивным местом межэтнического взаимодействия, где зачастую формируются этнические установки и стереотипы молодежи. Высшие учебные заведения представляют собой гетерогенную среду, позволяющую получить личный опыт межэтнического общения. Определенную роль играет и внешняя среда с нестабильностью межнациональных отношений в стране, что также оказывает воздействие на межэтнические установки студенческой молодежи [3]. В студенческой молодежной среде интенсивно проявляется взаимодействие между студентами разных этнических групп, имеющих определенные традиции, систему ценностей и мировосприятие, благодаря

чему существует возможность для закрепления различных стереотипов межэтнического восприятия и поведения. По мнению А.А.Шайдуллова: *«Одним из негативных факторов, влияющих на развитие межэтнических отношений, становится недостаточность образовательных и культурно-просветительских мер по формированию гражданской идентичности, воспитанию культуры межнационального общения, изучению истории и традиций народов, их опыта солидарности в укреплении государства и защиты общего Отечества».*

Важным направлением по гармонизации межэтнических отношений в молодежной среде является применение интегративных инструментов социализации, которые позволяют сформировать консолидированное общество. Такими инструментами становятся ценностные установки и нормы поведения, которые признаются обществом в целом и выражаются в виде определенных символов и отношением к своему прошлому и его интерпретации в контексте патриотического восприятия. В таком понимании основным стержнем ценностного ориентира может выступать само государство как социальный институт, имеющий свою историю и консолидирующие факторы, существенные для каждого гражданина. Однако особое значение государства как социального института не должно нивелировать возможность самостоятельного развития институтов гражданского общества и отдельной личности. В настоящее время появилась необходимость выработки новых механизмов формирования культуры межнационального взаимодействия и гармонизации межэтнических отношений в молодежной среде благодаря развитию гражданского общества. Именно структуры гражданского общества общественные организации, во многом способствуют вовлечению молодежи в социально значимую деятельность [4].

В советском прошлом был накоплен положительный опыт регулирования межэтнических отношений в вузах. Социальный климат советского учебного заведения во многом определялся приоритетностью интернационалистских социальных идеалов, распространенных в массовом сознании, отражающихся в поведении, социальной активности, мотивации студентов к совместной организации взаимодействия, досуга. Это задавало определенную психологическую установку на восприятие позитивности межэтнических отношений. Значительные социальные эффекты образования советской поры были обусловлены обязательным включением воспитательного компонента как элемента не только социализации, социальной интеграции, но и социального контроля. С распадом СССР, отходом от идеологии интернационализма исчез один из ключевых элементов сплочения, формирования социальной, гражданской, надэтнической солидарной идентичности не только молодежи («мы – советские студенты, следовательно – интернационалисты»), но и всего многонационального сообщества («мы – советские люди»). В современных реалиях далеко не все из этого богатого наследия может быть взято на вооружение для формирования межэтнической толерантности студенчества в принципиально новых социальных условиях, учитывая, что коммерциализация высшего образования привела к трансформации состава студенчества, содержания морально-этических оснований студенческой жизни.

Полагаем, что важно учитывать и анализировать советский опыт на предмет применения приемов, методов и технологий советской национальной политики для формирования культуры межэтнического общения. Интерес представляет советский опыт интеграции молодых людей разных национальностей в общее социальное, государственно-политическое, культурное пространство просвещения и пропаганды интернационализма, минимизации негативных стереотипов общественного сознания. Вышеизложенные данные указывают на актуальность и необходимость решения данной проблемы путем дальнейшего теоретического и эмпирического изучения этнической толерантности студентов, а также практического результатов исследований в целях гармонизации межэтнического взаимодействия в студенческой среде.

В данной связи интересна модель выпускника вуза, предложенная Л.Ф.Гайсиной, в которой содержится такая компетенция, как «готовность к общению в мультикультурной среде». Она складывается на основе определенных характеристик, заданных образовательной средой, университетским социумом. Это понимание необходимости сосуществования различных культур как основы сохранения жизни на земле; целостное представление о мультикультурной картине мира, теории и практике международных отношений; принятие различных культур как равноценных, равнозначных и равноправных; стремление к познанию различных культур, выявлению присущего им своеобразия; проявление доброжелательности и такта во взаимоотношениях с представителями различных культур; наличие умений и навыков взаимодействия в мультикультурной среде посредством языка общения, толерантности и уважения к ее специфическим особенностям [5]. Представляется, что эта идеальная модель может быть воплощена в жизнь при условии обеспечения ее последовательной реализации в практике вузовской подготовки.

РЕЗЮМЕ

Мақалада жастар арасындағы ұлтаралық қатынастарға баса назар аударылған. Этникалық толеранттылық пен этносаралық өзара әрекеттесу мәселесі пәнаралық тәсіл шеңберінде зерттеледі.

The article focuses on interethnic relations among the youth. The problem of ethnic tolerance and interethnic interaction is studied within the framework of an interdisciplinary approach.

ЛИТЕРАТУРА

1. Берри Дж. Аккультурация и психологическая адаптация: обзор проблемы / пер. с англ. И. Шолохова // Развитие личности. - 2001. - №3-4, 2002. - №1.
2. Уолцер М. О терпимости. - М.: Идея-Пресс, 2000. - 78 с.
3. Малкова И.А. «Межэтнические отношения в студенческой среде» Вестник РГГУ. Серия «Философия. Социология. Искусствоведение», № 4 (126), 2014, с. 214-218.
4. Шайдуллов А.А. «Формирование культуры межнациональных отношений в молодежной среде» Вестник Поволжского института управления, vol. 17, № 6, 2017, с. 108-112.
5. Малкова И.А. (2016). Этническая толерантность Московской студенческой молодежи. Вестник Санкт-Петербургского университета. Социология, (4), 105-114.

ПРОГРАММА «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» И ВОСПИТАНИЕ МОЛОДОГО ПОКОЛЕНИЯ

Бекмұрат НАЙМАНБАЕВ,
Silkway халықаралық университеті, т.ғ.д.,
профессор қызметі міндетін атқарушы,
Гүлжан ТУРУМБЕТОВА,
Silkway халықаралық университетінің
аға оқытушысы

Аннотация. В статье исследуется значение программы «Рухани жаңғыру» в воспитании молодого поколения Казахстана. Обосновывается роль программы в развитии образования, занятости и профессиональной подготовки молодежи. Особое внимание обращается на реализацию конкретных мероприятий по совершенствованию молодежной политики и созданию условий для творческой и профессиональной самореализации молодых казахстанцев.

Ключевые слова: молодежная политика, молодежные организации, социальная активность, грантовая поддержка, программа Единой комплексной поддержки молодежи.

2019 год был провозглашен в Казахстане Годом молодежи. Государство обратило особое внимание на совершенствование молодежной политики во всех направлениях. Была реализована Дорожная карта по внедрению государственной молодежной политики, основанной на нескольких ключевых вопросах. Среди них конечно же образование, обеспечение занятости труда, здоровье молодежи, вопросы доступного жилья, развитие предпринимательской деятельности и улучшение финансовой грамотности, правовая культура и многое другое.

Открытие Года молодежи проходило в Астане с участием Елбасы. В ходе церемонии представители молодого поколения из различных сфер деятельности выступили со своими предложениями. Не осталась без внимания и программа «Рухани жаңғыру», тем самым поднимая вопрос о важности вовлечения каждого казахстанца в проводимые реформы. Именно этого добивается Елбасы. Потому что только так мы добьемся процветания нашей республики. Объединение общества, поддержка данной программы с его стороны обеспечило мощный импульс и результативность в обновлении процессов в нашем обществе [1].

Молодежь, как самая продвинутая часть общества, сможет продолжить и создать условия для формирования социальных лифтов. Не останется без внимания и сельская местность. «Ауыл – Ел бесігі» создан для поднятия уровня общественного сознания в аулах. Кроме того, сформированы детско-юношеские объединения «Сарбаз» – казахстанские аналоги бойскаутских движений, которое приведет к военно-патриотическому воспитанию в казахстанских школах.

По предложению Нурсултана Назарбаева, в рамках новой инициативы «Познай свою землю» возрожден массовый школьный туризм по регионам Казахстана.

Касым-Жомарт Токаев распорядился создать

единую комплексную программу по поддержке молодежи. Возможность поговорить с Президентом получили молодые казахстанцы со всей страны. Основная часть была студентами. Глава государства обещал им повышение стипендии для студентов ВУЗов в размере 25 процентов.

В сентябре 2017 года в городе Алматы начал свою работу новый Лофт-центр в Depo Evolution Park для активного молодого поколения.

В городе Алматы в сфере реализации проекта «Рухани жаңғыру» в качестве помощи для активных молодых ребят, свои двери распахнул Лофт-центр, расположенный теперь в здании старого трамвайного депо.

В данном центре нашли себе место коворкинг-центр, лига волонтерской деятельности, отдел юных ценителей художественного искусства, был открыт ресурсный центр, адаптационный отдел для молодежи, приехавшей из сельской местности. Подводя итоги, хочется сказать, что в молодежном центре также развернет свою деятельность территория по оказанию услуг молодым ребятам, 5 мастерских, клуб английского языка, курсы по изучению казахского языка, 10 образовательных секций и многое другое. В Depo Evolution Park начали свою деятельность 25 молодежных Неправительственных организаций, в которых на постоянной основе смогут работать более трех тысяч молодых людей. студенты разных городов, представители разных специальностей, объединяла их активная общественная позиция, креативность идей, стремление к знаниям и приобретению профессиональных навыков и опыта.

Встреча проходила в одном из павильонов ЭКСПО, который в тот день напоминал небольшой молодежный городок. Молодежь со всей страны презентовала свои проекты, которые готовили на протяжении всего года. Финансирование молодежных проектов в 2019 году достигло суммы в 3 миллиарда тенге, было реализовано более 50 грантовых проектов.

Нашему городу уже давно был нужен такой центр, который сосредоточил бы на своей территории всю молодежь Алматы. В Depo Evolution Park каждый молодой казахстанец имеет возможность отыскать нужную информацию и прийти за поддержкой, помимо всего этого, каждому будут предоставлены все условия для достижения своих целей и воплощения своих идей.

Также, в рамках реализации программы «Рухани жаңғыру» была проделана следующая работа:

- Открыты 3 центра: лофт – центр «Депо

Evolution Park», AlmatyZhastary, «Бардаршам» (курсы английского языка, коворкинг, open space, центр молодых художников, центр кураторства общешитий и городской ресурсный центр);

- Сформирован крупнейший Волонтерский корпус: Всего 5 тысяч волонтеров, 3 тысячи волонтеров приняли участие в Универсиаде и 900 волонтеров участвовали на ЭКСПО-2017;

- Собрано 200.000 подписей в поддержку перехода на латинский алфавит;

- Работает 45 молодёжных организаций. Общий охват более 200 тысяч человек;

- Кардинально повысился уровень участия молодёжи в городских мероприятиях (3000) на 50 % и более [2].

Особое внимание уделяется трудоустройству молодёжи. Так, по госпрограмме «Еңбек» были устроены по специальности 172 тысячи наших молодых соотечественников. А те из них, кто хотел трудиться в сельской местности, получили материальную поддержку. С 2019 года сумма единовременного пособия по проекту «С дипломом – в село» возросла почти на 76 тысяч тенге. В Год молодёжи около 10 тысяч молодых предпринимателей получили гранты на воплощение бизнес-идей. Теперь подобную помощь будут оказывать каждый год.

Для обеспечения занятой молодёжи жильём, в Казахстане запустили очередную программу. В ее рамках 3 тысячи молодых семей, живущих в мегаполисах, получают арендные квартиры по доступным ценам.

В рамках Года молодёжи проделана значительная работа. Работающее молодое поколение обеспечивают жильём. Уже очень многие таким образом получили поддержку от страны в виде арендной жилплощади. Для всех возможности едины. Немаловажно постоянно ставить перед собой цели и добиваться их. Следует не бездействовать, немало трудиться. Молодое поколение Республики Казахстан без дела не сидит. Стремится разрабатывать проекты, которые не только дают доход и благоприятно оказывают большое влияние на экономику государства, но и могут помочь обыкновенным людям находить решение проблем.

На сегодняшний день общественные семейные службы открыты в девяти регионах. За поддержкой туда имеет возможность обратиться любой казахстанец, оказавшийся в тяжелой жизненной ситуации. Уже более десяти лет успешно существует семейная академия. Больше, чем десяти тысячам семей и молодёжи оказали помощь. Зато это время было предотвращено около 120 происшествий домашнего насилия и попыток суицида. Именно от таких инициативных и небезучастных молодых ребят напрямую зависит то, как сложится дальнейшее развитие нашей страны.

Каждый год волонтеры вносят во всемирную экономику примерно четыреста миллиардов долларов. Тем не менее, в соответствии со словами Президента, основное – это не денежные средства. Так как, в некоторых случаях элементарно некоторые имеют потребность во внимании. В этом случае важно не оставить это незамеченным. Глава государства внес предложение консолидировать предстоящие проекты волонтеров Казахстана в ряде некоторых тенденций. Немаловажно уделить внимание не только народу, но также и экологии, увеличению

правовой грамотности, сохранению цивилизованного и духовного богатства.

По всем направлениям Казахстан выдаст гранты для оказания поддержки неправительственных организаций. Необходимо также ввести практику зачисления волонтерских часов в трудовой опыт работы. В большей степени, это напрямую относится к тем, для кого эта сфера деятельности является постоянной работой. Вместе с тем, хорошей идеей могло бы стать и повышение стипендии студентам, занимающимся волонтерской деятельностью. А для студентов, обучающихся на платной основе можно было бы создать систему социально-студенческих кредитов. Это дало бы возможность перекрыть некоторые академические кредиты, потраченными на волонтерскую деятельность часами. На наш взгляд, это послужит для них хорошим стимулом. С нашей точки зрения, это вопрос, который еще необходимо рассмотреть.

Хочется заметить, что с сентября месяца прошлого года у 122 тысяч студентов, обучающихся на рабочие профессии, была увеличена сумма стипендиальной выплаты на 30 %. По личному указу Президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Токаева, с первого месяца текущего года правительство повысило выплату стипендий на 25% для обучающихся в колледжах студентов по средне-специальному направлению. А это ни много ни мало, еще 100 тысяч студентов. Также, с 1 января 2020 года вступил в силу указ о повышении стипендиальной выплаты на 25 % и для студентов форм обучения бакалавра, магистратуры и докторантуры. Так, уже с начала этого года более 130 тысяч студентов по всему Казахстану начали получать увеличенную в размере стипендию. На наш взгляд, это хорошая мотивация к тому, чтобы основательно взяться за учебу и встать на путь к повышению процента своей успеваемости и принимать активное участие в деятельности общественных организаций, благотворительности и помощи нуждающимся.

Конечно, это важное и действительно необходимое решение о повышении стипендиальной выплаты. Однако, остается еще большое количество не менее важных задач, требующих широкой огласки и незамедлительного принятия необходимых действий. Сюда относятся оказание более значительной социальной поддержки студентов, решение проблемы с нехваткой мест в домах студентов и выделение средств на улучшение качества проживания в них, также это повышение качества получения знаний и, естественно, проблема, касающаяся адаптации студентов, приезжих из населенных пунктов.

Надеемся, что большинство из этих проблем получится решить благодаря программе по Единой комплексной поддержке молодёжи, которая в скором времени должна быть создана по поручению главы государства.

Данный проект распространится на все ряды молодого поколения страны и должен быть ориентирован на устранение значительных трудностей будущего поколения. Функционирование программы обязательно должно быть ясным и доступным для каждого – это является основным элементом этого проекта. Каждому человеку должна быть доступна полная информация о том, какими возможностями он обладает и где он может ими воспользоваться.

Обязанность за осуществление программы Единой комплексной поддержки молодежи Касым-Жомарт Токаев возложил на Правительство. Президент отметил, что разработка программы должна быть закончена к 2021 году. В настоящее время число тех, кто не обучается и не работает составляет 20% от всего молодого населения [3].

С центрами поддержки для молодых людей в различных регионах нашей страны знакомо меньше четверти от числа всей молодежи, проживающей в Республике Казахстан, а тех, кто хоть раз обращался в них за помощью еще меньше – примерно 5% молодых людей. Молодежные объединения должны работать, в первую очередь, с этой проблемой неосведомленности.

Главной целью, по-прежнему остается и улучшение качества, получаемых знаний и доступности получения образования для всех желающих молодых людей. По статистике, почти 60% молодежи, окончившей высшее учебное заведение, до сих пор не смогли найти себе работу по профессии. Все это указывает на низкий показатель знаний у нынешних выпускников казахстанских вузов. Вышшим органам власти необходимо ужесточить всевозможные меры, касательно всех вузов, но, в первую очередь, частных. Ни для кого не секрет, что на сегодняшний день, частные вузы все больше стали походить на центры полиграфии, где штампуют и отдают в продажу дипломы. В наши дни, перед казахстанскими ребятами открыты все двери, поэтому, они все чаще пытаются отстаивать свои взгляды и интересы, имеющие отношение к дальнейшему процветанию нашего государства.

Как однажды сказал наш нынешний Президент Касым-Жомарт Токаев: *«Нельзя забывать о том, что за суверенитет государства, его территориальную целостность необходимо бороться, руководствуясь, исключительно конструктивными внешней и внутренней политикой, но ни в коем случае, не прибегать к помощи голосования в международных объединениях. Люди государства смогут защитить свою независимость лишь в масштабах крепкой и единой страны»*. Учитывая вышеизложенное, важно, в этом огромном потоке различных взглядов и мыслей, не дестабилизировать основу основ, на которой держится Независимая Республика Казахстан.

В 2019 году Президент Республики Казахстан наградил проявивших особую активность, казахстанцев. Двое из них стали обладателями медали «Ерен еңбегі үшін», вклад пятерки представителей молодого поколения также был зафиксирован особой признательностью Касым-Жомарта Токаева. Главной целью на ближайшее будущее необходимо поставить гарантию сохранения у нынешнего молодого поколения семейных ценностей и предоставить им все возможности для полезного проведения своего досуга. Те навыки и познания, которые мы приобретаем сегодня, могут потерять свою актуальность уже через несколько лет. Именно по этой причине, нам срочно нужна новая программа. Она станет проектом, который будет устремлен на саморазвитие нашего будущего поколения.

Для большого количества людей, Год молодежи стал стартовой точкой. Кто-то построил семью, одни

начали свой бизнес, другие же, неожиданно для самих себя, стали знаменитыми и обрели известность.

Те задачи, которые молодежь Казахстана не успела претворить в жизнь в 2019 году, станут отличным курсом на 2020 год. Непременно, появятся новые и интересные идеи и планы их реализации среди активной молодежи. Не отрицаем и того, что при их осуществлении на пути могут появиться проблемы, но нынешнее молодое поколение ими не запугать, они смело идут к своим целям и всегда достигают их. Помогает и то, что за спинами молодых ребят всегда стоит наше государство, которое в любой момент поможет и предоставит свою поддержку с любой стороны. Сильной мотивацией послужат инициативы, которые предал огласке глава государства. Цель их будет заключаться в том, чтобы у каждого представителя молодежи в Казахстане была возможность чувствовать себя надежно и удобно, а также спокойно получать знания, работать, самоутверждаться и заниматься своим саморазвитием.

АНДАТПА

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы және жас ұрпақ тәрбиесі

Мақалада Қазақстан жастарын тәрбиелеудегі «рухани жаңғыру» бағдарламасының маңызы зерттеледі. Бағдарламаның жастардың білім алуы, жұмыспен қамтылуы және кәсіби даярлығын дамытудағы рөлі негізделді. Жастар саясатын жетілдіру және жас қазақстандықтардың шығармашылық және кәсіби өзін-өзі жүзеге асыруы үшін жағдай жасау жөніндегі нақты іс-шараларды іске асыруға ерекше назар аударылады.

Кілт сөздер: жастар саясаты, жастар ұйымы, әлеуметтік белсенділік, гранттық қолдау, жастарды қолдаудың бірыңғай бағдарламасы.

«Rukhani zhangyru» program and education of young generation

The article examines the significance of the “Rukhani Zhangyru” program in education of the young generation of Kazakhstan. The role of the program in the development of education, employment and professional training of young people is substantiated. Particular attention is paid to the implementation of specific measures to improve youth policy and create conditions for the creative and professional self-realization of young Kazakhstanis.

Key words: youth policy, youth organizations, social activity, grants support, the program of the Unified Complex Youth Support.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1. Назарбаев Н.А. Патриотизм является нерушимой опорой Мангилик Ел. / Н.А. Назарбаев. [Электронный ресурс] <http://muftyat.kz/ru/news/11876>

2. Назарбаев Н.А. Послание Президента Республики Казахстан - Лидера Нации народу Казахстана «Стратегия «Казахстан – 2050»: новый политический курс состоявшегося государства» / Н.А. Назарбаев. Астана, Акорда, 2012. -47с.

3. Воспитание патриотизма и преобразование социальной сферы - итоги реализации «Рухани жаңғыру» Электронный ресурс. // <http://alau.kz/vospitanie-patriotizma-i-preobrazovanie-socialnoj-sfery-itogi-realizacii-ruhani-zhangyru/>

ЖЕРТВЕННЫЕ ДАРЫ В САКРАЛЬНОМ ПРОСТРАНСТВЕ КАЗАХСКОЙ СТЕПИ В XVIII-XIX ВЕКАХ*

Зубайда СУРАГАНОВА,
к.и.н., ведущий научный сотрудник
Государственного историко-культурного
музея-заповедника «Бозок» МКС РК,
г.Нур-Султан

Полевые наблюдения показывают устойчивость в Казахстане принесения паломниками жертвы – дара в рамках паломничества зиарат (قرايىلا – «аз-зийара» – букв.: «посещение»). В рамках данной работы мы попытаемся показать в ретроспекции традиции приношения даров. Источниками для написания настоящей работы стали исторические источники конца XVIII и XIX веков.

По мнению одного из самых известных современных мыслителей А.Конт-Спонвиля, **жертвоприношение – это «дар, приносимый кому-либо или чему-либо священному, чаще всего в форме убитого животного... В более общем значении жертвоприношением называют дар, приносимый кому-то или во имя чего-то, что человек любит и уважает»** [1, 185–186]. О времени появления традиции жертвоприношения-дара французские антропологи писали: *«Жертва, удаляясь от бога, становится ближе к человеку, хозяину стада. Именно в это время для объяснения приношения его и стали представлять даром человека богам. Так родилось жертвоприношение-дар»* [2, 10].

В казахской степи подношения были самыми разными, начиная от живых животных, приносимых в жертву, так и их частей (по принципу pars pro toto), части конской гривы, клочков от бараньей шкуры, лоскутов. В качестве жертвы – құрбандық или садақа приносили *«по преимуществу верблюдов, лошадей, баранов и редко быков, но всегда самцов и с известными приметами»* [3, 304], а также животный жир.

В исторических сведениях конца XIX века отмечалось, что *«киргизы (казахи – З.С.) доселе поклоняются видимым предметам из мира физического. Уединенно стоящее в степи дерево, гигантский камень, одиноко выдвинутый на необозримой равнине, горная пещера с ключом чистой воды, могилы «батырей» – все это служит у них предметом поклонения. Ни один киргиз не пройдет мимо могилы «батыря», не слезжи с коня и отправивши намаза, причем оставляет обитавшему тут духу какую-нибудь умиловляющую жертву, лоскут одежды либо хоть клоч конских волос, привешивая это на воткнутых вокруг кольях»* [4, 181–182].

Одни и те же дары преподносились и на могилы предков, и на локусы, обладавшие, по представлению казахов духом – хозяином места. *«Нередко уединенно стоящее дерево, камень и проч. служат для киргиз (казахов – З.С.) предметом почитания; горные пещеры, ручьи, курганы причисляются к местам святым. Проезжая мимо них, некоторые*

киргизы считают долгом совершить намаз или что-нибудь здесь оставить» [5, 46]. На ветви священных деревьев подвешивали *«оторванные от одежды полоски материи, иногда клочок бараньей шкуры или пучок конского волоса»* [6, 69].

На святых местах казахи в XIX веке совершали votivные дары *«незр (какое бы то ни было приношение) с мысленной просьбой о доставлении... благополучия»* им [7, 13]. Название жертвоприношения «незр» похоже на «нэзір» или «нэзір-құрбан». Словом «нэзір» у казахов называли также жертвоприношение перед посевными и другими сложными работами; согласно религиозной традиции, жертвоприношение означало также милостыню [8, 53].

Как показывают исторические источники, **святость места в XIX в. определялась множеством верблюжьих черепов и рогов архара** [6, 121]. В качестве умиловительной жертвы, как отмечается в одном из источников за 1877 г., казахские охотники *«считают обязанностью головы убитых ими архаров (каменных баранов) класть на могилы святых, туда же кладутся головы верблюдов и лошадей, хорошо и долго служивших их хозяевам»* [7, 5].

На могилы батыров в качестве жертв приносили *«небольшое число пороку и свинцовые пули, кои Киргисцы (казахи – З.С.) обыкновенно кладут на могилы своих рыцарей»* [9, 44]. В конце XIX века надгробие в культовом сооружении Алаша хана, по словам военного геодезиста Ю.А.Шмидта, было завалено *«лошадиными черепами, цветными тряпицами и копьевидными шестами с конскими хвостами»* [10, 12].

В одном из источников указывается на почитание казахами священного камня Тамгалы-тас на вершине Тамгалы-джара, где ветви кустарников, окружавших камень, были увешаны лоскутами и выражали *«собою жертвоприношение за благополучный переход пустыни»* [10, 59].

К тканевым приношениям в культуре многих народов мира относились как к священным, **престижным**. Ткань издревле, по мнению исследователей, имела характер оберега и посвящалась, приносилась в жертву духам или богам [11, 115]. Жертвенные лоскутки – ақтық (букв. «белый, белизна»), части гривы коней казахи крепили к деревьям, кустарникам, ритуальным шестам, установленным над могилами [12, 259]. Жертвенные дары из ткани прежде были лишь полосками материи или оторванными от одежды лоскутами. Завязывание лоскутка символизировало *«загаданное желание, которое поможет исполнить «святой»* [13]. Их повязывали на ветви деревьев, выросших близ святых мест, отсюда и их название – *«деревья в лохмотьях»* [6, 70]. Отрезы и лоскуты ткани имели широкое

Статья написана при финансовой поддержке гранта BR 06449588РНФ Министерства культуры и спорта Республики Казахстан.

применение в маркировании сакральных территорий, в обрядах поминовения у тюркских народов. У народов Алтая цветные ленточки – жалама или кыйра (от слова кый – резать) привязывали на березу или лиственницу «в знак почитания того или иного духа» [14, 93]. В первой половине XIX века среди чувашей отмечался обряд поминовения на кладбище, когда «у всякой могилы в ногах вколачивали палку, длиной аршина в три, и к ней привешивали белые платки или длинные полотенца» [15, 13]. Конские хвосты, тканевые полотнища – джалау, привязанные к шестам, на казахских мазарах в XIX в. также свидетельствовали о сакральности [16, 158]. У северных тюрков-саха также в качестве жертвенного дара выступали конский волос и ленточки – салама [17]. При этом, как отмечают исследователи, этимология слова салама происходит от тюркского жал, шал – грива [17]. Дары из ткани оставались, как видно из источников, наиболее частым видом жертвоприношения. Они были весьма разнообразны.

Жертвенные дары служили свидетельством святости: «Всякий проезжающий из кайсаков через это место в богобоязненном страхе и религиозных чувствах совершает обряд, который сопровождается чтением молитв; разумеется, этим [хотят] угодить праведнику и получить через то милость Магомета» [16, 158].

Таким образом, на святых местах в качестве жертв выступали животные и бескровные дары с различными названиями: ақтық, нәзір (незр, назр), құрбандық, садақа. Наиболее общее название жертвенных даров – садақа. Слово «садақа» связано с давней традицией на Ближнем Востоке. Садақа, в отличие от арабской садака, древнееврейской цеддака, означавших обычаи взаимопомощи, благотворительности и милосердия в исламе и иудаизме [18, 390] в исламской религиозной традиции рассматривается как подаяние [19, 65], пожертвование [19, 48] и милостыня [19, 47]. Как подчеркивает М.Мосс: «Первоначально арабская садака, так же, как и древнееврейская цеддака, представляет собой только справедливость, которая затем превращается в милостыню» [18, 162]. Рассматривая милостыню «следствием морального понятия дара и богатства, с одной стороны, и понятия жертвоприношения – с другой», М.Мосс связывает ее с древней моралью дара, определявшейся принципами баланса и справедливости в мире, где и «боги, и духи согласны с тем, чтобы доля, которою им выделяли и уничтожали в бесполезных жертвоприношениях, служила бедным и детям. В связи с этим уместно обратиться к истории этических воззрений семитов» [18, 162].

Как указывается в свидетельствах второй половины XIX века, казахи, принося жертвы, были «убеждены в том, что подобный дар принесет им счастье, охранит от всех болезней и обеспечит им долгую жизнь» [6, 69]. Почитая святые места как чудотворные, казахи приходили, молились, приносили «в жертву овец в честь святого, к которому обращаются в минуты несчастий. Маленькая пещера, почерневшая от дыма, носит следы этих приношений и обедов» [6, 121].

Таким образом, жертвенные дары в рассматриваемый период придавали жизнеспособность вертикальной системе жертвоприношения-ниспослание и особый статус святым местам. Они определяли важную сторону в обращении человека к сакральному пространству (sacredspaces). Дары

в качестве медиаторов между просителями и святым налаживали тонкую связь и способствовали стабилизации психического состояния паломников, обретению ими покоя, поскольку именно сакральное организует социальное поле и становится «источником психической энергии, необходимой индивиду в его повседневном существовании» [20, 18]. Определение святости места означает, что само место, «его структура и символы выражают фундаментальные культурные ценности и принципы. Дары и приношения придают священному месту видимую форму, делают осязаемым корпоративную идентичность людей и их мира» [21].

ТҮЙІНДЕМЕ

Жұмыста XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ даласындағы қасиетті жерлердегі құрбандыққа арналған сыйлықтардың неғұрлым кең таралған түрлері сипатталған. Сыйлықтар донор мен реципиент арасындағы коммуникативті кеңістікті құрды. Олар ата-баба аруақтарымен байланысты сақтауға ықпал етіп, зиярат етушілердің психикалық жағдайын тұрақтандырып әрі адамдардың корпоративті бірегейлігін нығайтты.

Кілтті сөздер: қазақтар, киелі жерлер, киелі объектілер, ақтық, тәбәрік, садақа, құрбандық, нәзір.

In the paper describes the most common types of sacrificial gifts at holy places in the Kazakh steppe in the 18th-19th centuries. Gifts created a communication space between donors and recipients. They helped to maintain connection with ancestors, spirits of places, stabilized the mental state of pilgrims and strengthened the corporate identity of people.

Key words: Kazakhs, holy places, sacred objects, ақтық, votive shreds, tabarik, sadaqa, sacrifice, nazyr.

ЛИТЕРАТУРА

1. Жертвоприношение (sacrifice) // Конт-Спонвиль А. Философский словарь / Пер. с фр. Е.В. Головиной. – М.: Этерна, 2012. – С. 185–186.
2. Мосс М., Юбер А. Очерк о природе и функции жертвоприношения // Мосс М. Социальные функции священного/ Избранные произведения. Пер. с франц. под общ. ред. Утехина И.В. Научная редакция Утехин И.В. и Геренко Н.М. Составление Трофимов В.Ю. – СПб.: «Евразия», 2000. – С. 9–106.
3. Валиханов Ч.Ч. Следы шаманства у киргизов // Избранные произведения / Вступ. статья А.Х. Маргулана. – М.: Главная редакция восточной литературы издательства «Наука», 1987. – С. 298–318.
4. Казанские и крымские татары. Башкиры. Киргизы. Кавказские жители. Кочующие народы. Сибирские инородцы. Среднеазиатские народы // Народы России: этнографические очерки: [Т. 1–2]. – Санкт-Петербург: издание редакции журнала «Природа и люди», 1878–1880 (обл. 1881). – 2 т. – Типография товарищества «Общественная польза», 1880 (на обл. 1881). – [2], II, 648 с.
5. Словцов Н.Я. Путевые записки, веденные во время поездки в Кокчетавский уезд Акмолинской области в 1878 году. – Омск, 198 с.
6. Залесский Б. Жизнь казахских степей. Алматы, 1991. – 132 с.
7. А.К. Предания адаевцев о святых, секты Ханафие, живших и умерших на Мангышлаке // Сборник сведений о кавказских горцах, издаваемый с соизволения Его Императорского Высочества главнокомандующего Кавказской Армией при Кавказском горском управлении. Выпуск VII. Тифлис. Типография Главного управления, наместника Кавказского, 1873. – С. 5–17.

8. Обмен и дарение. Краткий этнолингвистический словарь. Термины и понятия» / Научное издание. Составитель и автор З. К. Сураганова. Новосибирск: Изд. АНС «СибАК», 2017. – 80 с.

9. Рычков Н. Дневные записки путешественника в Киргиз-Кайсацкую степь в 1771 г. СПб., 1772. – 107 с.

10. Шмидт Ю.А. Очерк Киргизской степи к югу от Арало-Иртышского водораздела, в Акмолинской области. – Омск: тип. Окружн. штаба, 1894. – [2], IV, 149 с.

11. Гаген-Торн Н.И. Обрядовые полотенца у народностей Поволжья // Этнографическое обозрение. № 6. 2000. – С. 103–117.

12. Красовский Н.И. Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами Генерального штаба: [Ч. III]. Область сибирских киргизов, ч. 3 / сост. Ген. штаба подполковник Красовский. – 1868. – [Т. 16]. – 264 с.

13. Алибиров А.К. Эпоха классического ислама на Кавказе: Абу Бакр ад-Дарбанди и его суфийская энциклопедия «Райхан ал-хака'ик» (XI–XII вв.) / Ответственный редактор С.М.Прозоров – М.: Вост. лит., 2003. – 847 с.

14. Чанчибаева Л. О современных религиозных пережитках у алтайцев // Этнография народов Алтая и Западной Сибири. Сиб. отд. АН СССР ин-т истории, филологии и философии. Новосибирск, 1978. – С. 90–103.

15. Фукс А.А. Записки Александры Фукс о чувашах и черемисах Казанской губернии. Казань: Типография Императорского Казанского университета, 1840. – 329 с.

16. Валиханов Ч.Ч. Могила Джубан-ана // Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Том 4. – Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1985. – С. 158–159.

17. Данилова Н.К., Васильев В.Е. Религиозный ландшафт: «сиэл», «салама» и «дэлбиргэ» в ритуальном пространстве в свете изучения эволюции бескровных жертвоприношений народа саха // Общество: философия, история, культура. 2019. № 12 (68). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/religioznyy-landshaft-siel-salama-i-delbirge-v-ritualnom-prostranstve-v-svete-izucheniya-evolyutsii-beskrovnyh-zhertvoprinosheniy> (Дата обращения: 24.09.2020).

18. Мосс М. Социальные функции священного / Избранные произведения. Пер. с франц. под общ. ред. Утехина И. В. Научная редакция Утехин И. В. и Геренко Н. М. Составление Трофимов В. Ю. – СПб.: «Евразия», 2000. – 448 с.

19. Тахмаз А. Ханафитский фикх в новом обличье. Кн. 5 / Пер. с араб. яз. Р. С. Ахметжанова; под общ. ред. Д.В.Мухетдинова. – Москва – Н. Новгород: ИД «Медина», 2008. – 80 с.

20. Цыгуля Н.П. Феномен сакрального в контексте социального бытия. М., 2018. – 130 с.

21. Brereton Joel P. Sacred Spase // Environment Encyclopedias almanacs transcripts and maps URL: <https://www.encyclopedia.com/environment/encyclopedias-almanacs-transcripts-and-maps/sacred-space> (Дата обращения: 05.09.2020).

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ ҚАЗАН ТӘҢКЕРІСІНЕН КЕЙІН

ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУДЫҢ ТИГІЗГЕН ЗАРДАПТАРЫ (XX ғасырдың 20 -30-жылдары)

Қабибек МҰХИТОВ,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік
университетінің аға оқытушысы

1925 жылдың желтоқсан айында өткен БК(б) П-ның XIV съезі Кеңес үкіметі алдына бүкіл елді индустрияландыру міндетін қойды. КСРО-да жүзеге асқан бұл индустрияландыру батыс елдерінде жүзеге асқан бірде-бір индустрияландыруға ұқсамайтын еді. Себебі бұл индустрияландыру өзінің алдына екі үлкен міндет қойды. Олар социалистік экономиканың негізі болып табылатын мемлекеттік секторды нығайту және халық шаруашылығын жоспарлы түрде жүргізу міндеттері болатын.

Бүкіл елді қарқынды түрде индустрияландыру ісі орасан зор қаржы талап етті. Ендігі жерде осы іске жұмсалатын қаржыны жинау басты мәселенің бірі болды.

Батыс елдерінде жүзеге асқан индустрияландыру өзі отарлаған елдердің ресурстарын пайдалану негізінде және басқа елдерден алатын несие арқылы жүзеге асқан еді. Ал КСРО-да мұндай мүмкіншілік болмады. Сондықтан индустрияландыру ісіне жұмсалатын қаржыны өзінің ішкі ресурстарынан іздеуге мәжбүр болды.

Алдымен индустрияландыруға қажетті қаржыны халықтан жинады. Сол себепті халықтың жеке жинақ қассаларындағы ақшаны пайдаланды. Одан соң міндетті түрде еңбекшілерге тарататын мемлекеттік

заем жүйесін жүзеге асырды. Осындай әдіспен 1925 жылдың қыркүйек айынан бастап 1930 жылдың қазан айы аралығында Кеңес үкіметі халықтан 2,504 млрд сом қарыз алған екен (1).

Екінші бесжылдық жылдарында қаржы жинаудың мемлекеттік қарыз түрі одан әрі кеңінен жүргізіліп, индустрияландыру ісіне көптеген қаражат тауып берді. Сөйтіп 1934 жылы мемлекет бюджетіне қарыз арқылы 4,325 млрд сом қаражат жиналды. Алайда мемлекеттік қарыз әдісі еңбекшілерден еріксіз түрде жиналды. Көпшілік халық қызмет ететін орындарының міндеттеуі нәтижесінде, одан қалса жазалаушы орындардан қорыққандықтан өзінің соңғы тиынын беруге мәжбүр болды.

Индустрияландыруды қаржыландырудың негізгі қайнар көзі ауыл шаруашылығы секторы болды. Себебі ауыл шаруашылығы индустрияландырудың дамуына үлкен көлемде несие бере алатын еді. Сол себептен қомақты қаражатты ауыл шаруашылығынан жинады.

Кеңес үкіметі берген жерді пайдаланып жүрген шаруалар жаңа экономикалық саясат кезінде біршама әлденіп қалған болатын. Олардың күнкөріс әдісі өздері өндірген өнімді нарықтың талабына сай сату арқылы жүзеге асып отыратын. Ендігі жерде индустрияландыру

науқанын қолдау үшін шаруалар өз өнімін арзан бағаға сатуға міндетті болды. Және де бұл бағаны жоғарыдан белгілеп беретін.

Бұл әдіс шаруалардың мүддесіне қарсы болды. Сол себептен шаруалар үкіметке өз өнімін арзан бағаға сатудан жиі бас тартып отырды. Осыған орай, 1928 жылдан ауыл шаруашылық өнімін жинау үшін деревняда төтенше шара қолданыла бастады.

1928 жылы қаңтар айында Сібірде шаруашылық активінде сөйлеген сөзінде Сталин сол кездің өзінде шаруаларға жазалау саясатын қолдану қажет екенін анық айтқан болатын. «Егер кулактар астық бағасын асқындатып, жүгенсіз жалдаптық істеп жүрсе, сіздер оларды жалдаптығы үшін неге жауапқа тартпайсыздар? Жалдаптыққа қарсы заң бар екенін – РСФСР қылмыстық Кодексінің 107-статьясы бар екенін, бұл статья бойынша жалдаптық істеген айыптылар сот жауабына тартылатынын, ал товары мемлекет пайдасына конфискуаланынын сіздер білмейсіздер ме? Бұл статьяны астық жалдаптарына қарсы неге қолданбайсыздар?»,- деді Сталин өз сөзінде (2).

1928 жылы БК(б)П ОК шілдеде өткен пленумында Сталин: «Бізде бұл ретте шаруалар жөніндегі істің жайы мынадай: шаруалар мемлекетке тікелей және жанамалап дағдым салықтарды төлеп қана отырған жоқ, қайта ол өнеркәсіп товарларының біршама жоғары бағаларына әлі ақшаны артық төлеп отыр – бұл бір, ауыл шаруашылық өнімдерінің аздықтатып кем алып отыр – бұл екі. Бұл бүкіл елді, соның ішінде шаруаларды қамтитын индустрияны өрлету мақсаты үшін шаруаларға түсіп отырған қосымша салық болып табылады. Бұл «салғырт» тәрізді нәрсе, мұның өзін біз индустрияны дамытудың казіргі қарқынын сақтап, одан әрі күшейту үшін, бүкіл елімізге индустрияны қамтамасыз ету үшін, деревняның әлауқат дәрежесін бұрынғыдан әрі көтеру үшін, сөйтіп, кейін бұл қосымша салықты, қала мен деревняның арасындағы бұл «қыйғаштықты» мүлдем құрту үшін уақытша алуға мәжбүр болып отырмыз», – деді (Бұл да сонда, 175-бет).

Ауыл шаруашылығы ресурстарын жинау үшін деревнялардағы шаруаларды ұжымдасқан шаруашылыққа біріктіру саясатын жүзеге асырды. Бұл науқан шаруалардың көңілінен шықпай, олардың тарапынан жиі наразылық байқалды. Наразылық білдірген шаруаларды құзырлы орындар жазалап, олардың меншігін үкіметке тапсырды. Отызыншы жылдардағы етек алған қуғын-сүргін саясатының пайда болуы да осы ұжымдасу науқанына тікелей байланысты болатын.

Ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастыру мен шаруаларға қатысты жоғарыдан белгіленген қатаң салық нәтижесінде елде астықтың бағасы тұрақтандырылды. Осыған орай енді оны шетелге шығарып, валютаға сатуға, сөйтіп ол валютаға қажетті машина мен құрал-жабдықтар, техниканың соңғы жетістіктерін сатып алуға мүмкіншілік алды. 1928 жылы шетелге 99.2 мың тонна астық сатылса, 1930 жылы оның саны 4.84 млн. тоннаға, ал 1931 жылы – 5.18 млн. тоннаға жетті. Сөйтіп, соңғы екі жылда 10 млн.-ға жуық тонна астық шетелге экспортқа шыққан екен (3). Нәтижесінде халық қолындағы барлық астықтан айырылып өздері аштан қалды.

Шетелге астық сату жылдан-жылға артып отырды. Шетелге ең көп астық 1932-1933 жылдары шығарылды. Дәл осы 1932-1933 жылдары бүкіл КСРО-да 3 млн. адам аштықтан қырылды (4). Сондағы шетелге шығарылған астық небәрі 369 млн. сомды құрапты. Тіпті осы жылдары шетелге сатылуға шығарылған ағаш

материалдарынан түскен табыс одан екі есеге жуық көп, яғни 700 млн. сом болатын. Ал шетелге сатылуға шығарылған елтірі терісі 1933 жылы астық сатудан бірнеше есе көп табыс әкелгенін айта кеткен жөн (5).

Егер де сол шетелге сатуға шығарылған астықты халықтың қолында қалдырған болса мүмкін аштыққа араша түсер ме еді? Әрбір жанұяның соңғы астығына дейін тәркілеп, оны шетелге сату – коммунистер мен Кеңес үкіметінің халық алдындағы кешірілмес қылмысы. Индустрияландырудың шығыны ешуақытта адам құнымен есептелмейді! Бұл индустрияландыру тарихындағы ең басты ақ таңдақ! Бұл «ақтаңдақ» әлі толық зерттелген жоқ. Ол – бүгінгі тарихшылардың қасиетті міндеті.

Қарқынды жүргізілген индустрияландыру елімізде әлеуметтік шиеленіс тудырды. Жаппай ұжымдастыру нәтижесінде мыңдаған шаруа табыс табу үшін өз деревняларын тастап, қалаға кетуге мәжбүр болды. Біреулері салынып жатқан жаңа құрылыстарда жұмыс істеу үшін қалаға көшіп жатса, келесі біреулері ұжымдасқан шаруашылықтан қашқан адам ретінде жауапқа тартылып жатты. Сөйтіп қауіпті элемент деп танылып, орталықтан шалғай аудандарға жер аударылды.

1930-1931 жылдары жер аударылған шаруа жанұясының саны 381 мыңға жетсе, 1932-1936 жылдарда олардың саны 100 мыңға жетіпті. Даниловтың пікірінше, тәркіленуге түскен шаруа шаруашылығының көлемі КСРО-дағы барлық шаруалардың 15% құраған болатын. Оның 12-13%-ы орта шаруаның үлесіне тиіпті (6).

Осы жылдарда Қазақ өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Ф.И.Голощекин де Қазақстанда «Кіші қазан» төңкерісін жасады. Ол халықтың қолындағы барлық малын тәркілеп, өздерін аштан қырды. Осы 30-жылдарда аштан қырылған қазақтың саны бұрын-соңды болмаған көрсеткішке жетті. Тарихшы-демографтардың зерттеулеріне сүйенсек, қазақ халқы екі есеге жуық азайған екен. Сөйтіп, жартылай көшпелі халықтың демографиялық өсуі мен тұрмыстық қабілетіне орасан зор зиян келтірді.

Индустрияландыру жылдарында орын алған басқа да асыра сілтеушілік көп болатын. Солардың бірі – «еңбек тәртібі». Бұрын жұмысшылар жұмысқа себепсіз шықпай қалса немесе жұмысқа кешігіп шықса онда айыппұл салынып еді. Сөйтіп оның жалақысы азайтылатын. Ал екінші бесжылдық жылдарында өндіріс орындарында жүзеге асқан «еңбек тәртібі» нәтижесінде жұмысшылардың мұндай жауапсыздығы «қоғамға зиянды әрекет» деп бағаланып, айыппұлдың орнына енді әлеуметтік жаза қолданылатын болды. Көптеген жұмысшылар осы «еңбек тәртібінің» кесірінен ай сайын алып тұратын тұрақты азық-түлік карточкасымен қоса мекеме берген пәтерінен де айырылып қалып жатты.

Ауыл шаруашылығында орын алған жаппай ұжымдастыру нәтижесінде көптеген шаруалар қалаға көшіп келген болатын. Енді, міне, осы қоныс аудару процесін реттеп отыру үшін «паспортық тәртіп» енгізілді. Бұл, әсіресе, 1932-1933 жылдарда кеңінен жүзеге асты. Мәскеу мен Ленинград сияқты орталық қалаларда тіркелу шектелді (7).

КСРО-да жүзеге асқан индустрияландырудың өзіндік ерекшелігінің бірі жұмысшылар санының шамадан тыс өсуі еді. Егер де КСРО-да 1933 жылы бүкіл халық шаруашылығында қызмет істейтін 22.3 млн. жұмысшы мен қызметкер болса, 1937 жылы олардың саны 27 млн.-ға өскен екен. Жұмысшылардың санының артуы, біріншіден, елде жүргізіліп жатқан қарқынды индустрияландыруға байланысты болса, екіншіден,

ұжымдастыру барысында ауыл шаруашылығында орын алған әлеуметтік ауыртпалықтардың салдары болатын. Көптеген шаруалар үйін, кәсібін тастап жұмыс іздеп қалаға көшіп келді. Сөйтіп өнеркәсіп орындарының біріне қызметке орналасты. Осылайша жұмысшылардың санын толықтырып отырды. Бірақ, кей жағдайда өнеркәсіп орындарында жұмыс істеп жүрген бірқатар жұмысшылар қаладағы жұмыс орнын тастап, туған жеріне қайтадан көшіп жатты. Осының нәтижесінде жұмысшылар саны бірде өсіп, бірде кеміп отырды. Мысалы, 1933 жылы бүкіл КСРО халық шаруашылығында қызмет ететін жұмысшылар саны 1932 жылмен салыстырғанда 617,5 мың адамға азайған екен. А.Г.Рахиннің айтуына қарағанда өндіріске бұрынырақта келген жас жұмысшылар өз қызметтерінде қала берді. Ал ауыл шаруашылығында жүргізілген ұжымдастыру науқаны кезінде қалаға көшіп келіп жұмысқа тұрған жұмысшылар жиі жұмыс орнын тастап, қайтадан ауылдарына көшіп кетіп жатты (8). Бұл жұмысшылардың әлеуметтік жағдайының әлі де нашар болғанын көрсетеді.

Тек қана транспорт пен қоғамдық тамақтандыру салаларында жұмыс істейтін жұмысшылар саны үнемі артып отырды. Оған себеп транспорт салаларында қызмет ететін жұмысшыларды қатаң жұмылдыру арқылы жинаған болса (мұндай жағдайда жұмысшылар өз орнын тастап кете алмайтын еді), қоғамдық тамақтандыру саласында еңбек ететін жұмысшылар тоқ болды. Сондықтан да бұл салаларда қызмет ететін жұмысшылар саны үнемі артып отырды.

Индустрияландыру жылдарында жұмысшылар жанұясында дүниеге келген балалар саны күрт азайып кетті. Сөйтіп жұмысшыларды табиғи толықтыру мүмкіншілігінен айырды. Мұның басты себебі – сол жылдардағы ашаршылық.

Осы жылдары өнеркәсіпті қаржыландырып тұру үшін әрі өндірілген өнеркәсіп өнімдерін ауыл шаруашылығына сату үшін, жұмысшыларды өне-бойы азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін ауыл шаруашылығында ұжымдасқан шаруашылықты (ұжымшар) жүзеге асыру науқаны қоса жүргізілді.

Аштық жылдары өндірген барлық өнімін мемлекетке тапсырып отырған ұжымшар өте ауыр кезеңді басынан кешірді. Жеке шаруа қожалықтары қиыншылықты олардың бәрінен де көп көрді. Себебі оларға салынатын салық түрлері өте көп еді. Салықты төлеуден бас тартқан жеке шаруа қожалықтарының дүние мүлкін тәркілеп, қожалық иесін ит жеккенге жер аударып жіберді.

30-жылдарда БК(б)П ОК саяси бюросының мүшесі болған Молотовтың айтқан әңгімесіне көңіл аударып көрейік: «...ұжымдастыруды біз жаман емес жүзеге асырдық. Ұжымдастыру ісіндегі табысымыз Ұлы Отан соғысының жеңісінен де маңыздырақ деп ойлаймын. Егерде біз осы істі жүргізбесек соғысты жеңе алмас едік. Соғыс басталған кезде бізде экономикасы мен өнеркәсібі бар мықты социалистік мемлекет болды. Менің өзім кулактарға жер аударатын аудандарды жайып тастадым. Сөйтіп ол аудандарға 40 мың кулактарды жер аудардық. Бұл менің комиссиямның жұмысы болатын», – деді. **Ал КСРО-дағы қуғын-сүргін саясатына байланысты ол былай деді:** «1937 жыл керек болды. Төңкерістен кейін жауларды оңды-солды шауып жеңіске жеттік, бірақ түрлі бағыттағы жаулар фашистік басқыншылардың төндірген қаупінің қарсаңында әлі де болатын. Олардың бірігіп кетуі мүмкін еді. Біз сол отыз жетінші жылға, кейінгі соғыс жылдарында өзіміздің бесінші колония болмағанымыз үшін қарыздармыз» (9).

Ал, осы Молотов мадақтап отырған 1937 жылы,

елдегі қуғын-сүргіннің кеңінен етек алып, тотализмнің үстемдік құрған кезі еді. Сол жылы КСРО-ның лагерлері мен түрмелерінде 2,012 мың адам қамауда болды (10).

Тек бір ғана 1937 жылы 272 157 жұмысшы, 208 184 қызметкер, 306 548 ұжымшаршы сотталған екен. Олардың 118 960-ы әйел, 17 264-і он екі мен он алты жас аралығындағы жасөспірімдер болатын (11).

1935 жылы сәуірде КСРО бойынша қылмыстық жауапқа тартылатын ең төменгі жас 12 жас болып белгіленді. Негізінен 12 жастағы жасөспірімді қылмыстық жауапқа тарту сол кездегі фашистік Германия мен КСРО-да ғана жүргізіліпті (Бұл да сонда, 15-16, 19-беттерде). КСРО-да болған көптеген құбылыстар тоталитарлық режимнің ордасы болып табылатын фашистік Германиядағы құбылыстарға өте ұқсас еді.

Міне, Ұлы Отан соғысы қарсаңында Кеңес Одағындағы жүзеге асқан индустрияландыру науқанының халыққа тигізген зардабы осындай болды.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассказывается о политике индустриализации в СССР и ее последствиях для населения. Как известно, эта кампания 20-х годов укрепила экономику страны. Тем не менее, массово проводимая по всей стране эта тенденция разрушила сельскохозяйственный сектор. Отнималась вся продукция сельскохозяйственных труженников. В связи с этим начался голод в стране. В результате от голодомора погибли миллионы людей. Те, кто были недовольны проводимой политикой партий, были наказаны и высланы в ссылку. Перечисленные факты в статье ярко иллюстрируют эти события.

This article describes the policy of industrialization in the USSR and its consequences for the population. As you know, this campaign of the 20s strengthened the country's economy. However, this trend, carried out EN masse across the country, has destroyed the agricultural sector. All products of agricultural workers were taken away. In this regard, a famine began in the country. As a result, millions of people died from the Holodomor. Those who were dissatisfied with the policies of the parties were punished and sent into exile. The facts listed in the article clearly illustrate these events.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Развитие Советской экономики. М., 1940, с. 272.
2. Сталин И., Шығармалар, А., 1949, 11 том. 3 бетте.
3. Павлов К.П. Роль государственной монополии внешней торговли в построении социализма в СССР 1918-1937 гг. М., 1960. сс. 167-168.
4. Данилов В.П. Дискуссия в западной прессе о голоде 1932-1933 гг. и «демографической катастрофе» 30 - годов в СССР. //Вопросы истории 1988, №3, с. 116.
5. Лельчук В.С. 1926-1940 голы. Завершение индустриализации или промышленный рывок. //История СССР. 1990. №4, с. 17-18.
6. Данилов В.П. О коллективизации сельского хозяйства в СССР. //Партийное руководство агропромышленным комплексом. М.. 1987. с. 63.
7. Исторический опыт и перестройка: человеческий фактор с социально-экономическом развитии СССР. М.. 1989. с. 194, 104.
8. Вопросы историографии рабочего класса СССР. М., 1970, с.213.
9. Сто сорок бесед с Молотовым: из дневника Ф.Чуева. М., 1991. с.383, с. 390.
10. Военный исторический журнал, 1991, №7. с. 69.
11. ГУЛАГ в годы ВОВ. //Военный исторический журнал, 1991.№1. с. 69.



ЖУРНАЛДЫҢ ШЫНАЙЫ ЖАНКҮЙЕРІ ЕДІ...

Мен Жанжігіт Орамахұлы өмірі көрген емеспін. Жазған мақалаларынан Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты екенін білетінмін. Журналдың он, он бес

жылдық мерейтойы өткенде біздің басылымның жанашыры, жоқшысы екенін байқатты. Ал жиырма жылдық мерейтойы өткенде журналдың жанашыры, жоқшысы ғана емес, шынайы жанкүйері екеніне көз жеткіздік. «Журналдың алғашқы санын қолға алғанда барша тарихшылар мен тарих жанашырларының қуаныштарында шек болмағаны анық. Соның бірі – мен. Өйткені қазіргідей ғаламтор жоқ кезде қандай тарихи тақырыптағы болсын керек материалды тек «Қазақ тарихының» бетінен табуға болатын... Осылайша 20 жылдық айнымас серігімнің барлық саны менің жеке кітапханамның сөресінен құрметті орын алды, – деп жазды Жанжігіт Орамах редакция қызметкерлерін мерейтоймен құттықтай отырып. – Келешекте де қол үзбек емеспін. Сондықтан журнал ұжымы мен оқырмандарын 20 жылдық

мерейтоймен құттықтап, шығармашылық табыс, Отан тарихын жалықпай насихаттау үшін журналдың өмірі ұзақ болғай деп тілеймін. Алдағы 2014 жылға барлық кәсіби тарихшыларды, студенттерді, Отан тарихының жанашырларын журналға жазылуға шақырамын».

Бұл – мерейтой үстіндегі лап етпе қызыл сөз емес, Жанжігіт Орамахұлының адал жүрегінің түкпірінен, арлы, нұрлы ақ көңілінен, ынталы, ұқыпты, ықыласты пейілі мен ниетінен қайнап шыққан жүрежарды лебізі. Өйткені ол кісі «Қазақ тарихы» журналын үзбей оқып, пайдаланып болған соң кітап сөресіне мұқият жинап отырыпты. Журналдың 1993 жылғы тұңғыш санынан бастап, күні бүгінге дейінгі жиырма сегіз жылдық тігіндісін сақтап жүріпті. Өзі ғана оқып қоймай, Орал, Ақтөбе, Арқалық қалаларындағы жоғары оқу орындарында қызмет істегенде әріптестері мен студенттеріне насихаттап отырған. Осынау аттың басындай үлкен жүректі Азаматтың қазасын редакция қызметкерлері кештеу естіді. Алайда «Ештен кеш жақсы» деген қағидамен оқырманға шағын да болса естелік ұсынуды құп көрді.

Редакция алқасы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты Орамах Жанжігіт Орамахұлының туған-туыстарына көңіл айтады. Марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа, жаны жәннатта болсын! Жасамаған жасын соңында қалған ұрпағы жасап, көрмеген қызығын солар көрсін!

Әбділдабек САЛЫҚБАЙ.

ОРАМАХ ЖАНЖІГІТ ОРАМАХҰЛЫ

1939 жылы 14 наурызда Атырау (бұрынғы Гурьев) облысы, Жылыой ауданы шаруа отбасында дүниеге келген. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетін 1966 жылы үздік дипломмен бітірген. 1972 жылы осы университеттің аспирантурасын бітіріп, 1973 жылы «Қазақстан ұжымшарларын ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайту (1946-1955 жж.)» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғаған, 1977 жылдан ЖАК доценті.

Ж.Орамах бүкіл өмірін жоғары оқу орындарында білім беру мен ғылымға арнады. 1966 жылдан ғымырының соңына дейін Орал, Ақтөбе, Арқалық қалаларында ассистенттен проректорлыққа дейінгі лауазымды жұмыстарды абыроймен атқарды. Ол 90-ға жуық ғылыми еңбектің авторы, оның алтауы оқу және оқу-әдістемелік құралдары, үшеуі монография. Ғылыми жұмысының негізгі бағыты – Қазақстандағы аграрлық саясаттың проблемалары мен жеке тарихи тұлғалардың өмірнамасы, Бөкей Ордасының тарихы.

Ғалымның қаламынан шыққан негізгі оқу және оқу әдістемелік құралдары: «Қазақстан Республикасының тарихы» (2001 ж.); «Қазақстан экономикасының тарихы» (Кеңестік кезең Н.Мұхлисовпен авторлықта, 2002 ж.); «Тұңғыр биік тұлғалар» (2008 ж.); «Қазақстан экономикасының тарихи очеркі» (толық бағдарламалық курсы, Г.К.Қожахметовамен авторлықта, 2013 ж.) «Қазақстан тарихы» (дәрістер жинағы, кафедра ұжымымен бірге жазылған, 2005 ж.) оқулықтары мен оқу құралдары; «Жәңгір хан – реформатор» (2011 ж.); «Ішкі Қазақ ордасы» (2015 ж.) және тағы басқа еңбектері ғалымның ұзақ жылдарғы ғылыми жұмысының жемісі. Бүгінгі таңда т.ғ.к. А.Мәденмен

авторлықта жазған «Қазақ диаспорасы: тарихы мен тағдыры» монографиясы баспаға дайын.

Жанжігіт Орамахұлы ғымырының соңына дейін Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің тарих және дінтану кафедрасында профессор қызметін атқарды. Осы университеттің Құрметті профессоры, Еңбек ардагері.

Ж.Орамахұлы кезінде қоғамдық жұмыстарға қатысып, бастауыш партия ұйымының хатшысы, қалалық, аудандық партия комитеті Пленумының мүшесі, білім саласы кәсіподақ комитетінің төрағасы қызметтерін атқарды.

Қ.Жұбанов атындағы университетте қызмет еткен жылдарда Ж.Орамахұлы студенттермен ғылыми жұмыста да жетістіктерге жетті. Оның жетекшілігімен әр түрлі жылдарда студенттік конкурс жұмыстарында Оңғарбаева Г., Миров М. Облыстық республикалық турларда үздіктер қатарында болды. Қазір екеуі де ғылыми кандидаттары.

Профессор Ж.Орамах кафедрадағы жас оқытушылардың ғылыми жұмыстарына ақыл-кеңестерін аямады, кандидаттық диссертация қорғау кезінде бейресми оппонент болды, ғылыми мақалаларын жариялауда көмек беріп отырды. Ол мектеп оқушыларының ғылыми жұмыстарына да жетекшілік етті. Ақтөбе қалалық лингвистикалық № 24 мектептің оқушысы Зарина Айтжан «Жәңгір ханның білім жолы» тақырыбында жасаған баяндамасы Кіші Ғылым Академиясы конкурсында жүлдегер атанды.

Ж.Орамах халық арасында үгіт-насихат жұмыстары кезінде «Білім» қоғамының Одақ бойынша үздік лектор атағына ие болды. Қазірде Еліміздің ішкі және сыртқы саясатын халық арасында, әсіресе, студенттердің арасында жиі түсіндіреді. Ол – үлгілі отағасы. Отбасында ұлы Қайрат, келіні Бақыт, төрт немере, төрт шөбере өсіп-өніп келеді.